

Жоламан Қ.Д.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ

**Алматы
2005**

ББК 67.0я7
Ж 69

Жоламан Қ.Д.

Ж 69 Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық: «Нұр-пресс» – Алматы, 2005 – 296 бет.

ISBN 9965-9576-3-0

Бұл кітап ҚР-ның Республикалық ғылыми-әдістемелік бірлестігінің шешімімен және Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің рұқсатымен заң университеттері мен институттарының студенттеріне, аспиранттар мен оқытушыларына арналып оқулық ретінде шығарылып отыр.

Толықтырылып, төртінші рет басылып отырған бұл оқулықта Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы мемлекеттік-құқықтық ерекшеліктеріне айрықша назар аударылып, жалпы теорияның негізгі ғылыми мәселелері қазіргі заманның талаптарына сәйкес жазылды.

Оқулық заң университеттері мен институттарының студенттеріне, аспиранттар мен оқытушыларына арналған.

ББК 67.0я7

Ж 1202000000
00(05)-05

ISBN 9965-9576-3-0

© Жоламан Қ.Д., 2005.
© Нұр-пресс, 2005.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде ТМД елдерінде заң ғылымы бір идеологияның құрсауында болудан бостандық алып, дүниежүзілік ғылыммен қауышып, мемлекет және құқық теориясын жан-жақты дамытуға мүмкіншілік қалыптасып, бұрынғы жіберілген қателіктерді, кемшіліктерді түзетуде, Біз тоталитарлық, әкімшілік – әміршілік басқару жүйесінің бұғауындағы мемлекеттік және құқықтық теориядан қазіргі дәуірде толық түрде арылуды ескере отырып, шындық теорияны жазуды мақсат еттік. Кеңестік заң ғылымында болған жетістікті және кемшілікті бүркелемей, әділ жазуға тырыстық.

Оқулық жазу барысында тәуелсіз Қазақстан мемлекетіндегі болып жатқан саяси және құқықтық өзгерістерді көбірек қамтыдық. Республиканың жаңа Конституциясына (1995 ж.) сәйкес мемлекет пен құқығымыздың мазмұнына, нысанына, қағидаларына, ерекшеліктеріне, функцияларына ғылыми сипаттама бердік. Сөйтіп, құқықтық – өмірді қайта түлету, дүниежүзілік ғылыммен бірлесу процесіне молырақ көңіл бөлінді.

Бүгін өз ана тілімізде оқып, жоғары білім алатын күн туды. Студенттер мемлекет және құқық теориясының күрделі тақырыптары бойынша қазақ тілінде рефераттар, курстық жұмыстар, баяндамалар дайындайды, ғылыми конференциялар ұйымдастырады, сынақ, емтихан тапсырады. Қазақ тілінде мемлекет және құқық теориясының толық түрде жазылған оқулығы өте аз, студенттерге жетіспейді. Жеке тақырыптар бойынша оқу құралдары мен ғылыми мақалалар ғана бар.

Міне, осының бәрін ескере отырып, біздің кафедра ана тілімізде оқу бағдарламасын, семинар жоспарларын, әдістемелік нұсқаулар дайындап, студенттерге көмек көрсетуді өзінің негізгі міндеті деп біліп, осы оқулықты оқушыларға, мұғалімдерге ұсынып отыр.

Профессор Жоламан Қ.Д.

1 БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ (Жалпы теория)

1 – тақырып: МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСІ

1. Жалпы теорияның пәні, оның мазмұны

Әр ғылымның өз саласында объективті ақиқатқа жетуге, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын-ала болжауға арналған, жүйелі түрде құрылған мәселелері болады. Сол мәселелер ғылыми тұрғыдан зерттеліп, тұжырымдалып, ғылымның пәніне – предметіне айналады. Мемлекет және құқық теориясы – қоғамдағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік құбылыстарды зерттеп, қоғамдық өмірдегі қарым-қатынастарды реттеу, басқару әдіс-тәсілдерін, объективтік заңдылықтарын анықтап отыратын ғылым. Жалпы теория – мемлекет пен құқықтың өмірге келу, даму заңдылықтарын, мақсатын, мазмұнын, құрылысын, нысанын, қағидаларын, белгі-нышандарын, функцияларын зерттейді.

Жалпы теорияның пәні қоғам мен мемлекеттің арасындағы санқырлы күрделі қарым-қатынастарды, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орнын, маңызын, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара байланысын, адамдардың сана-сезімін, оның қоғамдағы маңызын, мемлекеттің болашағы, құқықтық мемлекет қалыптастыру бағыттарын зерттеп, қорытынды тұжырымдар жасап отырады.

Мемлекет пен құқықты бір-бірінен айыруға болмайды. Олар объективтік тұрғыдан тығыз байланыста бірлесіп дамитын ғылым. Бірақта олар бір ғылымға жатқанымен өздерінің нақты бағыттары болады. Мемлекет – қоғамның саяси-экономикалық құрылысымен шұғылданады, құқық-нормативтік актілер жүйесін қалыптастырады.

Міне, осы бірлестікпен дербестік олардың мазмұнын, мақсатын, қызметінің әдіс-тәсілдерін, функцияларын жан-жақты зерттеуге, жанартуға, дамытуға мүмкіншіліктер береді. Мемлекет пен құқықты тереңірек зерттеп білуге жағдай туады.

Заң ғылымы өткен дәуірде (алғашқы қоғамда, құлиелену, феодалдық, буржуазиялық формацияларда), қазіргі кезеңде, болашақта мем-

лекет пен құқықтың қоғамды басқарудағы объективтік және субъективтік заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін зерттейді. Осы үш дәуірде болған және болашақ қоғамның және мемлекет пен құқықтың өздерінің даму процесінде болған жақсы тәжірибелерді жинақтап қорытынды тұжырымдар жасалып отырады.

Сонымен, мемлекет және құқық теориясының пәні – адам қоғамының өміріндегі құбылыстардың, мемлекет пен құқықтың өмірге келу, даму объективтік заңдылықтары мен олардың мәні-маңызы, құрылымы және мақсаты.

Бұл түсіндірме үш тараудан тұрады:

– Қоғамның қалыптасу, мемлекет пен құқықтың өмірге келу заңдылықтары;

– Қоғамның, мемлекеттің, құқықтың даму заңдылықтары;

– Қоғамның, мемлекеттің, құқықтың тарихи маңызы, құрылымы, мақсаты.

Мемлекет пен құқық теориясы іргелі-терең ғылым ретінде бірнеше функциялар атқарады:

Онтологиялық функция – (шын білім – грек...) Адам қоғамының тұрмысын, оның қағидаларын, даму заңдылықтарын зерттеу. Бұл зерттеу арқылы мемлекет пен құқықтың өмірге келуін, дамуын, болашағын білуге мүмкіншілік қалыптасады.

Гносеологиялық функция – (гр... білім, теория). Таным теориясы арқылы мемлекет пен құқықтың құрылымын, маңызын, мақсатын білуге болады.

Эвристикалық функция – (гр... табу). Заң ғылымының барлық саласында зерттеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіріп қоғамдағы құбылыстардың даму процесінің жаңа заңдылықтарын табу, ашу.

Методологиялық функция – мемлекет және құқық теориясы заң ғылымының салаларының талаптарына сәйкес жалпы әдістемелік ғылыми тұжырымдар жасап, ғылымның жақсы дамуына жағдай жасау.

Саяси функция – қоғамның алдында тұрған мақсатты, саясатты, жалпы теория тұрғысынан орындау бағыттарын, жолдарын белгілеу. Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатының ғылыми негіздерін жасап, оның ғылыми тұрғыдан орындалуын қамтамасыз ету.

Идеологиялық функция – жалпы теория қоғамдағы әртүрлі көзқарасты, саясатты, идеяларды біріктіріп, ғылыми тұрақты жүйе қалыптастырып адамдардың сана-сезімін, құқықтық мәдениетінің сапасын жақсарту.

Тәжірибелік-ұйымдық функция – тәжірибелерге сүйене отырып, жалпы теория қоғамдағы заңдылықты, тәртіпті сапалы іске асыру үшін ұсыныстар жасап отыруы қажет.

Болжау функциясы – жалпы қоғамдағы саяси – құқықтық құбылыстармен ғана шектелмей сол құбылыстардың болашақ бағытын зерттеп, ғылыми қорытынды тұжырымдар жасап, оны құқықтық реттеп-басқару бағдарламасын дайындауы қажет.

Құқық және мемлекет теориясының функциялары бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Олардың қызметін біріктіріп зерттегенде жалпы теорияның қоғамдағы маңызы жақсы көрінеді. Жалпы теория өз функцияларын заң ғылымының басқа салаларымен бірлесіп атқарады. Сонда ғана нәтиже болады.

2. Жалпы теорияның әдісі, оның мазмұны

Методология – дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім. Ғылыми методологияның негізі – материализм мен диалектика. Ғылымның методологиясы – оның ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдері. Жалпы ғылым дегеніміз екі мәселені қамтиды, екі бағытты біріктіреді – теория және методика. **Теория** – ғылымы нені зерттейді? – деген сұраққа жауап береді. **Метод** – ғылымы қандай тәсілмен, амалмен зерттеу жүргізеді? – деген сұраққа жауап береді. Теория мен метод өмірде тығыз байланыста дамиды. Бұл объективтік байланыс ғылымның мыңдаған саласындағы тәжірибеде дәлелденген.

Қоғамның мазмұнын, объективтік даму процесін ғылыми зерттеуде теория мен методиканың маңызы өте зор. Онсыз ғылымды дұрыс зерттеу, дұрыс ғылыми қорытынды жасау мүмкін емес. **Методологияның екі түрі болады:** Жалпы ғылыми әдіс-тәсіл және жекелік ғылыми әдіс-тәсіл. Жалпы ғылыми әдіс-тәсілді – ғылымды зерттеудің методологиялық негізі деп атайды. Қазіргі замандағы ғылыми зерттеулер философияның материалистік және диалектикалық заңдарына сүйене отырып жүргізіледі. **Материализм** – философияның бір бағыты. Ол материя, табиғат, болмыс алғашқы, ал сана, рух, ой материяның қасиеті болғандықтан туынды деп санайтын, идеализмге түбірінен қарама-қарсы ғылыми философиялық бағыт. Материализм адам санасын, ойын сыртқы дүниенің бейнесі деп қарастырып, дүниені, табиғатты, қоғамды танып білуге болатынын дәлелдейді. Материализм ғылым мен практиканың жетістіктеріне сүйене дамиды және білімнің өсуіне, ғылыми методтың жетілуіне, адамзат практикасының, өндіріс күштерінің артуына ықпалын тигізеді.

Диалектика – табиғаттың, қоғамның және адам ойының дамуы мен қозғалысының жалпы заңдары жайындағы ғылым, дүниені танудың әдісі мен теориясы. Диалектика объективті күрделі заңдылықтардың қажеттігін қарама-қайшылыққа толы табиғатын зерттейді. Диалектиканың негізгі заңдары: қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі; сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы; терістеуді терістеу заңы.

Диалектиканың заңдары табиғаттың, қоғамның объективтік дамуының қайнар көзін, ішкі қозғалысын және бағытын көрсетеді. Диалектикалық категориялар (анализ бен синтез, мазмұн мен форма, құбылыс пен мән, шындық пен мүмкіншілік т.б.) танымның дәйектілігін, заңдылығын бейнелейді.

Сонымен, материалистік диалектиканың методологиясының негіздеріне сәйкес мемлекеттік-құқықтық құбылыстар қоғамның өмірімен бірге зерттелуге тиіс. Сондықтан, қоғам, мемлекет, құқық – осылардың арасындағы қатынастарының түрлерін білу қажет. Қоғамның мемлекет, құқықпен **үш түрлі байланысы бар**: Қоғамның базисы мен қондырмасы арқылы, қоғам мен мемлекет-құқықтың байланысы, қоғамның мүдде-мақсатының құқық – мемлекет пен байланысы.

1) Қоғамның экономикалық базисы өзінің қондырмасымен байланыста дамиды. Қондырманың бір саласы құқық пен мемлекет. Қондырма – базис арқылы қоғам, құқық және мемлекетпен тығыз байланыста болады. Қоғамды реттеп-басқаратын құқықпен мемлекет.

2) Құқық пен мемлекет қондырманың бір күрделі саласы, олар қоғамның барлық саласымен үздіксіз байланыста болады және құқық пен мемлекеттің қызметі қоғамдағы адамдардың сана-сезімімен де байланыста дамиды. Бұл екі жақты объективтік процесс.

3) Мемлекет пен құқық қоғамның жалпы халықтық және таптық мүдде-мақсаттарын реттеп-басқарып іске асырып отырады. Бұл да екі жақты объективтік процесс.

Сонымен, материалистік және диалектикалық методқа сәйкес мемлекет пен құқық қоғамның экономикалық, саяси, рухани жағдайларымен тығыз байланыста, үздіксіз қозғалыста, дамудағы объективті шындық құбылыстар. Мемлекет пен құқықтың өздерінің даму заңдары болады.

Жалпы ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдерінің ең күрделісі материалистік диалектика. Ол қазіргі ғылыми танымның теориясы мен методы. Танымның мақсаты – зерттеліп отырған заттың, мәселенің терең мәнін, қайшылықтар жүйесін ашу.

Таным – объективті шындықтың адам санасындағы белсенді және

қайшылықты бейнеленуі. Бұл процесте логиканың атқаратын рөлі зор. Логиканың негізгі мақсаты мен зерттеу пәні танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру.

Заң ғылымының зерттеу процесінде анализ және синтез тәсілдері де қолданылады. Теориялық және тәжірибелік зерттеу процесінде күрделі объектілерді талдау, құрамды бөліктерді жіктеп ажырату.

Синтез – сол талданған бөліктерді жинақтап қосу арқылы белгілі бір объектіні, затты құрастыру. Мысалы: жалпы теорияда мемлекеттік органдарды, оның функцияларын, құқықтық нормаларды, қатынастың субъектілерін жүйе-жүйеге, сала-салаға топтастырып зерттеу, немесе оларды біріктіріп зерттеу жүргізу.

Жеке ғылымдардың теориялық және методологиялық негіздері тек философиямен ғана емес, олардың өздері арқылы да зерттелуде. Мысалы, мемлекет және құқық теориясы зерттеудің жалпы методтарымен азаматтық, мемлекеттік, әкімшілік, қылмыстық т.б. құқықтарды бірлестіріп зерттеу методикасын дамытып отырады.

Бұл процесте құқық және мемлекет теориясы философияға сүйене отырып, заң ғылымының барлық жетістіктерін пайдаланады. Оның барлық саласына бірдей қатысты методологиялық мәселелерді зерттейді. Осы типтес қарым-қатынас басқа ғылымдарда да болады.

Жекелік ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерінің түрлері: жүйелік, функционалдық, статистикалық, социологиялық, үлгілік, салыстыру-теңестіру т.б.

Жүйелік тәсіл – қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жүйеге, салаға топтастырып зерттеу.

Функционалдық тәсіл – қоғамдағы заңды құбылыстардың әлеуметтік бағытына, маңызына, қызметіне қарай жіктеп зерттеу жүргізу. Бұл әдіс мемлекеттің аппаратын, функциясын, құқықтық құрылымын, жүйесін, құқықтық сананы, жауапкершіліктің түрлерін т.б. құбылыстарды зерттеуде пайдаланылады.

Статистикалық әдіс – заңды құбылыстардың санды деректеріне, фактілеріне сүйене отырып, зерттеу жүргізу. Оның кезеңдері: бақылау, деректерді, фактілерді жинақтау, жиналған материалдарға анализ жасау.

Үлгілік әдіс – болған құбылыстың үлгісін жасап, сол арқылы істің мазмұнын, көлемін жобалап келтіріп барып зерттеу жүргізу.

Социологиялық тәсіл – жүйелік, функционалдық, статистикалық, үлгілік тәсілдер арқылы жүргізілген зерттеулердің қорытынды нәтижелерін біріктіріп зерттеуді жалғастыру.

Салыстырмалы–теңестірмелі әдіс – бірнеше мемлекеттерді, құқықтарды салыстырмалы зерттеу және олардың тарихи даму процестерінде теңестірмелі әдіспен зерттеу жүргізу.

Математикалық әдіс – ЭВМ, компьютер, автоматика, телемеханиканы қолданып зерттеулер жүргізу. Осы аталып өткен зерттеулердің әдіс-тәсілдерін барлық қоғамдық ғылымдар пайдаланады. Бұл әдістерді жеке, сирек қолданады. Олар көбінесе біріктіріліп, зерттеу барысында бірін-бірі толықтырып отырады.

Мемлекет және құқық теориясының алдында екі міндет тұр: **біріншісі** – заң ғылымының, заң мамандығының негізін қалыптастыру, жақсы дамыту, сол арқылы салалық заң пәндерін жақсы оқып – білуге мүмкіншілік жасау; **екіншісі** – жоғары заң мектебін бітіріп, жақсы маман болуды қамтамасыз ету.

3. Қоғамдық және заң ғылымдарының жүйесінде жалпы теорияның алатын орны

Әлемнің материалдық және рухани тұтастығы мен бірлестігі дүние жүзіндегі барлық ғылымның өзара байланысын дәлелдейді. Әсіресе, бұл өзара байланыс қоғамдық ғылымдар арасында жақсы қалыптасқан. Бұл ғылымдар қоғамды, адамды, олардың ара қатынасын, сана-сезімін зерттейді. Зерттеудің негізгі мақсаты адамның бостандығы, құқығы, қадір-қасиеті, ар-намысы.

Қоғамдық өмірдің ең өзекті мәселесі – мемлекет пен құқықтың маңызы, олардың алатын орны. Бұл проблемаларды жалпы теория қоғамдық ғылымдардың басқа түрлерімен (философия, экономика, социология, политология т.б.) бірігіп зерттеп отырады.

Философия – адамзаттың дүниедегі алып отырған орнын анықтап, соның негізінде адамның дүниеге деген танымдық, құндылық, этикалық және эстетикалық қатынастарын зерттейді. Философия дүниеге теориялық тұрғыдан көз жіберіп, ерекше логикалық, танымдық критерийлерге сүйене отырып, адамның дүниеге деген көзқарасын тұжырымдайды.

Экономикалық ғылым – қоғамның экономикалық базисын, өндірістік қатынастарды, өндіруші күштерді, меншіктің түрлерін зерттеп, олардың қоғамның дамуындағы маңызын жан-жақты анықтап отырады.

Тарих – адамзат қоғамының өткен дәуірлерін барлық қырынан жан-жақты зерттеп, көптеген тәжірибе жинақтады, соның ішінде мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы, қоғамды басқару заңдылықтары.

Социология – қоғамның әлеуметтік жағдайының дамуы, оны басқару әдіс-тәсілдерін, адамдардың әлеуметтік тәртібін, қатынастарын зерттейді.

Барлық қоғамдық ғылымдар өз тұрғысынан адамзаттың тарихын зерттеуге тиісті үлес қосады. Бұл ғылымдардың жүйесінде мемлекет пен құқық теориясының алатын орны өте жоғары.

Заң ғылымы, оның ішінде мемлекет пен құқық теориясы қоғамды жеке танитын ғылым болып ХІХ ғасырдың ортасында қалыптасты. Жалпы теория төрт топқа бөлінеді:

1) Жалпы теория – мемлекет пен құқықтық қоғамды реттеп-басқаруын, мазмұнын, қағидаларын, белгі-нышандарын, функцияларын зерттейді.

2) Ұлттық мемлекет – құқық пен саясаттың тарихи даму процесін зерттеу пәндері. Шет мемлекеттерінің тарихы.

3) Салалық заң ғылымдары: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, конституциялық, қаржы, отбасы т.б. құқықтар.

4) Арнаулы заң ғылымдары: криминалистика, соттық медицина, психиатрия т.б.

Мемлекет және құқық теориясы заң ғылымының барлық саласының объективтік даму заңдылықтарын, бір-бірімен байланысын зерттеп жалпылама тұжырымдар жасап отырады. Бұл тұжырымдарды салалық ғылымдар пайдаланып отырады. Ал жалпы теория салалық ғылымдардың жетістіктерін пайдаланып, жалпы заң ғылымының негізін дамытып отырады.

Сонымен, жалпы теория барлық заң ғылымының салаларын біріктірушісі, негізін құраушы, дамытушы жетекші ғылымға айналып отыр. Адам қоғамы диалектикалық даму процесінде болғандықтан ғылымның міндеттері де өзгеріп, толықтырылып, жаңарып отырады.

Қазіргі заманда еліміз нарықты экономикаға көшіп жатқанда Қазақстан мемлекетіміздің заң ғылымының бағыты да, функциясы да күрт өзгерді. Жаңа өмірге сай ғылым өзінің жұмысын қарқынды түрде жүргізіп, жаңа қоғамның тілектеріне, мүдделеріне сәйкес ғылыми зерттеулер, қорытындылар жасауға тиіс.

Сонымен, адам қоғамының тарихын, даму процесін, мазмұнын, болашағын зерттейтін пәндерді қоғамдық ғылым деп атайды. Олар қоғамды жан-жақты ғылыми-зерттеу тұрғысынан зор үлес қосады. Бұлардың ішінде мемлекет және құқық теориясына кеңірек көңіл бөлетін философия, саяси экономия мен тарих.

Қоғамдық ғылымдар кейбір күрделі мәселелерді бірлесіп зерттейді. Олар қоғамның жалпы объективтік даму заңдылықтарын, бір-бірімен

байланысын қоғамдағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеп, дамытып отырады. Бұл мәселелерді, құбылыстарды ғылым қоғамның өткен дәуірінде, қазіргі кезеңде, болашақта қалай дамуға тиісті. Міне, осы үш дәуірде қоғамның диалектикалық даму процесін, санқырлы өзгеріс құбылыстарын зерттеп, қорытынды ғылыми тұжырымдар жасап отырады. Қоғамның болашағын ғылыми тұрғыдан болжап, қорытынды ұсыныстар беріп отырады. Бұл процесте қоғамдық ғылымдар табиғи-нақты ғылымдар бірлесіп зерттеулер жүргізеді. Өйткені, әлемнің материалдық және рухани тұтастығы мен бірлестігін ескере отырып, дүние жүзіндегі барлық ғылымдар бірлеспейінше ғылыми-техникалық өрлеу болашақ емес.

Кооперациясыз материалдық, қаржылық, табиғи ресурстарды үнемді, тиімді пайдалануға және оның өнімді технологиялық процесін қалыптастыруға мүмкіншілік болмайды. Ғылымның бірлестігі олардың дербестігіне нұқсан келтірмейді. Әр ғылым табиғаттың және қоғамның объективтік даму процесін өз тұрғысынан зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасап отырады. Мысалы, мемлекет пен құқық қоғамдағы барлық қарым-қатынастарды реттеп-басқарып, заңдылықты, тәртіпті жақсартып, демократияны дамытып, қоғамның сапалы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде заң ғылымының адамзаттың бірлестігін дағдарысқа ұшыратпай прогрестік жолмен дамытудағы үлесі мол және баға жетпейтін маңызды күш деуге болады.

Жалпы теория өзінің ғылыми зерттеуінде бір өлкенің, бір мемлекеттің, бір елдің шеңберімен шектелмейді. Ол өз жұмысында көптеген елдің, көп мемлекеттердің тәжірибесін қамтып, байланыстырып зерттеу арқылы ғылыми қорытынды жасайды. Жалпы теорияның бұл қорытындылары дүниежүзілік заң ғылымының жетістіктерімен, жаңалықтарымен сәйкес, қалыптасып отыруы керек.

Сонымен, жалпы теория барлық заң ғылымдарының негізін құраушы, дамытушы, нұсқаушы, біріктіруші жетекші ғылым. Жалпы теория заң ғылымдарының жалпы, арнаулы, ерекше, жекеше бағыттарын ғылыми тұрғыдан зерттеп, анықтап, көрсетіп отыратын ғылым. Міне, осы көрсетілген бірлік болмаса, бағыттар анықталмаса зерттеуге нышан келтіріп, ғылымның дамуында кемшіліктер пайда болады. Осы кемшіліктерді болдырмау жалпы теорияның бірден-бір міндеті.

Адам қоғамы диалектикалық даму процесінде болғандықтан қоғам-

дық ғылымдардың міндеттері де өзгеріп, толықтырылып, анықталып отырады. Бұл жұмыс заң ғылымында жалпы теорияның міндеті.

Қазіргі заманда еліміз нарықты экономикаға көшіп жатқанда, егеменді, тәуелсіз Қазақстан Республикасы өмірге келгенде жалпы теорияның ғылыми мазмұны, функциясы күрт өзгерді. Жаңа өмірге сай ғылым өзінің жұмысын қарқынды түрде жүргізіп, жаңа қоғамның тілектеріне, мүдделеріне сәйкес ғылыми зерттеулер, қорытындылар жасауға тиіс.

Ғылымды бір идеологияның шеңберінде жүргізудің зияны. Қоғамның барлық саласының мазмұнын түсініп-білу үшін ғылымға бостандық керек. Оны саясатпен, идеологиямен бұғаулауға болмайды. Ғылым еркін болған жерде ғана дұрыс, қарқынды дамып, жақсы нәтиже береді. Ғылымның даму процесінде толып жатқан кедергі нышандар да кездеседі: саяси, идеологиялық, мемлекеттік, құқықтық шектеу, қаржы жетпеу, материалдық базасы нашар болу, мамандардың жетіспеуі т.б.

Ғылымға зор зиян келтіретін **кедергілер:**

- зерттеуді бір саясаттың, бір идеологияның шеңберінде жүргізу;
- таптық, партиялық тұрғыдан жүргізу;
- кеңістікке шеңбер қою. (шетелмен қатынасқа, ғылыми алмасуға, зерттеуге тыйым салу).

Бұл кедергілердің **себептері:**

- халықты тапқа, мемлекеттерді топқа, блокқа бөлу;
- дүниежүзілік, жалпы халықтық проблемаларды ескермеу;
- демократияның, бостандықтың шектелуі;
- ғылымды екі системаға бөлу. Бұл саясаттың зияны:
- қоғамдағы толып жатқан ғылым бағыттары сапалы, нәтижелі дамымады. Қаржының басым үлесі себепсіз қорғанысқа бөлініп отырады;
- ғылыми-техникалық прогресс біздің елде нашар дамыды;
- ғылыми-техниканың жетістіктері көп жылдар тәжірибеде қолданылмай мемлекеттің шығынын өсірді.

Осының бәрі бірігіп – елімізді саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарысқа ұшыратты.

Кеңестер Одағы ыдырап, тәуелсіз мемлекеттердің достастығы (ТМД) құрылып, Қазақстан тәуелсіз Республикаға қолы жетіп, өзінің Конституциясын қабылдады. Өткен тәуелсіздіктің он төрт жылдығы Республика тарихында ерекше кезеңге айналып көп жаңалықтармен жетістіктерге қол жеткізді.

Біз, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің және экономикалық дербестігіміздің 14–15 жылын атап өттік. Дағдарыстан шығу бағытында осы уақыт ішінде

экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің барлық салаларында белгіленген түбегейлі реформалар жолымен ұдайы ілгерілей түскеніміз байқалады.

Біздің республика үшін соңғы алты жыл ішінде Қазақстанда өндірістің құлдырауын тоқтатудың сәті болды. Соңғы 5–6 ж.ж. өнеркәсіп өнімін шығару 5–7 процентке ұлғайды, ал ауыл өндірісі 3–4 процентке өсті.

Көптеген басқа елдерге қарағанда бұл жылдардың Қазақстан үшін азаматтық тыныштық, ұлтаралық тұрақтылық және рухани келісім уақыты болды.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясының кіріспе бөлімі ақиқатпен толық үйлесім таба үндесіп тұр: “Біз – ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, Қазақстан демократиялық мемлекетін құрамыз.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық, татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу (1–6., 2–т.)¹.

Қазақстан Республикасы өзінің суверендігін, тәуелсіздігін қалыптастырып, дүниежүзілік қауымдастықты дамытуға, нығайтуға өз үлесін қосуда. Қазақстан мемлекеті халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтей отырып, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасауда. Олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады – деп Конституцияда көрсетілген. (8–б)².

¹Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: “Қазақстан”, 1995, 4 б.

²Сонда, 7–6.

2 БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТ ТЕОРИЯСЫ

2 — тақырып. МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

1. Алғашқы қауымдық қоғам, оның дамуы және ыдырауы

Алғашқы қауымдық қоғам. Адамдардың пайда болып, жер жүзінде өмір сүре бастағанына екі миллиондай жыл болды. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес адамдардың өздерінің дене құрылысы да, тәжірибесі де, пайдаланатын құралдары да дамып отырды. Соның нәтижесінде шамамен осыдан 40 мың жыл бұрын қазіргі типті адамдар (хомо сапиенс) қалыптасты. Адамдардың дене құрылысының өзгеруі тоқтап, оның орнына олардың қауымдық құрылысы, тәжірибесі басында бәсең, кейін қарқынды түрде дами бастады. Бұл процесс бірте-бірте алғашқы қауымдық қоғамды өмірге әкелді. Қоғамның дамуы екі бағытта жүріп отырды: адамдардың өмірлік тәжірибесінің дамуы және соған сәйкес пайдаланатын құралдардың өзгеріп, прогрестің жаңаруы. Бірақ бұл процесс басында өте бәсең дамыды.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы екі кезеңге бөлінеді:

1. Жабайы адам дәуірі – 40–12 мыңжылдықтар арасы. Адамдар табиғаттың дайын заттарымен қоректенген, қарулары дайын: тас, сүйек, ағаш. Жабайы аңшылық, балықшылық қалыптасып қоғамның негізгі сипаты табиғаттың, қоршаған ортаның адамдардың күн көрісіне қолайлы жақтарын пайдалана отырып, экономикалық, әлеуметтік жағдайды жақсарту. Қысқаша айтқанда – дайынды игерушілік дәуірі. Бұл кезеңде қиыншылық, ашаршылық жиі болды.

2. Экономиканың қолдан жасау дәуірі – 12 – 4 мыңжылдықтар арасы. Бұл кезеңде адамдардың тәжірибесі, пайдаланатын қаруы дамыды. Рухани сана-сезімі, білімі жоғарлады. Экономиканы қолдан жасауға мүмкіншілік қалыптасты. Металлургия, керамика өмірге келді. Малшылық – егіншілік арқылы сертификациялық қоғам, рулық, тайпалық бірлестіктер, әлеуметтік нормалар өмірге келді.

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикасы мен құрылымы – экономиканың негізгі сипаты; қоғамдық, еңбек, қоғамдық меншік, қоғамдық бөліс, қоғамдық өмір сүру. Қоғамның құрылысы: туысқандық ру, тайпа, одақ, бірлестіктер.

Бұл құрылымдарды құруды, дамытуды қоғамның экономикасының, тәжірибесінің, құралдарының даму деңгейіне сәйкес жасап отырған.

Алғашқы қоғамды басқару және әлеуметтік нормалар – қоғамдық күрделі мәселелерді жалпы халықтық жиналыста талқылап, шешімдер қабылдап отырған. Күнделікті мәселелерді шешіп басқару үшін ру басшылары сайланып отырған. Тайпа, одақ, бірлестіктерді, ру басшыларының кеңесі басқарған. Тайпа, одақ, бірлестіктерді күнделікті басқару үшін Кеңестің мәжілісінде тайпа, одақ, бірлестіктердің басшылары сайланып отырған. Олар жұртпен бірдей еңбектеніп, қоғамдық жұмыстарын атқарып жүрген.

Алғашқы қоғамның даму процесінде әлеуметтік мононормалар (бірігу-бірлесу) қалыптасып, сол арқылы қарым-қатынастарды реттеп басқарып отырған. Мононорманың негіздері мен түрлері: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалар. Алғашқы қоғамның дамуы барлық региондарда, барлық континенттерде бірдей болды. Тек мемлекет пен құқықтың пайда болуы кезеңінен бастап айырмашылықтар, ерекшеліктер молая бастады. Мысалы, шығыс елдерінде (Араб, Үнді, Иран, Қытай) мемлекет пен құқықтың дамуы бір-біріне ұқсас; Афин, Рим, Спартада мемлекет пен құқықтың дамуы басқа түрде болды. Еуропаның, Азияның басқа елдерінде – үшінші түрде дамыды. Бұл елдер алғашқы қоғамнан феодалдық формацияға – қоғамға көшті.

2. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, оның объективтік заңдары

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құрылымдық, басқарушылық салаларындағы объективтік даму процестері бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл объективтік даму процестің күрделі сатысы әлеуметтік революциялық төңкеріс – б.з.д. 10–15 мыңжылдықтарда болған. Ол төңкеріс кезінде малшылық пен егіншілік қалыптасты, ажарланған тастан жасалған қарулар өмірге келді, адамның тәжірибесі өсіп, молайды. Қоғамдық еңбек төрт күрделі тарауға бөлінді: малшылық, жер игеру, өндірістік және саудагерлер тобы. Бұның бәрі еңбектің өнімділігін арттырды, қоғамның шығысынан кірісін асырды. Сөйтіп, қоғамдық байлық қалыптаса бастады, оны иемденетін топтар, таптар пайда болды. Экономикалық өзгерістер әлеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. 5–4 мыңжылдықтарда сол қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекет пайда болды. Мемлекет

және құқық тарихы қоғамның антогонистік тапқа бөлінуінің нәтижесі болып табылады.

Сонымен, құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары:

- қосымша өнімнің пайда болуы;
- жеке меншіктің қалыптасуы;
- таптар мен топтардың арасында күрестің басталуы;
- қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі.

Құқықтың дамуы – адам қоғамының дұрыс өмір сүруінің негізгі объективтік заңдылықтарының бірі, әлеуметтік нормалардың қалыптасып қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп, басқаруы. Әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалары) қоғамның даму процесінде бірте-бірте құқықтық нормаларға айналуы. Сондықтан, құқық мемлекеттен аз да болса бұрын қалыптасты деуге болады. Алғашқы қоғамда мемлекеттік кезеңнің басталуынан бері қарай құқық қарым-қатынастардың басым көпшілігін реттеп, басқаратын нормаға айналды. Қоғамда мемлекеттің өзі қабылдаған, бекіткен құқықтың жаңа түрлері пайда болды: заң, заңға тәуелді актілер, шарттық нормалар, заң күші бар соттың шешімдері.

Құқық екі жолмен дамыды. Біріншісі – мемлекеттік қоғамдық меншікті реттеу моральдық-діни нормаларға сүйенді. Мысалы, **Индияда Ману заңы**, мұсылман елдеріндегі Құран заңы; екіншісі – жеке меншік бағытындағы қатынастарды мемлекеттік органның өзі бекіткен нормалар арқылы реттеп-басқару.

Таптық қоғамда, қанаушылық, әділетсіздік басым болған мемлекетте құқық – үстем таптың заңға айналдырған мүддесі болады. Бұл мүддені заңға айналдырушы және заңдардың орындалуын ұдайы қадағалап отырушы – үстем тап қолындағы мемлекеттік аппарат. Құқық үстем таптың мүддесін қорғаумен бірге қоғамдық мақсатты да реттеп-басқарып отырады.

Құқықтың таптық мәні, қоғамдағы рөлі, мазмұны мен нысаны, сайып келгенде қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік сипатына және мәдени өсу дәрежесіне байланысты. Мысалы, К. Маркс “Тота программасына сын” еңбегінде: “Құқық ешуақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес”,¹ – деген.

¹Маркс К., Энгельс Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалары 2 т. 15 бет.

Құқықтың нормалары қоғам дамуының саяси, әлеуметтік, мәдени т.б. мұқтаждарына неғұрлым сай келсе, соғұрлым пайдалы әсері мол болмақ.

Сонымен, құқық – мемлекет шығарған немесе бекіткен, мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің дамуы – мемлекет қоғамдық еңбек бөлісінің, жеке меншіктің пайда болуы нәтижесінде алғашқы қауымдық құрылыс тапқа бөлінуінің туындысы. Мемлекет жария өкіметтің пайда болуы мен іс–әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі.

1. Шығыс елдерінде (Иран, Индия, Қытай, Араб елдерінде) мемлекеттің қалыптасуы басым түрде қоғамдық меншікті қорғауға байланысты. Себебі, бұл елдерде алғашқы қоғам ыдырау кезінде күрделі құрылыстар болды: ірі су каналдарын жасау, суармалы ирригациялық жүйелер қалыптастыру, құрғақшылықпен күресу. Міне, осы күрделі жұмыстарды жақсы жүргізу үшін қоғамдық мемлекеттік меншік қалыптасты. Сол меншіктің иелері: мемлекеттің басшылары, чиновниктер, ру, тайпа басшылары, король, императорлар болды. Король-императорлар жердегі құдай дәрежесінде болды. Сөйтіп, бұл елдерде, көбінесе мемлекетте деспотизм орнады. Бұл елдердің экономикасы, әлеуметтік жағдайы, демократиясы өте бәсең дамыды. Мемлекеттік биліктің, қоғамдық меншіктің басында – абсолюттік монархия болды, одан төменгі – екінші дәрежедегі билік уәзір министрлердің қолында, одан төменгі билік – чиновниктерде. Осы сатылық биліктер – бәрі бірігіп қалың бұқараны қанауда болды. Қоғамдық меншікпен қатар жеке меншік те дамыды.

Шығыс типті (азиятипті) мемлекеттер кейінгі ғасырларда Шығыс Еуропа, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде де қалыптасты.

Сонымен Азия типті мемлекеттердің қалыптасу себептері:

- ірі ирригациялық жүйелерді жасау;
- оны іске асыру үшін құлдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру – біріктіру;
- барлық жұмысты бір орталықтан басқару.

Мемлекеттік басқару аппараты бұрынғы ру-тайпаны басқарған аппараттан өсіп қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсіп әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті. Азия типті мемлекеттер өте бәсең дамып, XIX–XX ғасырларға дейін көп өзгермей сақталып келді (Қытай, Иран т.б.)

2. Европалық елдерде мемлекет жеке меншіктің, күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты.

Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекетті өз қолдарына алып, өз мүдде-мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер көбінесе демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты. Спарта аристократиялық республика болып қалыптасты. Мұнда құлдардың саны жергілікті халықтан бірнеше есе көп болып, жаңа мемлекеттік басқару аппараты құрылды. Жергілікті халықтың арасында қайшылыққа жол бермеу саясаты қалыптасты. Республикада қатаң заңдылық, құқықтық тәртіп орналды.

Германияда мемлекеттің қалыптасуы басқаша болды. Мұнда құл иелену көп дамымады. Қалың бұқара байларға тәуелді болды, феодалдық қатынастар дами бастады. Рим империясының біраз жерін Германия өзіне қаратып феодалдық мемлекеттің дамуын тездетті. Осы типті мемлекеттер Европаның бірнеше елдерінде, Ресейде, Ирландияда, Азияда, Орта Азия елдерінде қалыптасты.

Мемлекеттің алғашқы қоғамдағы биліктен айырмашылығы:

1. Халықты туысқандығына қарамай, территориясына сәйкес біріктіру, басқару.

2. Қоғамдағы басқаратын арнаулы аппараттың құрылуы. Бұл аппарат үстемдік топтың мүдде-мақсатын орындау үшін қалыптасты.

3. Салық жүйесінің болуы. Арнаулы мемлекетті басқаратын аппаратта қызмет жасайтын адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін салық қалыптасты.

Мемлекеттің пайда болу, даму себептері:

– Қоғамды басқаруды, жақсарту, дамыту: қоғамның жұмысының көлемі де, шеңбері де молайып, кеңейіп ескі басқару аппараты тиісті дәрежеде жұмыс жасай алмады. Жаңа мемлекеттік аппарат қажет болды;

– Қалың бұқараның, каналушы таптың үстемдік тапқа, топқа қарсы іс-әрекетін әлсірету, жою үшін күшті мемлекеттік аппарат керек болды;

– Қоғамды, экономиканы дамыту үшін, әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін басқарушы аппаратты нығайту керек болды;

– Қоғамның қорғанысын күшейту үшін, заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау үшін мемлекет керек болды.

Мемлекеттің негізгі белгілері:

1. Басқару органдары мен мекемелерінің ерекше жүйесі болуы (ар-

мия, полиция, сот, т.б.). Қоғамдық өмірдің дамып, күрделене түсуіне байланысты мемлекеттің механизмі де күрделене түседі.

2. Үстем таптың мүдделері мен мақсаттарына сәйкес қоғамдық қарым-қатынас ережелерін белгілейтін құқықтың болуы.

Мемлекеттің билік жүргізетін белгілі территориясының болуы, халықты руына қарай емес жеріне сәйкес бөлу. Аймақтық ұйым ретінде мемлекет сол көлемде белгілі бір ұлттың, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы процесіне әсер етеді. Дамыған қоғамда мемлекеттік органдармен қатар әр түрлі партиялар, одақтар, бірлестіктер т.б., бұлардың жиынтығы қоғамның жалпы саяси ұжымын құрайды. Таптық қоғамдағы басқа саяси институттардан мемлекеттің ерекшелігі қоғамдағы жоғарғы өкімет билігіне (суверендік құқыққа) иелігі. Мемлекеттік өкімет билігінің күші сол елдегі бүкіл халықты және барлық қоғамдық ұйымдарды қамтиды, Мемлекеттің қоғамдағы бірлестіктерден, ұйымдардан айырмашылық белгілері:

– мемлекет қоғамдық көлемде бірден-бір билік жүргізетін ұйым; басқа бірлестіктердің билігі барлық халықты қамти алмайды, мемлекет қана барлық қоғамға күші бар нормативтік акты қабылдай алады;

– мемлекет қоғамдағы барлық құқықтық нормалардың дұрыс, уақытында іске асуын, орындалуын қадағалап, заңдылықты, тәртіпті бақылап отырады;

– мемлекеттің ішкі-сыртқы істердегі тәуелсіздігі, басымдылығы, үстемдігі.

3. Мемлекеттің өмірге келуі туралы теориялар

Адам қоғамы мыңдаған жылдар өмір сүріп келеді. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болып, сол мемлекеттің билігіне, құқықтық тәртібіне бағынып, өзінің іс-әрекетін, мінезін, тәртібін қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға жұмсап келеді. Көне заманнан адамдар мемлекет пен құқық қашан пайда болды, қалай дамып келеді? – деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеу жасап келді. Енді мемлекеттің пайда болуы туралы теориялардың мазмұнына қысқаша тоқталып өтейік.

Теологиялық теория – мемлекет пен құқық Алланың әмірімен қалыптасып, дамып келеді деп түсіндіреді, бұл теория дұрыс-бұрыс деуге болмайды. Мәселені дінмен бірге зерттеу керек. Себебі бұл теория адамдардың сенімі, иманы ретінде қалыптасқан ұғым, көне заманнан дамып, нығайып келеді. Бұл теорияны ғылыми түрде уағыздаған Фома Аквинский, Жак Маритен т.б.

Патриархалдық теория — мемлекет адамдардың отбасы тәжірибесінен қалыптасқан азаматтардың саналы түрде өздерінің мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін біріккен одақ деп түсіндіреді. Күрделі ірі патриархалдық отбасы басшысы бірте-бірте мемлекеттің басшысына айналған. Отбасы басшысы — әке, мемлекеттің басшысы — монарх. Бұл теорияның өкілі және дамытқан зерттеушісі Аристотель, оны жақтаушылар орта, жаңа ғасырларда болды (Фильмер, Михайловский т.б.).

Органикалық теория — бұл пікірді Платон көне дәуірде уағыздаған (б.з. IV — III ғ.). Бірақ теория толық түрде XIX ғасырда қалыптасты. Өкілдері: Блюнчли, Г. Спенсер, Вормс, Преис т.б.

XIX ғасырдағы ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, бұл теория — адам қоғамы да табиғаттың объективтік даму заңдарына сәйкес эволюциялы жолмен мемлекетті құрады. Мемлекеттің Үкіметі — адамның басы — миы сияқты қоғамды басқарады. Қанаушы тап қоғамның экономикасын дамытады. Ол қоғамды қорғайды деп түсіндіреді.

Табиғи құқықтық теория — XVII–XVIII ғғ. қалыптасқан теория. Өкілдері: Г. Гроций, Т. Гоббс, Д. Локк, Ж.Ж Руссо, Б. Спиноза, А.И.Радищев т.б. Теорияның мазмұны: адамдардың өздерінің табиғи құқықтары болады (бостандық, теңдік, еңбек жасау т.б.). Оны ешкім жоя алмайды, оған зиян келтіре алмайды. Қоғамның тарихи даму процесінде адамдардың ара қатынасында қайшылықтар басталды. Сондықтан, қоғамда бостандықты, әділеттілікті, теңдікті сақтау үшін адамдар өзара шарт жасап мемлекетті құрды. Бұл шарттың мазмұны көп елдің Конституциясына кірді деп түсіндіреді.

Психологиялық теория — XIX ғ. бұл теорияны уағыздаған:

Ч. Тард, Л.И. Петражицкий. Қоғам мен мемлекетті бұл теория адамдардың психологиялық біріккен көзқарасы, іс-әрекеті, мінезі, тәртібі — бәрі келісіп ұжымдық түрде басқаруы. Қоғам мен мемлекет адамдардың табиғи психологиялық даму заңдылық процесінің нәтижесінде пайда болды деп түсіндіреді.

Күштеу теориясы — XIX ғ. қалыптасқан пікір. Өкілдері:

Л. Гумплович, К. Каутский, Е. Дюринг т.б. Мазмұны: күшті рулар, тайпалар өздерімен шектес әлсіз руларды, тайпаларды күштеп, зорлық, озбырлық жасап өзіне бағындырып, бақылауды жақсарту үшін мемлекет құрады — деп түсіндіреді.

Материалистік теория — Мемлекет пен құқықтың пайда болуын экономикалық тұрғыдан түсіндіреді, себептері: қоғамдық еңбектің бөлінуі, қосымша өнімнің, жеке меншіктің пайда болуы, қоғамның қарама-қар-

сы екі тапқа бөлінуі, қайшылық күресінің басталуы. Мемлекет пен құқықтың мазмұнының тарихи өзгеріп отыруы қоғамдық мүдде-мақсатты қорғауы.

Мемлекет қоғамның көп салалы, көп жүйелі құбылыстарына сәйкес дамып, өмірге келген бірлестік. Оның себептерін қоғамдағы болып жатқан объективтік факторлар құрастырады: биологиялық, психологиялық, экономикалық, әлеуметтік, діни, ұлттық т.б. құбылыстар. Сондықтан, бір теорияның көлемінде мемлекет пен құқықтың пайда болуын ғылыми тұрғыдан толық түсінуге болмайды.

Жоғарыда көрсетілген теориялардың бәрінде де кемшіліктер мен жетістіктері бар. Оны ғалымдар пайдаланады. Мемлекет және құқықтың пайда болуы, ғылыми тұрғыдан дұрысырақ түсіндіретін – тарихи материалистік теория. Бұл теория мемлекет және құқық тарихи туынды – қоғамның антагонистік тапқа бөлінуінің нәтижесі болып табылады деп түсіндіреді. Ол дұрыс.

Кемшілігі – мемлекет пен құқықты тек экономикалық базиспен шектеуі, жалпы теорияның атқаратын жұмысын бір жақты түсінуі (қоғамдық маңызын шектеуі) және олардың келешегін болжаудағы жіберген қателіктері.

4. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы және дамуы

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бері он бес жыл болды. Тарих ауқымын алғанда бұл – уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қиын. Он бес жыл – бұрынғы бірқалыпты тіршіліктің талай жылдарына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды.

Қазақстан Конституциясы (30.08.1995ж.) мемлекеттіміздің беріктігін нығайта түсті, билік салалары арасындағы өкілет бөлісуді заңды түрде бекітті. Азаматтық қоғам институттары құрылды, адам құқығы сақталуының кепілдіктері бекітілді, бұқаралық ақпарат құралдары еркін жұмыс жасауда.

Адам құқықтары мен бостандықтары дегеніміз – дүниежүзілік қоғамдастық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық құқықтық актілерде бекітілген, әлеуметтік және заңдық жағынан қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқы ретінде мойындалған, ешкім де еркін шектеп немесе тыйым сала алмайды. Адам бостандықтары ешқандай жағдайларға байланысты болмайды, ол оның еркінің нәтижесі.

Адам мен азаматтардың қазіргі құқықтары мен бостандықтары толық көлемде Қазақстан Республикасының Конституциясының екінші бөлімінде (10–39 баптарында) бекітілген. Оларды іске асыру бұлжытпай орындау, бақылау Президенттің, Үкіметтің, Конституциялық кеңестің құзыретінде.

В.И. Ленин елдің кәсіпқой мемлекеттік қызметін қалыптастыру мәселесіне ерекше мән берген еді, өкінішке орай елдің келесі басшыларымен жүзеге асырылмаған және ұмытылып кеткен бірқатар теориялық ережелерді дайындағанын атап өткен әділ болар еді. Ол былай деген “Кез келген жұмыс ерекше қасиеттерді талап етеді. Өте күшті революционер және үгітші бола отырып, ештеңеге жарамсыз басқарушы болуға болады. Басқару үшін компетентті және белгілі ғылыми білімі болу керек”, – деген. Қазіргі уақытқа келетін болсақ, мемлекеттің барлық белгілерін құру Қазақстан мен ТМД елдерінде мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа түрін қалыптастыруды басынан бастауға тура келгенін атап өту қажет. Бюрократияландырылған, орталықтандырылған кеңес жүйесі республикалардың дербестігіне жол берілмеген басқарудың ескірген тоталитарлық нысанын қалдырды. Тәуелсіздік жылдары ішінде осы бағытта ешкімнің көмегінсіз жеке түрде үлкен қадам жасау қажет болды. Ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлер мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен мазмұнына әсер етпей қоймады. Алайда, бұл бағытта шектен тыс елігіп кету көпшілік жағдайда тәуелсіз мемлекеттің әлемдік қауымдастықпен жақындасуына қиындық туғызады. Аталған ситуациядан шығудың жолы – мемлекеттік басқару жүйесінің әлемдік қолданылған стандарттарды зерттеу және бекіту, мемлекеттік қызметті қалыптастырудың халықаралық қағидаларын қолдану, азаматтық қоғамның институттары ретінде жергілікті басқару және өзін-өзі басқару тәжірибесін дамыту болып табылады.

Біздің Республика жинаған тәжірибеге тоқталайық. 1991 жылдан бастап Қазақстан нарықтық реформаларға қоғамды демократияландыруға және құқықтық мемлекет құруға бағыт алған тәуелсіз мемлекет ретінде пайда болды. Әрине, біздің өміріміздің барлық салаларының түбегейлі өзгерістері саяси тұрақтылыққа негізделуі тиіс еді. Өзгерістердің екпініне шаруашылық байланыстардың үзілуінен, инвистиялық саясаттың нашарлауынан, бюджет дефицитімен азаматтардың өмір сүру деңгейінің төмендеуінен пайда болған экономикалық дағдарыстың кейбір қырлары ықпалын тигізді. Алайда, бүгінгі таңда дағдарыстың шарықтау шегінің бетін қайтарып экономикалық тұрақтылықпен өсу платформасының негізін салғанымыз туралы анық айта аламыз.

Осы уақыт аралығында мемлекеттік басқарудың мәнінде және жүйесінде түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар жүзеге асырылды. Ол жаңа сипатқа ие болды. ҚР-да кеңестік жүйенің дәстүрі бойынша әлеуметтік жүйеде шешуші роль атқарған бюрократиялық аппаратын реформасы басталды. Өтпелі кезең уақытында мемлекеттік аппарат маңызды роль атқаратыны сөзсіз, ол әлеуметтік жүйедегі өз салмағы мен мәртебесін сақтап қалды. Аппарат қоғамның ерекшеленген бөлігі, былайша айтқанда оның билеушісі болып табылады. Ол бастапқыда өзінің кемшіліктерін мұраға алған әміршіл-әкімшіл жүйенің басшыларын да ұмытпаған. Аппаратқа жалпы мемлекеттік ойлау, жүріп тұрудың белгілі бір моделін ұсыну еркі яғни, стандартты идеалдарға жауап беретін моделді ұсыну еркі тән. Осыдан барып мемлекеттің экономикалық өмірдің барлық жақтарын реттеуге деген ұмтылыс шығады. Дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалау жағдайында бұрынғы басқарушылық байланыстардың ыдырауы байқалды. Шектен тыс формализм, орындалатын жұмыстың мазмұнына деген немқұрайлы көзқарас орын алды. Әлеуметтік өзгерістердің аталған қасиеттерге бастапқыда әсері аз болды. Қоғамдық процестерді реттеудегі мемлекеттің шынайы рөлі белгісіз болып қалды. Экономикаға мемлекеттік араласудың белгілі нысандары мен шектерін адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру саласына араласудың шекарасын белгілеп алуы қажет болды.

Ескі аппараттың қызметкерлері басқарудың осы заманғы мағынасымен таныс болмады, әлеуметтік психологиямен, конфликтологиямен, ұлттық қозғалыстардың социологиясымен, менеджменттің теориясы мен тәжірибесі және көпшілігінің онсыз басқарушылық қызметті жүзеге асыру мүмкін емес болатын олардың құқықтық білімі жеткілікті болмады.

Мұндай аппарат реформаларды тежейтін болды. Елде мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен қайта дайындаумен, іріктеу мен олардың дайындығын жүйелі түрде басқаруға қабілетті және мемлекеттік қызметті ғылыми әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын арнайы басқарушы құрылым қалыптаспады.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кәсіпқойлықтың орын алмауы мемлекеттік қызмет лауазымдарын іріктеу құқығын жекелеген басшылардың қарауына беру протекционизм (көбінесе пара берумен жиі жүретін), горизонтальды және вертикальды бағыттарда қызметкерлердің жүйесіз орын ауыстыруы билік институттарына деген халықтың сенімсіздігін, ең бастысы – бейбіт уақытта қоғамда дағдарыстық құбылыстарды туғызып, қорытындысында өз “жемістерін” берді.

Жағдай кәсіпқой кадрлардың жаппай коммерциялық құрылымдарға кетуімен қажетті көлемде сапалы мемлекеттік қызмет түрінің беделі әлде жақсармады.

Дамыған елдердің тәжірибесі жоғары білікті және жауапты мемлекеттік қызметкерлердің корпусы елдегі көптеген дағдарыстық құбылыстарды алдын алуға, қоғамның өтпелі кезеңдеріндегі проблемаларын жеңіл шешуге қабілетті екендігін көрсетеді.

Осы кемшіліктерді ескере отырып Парламент, Президент аппараты, Үкімет (министрлер кабинеті) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметті реформалаудың концепциясын жасады. Ол бағдарламаның мазмұнымен жан-жақты танысып, бұрынғы социалистік мемлекеттерде болып жатқан процестерді талдай отырып, төмендегідей қорытындыларға келді:

- қазіргі жағдайлардағы модернизация вертикальды атқарушы билікті күшейтусіз мүмкін емес;

- мемлекеттік басқару жүйесі жедел түрде реформалануы қажет.

Мемлекеттің өзі кезең-кезеңімен, жеткілікті жағдайлардың пісіп жетілуіне сәйкес экономикалық және саяси процестерді реттеу мәселесі бойынша өзінің позицияларын ойластырып отырды. Осылайша, өтпелі кезеңдегі мемлекеттер үшін мемлекеттік басқару жүйесінің функциялары мен құрылымын ұйымдастыру саласындағы маңызды ортақ проблемаларды бөліп көрсетуге тура келді.

Біріншіден, мемлекеттік қызметкерлердің корпусы реформаларды басты қозғаушының рөлін және олардың қажеттілігінің кепілділігін мойнына алу қажет еді.

Екіншіден, реформаларға байланысты кәсіпкерлердің қатары жақсы пайда табу үшін күшті құқықтық мемлекет құруға қарсы болып, алғашқы кезеңдерде олар реформалардың тиімді катализаторы бола алмайды.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметкерлерді материалдық қаржылық және әлеуметтік қамтамасыз ету күшті мемлекеттік бюджетті қалыптастырумен тығыз байланысты. Бұл шенеуніктер арасындағы сыбайлас жемқорлықтың, және кадрлар арасында ынталандырудың жоқтығы себептерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік органдардың құрылымының және санының тиімділігін арттыру маңызды роль атқарады. Аппаратты қысқарту – ол бюджетті үнемдеу ғана емес мемлекет пен қоғам және реформаланушы экономика арасындағы қатынастарды тәртіпке келтіру болып табылады. Әрине, бұл бюрократияның ескірген қатыныстары мен функциялары әр этапын-

да жойылып отыратын реформаның дамуына қарай жүргізіліп отырады. Реформа барысында мемлекеттік аппаратты жетілдіру мақсатында көптеген орталық атқарушы органдар қысқартылып жеке министрліктер мен мемлекеттік комитеттер қайтадан құрылып, биліктің жоғарғы органдарының штаттық сандары қысқартылды.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалау концепциясын әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттердің және мемлекеттік, құқықтық ғылымдардың (әкімшілік құқықтық) жетістіктері мен ұйымдастырылу тәжірибесін және де Қазақстандық ерекшеліктерге байланысты есептеліп, құрылу.

Аталған концепцияның құрамдас элементтері ретінде төмендегі проблемалардың шешілуі алға тартылуы керек.

1) қазіргі заманғы мемлекеттік қызметті ұйымдастыруға жауап беретін реформалардың процестері мен кезеңдерін қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік құрылымды белгілеу;

2) мемлекеттік қызмет туралы заң саласын қалыптастыру;

3) мемлекеттік қызметті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру;

4) елдегі мемлекеттік қызметті тиімді әлеуметтік бақылауды қамтамасыз ету.

Англия, АҚШ, ГФР, Жапония сияқты алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесі мемлекеттік реформалаудың бастапқы сатысы ретінде қажетті деңгейде, кәсіби түрде реформалаудың барлық кезеңдері мен процестеріне ғылыми методикалық басшылықты қамтамасыз ете алатын арнайы басқарушылық құрылымды құру болып табылғанын көрсетеді.

АҚШ-та бұл азаматтық қызметтің Федералдық комиссиясы, Жапонияда министрлер кабинеті жанындағы персонал істері жөніндегі Кеңес, 1978 жылы Америкада азаматтық қызметті реформалау туралы арнайы заң қабылданған.

Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау, соған сәйкес құқықтық нормаларды қамтамасыз етуді қажет етеді. Заңдар мен ережелерді қабылдап жобалаған кезде мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісін, жетілдірілген заңдарының тәжірибесін басшылыққа ала отырып оларды қабылдау мен жүзеге асыруды біртіндеп енгізу қажет. Мемлекеттік қызметті реформалауды заңдық қамтамасыз ету процесі созылмауы керек. Аталған жұмыстың алғашқы кезеңінде республикада мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің біліктілік сыныбы туралы Ереже, мемлекеттік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу

жағдайы туралы Ереже, кадрлық резервті қалыптастыру және онымен жұмыс тәртібі туралы Ереже, еңбек өткерген жылдары үшін проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызметтің стажы туралы Ереже, мемлекеттік қызметкерлерге зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарын есептеу тәртібі туралы Ереже қабылданды.

Мемлекеттік қызмет туралы заң (1995ж) өзінің реттеуімен мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің үлкен корпусын (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, теміржол, теңіз флоты, әуе флоты және тағы сол сияқты) қамтиды. Сонымен бірге мемлекеттік қызметті әскери және азаматтыққа бөлмей дамыған елдерде қалыптасқан түсініктен алшақтап кеттік. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында аталған мемлекеттік институтты заңдық жағынан қамтамасыз етуде жіберілген кемшілікті түзету үшін мемлекеттік қызметтің жүйесі мен негіздері туралы базалық заңды қабылдау қажет болды.

Болашақта отандық тәжірибені ескере отырып, көптеген заңға сәйкес құқықтық актілерді біріктіретін ҚР-ның азаматтық қызметі туралы жаңа заң қабылдаған жөн. Мәселен, Президент аппараты мен Парламенттен бастап аудан мен қала билігінің құрылымдарына дейінгі мемлекеттік қызметті қалыптастыру тек заң нормаларымен реттелуінде жатыр, яғни, бір құқықтық деңгейде реттелуі қажет.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыру жүйесіндегі лауазымды тұлғалардың ерекше рөлі мен олардың заңдық жауапкершілігінің ерекше режиміне байланысты мемлекеттік қызметтің лауазымды тұлғалары туралы заңды қабылдау қажет. Онда лауазымды тұлғаларды іріктеу рәсімі, аттестациялау және заңдық жауапкершілікке тарту туралы арнайы реттелуі керек. Соңғыларына сенімсіздік білдіру және лауазымынан кері қайтару сияқты институттармен толықтыру қажет.

Болашақта мемлекеттік қызмет туралы заңдардың түп қазығы болып ҚР мемлекеттік қызмет кодексі болуы қажет. Оның ережелері елдегі мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың барлық негізгі қырларын реттеуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттің жаңа функциялары мен міндеттерін ғана басшылыққа алмай И.Кант айтқандай “... мемлекет – таза заңдық мекеме, ол құқықтың біріктігі үшін қажет және оның негізгі мәні осында жатыр”, – деген ұғымды қоғамда түсінуден бастау алуы қажет. Ол құқықты өркениетті қоғамның маңызды институты ретінде тиімді пайдалану мен түсінуді қажет етеді. Біздің ойымызша, мемлекеттік қызметтің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, бекіту үшін оны кадрлық қамта-

масыз студің арнайы жүйесін қалыптастырған жөн. Ал, ол өз кезегінде мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз студің ұлттық бағдарламасы негізінде құрылуы тиіс (10–15 жылға есептелген).

ҚР Президентінің Әкімшілігінің Басшысы 1997 жылы өткен “XXI ғасыр табалдырығындағы мемлекеттік басқаруды модернизациялау: әлемдік тәжірибе және Орталық Азия” атты халықаралық конференция төмендегі жағдайларды атап өтті:

Қазіргі уақытта **ҚР** кадрлық саясаты туралы Мемлекеттік бағдарламасы қолға алына бастады. Оның мынадай басым бағыттары бар:

- мемлекеттік қызметтің ашықтығы және оған кәсіби даярлығы мен қабілеттілігіне байланысты тең дәрежеде орналасу;

- қызметкерге оны іріктеу, қызмет бойынша көтеру, орналастыру кезінде кәсіби іскерлік және тұлғалық жағынан баға берудегі кешенділік пен объективтілік;

- мемлекеттілік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне байланыссыз мемлекет қызмет жүйесінің бірлігі;

- кадрлардың рационалды жүйелі түрде жаңартылып отырылуы, жаңа күштердің келуі есебінен сапалы түрде көбейтілуі, әр жастағы кадрлардың мүмкіншіліктері мен қабілеттіктерін пайдалану;

- кадрлық саясатты мемлекеттік қызметкерлердің әртүрлі санатына олардың творчестволық потенциалын толық ашу мақсатында арнайы адамдар негізінде реттелу;

- мемлекеттік кадрлық саясатты демократияландыру, оны жергілікті жерлер мен аймақтарға заң шеңберіндегі кадрлық мәселелерді шешуді беру есебінен децентрализациялау;

- мемлекеттік қызметкерлердің жоғары тұрған басшылар мен мемлекеттік органдардың және де қоғам мен халықтың бақылауында болуы;

- кадрлық мәселелерді шешуде нормативті құқықтық тараптар мен рәсімдерді орындау және заңдылықты қамтамасыз ету.

Қызметкерлердің кәсіпқойлығы мен құзырттілігін арттыру жұмысын түбегейлі өзгерту үшін мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттырудың және қайта дайындаудың көп деңгейлі дифференсацияланған жүйесін құру қажет.

XXI ғасырдың мемлекеттік қызметкерінде белгілі бір іскерлік қабілеттіліктері, білімділігі, мәдениеттілігі мен қатар даму болашағын болжау мүмкіншілігі де болу керек. Мемлекеттік қызметкерлердің ойлары стратегиялық, болжаулық, логикалы, және мобильді болуы керек.

Өзірге біліктілікті арттыру мен шұғыл дайындауға ғана көңіл бөлінуде. Мемлекеттік және мемлекеттік қызметкерлер қоғамның әлеуметтік институттары ретінде қоғам мен азаматтардың мүдделеріне қызмет ететін болғандықтан, соларға қатысты қызметтік функцияларын жүзеге асыруға бағытталған.

Арнайы инстанциялармен жүзеге асырылатын бақылау, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жауапкершілік, дәлділік пен заңдылық режимін қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметті бақылау функциясын жүзеге асыруда заң шығарушы билік, атап айтқанда, парламенттік құрылымдар маңызды роль атқаруы тиіс. Соған байланысты Парламент талаптарында мемлекеттік қызмет жөніндегі арнайы комиссия болуы керек. Парламент құқықтық, саяси және қаржылық бақылау түрлерін жүзеге асыруға бағытталған.

Қазіргі кезде соттарды жетілдіріп мемлекеттік қызметті әлеуметтік бақылау жүйесіне қосу қажет. Ол үшін округтік соттарды қалыптастыру керек. Оның себебі біріншіден, мемлекеттік қызметкерлердің заң талаптарын орындауына білікті сот бақылауын жүзеге асыру үшін, екіншіден, азаматтардың сот жүйесінің және заңдардың орындалуына деген сенімділігін арттыру үшін. Мұндай шешім бізде бірқатар дамыған елдердегі арнайы әкімшілік соттардың жұмыс істемеуімен де түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызмет азаматтар мен қоғам үшін максимальды түрде ашық болуы тиіс. Оның ұйымдастырылуының жариялылық қағидасы оның табиғаты мен бағытынан шығады.

Экономика да өзгеріп жатыр. Жыл өткен сайын ұлттық рынок толыққанды бола түсуде. Мемлекеттің ішкі экономикалық комплексі қалыптасты. Экономикалық құрылымдық қайта құруы жүріп жатыр. Қазақстан халықаралық рынокқа да жан-жақты араласуда.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырамас бөлігі. БҰҰ-ның мүшесі болды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы әлемнің 117 мемлекетіне танылды, олардың 105-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Мемлекетаралық және үкіметаралық 800-ден астам Шарттар мен Келісімдер жасалды.

Бұл кезеңде еліміз үшін мемлекеттік құрылыс мәселелерінің бірінші дәрежелі маңызы болды. Жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланды, қоғамдық дамуды реттеп және бағыттап отыруға қабілетті біртұтас мемлекеттілік билік қалыптасты. Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл-күйіне, ұлттық сананың түлеуіне байланысты салаларда да біршама күрделі жұмыстар атқарылды. Қазақстан зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруда. Бұл принциптер біздің Конституциямызда баянды етілген.

Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүлкітік және лауазымдық жағдайына, әлеуметтік тегіне, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестікке мүшелігіне, сондай-ақ бұрын қылмыстық жазаға тартылғанына қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріліп, азаматтарды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынған.

Адамдарды патриотизмге, азаматтылыққа тәрбиелеу, мемлекеттің, барлық қоғамдық ұйымдардың, кезек күттірмейтін негізгі міндеті. Азаматтық келісім негізінде әрдайым мемлекет пен халықтың, мемлекет пен жеке сектордың бірлігі дамып келді. Нақ осының арқасында көптеген елдер дағдарыс пен жоқшылықты еңсере білді. Келешекте біз де дағдарыстан шығып, экономика мен әлеуметтік жағдайды жақсартып, құқықтық, демократиялық мемлекет орнатып, дамыған елдердің қатарында боламыз.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі 2005 жылғы экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландыру мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың, мәдениет, білім беру мен руханият салаларын дамытудың негізгі бағыттарына арналған бағдарламасын қабылдады. Алдағы уақытта саяси реформаның іске асыратын негізгі басым бағыттары:

Бірінші – мемлекеттік басқару жүйесін жаңалап жетілдіру. Мұндағы басты міндеттер – мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттіліктің ара-жігін айқын ажырату, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру.

Екінші – сайлау жүйесін одан әрі жетілдіре беру, оның жүргізу процесі бұрынғыдан да айқын әрі ашық болуға тиіс. Сайлаудың нәтижесін анықтау процесіне автоматты ақпараттық жүйе енгізу.

Үшінші – саяси жүйені демократияландыру үшін азаматтық қоғам институттарын одан әрі нығайта беру. Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасау. Бұл туралы жаңа заң қабылдануға тиіс.

Төртінші – бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамымызды демократияландыру барысындағы рөлі мен орнын айқын көрсету. Үкімет БАҚ рыногындағы бәсекелестік барысын айқын қадағалап отыруға, оның монополияға айналуына жол бермей, тежелеп отыруға тиіс.

Бесінші – құқық қорғау мен сот органдарының қызметін жетілдіре беру мемлекеттік органдардың басты мәселелерінің бірі болуға тиіс. Алқабилер институтын кезең-кезеңімен енгізу. Сонымен бірге істі қараудың сотқа дейінгі кезеңдерде де, сондай-ақ сот сатыларында да оңайлатылған және жеделдетілген рәсімдерін енгізу көрсетілген.

Бүгінде Қазақстан Республикасы, қазақтың тәуелсіз мемлекеті деген атауымыз бар. Тәуелсіздіктің демократиялық дәстүрі, құқықтық тетігі,

мәдени ортасы, ең бастысы, әлеуметтік негізі бар. Қазақстанның тәуелсіздігі туралы терең де, салықалы көзқарас қалыптастыратын, тіпті сол түсінікті тұрақтылық пен татулыққа қызмет еткізетін ортақ ұғым және мәдениеттің жетістігі бар. Оны қазақтану деп атауға болады.

Қазақтану дегенде қазақтың елдік, мемлекеттік, ұлттық және азаматтық ерекшеліктерін қалыптастыратын тарихи жағдай мен мәдени бағдарды бейнелейтін жүйені, оның әлеуметтік тұрақтылығы мен өзіндік татулығын көрсететін идеялардың, ізденістердің тәсілдері мен тәжірибелер жиынтығын айтамыз; адам болу, азаматтыққа ену, ұлттық парызды өтеудің ұлттық өрнектері мен тәжірибесін дәріптейміз.

Есейген ел де, ерікті ер де тәуелсіздік үшін табан тіресті, қан төгісті. Азамат та, мемлекет те тәуелсіздіктен тірек, тыныштық іздеді, сондықтан үмітін үзбеді. Оған себеп жалқы да жалаң емес. Тәуелсіздік – тарихи жаңарудың шындығы мен тоқтамы; адамды қоғаммен, әлеуметті адаммен теңдікте ұстаудың дәнекері; игілікті адамгершілікке, адамдықты игілікке қызмет еткізу; өмірге деген сүйіспеншілікті істегі қайырымдылықпен, әдептегі имандылықты өнерге деген құмарлықпен толықтыру. Қоғамдық қатынас қақтығысында тәуелсіздіктің идеясы мен түрлері – тарих тірегі мен тұлға тұтқасына, заман зары мен азамат арына тектес. Рухы биіктер ғана осындай жақсылықты тіледі, әрі күнделікті жасауға ұмтылды.

Республикамыздың он бес жылдық тәуелсіздігі халқымыздың тарихына жаңаша, жан-жақты қарауға ұйтқы, бүгінгі шебімен шегін өркеніет өлшемімен бағалауға дәнекер және болашақ мұратына деген бағдарды халықаралық деңгеймен салыстырып жетілдіруге себепкер. Олай болса, қазақтанудың тағдыры мен болашағы бір ұрпақтың дүниетанымы, мәдениеті және қоғамдық тәжірибесі ретінде үйлестіретін ізденістер мен шараларды ойластыратын да, ойларды іске асыратын сәт келді. Сәтті сауатты да, салауатты пайдалану – зиялылардың төл парызы мен борышы екені хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: "Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көпдінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық" – деп қуанышты сезіммен айтты.¹

¹ Назарбаев Н.А. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Егемен Қазақстан. 19 ақпан, 2005 ж.

3 –тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

1. Мемлекет типологиясының түсінігі, оны жіктеудің әдіс-тәсілдері

Мемлекеттерді жіктеу процестері олардың тарихи дамуын дұрыс түсіну үшін қажет. Типология – қоғамның тарихи дамуының негізгі мазмұны мен нышандарын түсіну үшін қолданатын әдістер мен тәсілдер. Мемлекеттің даму процесі бүкіл дүние жүзі дамуының бір бөлімі. Оны анықтап түсінгеніміз бүкіл тарихты жақсы білгеніміз. Мемлекеттің дамуы үздіксіз объективтік процесс.

Бұл даму процесі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси мазмұнымен және алдында тұрған мақсаттарымен байланысты. Мемлекеттің тарихи типін белгілейтін экономикалық жағдай, жеке меншіктің түрі, сонымен байланысты қоғамның дифференциациялау процестері жатады. Ал тарихи типтің дамуы, мемлекет қай топтардың мүддесін қорғайды, халықтың қандай демократиялық құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, басқару процесінде қандай демократиялық әдістер мен тәсілдер қолданатынын көрсетуге тиіс.

Мемлекет пен құқықтың тарихи типі қоғамның, экономиканың дамуымен байланысты болса да, мемлекеттің ерекше даму заңдары бар. Мысалы: Рим құқығы туралы айтатын болсақ, Корпус Юрис Цивилис деген ірі кодификациялық заң қабылданған кезде мемлекет ыдырап басқа халықпен жауланып, экономикасы терең дағдарысқа ұшыраған еді. Батыс Рим империясын франктер басып алып өздерінің Франк империясын құрған кезде, Византия императоры Юстиниан жүйелеу жұмыстарын басқарып, айтқан құқықтық кодекстің жазуын басқарды. Бұл кезеңде экономиканың, мемлекеттің және құқықтың дамуы бір-біріне сәйкес болған жоқ. Құқықтың дамуы мемлекеттен көп жоғары болды.

Мемлекетті типтерге бөлудің марксистік әдісі. Бұл пікір қоғамды зерттеуде таптық мәселесімен байланысты. К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин мемлекет үстемдік таптың мүддесін қорғайтын құрал деп түсіндіреді. Марксистік тұрғыдан қарағанда тарихтағы мемлекеттер төрт түрге бөлінді: құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттер. Бірінші рулық қоғамда мемлекет әлі болған жоқ, ал соңғы коммунистік қоғамда мемлекеттің орнына коммунистік өзін-өзі басқару жүйесі келуге тиіс. Бір тарихи типтен екіншісіне революция арқылы өтеді.

Мемлекеттің негізгі мақсаты – бір таптың диктатурасын орнату. Таптық мінездеме экономикалық, әлеуметтік жағдаймен байланысты. Марксизм мемлекетті – бір таптың екінші тапты қанау аппараты деп анықтады. Типті осылай бөлудің прогрессивтік те, негативтік те жақтары бар. Бір жағынан мемлекет таптың құрылуымен байланысы анық көрінеді, топтар және таптар құрылмаған қоғамдарда мемлекет болмайды. Негізінде мемлекеттің алдындағы мақсат екіге бөлінеді: бір жағынан бүкіл қоғамның мүдделерін қорғап, жалпы қоғамдық мәселелерді шешу, ал екінші жағынан – таптардың арасындағы қайшылықтарды бәсеңдету. Қоғамда таптар анық құралмаған кезде де мемлекет пайда болған жағдайлар кездеседі. Мысалы, шығыс мемлекеттерді марксизм құлиеленушілік мемлекеттерге жатқызады, ал негізінде бұл мемлекеттерде құлиеленушілік қарым-қатынастар әлі қалыптасқан жоқ еді. Мемлекеттерді туғызған басқа жағдай – географиялық жағдайлармен қоғамның жалпы экономикалық функциялары мен қызметтері (мысалы, Египет мемлекетінде – Ніл өзенімен байланысты жер суару жұмыстары). Сонымен, марксистік типологиясының негізін қалыптастыратын қоғамның экономикалық базисі мен таптық құрылысы. Марксизм мемлекеттің тарихи типтерін қоғамның даму құрылысымен және экономикалық формация деген түсінікпен байланыстырады. Экономикалық формация базис (бұл қоғамның белгілі бір даму дәуіріндегі экономикалық құрылыс) пен қондырмадан (әрбір базистің өзінің қондырмасы болады) тұрады. Базисті өндірістің тәсілі белгілейді. Өндіріс – өндірістік қатынастар мен өндіруші күштерден тұрады. Осы формацияларға марксизм құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттерді сәйкес келтіреді. Мемлекеттің тарихи типтері осы экономикалық-қоғамдық формациямен тығыз байланыста дамуға тиісті.

Бұлардан басқа марксизмде өтпелі дәуірдің мемлекеті деген ұғым бар. Бұл типтерге рулық қоғамнан құлиеленушілік қоғам арасындағы, құлиеленушілік және феодалдық қоғам арасындағы, феодалдық және буржуазиялық типтің арасындағы, буржуазиялық пен социалистік типтердің арасындағы өтпелі мемлекеттер жатады. Қазіргі дәуірді алатын болсақ, бірнеше континенттердің мемлекеттері осы өтпелі мемлекеттің типтеріне жатады. Латын Америкасының, Азияның, Африканың XX ғасырда тәуелсіздігін алған мемлекеттер осы өтпелі тарихи типке кірді. Олардың тарихи типтері социалистік те емес, буржуазиялық та емес, олар тек қана социалистік немесе капиталистік бағытта болуы анықталады.

1991 жылдан кейінгі социалистік мемлекеттерде социалистік жүйе

ыдырап, нарықтық экономикалық елдерге айналып, демократиялық қоғам құру саясатына көшті. Кейбір мемлекеттер социалистік жолынан тайған жоқ (Куба, Солтүстік Корея, Қытай, Вьетнам).

Мемлекеттерді **цивилизациялық, өркениеттік** критериймен де бөлу қазір жиі кездеседі. Цивилизациялық әдістің және формациялық бөлудің айырмашылықтары көп. Формациялық критерий көбіне қоғамның таптық құрылысы мен өндірістік тәсіліне көңіл аударады. Бұл типологияны сыңар жақ түсіндірілуі. Мемлекеттердің ерекшеліктерін білу үшін қоғамның барлық салаларының жағдайларына ықылас салу қажет. Мемлекеттің экономикалық базисін зерттеген де оған қоса қоғамның мәдени, рухани деңгейін зерттеп, орнын көрсету қажет және қанаушы таптан басқа қоғамды құрған барлық топтарды зерттеп орындарын, рөлін, маңызын түсінген дұрыс. Қоғамның әдет-ғұрыптарын, әр топтың саналары мен құқықтарының деңгейін білу өте қажет. Ал, зерттеудің ең маңызды мақсаты – жеке адамның, бостандығы мен құқықтарын, әлеуметтік жағдайын және еңбектегі қарым-қатынастарын жақсы білу – мемлекетке мінездеме беру үшін өте керек нәрселер. Қоғам бірнеше топтарға бөлінетін болса да, мемлекеттің алдында тұрған мақсат – сол топтардың арасындағы қайшылықтарды бәсеңдетіп бүкіл халықтың мүддесін қорғау. Осы әдісті бізде цивилизациялық әдіс деп атайды. Цивилизациялық әдіс мемлекет өзінің елінде тұратын адамдар үшін қандай жақсылық істеді, экономикалық, саяси, әлеуметтік, өнегелі қоғамның дамуы үшін қандай шара қолданды деген сұрақтарға жауап береді.

Сонымен, цивилизациялық пікір бойынша мемлекеттің тарихи типі өзгеру үшін экономикалық базисқа қосымша қоғамның мәдени және рухани сана-сезімі жоғары деңгейде болуы қажет.

2. Мемлекетті жіктеудің тарихи хронологиялық түрлері

Мемлекеттік типологияның хронологиялық түрі. Бұл әдістің бірнеше түрлері бар. Мысалы, иллюстрациямен істелген дүниежүзілік тарих кітабында ағылшын тарихшысы Маргарет Олифант бүкіл тарихты былай бөледі: Ежелгі цивилизациялар, орта ғасырлар, ғылыми жаңалық ашу кезеңдері (1555–1650), өзгеріс және дағдарыс кезеңдері (1650–1800), одан кейін XIX ғасыр және қазіргі дәуір. Сонымен, мемлекеттің дамуын бұл тарихшы сегіз кезеңге бөледі. Ал, кейбір шет елдердің ғалымдары мемлекеттің дамуын келесі кезеңдерге бөлетіні жақсы мәлім: 1) Ежелгі мемлекеттердің тарихы, бұл кезең екіге бөлінеді: Шығыс мемлекеттердің

тарихы оған – біздің дәуірге дейін төртінші мың жылдығында пайда болған (Египет, Вавилон, Қытай, Ассирия, Үндістан, Персия) мемлекеттер жатады. Бұл кезеңнің мемлекеттері шығыс деспотияларға жатады. Бұдан кейін көне дәуірдегі антикалық мемлекеттер кезеңі басталады, бұл кезең т.э. 476 жылына дейін созылады. 2) 476 жылдан басталған кезең орта ғасырларға жатады, араб халифатының көлеңкесінде пайда болған ислам мемлекеттерінің тарихы. Еуропа мемлекеттерінде бұл кезең феодалдық мемлекеттердің тарихы, ол ағылшын буржуазиялық революциясына дейін жалғасады. 3) Келесі кезең XX ғасырдың басына дейін жаңа ғасырларға жатады. 4) Ал қазіргі XX ғасыр қазіргі дәуір деп аталады.

Хронологиялық бөлудің басқа да түрлері бар: ежелгі ғасырлар, орта ғасырлар, жаңа ғасырлар және қазіргі дәуір. Бұл хронологиялық бөлудің көп прогрессивтік жақтары бар. Мемлекет қай таптың мүддесін қорғайды немесе оның экономикалық жағдайының ерекшеліктері барма деген сұрақтарға жауап бергеннен басқа, осы дәуірдің жалпы ерекшеліктері бар екенін анықтайды.

Шығыс мемлекеттері. Оған біздің дәуірге дейінгі 4 мыңжылдықтың соңында Египет мемлекеті, одан кейін 3 мыңжылдықта – Шумер, Ассирия мемлекеттері, 2 мыңжылдықта Үндістан, Қытай, Хеттердің патшалығы пайда болғаны белгілі. Бұл мемлекеттерді құлиеленушілік мемлекеттерге жатқызады, бірақ бұлардың құлиеленушілік мемлекеттерден айырмашылығы өте көп. Олар шығыс деспотия деген ерекше мемлекеттік типті құрады. Бұл мемлекеттерді біріктіретін жалпы негізгі нышандары бар: экономикасында рулық қоғамның қалдықтары көпке дейін сақталғаны белгілі. Сондықтан, жеке меншікпен қатар қоғамдық және мемлекеттік меншігі қалыптасты. Экономикалық жағдайға климаттың ерекшеліктері өзінің әсерін тигізді. Қоғамның мүддесін қорғау үшін жер суару және басқа да қоғамдық жұмыстар жүргізілді. Осы мемлекеттер ұлы өзендердің Хуанхе, Тигр, Евфрат, Ніл жағасында орналасты. Бұл елдердің саяси жағдайларын дұрыс түсіну үшін осы ерекшеліктерді ескеру қажет. Құлдық институтының ерекшеліктері болатын. Құлдар көбіне мемлекеттің, қауымның және аздап әрбір жанұяның жеке меншігінде болған. Жердің жеке меншігі күшті дамыған жоқ. Шығыс мемлекеттерде көбіне монархия түрінде дамыды. Құқықтың жазулы түрлері де пайда бола бастады, мысалы Ману, Хаммұрапи заңдары. Шығыс мемлекеттер тарихтағы бірінші мемлекеттердің типін құрады. Келесі тарихи типтерге Греция және Рим, солармен қатар дамыған **антикалық мемлекеттер жатады**. Бұл мемлекеттердің ерекшеліктері: құлиеленушілік өндірісі шығыс мемле-

кеттерден көп жоғары, рулық қоғамның қалдықтары сирек кездеседі, құлдардың еңбегін қанап пайдалану экономиканың негізін құрады. Қоғам негізінде құлиеленушілерге және құлдарға бөлінеді. Байлардың жеке меншігінде құлдар, жер және басқа өндіріс құралдары болатын. Құлдардың құқықтық жағдайлары ашық айтылатын, олар сөйлей алатын құралдарға жатады. Құлдардың ешқандай құқықтары жоқ, ол өзінің мырзасының жылжымалы заты. Қоғамның негізгі байлықтарын осы топ жарыққа шығаратын, олардың еңбегін өндірісте, ауыл шаруашылығында, құрылыста, жалпы жұмыстарда, спортта, басқа да жерлерде пайдаланатын. Сонымен, антикалық мемлекеттерде құлиеленушілер мен құлдар екі негізгі топтарды құрды. Ал олардан басқа топтарға саудагерлер, қолөнершілер, шаруалар жатты. Құлиеленушілік мемлекеттің негізгі мақсаттары – құлдарды, басқа топтарды езгіге салып, олардың еңбектерін пайдалану. Оның осындай негізін мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары дәлелдейді: мемлекеттің негізгі ішкі функциясына құлдарды және басқа кедей топтарды қанау және сол үшін тиісті жағдай туғызу. Мемлекеттің өзі жерлердің, құлдардың, кен шығаратын жерлердің, басқа байлықтардың иесі болатын. Сондықтан, ол жеке меншікті қорғау қызметіне қатты көңіл бөлетін. Құлдардың көтерілістері қатаң соққымен басылатын, тарихта бұндай жағдайлар өте жиі болды. Антикалық мемлекеттердің сыртқы функциялары да соғыс – күреспен байланысты (Рим мемлекеті).

Осы сыртқы және ішкі функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттің аппараты ыңғайлы еді, оның демократиялық формалары да кездесетін.

Көне дәуірдегі антикалық мемлекеттер республика және монархияға бөлінеді. Греция, Рим, Спарта республика және монархия болғаны мәлім. Республика аристократиялық және демократиялық түрінде болатын, ал монархияның тек шексіз монархия болғаны анық белгілі.

Құлиеленушілік антикалық мемлекеттердің арасындағы ең ірі және соңғы мемлекет – Рим мемлекеті. Оның патшалық, республика және империя кезеңдері болды. Рим мемлекетінде жақсы белгілі құқық жүйесі құрылды. Рим құқығы бүкіл дүние жүзіне әсерін тигізді.

Орта ғасырлардың мемлекеттері. Феодалдық мемлекеттердің құрылуының екі жолы бар: біреулері құлиеленушілік мемлекеттердің дамуынан пайда болды (Үндістан, Қытай, Византия), екіншілері рулық қоғамнан пайда болды (Ресей, Араб халифаты, Франк мемлекеті). Оларды да екіге бөлуге болады – Азия, Африканың және Еуропаның мемлекеттері. Орта ғасырлардың дамуы 476 жылдан басталады, бұл Рим

империясының құлаған жылы. Рим империясының орнында Франк мемлекеті пайда болды. 628 жылы мұсылмандар мемлекетінің пайда болған дәуірі. Европадағы феодалдық мемлекеттердің дамуының үш кезеңдері белгілі: ерте – феодалдық монархия, сословиелік – монархия және шексіз монархия. Шығыс мемлекеттері бұндай кезеңдерге бөлінбейді. Феодалдық мемлекеттердің негізгі нышаны – жерге жеке меншіктің қалыптасуы. Феод – деген сөз – толық жеке меншіктегі жер. Феодалдық жеке меншіктің тағы екі түрі бар: аллод және бенефиций (аллод – жерге жеке меншіктің мұрагерлік жолмен көшуі; бенефиций – мұрагерлік жерге құқық жоқ). Бұл иерархиялық (жүйеде) әрбір топ өзінің жеке орнын алады, сол орны құқықтық жағдайды белгілейді және жер иеленушілігімен байланысты.

Феодалдық иерархиялық құқық. Феодалдар бірнеше топқа бөлінеді: мысалы, Францияда граф, герцог, рыцарь, шіркеу қызметкерлері, шаруалар, құлдар. Феодалдық рентаның үш түрі болды: ақшалай, барщина және натуралдық рента. Феодалдық мемлекеттің ішкі функциялары: жеке меншікті қорғау, шаруаларды және басқа жай адамдарды қанау, тәртіпті қорғау, салық жинау, шаруалардың көтерілістерін басу. Сыртқы функциялары – басқа халықтарды тонау, өз мемлекетін қорғау және көрші мемлекеттермен қарым-қатынастарды құру. Феодалдық мемлекет өзінің билігін шіркеудің әсерімен күшейтті. Феодалдық қоғам шіркеудің күшіне, баюына жағдай туғызды. Шіркеудің көп жерлері, шаруалары және басқа да байлықтары болатын. Шіркеудің билігін дәлелдеу үшін әртүрлі теорияларды шығарды. Мұсылман, Христиан, Католик, Буддистік мешіт-шіркеулердің арасында бірталай айырмашылық болғанымен, қоғамдағы құқықтық жағдайлары бір-біріне ұқсас. Шіркеудің күшейген де, әлсіреген де кезеңдері болды. Феодалдық мемлекеттер көбіне ыдыраған, ұқсас мемлекеттер болатын. Бірақ кейбір кезде олардың күшейіп, ірі, мықты мемлекет құрған кезеңдері де болды. Мысалы, Омейядтардың араб халифаты, Францияның шексіз монархиясы. Бұл кезеңде Құран, ұлы Еркіндік Хартия, Каролина, Алтын Булла деген белгілі феодалдық актілер қабылданды.

Феодалдық мемлекеттердің дамуы буржуазиялық революцияға дейін созылды. 1640 жылдан бастап келесі кезең **жаңа дәуір** басталды. Капитализм өзінің 300 жыл тарихында үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең – либералдық капитализм XVII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың аяғына дейін. Екінші кезең-империализм дәуірі XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың ортасына дейін. Үшінші кезең – әлеуметтік (қоғамдық) капи-

тализм XX ғасырдың ортасынан 2004 жылға дейін. Бұл кезеңде ғылыми-техникалық прогрестің, демократияның жақсы дамуы. Экономикада мемлекеттің макробақылауының орнауы. Қазіргі заман бейбiтшiлiктi, халықтар достығын, демократияны дамыту. Капиталистiк мемлекеттiң негiзiн жеке меншiктiң көп түрлерi құрайды, жеке меншiк құқығы ең қасиеттi және жоғарғы құқық болып жарияланды. Заңның алдында бәрi тең. Бұл кезеңде мемлекеттiң маңызды прогрессивтiк принциптерi нығайтылды: билiктiң бөлiнуi, заңның жоғарылығы, құқықтың алдында бәрi тең, азаматтардың саяси, әлеуметтiк және жеке құқықтары мен бостандығы, заңдылық, соттың тәуелсiздiгi және т.б. Құқықтық мемлекеттiң түсiнiгi анықталып, көп конституциялар осы терминдi қолданатын болды.

Әрбiр құқықтық саланың өзiнiң прогрессивтiк жерлерi бар. Мысалы, қылмыстық сала мынандай негiзгi принциптерге кепiлдiк бередi: заңда жазылмаған iс қылмыс емес, бiр қылмысқа бiр жаза, жазаның ауырлығы қылмысқа сәйкес болуға тиiс, адамды қинайтын жазалар қолданбауы тиiс. Азаматтық құқықтық салада шарттардың және өнеркәсiптiң бостандықтары, некенi мемлекеттiң тiркеуi, некеде екi жақтың теңдiгi.

Мемлекеттердiң көпшiлiгiнде конституция қабылданып – қоғамның негiзгi қарым-қатынастарын реттеп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепiлдiк бередi. Заңдар жазбаша түрде қабылданатын болды. Буржуазиялық құқықтық актiлердiң арасында ерекше орын алатын Францияның 1789 жылғы Азаматтық және адамның құқығы туралы декларациясы, АҚШ-тың 1776 жылғы Тәуелсiз декларациясы, Англияның Хабеас корпус актiсi; Наполеонның басқаруымен алынған кодекстер және басқа құжаттар прогрессивтiк дамуға ықпалын тигiздi.

1917 жылдан бастап Кеңестер Одағында (СССР) Еуропаның және Азияның бiр елiнде социалистiк мемлекеттер өмiрге келдi. Солтүстiк Корея, Вьетнам, Куба мемлекеттерi қазiр де өздерiнiң социалистiк бағытын өзгерткен жоқ. Қытай мемлекетi ерекше Қытайлық социализм қоғамын құрады деп жариялағаны мәлiм. Бiрақ социалистiк мемлекеттерiнiң қайшылығының саяси жүйесi, құрған режимi, қолданған әдiсi, халыққа қарсы жүргiзген саясаты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шектелуi, елде әкiмшiлiк-әмiршiлiк басқару жүйесi қалыптасып, партияның диктатурасы орнады. Сөйтiп, социализмнiң iзгi мақсаттары қанға боялды. Казармалық социализмнiң елге, халыққа жасаған озбырлығы бұл күнi баршаға мәлiм.

Партия билiгiне технократтар келдi. Билiк жүйесi олигархияға ұлас-

ты, талантты, ойшыл зиялылар қуғынға ұшырады. Қолында билігі бар үстем таптың қалыптасуы сияқты құбылыстар халықпен байланысын әлсіретті. Экономикадағы қолдан жасалған шарықтау мен саяси-рухани өмірдегі тоқырау қайшылықтары, Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы Кеңес Одағының құлауына негізгі себеп болды.

Тарихи шындыққа жүгінейік. Марксизмнің социалистік қоғам туралы ілімі – XIX ғасырдың Ұлы жетістігі. Марксизмнің экономикалық ілімін бүкіл өркениетті халықтар мойындайды. Социализмнің Ресейдегі сәтсіздігі Сталинның марксизм ілімін тұтасымен жоққа шығарып елімізде «Сталинизм» саясатын орнату еді. Әлемдік капитализм социализм ісінен көп нәрсені үйренді: жұмысшы тобының революциялық жігерін эволюциялық даму арнасына түсіру үшін әлеуметтік проблемаларды шешудің социалистік әдістерін қолдады.

Ендеше, XX ғасыр тарихын жазу барысында объективті түрде көрсету керек. Коммунистік идеал – құбыжық емес, ол кеше ғана миллиондаған адамдардың арманы ғана емес, өмірі болған тарихи құбылыс. Біздің бүгінгі тәуелсіз қоғамымыз сол социализмнің ішінен шыққанын ұмытуға болмайды. Тек әділдікке жүгініп, отан тарихын жайлаған аңыз-мифтерден ақиқатты айту, шындыққа жету интеллектуалды азаматтардың қарызы мен парызы болса керек. Сонда ғана болашақ ұрпақтың тарихи санасына көлеңке түспейді, ана сүтін емген, ата тарихынан сусындаған ұрпақ қанаттанады.

4 –тақырып. МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ

I. Мемлекет нысанының түсінігі, мазмұны және мемлекетті басқару нысаны

Мемлекеттің сыртқы нысаны мен ішкі мазмұнының диалектикалық бірлігі байқалады. Мемлекеттің нысаны қоғамның экономикалық, мәдени, рухани мазмұнына байланысты. Демократиялы мемлекеттер туралы айтатын болсақ, олар тек қана республика немесе шектелген монархия түрінде өмір сүреді. Ал шығыс мемлекеттерде көбіне монархиялық басқару болғаны жақсы мәлім. Қытай, Үндістан, Египет, Англия, АҚШ мемлекеттерінің философтары, Аристотель, Монтескье, Локк, Вашингтон, Де Голль мемлекеттің нысанына көп көңіл бөлген. Мемлекеттің мазмұны оның нысанынан бөлінбейді, олар бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Тәуелсіз Қазақстанда екі жылдан кейін 1993 жылғы Конституциясының орнына екінші 1995 жылғы Конституция алынды. Бұл соңғы Конституция мемлекеттің сыртқы нысанын өзгертіп, Қазақстанда президенттік республиканың саяси режимі құрылды.

Мемлекеттің тарихи даму процесінде оның нысанына бірнеше жағдайлар әсер етеді. Бірінші жағдайға географиялық, климат, тарихи факторлар жатады. Егер мемлекет континентте қалыптасса немесе оның шекарасы теңізге, мұхитқа шықса, бұл екі жағдайда екі мемлекеттің нысаны екі түрлі болады. Аралда орналасқан мемлекеттердің континенттік мемлекеттермен салыстырғанда демократиялық режимдері күштілеу екені байқалады. Шығыс мемлекеттерде бірінші ірі цивилизациялардың дамуы ұлы өзендермен байланысты болды: Қытайда – Хуанхэ, Египетте – Ніл, Вавилонда – Тигр және Евфрат, Үндістанда – Ганг. Шығыс мемлекеттерде — монархия, Европада – шектелген монархия немесе республика құрылған. Ежелгі демократиялық республикалар Жерорта теңізінің жағасында орналасқан. Ол мемлекеттер шапшаң, жақсы дамығаны белгілі. Қазақстанның географиялық жағдайы екі бірдей – Ресей және Қытай сияқты ірі мемлекеттермен көршілес болуы, теңізге қашықтығы және ашық тікелей жолдың жоқтығы мемлекеттің дамуына едәуір нұқсан келтіріп отыр.

Мемлекеттің құрылысына экономикалық және саяси жағдайлар әсерін тигізеді. Мысалы, Үндістанның мемлекет құрылысы туралы қатаң қағида болған: патшаның әділетті болуы, жеке меншікті бұзбайтын, брахман-

дарды сыйлайтын және олардың айтқан ақылдарын тыңдауы міндетті болған. Бұл туралы Ману заңдарында айтылған. Ресейдің феодалдық мемлекетінде халық жиналысының, соттың, рулық қауымның рөлдері көпке дейін сақталып келді. Саяси жағдай, топтардың арасындағы қарым-қатынастар шиеленіскен жағдайларда демократиялық басқару туралы айту қиын. Дағдарыс кезінде көбіне мемлекетті басқару бір адамның қолында болады: Наполеон, Рузвельт, Гитлер, Пиночет. Ал мемлекеттің экономикасы жақсы дамыған кезде, жағдай тыныш уақытта демократиялық әдістер жақсы қолданатыны мәлім (Греция, Рим, Швейцария, Бельгия).

Мемлекеттің құрылымына қоғамның ұлттық құрамы, тарихи әдет-ғұрыптары немесе ерекше тарихи жағдайлары да әсерін тигізеді. Ресей, Үндістан, Америка, Мексика мемлекеттері көп ұлттық мемлекеттерге жатады, сондықтан олардың мемлекеттік құрылымдары – федерация. Ал Жапония, Германия, Польша бір ұлттық мемлекеттер, бірақ біреулері тұтас мемлекет, екіншілері, мысалы, Германия – федерация. Бұл жағдайды анықтау үшін Германияның мемлекеттік процесін және тарихын жақсы білу керек. XIX ғасырда Пруссия мен Австрияның гегемония үшін күресі Пруссияның жеңісімен аяқталды. Бірақ феодализм кезеңінен Германияның капитализмге көшкенімен буржуазиялық мемлекеттің қалыптасуы аяқталған жоқ. Сондықтан, қазір де немістер бірнеше тәуелді мемлекеттерде тұрады: ФРГ, Швейцария, Австрия – олар федерацияға жатады.

Қазақстан жерінде көне дәуірден қазақтың арғы атасы түріктер, бергі атасы қыпшақтар өмір сүрген. XV ғасырда қазақ хандығы құрылып өзінің тәуелсіз мемлекеті болған. Қазақстан көп ұлттық республикаға айналуы XX ғасырда болды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы біртұтас, бөлінбейтін мемлекет болып жарияланды.

Мемлекеттің нысанына – халықаралық жағдай, мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастар, және абыройы күшті адамдардың істері де әсер етеді. Отарлық мемлекеттердің басқару нысанына бұрынғы метрополия мемлекеттерінің нысаны үлгі болатыны мәлім. Дамыған елдердің саяси-мемлекеттік құрылысы, олардың демократиялық іс-әрекеттері дамушы елдерге көп әсер етуі объективтік процесс. Мысалы, Ұлыбритания бүкіл Еуропа континентіне, Жапония және Скандинавия мемлекеттеріне өзінің шектелген конституциялық монархиясын үлгі ретінде сыйлағаны белгілі. Ал АҚШ өзінің көрші мемлекеттеріне және посттоталитарлық мемлекеттерге президенттік республикасының әсерін тигізді. Франциядағы Де Голль құрған парламенттік республика да кейбір мемлекеттерге әсерін тигізді.

Республиканың мемлекеттік құрылысына саяси күшті адамдардың қызметі және жүргізген саясаты әсерін тигізеді: Гитлер, Рузвельт, Шыңғыс хан, Абылай, Петр I, Ататүрік және басқаларын еске алсақ дұрыс болады. Марксизм – Ленинизм саясаты бір континенттің мемлекеттеріне 70 жылдан аса үлгі болды. Тек қана Евразия емес, Куба, Вьетнам, Корея, Африканың мемлекеттерінің тарихына ықпал жасағаны мәлім.

Мемлекеттің дамуына діни факторлары да әсерін тигізеді. Мұсылман, католик, христиан, буддистік мемлекеттердің өздеріне тән нышандары бар. Сонымен, мемлекеттің сыртқы формасын анықтау үшін көп фактілерді терең зерттеу керек.

Оқу әдебиетінде мемлекеттің нысаны көбіне үшке бөлінеді – басқару нысаны, мемлекеттің құрылымының нысаны және саяси режим. Ал негізінде мемлекеттің нысаны тарихи кезеңмен және әрбір мемлекеттің ерекшеліктерімен байланысты екені мәлім. Сондықтан, мемлекеттің әрбір нысанының көп варианттары бар. Мемлекеттердің дамыған кезінде осы үш элементтерінің біреуі бірінші орынға шығады. Қазіргі Ресейде мемлекеттің екінші элементі – Ресей федерациясының негізгі принциптерін сақтау үшін Шешен республикасымен соғыс әдісін қолданғаны белгілі. Бұл Ресей федерациясының мықтылығын көрсету, негізгі принциптерін сақтау үшін істелген саясат. Бұл мемлекеттің құрылым нысанын бірінші орынға қойып отыр. АҚШ 1860–1864 жылдары Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы соғыс кезінде федерацияны сақтау мақсаты мемлекеттің негізгі нысаны болды. Фашистік режим құрылған кезде мемлекет нысанының саяси режимі бірінші орынға шығады. Бейбітшілік кезде экономикалық дамуы жоғары демократиялық мемлекеттерде басқару нысаны мемлекеттің сыртқы жағдайын белгілейді.

Мемлекеттің басқару нысанына оның жоғары, орталық және жергілікті органдарының құрылуы, олардың қарым-қатынастары қандай принциппен қалыптасты, халық оларды сайлауына қандай түрде қатысады деген сұрақтарға жауап береді. Мемлекет нысандарының арасында басқару формасы маңызды элемент болып саналады. Басқару нысаны монархия және республика екі түрге бөлінеді.

Монархия жоғарғы билік бір адамның қолында болады және бұл билік мұрагерлікпен беріледі. Монархияның белгісі: мемлекетті басқаратын адамның билігі оған әкесінің немесе басқа туысқандарының қолынан көшуі. Сондықтан оның билігі – мұралық билік. Тақтың көшуінің екі әдісі бар: шығыс және кейбір Еуропа мемлекеттерінде тақ тек ер адамдарға беріледі. Ал көпшілік Еуропа мемлекеттерінде еркек адамдарға да, әйел

адамдарға да беріле береді (Ресей, Дания, Англия). Монархияның озбырлық жолмен де көшуі мүмкін: Наполеон, Каролингтердің тұқымдары, Вильгельм Оранский. Англияда даңқты революция арқылы монархия түпкілі патшаның орнағаны белгілі. Монархияның көшуінің үшінші түрі бар, монарх бірнеше ақсүйектердің тұқымдарынан сайланды (Малайзия). Тарихта екі монарх болған мемлекеттік басқару формасы да кездескен (Спарта). Тоталитарлық режимдерде Коммунистік партияның басшысының билігі монархтың билігінен де күшті болды.

Сонымен, монархтың билігі көбіне мұрагерлік билікке жатады, ол өзінің қызметіне құдайдан басқа ешкімнің алдында жауапты емес, ол мемлекеттің басшысы, құқықтың қайнар көзі, оның атынан сот, мемлекеттің атқару функциялары жүзеге асырылады, ол әскерді басқарады, мемлекеттің атымен шарт құрады. Монархтың бірнеше жоғары аттары мен титулдары болады, оны асырау мемлекеттің міндеті. Мысалы, Англияның короліне 1660 жылдан бастап цивилдік қағазбен парламент мұқтажына керек ақшаны беретін болды. Королдердің сарайлары, киімдері, әскерлері мемлекеттің міндетінде болды. Королді асырау мемлекетке өте ауыр болса да, көп мемлекеттер королден және монархиядан басын тартқысы келмейді. Қазіргі Англияның королі – Елизавета II мұра жалғастыратын балаларының абыройы өте күшті болмады, екі баласы және қызы некесін бұзып, ажырасып кетті. Бірақ 1997 жылы Англияның азаматтарынан “Король Англияға керек пе?” деп сұрастырғанда, 66 проценті монархия да, король де сақталсын деп жауап берді.

Монархия екіге бөлінеді: **шексіз және шектелген монархиялар.**

Шексіз монархия – монархтың билігін басқа мемлекеттік орган шектемейді, жоғарыда айтылған биліктің бәрі соның қолында. Бірақ шексіз монархияның да бірнеше түрлері бар. Ең бірінші шексіз монархия – **Шығыс деспотия** (Египет, Вавилон, Қытай, Жапония). Монархтың қолында өте күшті экономикалық функциялары жиналған, ал бұл билік осы айтқан мемлекеттердің географиялық және ерекше экономикалық жағдайларымен байланысты. Мысалы, Египет мемлекетінде номдардың бәрін фараон біріктіріп, Ніл өзенінде суару жұмыстарын басқаратын. Монархтың осындай қиын экономикалық қызметі өте күшті биліктің қажет екенін туғызды. Сондықтан, фараондардың биліктері шексіз болатын: ол Ра құдайдың тұқымы, таққа отырған кезден оған пирамида салады, ол экономикалық, қаржы, заң шығару, діни, сот, әскери қызметтерін басқарған. Тарихта кездескен шексіз монархияның екінші түрлері көне дәуірдегі мемлекеттерде болған. Оған Рим империясы жатады. Бұл шексіз

монархия республиканың орнына келді. Императордың да билігі өте күшті, бірақ оны күшейтетін жағдайлар саяси факторлерге байланысты болған. Орта ғасырларда шексіз монархия феодализмнің соңғы кезінде пайда болды. Ең күшті феодалдық шексіз монархияларға Людовик XIV, Петр I, Екатерина II, Елизавета I, Фридрих II, Үдемі Сулейман монархиялары жатады. Людовик XIV мемлекетті 55 жыл басқарды (1661–1715). Оның “мемлекет деген мен” — сөзі бүкіл Европаға мәлім болған. Версаль сарайын салдырды, қаржыны өзі жұмсады, заңды өзі шығарды, парламентті жинамай мемлекетті, әскерді де, сотты да өзі басқарды. Ол өмір бойы көрші мемлекеттермен соғысып, сыртқы саясатын толық өзі жүргізді. Бірақ феодализмнің шексіз монархияларының мемлекетке істеген жақсылықтары да көп еді. Қазіргі жаңа ғасырларда шексіз монархиялар өте сирек кездеседі (Бруней, Оман).

Монархиялардың көбі **шектелген монархияларға жатады**. Бұл монархияда монарх билігі басқа бір органмен немесе заңмен шектеледі. Шектелген монархия шығыс мемлекеттерінде кездеседі, мысалы, Үндістан. Үндістанның патшасы екінші кастаға жататын – критерилерге, ол брахмандардың айтқан ақылдарын және олар құрған Кеңесін сыйлауға тиісті. Патша брахмандардың жеке меншігіне тиісуге құқығы жоқ, оларды өлім жазасына кесе алмайды, заң шығару немесе сот функцияларын олардың Кеңесі қатыспаса атқара алмайды.

Орта ғасырларда Европа мемлекеттерінде **сословиелік – өкілдік** монархиялар пайда болды. Европа қоғамында үш сословие қалыптасқан болатын: шіркеу қызметкерлері, дворяндар және қала тұрғындары, басқаша айтқанда – буржуазия. Осы сословиелер өздерінің мүдделерін қорғайтын сословиелік органы құрайтын, ол Парламент, Кортес, Бас штаттар деп аталатын. Бұл органдар қалыптасқан кезде салық жинауға келісімін беретін, одан кейін қызметін күшейтіп заң шығару ұсынысын қолына алды, кейін заң шығару билігін өзіне қаратты. Жапония мемлекетінде императордың билігін сегун деген әскери қызметкерлер шектеген болатын, бұл басқару форма сегунат деп аталды.

Жаңа кезеңдерде шектелген монархия **конституциялық монархия** деп аталады. Оның екі түрі бар: **дуалистік және парламенттік монархия**. Дуалистік монархияда мемлекетті басқарған екі топтың күші тең, буржуазиялық революциялар өткеннен кейін, оның бірінші кезеңінде бұрынғы корольдер биліктерінің жартысынан айырылды, оған біріншіден заң шығару билігі жатады. Мысалы, Франция мемлекетінде 1791 жылғы Конституция бойынша король заң шығару билігін жоғалтты, ол ұлттық

жиналыстың қолына көшті. Бірақ оның қолында қалған билігі әлі күшті еді: ол әскерді өзі басқарды, осыны пайдаланып өзінің халқына қарсы шықты, сот қызметкерлерін, министрлерді және атқару билікті өзіне бағындырды, шығарған заңдарға тыйым салды және парламентті таратуға құқығы болды. Сонымен, мемлекеттік билік екіге бөлінді: парламент буржуазияның мүдделерін қорғады, ал король феодалдардың. Бірақ, тарихи процесс объективтік түрінде парламентті жеңіске жеткізді де, дуалистік монархия парламенттік монархияға айналды. Парламенттік монархия бірінші Англияда құрылды. Даңқты революциядан кейін Құқық туралы Билль деген (1689ж.) конституциялық заңда осы мемлекеттік басқару нысаны пайда болды. Қазір Европа мемлекеттерінің көбі осыған жатады: Бельгия, Норвегия, Швеция, Дания. Бұл мемлекеттерде монарх – мемлекеттің басшысы. Ол парламенттің келісімінсіз көп мәселелерді шеше алмайды. Парламенттің төменгі палатасына көп орын алған саяси партия өзінің өкіметін құрады. Сол партияның басшысы премьер-министр болып тағайындалады. Премьер-министр кабинетін өзі құрастырады, король оған тек келісім береді. Кабинет королдің алдында емес, парламенттің алдында жауапты. 1997 жылы Англияда консервативтік партия сайлауда лейбористерден жеңіліп 18 жыл Англияны басқарғаннан кейін оппозицияға кетті. Парламент королдің мұқтажына керек ақшаны бөледі, оның жеке өміріне де қатысады. Бірақ көп мемлекеттер монархтың құқықтарын шектесе де, бұл ескілік немесе керек емес мемлекеттің элементі деп санамайды. Монарх – мемлекеттің көркі, тұрақтылығы, сәні, ертеден келе жатқан әдет ғұрыптары. Сондықтан, кейбір мемлекеттер жойылған монархияларды қайтадан орнына қалыптастырғаны мәлім (Испания 1975, Англия). Қазіргі Ресей, Грузия, Болгария, Румыния мемлекеттерінің патша тұқымдары, тірі халықтың арасында монархияны қалпына келтіру деген пікірді білдірген адамдар және саяси партияларда бар. Сонымен, монарх топтардың, саяси партиялардың арасындағы арбитрі және тұрақты саяси режимінің кепілдігі болып көрінеді. Монархтың өмірін реттейтін әдет-ғұрыптардың көбін халық жақсы көреді: парламенттің бірінші сессиясын ашу процедурасы, мемлекетке келген қонақтарды қарсы алу, мемлекеттің атымен мерекелерімен құттықтау, монарх сарайларының өмірін реттейтін әдеттер.

Мемлекеттің екінші басқару нысаны – Республика. Егер мемлекетте жоғарғы және төменгі органдардың бәрі сайлаумен белгілі мерзімге құрылатын болса, осындай мемлекеттік басқару формасы – республика деп аталады. Республика, мемлекеттік органдар белгілі бір

мерзімге сайланып құрылады. Республика деген сөз көне дәуірдегі мемлекеттерде бірінші рет қолданды. Бұл термин халықпен байланысты. Мемлекетті басқаратын адамдар мен органдарды халық бір белгілі кезеңге сайлайды. Сайланбаған қызметкерлер мен органдар республикада болмайды. Республиканың ең бірінші түрі – Греция, Афин республикасы. Олар халықты өте шектеулі түсінді, бұл республиканың басқару органдарына және сайлауға тек Грецияның азаматтары қатысатын. Ал азаматтары болып 20 жасқа толған еркек адамдар, ата-анасы Афинаның азаматтары, жеке меншігі бар, әскерде қызмет еткен, барлық құқықтарын пайдалана алатын адамдар саналатын. Сонымен, әйел адамдар, метистер, шет елдердің азаматтары және құлдар саяси өмірге қатынасқан жоқ. Грецияның негізгі органы – халық жиналысы, ол барлық қызметкерлерді сайлаған, олардан есеп алатын, мемлекеттің негізгі мәселелерін шешетін, заң шығарды. Басқа органдар 500 жүздік Кеңес, гелиэй, қызметкерлер, стратегтер, белгілі уақытқа ғана сайланатын және халық жиналысының алдында жауапты болатын.

Антикалық республиканың аристократтық түріне Рим және Спарта республикасы жатады. Бұларда сайлауға және мемлекетті басқаруға азаматтардың бәрі емес, тек қана ақсүйектері жіберіледі.

Орта ғасырларда республика өте сирек кездеседі, көбіне ол республика — қала (Псков, Новгород, Бремен, Любек, Венеция, Флоренция).

Жаңа кезеңде республиканың екі түрі кездеседі: **президенттік және парламенттік республикалар**. Президенттік республиканы АҚШ 1787 жылғы Конституциясында бекіткен. Олар Англияның корольдерінен көп озбырлық, заңсыздық көргесін, абыройлы билікті орнатуды анық түсінді. Деспотиялық режим құрылмауы үшін биліктің бөліну принциптерін енгізді. Сонымен, мемлекеттің жаңа басқару формасын ойлап шығарды. Президенттік республикада билік үшке бөлінеді: заң шығару парламенттің қолында, атқару билік – президент пен өкіметтің қолында, ал сот билігі тәуелсіз сот органдарында. Президентті халық сайлайды. АҚШ-та 4 жылда бір рет президенттік сайлауы өтеді. Президент – мемлекеттің бірінші басшысы, өкіметті өзі басқарады, Сенаттың келісімімен министрлерді тағайындайды, әскер оған бағынады. Президент – республика бірлігінің тұтастығының символы. Кейбір президенттік республикаларда президентпен қатар премьер-министр үкіметті басқарады. Көбіне оны президенттің өзі тағайындайды және ол президенттің алдында жауапты. Парламенттің өкіметті тарататын құқығы жоқ. Кейбір мемлекеттерде президент пре-

мьер-министрден басқа бірнеше министрлерді өзі тағайындайды, ал қалған министрлерді премьер-министрдің өзі парламенттің келісімімен тағайындайды. Мемлекеттің Заң шығару билігі парламенттің қолында, және парламент белгілі қызметкерлерді және жоғарғы сотты тағайындағанда келісімін береді. Парламенттің алған заңдары екі рет тексеріледі: президент вето құқығын қолданып, қабылданған заңдарға қолын қояды, Конституциялық сот, әдетте заңның Конституцияға сәйкестігін тексереді. Сот билігі ерекше сот органдарының қолында. Сот қызметкерлері президенттік республикаларда белгілі уақытқа немесе өмірбойлы тағайындалады. Оларды тағайындайтын заңдарды әрбір мемлекеттерде ерекше, бірақ бұл процеске президент те, парламент те қатысады. Үш билік бір-біріне тең болуға тиіс деп көп конституцияларда жазылған, ол үшеуінің ара-қатынасын реттеп отыратын президенттің билігі.

Президенттік республикалардың варианттары көп, олардың біріне жартылай президенттік республика жатады (мысалы: 1958 жылғы Конституциясы бойынша Франция, Турция).

Парламенттік республика. Бұл мемлекетті басқару нысанында билік парламенттің қолына жиналған. Кабинет пен премьер-министрді парламенттің төменгі палатасы тағайындайды, тексереді және түсіреді. Өкімет парламенттің алдында жауапты. Парламенттік басқару нысаны жағдайында билік жүргізу функциясы мемлекет пен үкімет басшылары арасында бөлінетін. Президент тек мемлекет басшысы. Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырады, әрі парламенттегі партиялық көпшілік негізінде құрылады. Күшті үкімет – әлсіз президент.

Сонымен, өкіметте парламенттің сенімі болған кезде ол өзінің қызметін істей алады, ал болмаған жағдайда отставкаға шығады. Мұндай республикаларда президент мемлекеттің басшысы, оның биліктері өте аз. Парламенттік республикаларға Италия жатады.

2. Мемлекеттің әкімшілік – құрылым нысаны

Мемлекет формасының екінші элементіне мемлекеттік құрылымының нысаны жатады. Бұл мемлекеттің әкімшілік-жергілікті бөлінуі, сол бөлімдердің бір-бірімен қатынасы, және мемлекеттің және бөлімдердің арасындағы байланыстары. Мемлекеттік құрылым – ұлттық мемлекеттік қатынастарды, әкімшілік-территориялық жүйені, олардың ерекшеліктерін бейнелейді. Мемлекеттер бұл элемент бойынша унитарлық, федеративтік және конфедеративтік мемлекеттерге бөлінеді.

Тұтас мемлекеттер. Қазақстан Республикасының жері тұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды, деген Конституцияның кіріспесінде (унус деген сөз – бір, жалғыз деп лат тілінен аударылады). Сонымен, тұтас мемлекеттер тек қана әкімшілік-жергілікті аудандарға бөлінеді. Мысалы, Қазақстанда әкімшілік-аумақтық құрылысы 14 облыстан тұрады, оларды Президент тағайындаған әкімдер басқарады. Облыстар аудандарға, қалалық аудандарға, ауылдарға, селолар мен поселкілерге бөлінеді. Ал жергілікті өкілді органдар мәслихат деп аталады, оған депутаттарды халық сайлайды. Жергілікті әкімшілік – аймақтық бөліністердің құқықтары тең. Жергілікті атқару орган – әкім.

Федерация. («федус» деген сөз – одақ деп лат тілінен аударылады). Құрама мемлекет бірнеше зиялы мемлекеттерден тұрады. Құрама мемлекет – күрделі мемлекет, ол федерацияның мүшелерін біріктіреді. Мемлекеттік органдар екіге бөлінеді: жалпы федерацияның органдары және әрбір мүшесінің жеке органдары. Федерацияның субъекттері ішкі істерін ерікті өздері шешеді, ал федеративтік орталық органның қолында барлық ішкі-сыртқы билік болады. Федеративтік республика халықаралық құқықтың алдында тек бір мемлекет болуға тиіс. Бірақ тәжірибеде кейбір федерацияның субъектілері өздері халықаралық қатынастарға шығуға құқығы бар еді, мысалы, СССР (Украина мен Белорусия БҰҰ мүшесі), Югославия, США, Канада. Көбіне олардың тәуелсіздігі формалды түрінде қалғаны мәлім. Халықаралық құқық федерацияның өкілі ретінде шарттарға орталық билік қолын қойғанын дұрыс санайды.

Федерацияда конституция, астана, азаматтық, заңдар, сот және қаржы жүйесі бәрі екіге бөлінеді. Федерацияның екі түрлері бар: ұлттық құрама және жергілікті құрама. Біріншісіне бұрынғы СССР, Югославия, Ресей, Үндістан жатады, ал екіншісіне АҚШ, Австрия, ФРГ, Швейцария жатады. Олардың мемлекеттік құрылысы тарихи дамуымен байланысты.

Конфедерация. Бұл өте көлемді және күрделі конфедерациялы мемлекеттердің одағынан және халықаралық ұйымнан айыру өте қиын. Конфедерация – белгілі мақсатқа жету үшін бірнеше ерікті мемлекеттердің уақытша одағы. Конфедерация мүшелері өздерінің тәуелсіздігін толық сақтайды: азаматтығын, заңдарын, мемлекеттік аппаратты, сот және қаржы жүйесін, өздерінің ақшасын. Конфедерация қабылдаған шешімдерді олардың жоғарғы органдары мақұлдау керек. Тарихта конфедерацияның бірнеше түрлері кездеседі: Америкада 1781 жылы Конфедерацияның баптары қабылданған болатын, бұл бұрынғы Англияның 13 отарларын біріктірді. Вашингтон бұл федерацияны құмнан істелген арқан деп

атады. Конфедерацияның жалпы Конгресс деген органдары құрылды, ол тек қана үш сұрақты шешті: әскер, ақша, шет істер, басқа қызмет бабы әр штаттың қолында сақталған еді. Германияда конфедерация 1815–1866 жылдары, Швейцария – 1815–1845 жылдары, Египет пен Сирия 1958 жылы біріккен Араб республикасын құрды, 1961 жылы Сирия бұл одақтан шықты. Сонымен, конфедерацияда орталық биліктің шешімдері тек конфедерация субъектінің мемлекеттік органдарына жайылады да, жеке адамдарға және ұйымдарға жайылмайды. Конфедерацияның субъектілері халықаралық қарым-қатынастардың субъектілері болып қала береді. Конфедерациялар өте әлсіз және тұрақты емес.

Мемлекеттің саяси режимі. Мемлекеттік нысанның соңғы элементі – саяси режим. Бұл режим деген сөзді екі мағынада қолданады. Бірінші – саяси режимді мемлекеттің бүкіл саяси жүйесіне таратады, ал оның екінші жағынан саяси режимді тек мемлекеттің қолданатын әдістері деп түсінуге болады. Сонымен, саяси режимді мемлекеттің қолданатын әдістері, азаматтардың құқықтарымен бостандықтарының дамуы және кепілдіктері, демократиялық институттарды қолдану.

Саяси режим демократиялық және демократияға қарсы режимдерге бөлінеді. Саяси режимнің мынандай түрлері болады: деспотиялық, аристократиялық, шектелген демократиялық, теократиялық, әскери-полицейлік, формалды-демократиялық, либералды-демократиялық, патерналистік, бонапаристік, авторитарлық, тоталитарлық, фашистік, расистік, отарлық, социалистік, пролетарлық және басқа түрлері. Саяси режимдердің негізгі бөлінуі: демократиялық және демократияға қарсы режимдер.

Демократияға қарсы режимдер. Халық басқару процесіне қатыспайтын және оның еркімен санаспайтын режим осы түрлерге жатады. Фашистік режим (Болгария, Германия, Жапония, Италия). Халықтың саяси құқықтары шектеледі, жалғыз партия мемлекеттік аппаратты басқарады және онымен біртұтас болады, әскер басқа құқық қорғау органдары күшейеді, мемлекеттің экономикасы және сыртқы саясаты соғыспен байланысты болады. Әскери режим (Чили, Португалия) мемлекеттік төңкеріс өткеннен кейін өкілеттік органдардың рөлі төмендеп әскер мемлекеттің негізгі функциясын басып алады. Расистік режим осы әдістердің бәрін тек қана бір ұлтқа немесе бірнеше ұлттарға қарсы қолданады. Феодалдық мемлекеттерінің көбінде шіркеудің күшті режимі құрылады. Шіркеу мемлекетпен қатар күшті рөл атқарады, ол монархтың таққа отырғанына қатысады, мемлекеттік Кеңесте өзінің жеке орын-

дарына ие болады, оған қарсы істелген қылмыстарды өзі өте қатты жаза-лайды. Бұл араб халифатының, Европа феодалдық мемлекеттерінің сая-си режимдері. Авторитарлық режимдер бір адамның билігімен байланысты болады (Тито, Сталин, Чаушеску, Кастро, Людовик XIV, Наполеон).

Демократиялық режим. Бұл халықтың құқықтарына кепілдік бер-ген, демократиялық әдістердің көбін мемлекет басқару процесінде қол-данған режим. Бірақ демократияның даму жолы өте ұзын, сондықтан демократиялық режимдері күшті дамыған мемлекеттер бар (Англия, Бельгия, Исландия), демократия әдістері жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекеттер (Қазақстан, Оңтүстік Корея), демократия формалдық түрінде енгізілген (СССР, ГДР). Сонымен, мемлекеттің сыртқы нысанын анық-тау үшін біз үш элементтеріне қорытынды түсінік беруге тиіспіз: мемлекетті басқару нысаны, мемлекеттік құрылымының нысаны және саяси режим. Мысалы: Қазақстан президенттік тұтас республика, демократиялық режимі қалыптасып жатқан дәрежеде. Германия (1933) президенттік рес-публика, федерация, фашистік режим. Англия – тұтас парламенттік мо-нархия, либералдық-демократиялық режим. АҚШ – федеративтік президенттік республика, демократиялық режим. Араб халифаты – теократиялық құрама монархия, діни саяси режим.

5 – тақырып. МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

1. Мемлекеттік аппараттың түсінігі мен мазмұны

Мемлекеттік аппарат – қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекет органдарының біртұтас жүйесі, оның нышандары: мемлекет қоғамды басқаратын және тек қана қызметпен шұғылданатын адамдардан тұрады; мемлекеттік аппарат мекеме мен органдардың байланыс жүйесі; мемлекет органдарының қызметі ұйымдастырушылық, материалдық және әкімшілік кепілдіктерімен қамсыздандырылады; мемлекеттік аппарат азаматтардың заңды мүдделер мен құқықтарын қорғау үшін құрылады. Қазақстан Республикасы “Мемлекеттік қызмет туралы” заңның екінші бабында мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік органдар мен олардың аппаратында конституциялық негізде жүзеге асырылатын және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға, мемлекеттің өзге де міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған кәсіби қызмет.

Мемлекеттік аппараттың ерекше ішкі құрылысы бар: олардың арасындағы қатынастар бір жүйеге біріктіріледі. Бұл жүйенің негізін экономика, саяси қарым-қатынастар, сана-сезім құрады. Осы жүйеде әрбір органның өзінің орны, бір-бірімен қарым-қатынастары, қызметінің негізгі принциптері көрсетіледі. Дамудың әрбір кезінде мемлекеттік органдардың орындайтын қызмет бабы және істері өзгеріп отырады. Шығыс мемлекеттерде бүкіл аппаратты бір орталыққа бағындыратын – патшаның билігі орнаған Парламенттік республикада негізгі функциялар парламенттің қолында болады. Мемлекеттік аппарат дамуының объективтік бағыттары байқалады: бюрократизация, дифференциация, профессионализмнің өсуі. Мемлекеттің әрбір типіне мемлекеттік аппараттың ерекше нышандары сәйкес келеді. Мемлекеттік қызмет – конституциялық негізде баянды етілетін азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппаратындағы мемлекеттік басқаруды, басқа да мемлекеттік міндеттер мен қызметтерді атқаруды жүзеге асыратын кәсіптік қызметі.

Қазіргі мемлекеттік аппараттың қызметі мынадай **принциптермен реттеледі**: мемлекет аппаратының ішкі құрылысы және құзыретінің нәтижелі, тиімді болуы.¹

Ол үшін оның қызметі демократиялық, Конституциялық, заңдылық

¹Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы, 1995 жылғы 26 желтоқсан, № 2730, 3 б.

принциптерге сәйкес болуға тиіс. Мемлекеттің лауазымды адамдары, қызметкерлері нормаларды жоғары этикалық дәрежеде орындауы қажет. Мемлекеттік аппарат халықтың мүддесін қорғап, соны іске асыруға міндетті. Халықтың мемлекетті басқару процесіне қатысудың демократиялық жолдары, олардың сайлауға қатысуы, халықтың өкілдері мемлекеттік аппаратты құрады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына мемлекет кепілдік береді. Халық мемлекеттік аппараттың қызметіне көмек беру үшін қоғамдық ұйымдарды құрады, олар мемлекеттік аппаратпен байланысатын саяси жүйені құрады. Конституцияның 33-бабында “Азаматтардың тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің өкілдік, атқарушы және сот органдарының құрылуы мен жұмыс істеуі жөніндегі әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігі: “Ал қатысудың түрлерін былай деп белгілейді: мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдау: “мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану, референдумға қатысу, мемлекеттік қызметке кіру”.

Мемлекеттік қызметтің принциптері: заңдылық; мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; азаматтардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдында басымдығы; мемлекет қызметіне кіруге, қатысуға еріктілігі; өз өкілеттері шегінде жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылдаған шешімдердің төменгі мемлекеттік органдар қызметшілерінің орындауы үшін міндеттілігі; мемлекеттік қызметкерлердің кәсіпқойлығы мен жоғары біліктілігі¹.

Биліктің бөліну принциптері. Қазақстанның біртұтас мемлекеттік билігінің тармақтарға бөліну принципі Конституцияда белгіленген негізгі принциптердің біреуі ғана емес, ең күрделісі. Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас, өйткені бірден-бір бастауы – Қазақстан халқы және мемлекеттің егемендігі бөлінбейді. Бұл билік өзінің бөліну принципіне сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесіне бөлінеді және биліктер бір-бірін шектейді.

Мемлекет аппараты өз қызметін ашық және жариялық істеуге тиісті. Мемлекеттік органдардың қызметтерінің кәсіпшілігі, тәжірибесі және хабардардығы өте жоғары болуға тиісті. Мемлекеттік аппарат өзінің қызметінде бар заңдардың талабын мүлтіксіз орындауға тиісті.

Мемлекет аппаратының ішкі құрылысы – қатаң тәртіпті, субордина-

¹ Айтылған заң, 4 бет.

цияны, олардың бір-бірімен байланысын жақсарту. Мемлекеттік аппарат біртұтас күрделі жүйе, ол бірнеше салаларға бөлінеді: заң шығару, атқару және сот жүйелері; құқықты қорғау және қарулы күштер жүйесі. Бұл мекемелердің алдында тұрған мақсаттары, ішкі құрылыстары, құзыреті, қолданатын әдістері мен принциптері. Оларды біріктіріп, қызметтерін жақсы атқаруға жағдай қалыптасады.

Сонымен мемлекеттік аппарат – алдында тұрған ерекше мақсаты бар және соны орындау үшін құзыреті бар мемлекеттік аппараттың бір буыны. Мемлекеттік аппараттың құрылуы мен қызметі, негізгі өкілеттілігі Конституцияда және конституциялық актілерде көрсетіледі. Әрбір мемлекеттік аппарат өз қызметін мемлекеттік, материалдық, ұйымдық және зорлау күшімен қорғайды. Мемлекеттік аппарат мемлекеттің атынан функцияларын атқарады, әрқайсысының алдында тұрған мақсаттары заңда анық белгіленген. Басқа мемлекеттік органдарымен қалай қатынасаыны, ішкі құрылысы, құзыреті белгіленген. Мемлекеттік аппараттың негізгі нышаны оның мемлекеттік билігі. Бұл мемлекеттік билікті былай түсінуге болады: олар мемлекеттің атынан барлық субъектілерге міндетті нормативтік актілерді шығарады, немесе құқықтық, нормалардың орындалуын тексереді, ал кейбір кезде жазаға тартуға құқығы бар. Мемлекеттік заңдарға сәйкес мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында мемлекеттік аппарат өкілеттікті жүзеге асыратын толып жатқан қызметтер атқарады. Мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттіктері мемлекеттік органдар алдында қойған мақсаттарға және міндеттерге сәйкес анықталады. Мысалы, прокуратура органдары, сот жүйесі, ІІМ (МВД), МҚК (КГБ) құқықты қорғау қызметін атқарады. Бұл органдар бір-бірімен байланысты. Бәрі бірге жалпы құқық қорғау жүйесіне жатады.

Мемлекеттік аппараттың қызметкерлерінің негізгі міндеттері ҚР Конституциясы мен заңдарын, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, заңдарда белгіленген тәртіп пен азаматтардың өтініштерін қарауға, олар жөнінде қажетті шаралар қолдануға; өздеріне берілген құқықтар шегінде және заңды міндеттерге сәйкес өкілеттерді жүзеге асыруға; мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға; өздерінен жоғары басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, шығарылған шешімдері мен нұсқаларын орындауға; өз өкілеттігінің шегінде мәселелерді қарауға және солар бойынша шешімдер қабылдауға, белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдарды алуға құқықтары бар.

2. Мемлекеттік органдардың түрлері және қызметі

Мемлекеттік органдар бірнеше топқа бөлінеді, сондай-ақ атқарылатын қызметтеріне сәйкес жүйе-жүйеге, сала-салаға жіктеледі. Мемлекеттік органдар өкілеттігінің шеңберіне қарай үш топқа бөлінеді:

1) Мемлекеттік билік органдары: Парламент, Президент және Мәслихаттар; 2) Мемлекеттік атқару органдары: үкімет, министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары, әкімдер. Мемлекеттік органдарының құрылу тәртібі мен алдына қойылған мақсаттары. Мемлекеттік органдар үш топқа бөлінеді: өкілетті органдар, атқару органдары және сот немесе құқық қорғау органдары.

Республика Президенті мемлекеттік аппаратта ерекше орын алады, ол үш биліктің біріне де жатпайды. Ол мемлекет билігінің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Президент – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін жоғарғы лауазымды тұлға. Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, әрі кепілі.

Өкілетті органдар. Жоғарғы өкілетті органдарды халық сайлайды. Парламент – заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Оның өкілеттік мерзімі – төрт жыл. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Сенат облыстардан, республикалық маңызы бар қаладан және астанасынан екі адамнан тиісінше барлық өкілдік органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан тұрады. 7 депутатты Президент тағайындайды. Мәжіліс Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және сайлаушылар саны шамамен тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын 67 депутаттардан тұрады. Негізінде заң шығару тек Парламенттің құзыреті, бірақ кейде басқа жоғарғы органдар осы жұмысқа кіріседі. Парламент кейбір заңдарды қабылдау құқығын Президентке береді, оны делегаттылық заңдылық деп атайды. Қазақстан тарихында екі палаталық парламент 1995 жылғы Конституциясында жарияланған. Бұл Парламенттің қабылдаған заңдарының, сапасын көтеруге, парламентті біршама тұрақты және орнықты органға айналдыру үшін қолданған шара. Қазақстанның сайлау жүйесі мажоритарлық типке жатады, сайлауға көп

саяси партиялар қатысады. Бұл палатаға сайланған депутаттар 25 жасқа толуы керек. Қазақстан Парламентінің ерекшелігін жоғарғы палатасының құрылуы және оның қызмет бабы көрсетеді. Депутаттардың бір жартысы екі жылға, ал екінші жартысы төрт жылға сайланады. Сенатқа 30 жасқа толған адамдар депутат болып сайланады. Парламент – негізгі заң шығарушы орган. Парламенттің сессиясы оның палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі. Парламенттің үйлестіруші органдары – бюро, жұмыс органдары – тұрақты комитеттері, бірлескен комиссиялары болып табылады, Президент мемлекеттің жоғарғы қызметкерлерін тағайындағанда Парламент келісімін береді, олардан есеп алады, соғыс және бітім мәселелерін шешеді, халық референдум тағайындау туралы бастама көтереді, конституциялық заңдылық туралы жыл сайын жолдауын тыңдайды, өзінің ішкі сұрақтарын шешеді, және басқа да Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Парламенттің әр палатасының бөлек отырысында шешетін құзыреті бар. Сенат тағайындау мәселелерінің көбіне өзі қатысатын болса, Мәжіліс заң қозғау және қаржы мәселелерді шешеді. Парламент қабылдаған заңдарға Президент қолын қояды, заңды осыдан кейін жариялайды. Заң шығару жұмысын Президенттің өзі де атқара алады. Бұл екі жағдайда бола алады: Парламенттің екі палатасының депутаттары уақытша заң шығару билігін Президентке 2/3 дауыспен рұқсат берсе, (Конституцияның 53-бабы) Президент заң жобалардың қарау басымдылығын белгілейді, Парламент осы жобаны енгізілген күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс. Заң шығару жұмысын тікелей халықтың өзі де атқара алады, бұл жағдай референдум деп аталады. Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясы осылай алынды.

Атқару билігі өкіметтің қолында жиналған. Президенттік республикаларда өкімет саяси және ұйымдық тұрғыдан президент қамтитын атқарушы билік тармағына жатады. Парламенттің қатысуымен Президент басқарады, әрі құрады, оның дербес құзыреті алқалы шешуші органы. Кабинет мүшелері бүкіл халық сайлаған Президент алдында дербес жауап береді. Үкіметтің нақты егеменділігі мемлекет басшысының субъективтік пікіріне тікелей тәуелді. Қазақстан Республикасының үкіметі – атқарушы билікті жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық ететін мемлекеттік орган. Оның заңдық ауқымы тұрғысынан – Конституцияда және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген. Бұл заңда Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылы 18 желтоқсандағы конституциялық күші бар

Жарлығымен бекітілген. Президент Үкімет мүшелерін тағайындағанда Конституцияның 64-бабының 1 – тармағы бойынша Парламенттің келісімін алуға тиіс. Ал үкіметті құру процедурасы өте күрделі және бірнеше кезеңнен тұрады. Сонымен, Үкімет атқару билікті жүзеге асырады және бүкіл атқарушы органдардың жүйесіне басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Үкіметін Премьер-министр, оның орынбасарлары, Республика министрлері, мемлекеттік комитеттерінің төрағалары құрайды. Үкімет нормативтік қаулылар қабылдайды және нұсқаулар береді.

Орталық салалық атқару билік министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік комиссия және комитеттердің қолына берілген. Олар қарауындағы мемлекеттік басқару салаларындағы істің жайы үшін жауап береді. 1997 жылғы наурыздың 4-дегі Президенттің Жарлығымен Үкіметтің жаңа құрылымы белгіленген: Премьер-министр, оның орынбасарлары, Үкімет аппаратының басшысы, 14 министрлік және 11 мемлекеттік комитет. Олар өзінің құзыреті бойынша бұйрық және инструкция қабылдайды. Үкімет өзінің бүкіл қызметіне Конституцияда және Республика Президентінің алдында жауапты. Премьер-министр, оның орынбасарлары және Үкімет аппаратының басшысы Төралқасының құрамына кіреді. Премьер-министр өзінің өкімімен Төралқа құрамына Үкіметтің басқа да мүшелерін кіргізуге хақылы. Министрлік тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекті-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады.

Мемлекеттік комитет тиісті мемлекеттік басқару салаларында мемлекеттік саясатты жүргізетін және осы мақсатта заңдарға салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика комитеті, Бас басқармасы, комиссиясы, агенттігі және Үкімет құрамына кірмейтін өзге де республикалық мемлекеттік басқару органы. Үкімет құрамында орталық атқарушы орган болып табылады. Министрліктің, мемлекеттік комитеттің жанындағы департамент, агенттік, сондай-ақ Республика министрлігінің, мемлекеттік комитетінің жанындағы өзге де мемлекеттік басқару органы болады. Ол министрлігінің, мемлекеттік комитетінің құзыреті шегінде арнайы атқарушы және бақылау – қадағалау функцияларының, сондай-ақ салааралық үйлестіруді не мемлекеттік басқару саласында дербес басшылықты жүзеге асырады.

Сот билігі. Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайды. Сот ісін жүргізу азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де

нысандары арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында сот жүйесін Республиканың Жоғарғы соты мен Республиканың жергілікті соттары (облыстық және оларға теңестірілген соттары, аудандық (қалалық) құрайды. Республика аумағында ҚР әскери (армиялардың, құрамалардың, гарнизондардың) әскери соттары болады.

Жоғарғы Соттың құрамын пленум, төралқа, азаматтық шаруашылық, қылмыстық, әскери алқалары құрайды. Кандай бір атаумен арнаулы және төтенше соттарын құруға жол берілмейді. Соттар тиесілі билікті ешкімнің еркіне карамастан ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Сот төрелігінің принциптері Конституцияда белгіленген: адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот өкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп саналады. Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды. Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды. Сотқа әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы. Жауапкершілікті белгілейтін және күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Айыптаушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Ешкім өзіне-өзі, жұбайына және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады. Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді. Республика соттары қызметі заңдылық, судьялардың тәуелсіздігі, баршаның заң және сот алдындағы теңдігі, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы, істерді қараудың жариялығы принциптерінің негізінде құрылады¹.

Сот органдары, сот қызметкерлері әділет министрлігіне бағынбайды. Жаңа реформа бойынша мемлекеттік административтік комитетке бағынады.

Жаңа Конституция бойынша сот қызметкерлері жаңа әдіспен тағайындалатын болды. Жоғарғы соттарды тағайындау үшін Президенттің жанында Жоғарғы сот Кеңесі құрылды. Оның қызметін Президент өзі басқарады. Бұл орган Жоғарғы Соттың төрағасын, судьяларды, облыстық соттардың төрағаларына лауазымды кандидаттарды іріктейтін және ұсынатын өкілетті орган. Ал басқа төменгі соттарға тағайындалатын

¹ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы. 1995 жылғы ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығы, 4-бап.

қызметкерлердің әділет министрі басқаратын әділеттілік алқасы кадр мәселелерін шешеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппаратында ерекше орынды Конституциялық Кеңес алады. Бұрынғы Конституция бойынша ол Конституциялық Сот деп аталып, басқа құзыреттерге ие болатын. Бұл Кеңестің ішкі құрылысы мен тағайындалу процесі өте қызық. Төрағасын және екі мүшесін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды, екі мүшесін – Сенаттың, ал қалған екеуін Мәжілістің төрағалары тағайындайды. Бұл мемлекеттік органның құқықтық жағдайы, алдына қойылған мақсаттары мен қызмет бабы Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы” заң күші бар Жарлығында айтылған болатын. Бұл мемлекеттік органның негізгі мақсаты конституциялық заңдылықты қорғау, ол сол үшін мынандай құзыреттерін орындайды: Парламент депутаттарының сайлауының дұрыстығын тексереді, Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттар Конституцияға сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды, Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді және кейбір сұрақтарды қарайды. Конституциялық Кеңес нормативтік қаулыларды қабылдайды.

Құқық қорғау органдары. Прокуратура ҚР Конституциясының 83-бабы. Бұл орган мемлекеттің атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі бірыңғай қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Прокуратура органдарының жүйесін Республиканың Бас Прокуроры басқарады, ол өзіне бағынышты орталық аппарат пен облыстық прокуратуралардан, республикалық мәні бар қалалар прокуратурасынан және Республика астанасының прокуратурасынан, облыстық, аудандық, қалалық, әрі соған теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокуратуралардан тұрады. Бас Прокурорды Сенаттың келісімімен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды. Оның құзыреті: Конституцияның заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылмауын анықтап, оларды жою шараларын жүргізеді. Жедел – іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Республиканың Конституциясы мен заңдарына және басқада құқықтық актілерге наразылық жасайды

және заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Прокурорлық қадағалау жалпы және ерекше қадағалауға бөлінеді. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың шығарған актілері Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына Президенттің жарлықтарына, Министрлер Кабинетінің қаулыларына сәйкес болуын қадағалайды және лауазымды адамдар мен азаматтардың дәлме-дәл және бірдей орындауын қадағалайды. Бұдан басқа прокурорлық қадағалау анықтама және алдын-ала тергеу органдарының заңдарды орындауында прокурорлық қадағалау өткізеді. Соттарда іс қаралған кезде заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалау өткізеді. Ұсталғандарды отырғызатын жерлерде заңның сақталуын қадағалау прокурорлық құзыреттің тағы бір түрі.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы төменгі прокурорлар жоғарғы тұрған прокурорларға және ҚР Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас жүйесін құрайды. Ол өзінің қызметін тәуелсіз жүзеге асырады. Прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады. Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті. Прокуратураның құқықтық актілері былай бөлінеді: қадағалау актілері (наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, ұсыным, заңға түсіндірме); ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер (бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер) және прокурордың бұйрықтары, ережелері мен нұсқауларды бекітеді.

1995 жылы Конституция ауқымында және Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құқықтық реттеудің жетілдіру мен жедел іздестіру қызметтерін реформалау жүргізілді. Қазақстан Республикасында жедел іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар – ішкі істер органдары; ұлттық қауіпсіздік органдары; Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органы; Қаржы министрлігінің салық қызметінің органы және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет комитеті болып табылады. 25 желтоқсан 1995 жылғы Президенттің Жарлығымен бұл органдардың қатарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеден комитеті толықтырды.

Азаматтардың құқықтарын қорғау органдарына Ішкі істер Органдары мен Республиканың қауіпсіздік органдары кіреді. Олардың да құқықтық жағдайларын Президенттің Жарлығымен бекітілген 1995 жылдың 21 желтоқсанында алынған актілер бекітеді. Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің – қарауына жеке адамдардың, қоғам және мемлекеттің

қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты зерделеу мен жүзеге асыруға қатысу, ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына жататын қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу істері жатады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары. (85.б.)

Бұлар мемлекеттің тиісті аумағындағы істің жай-күйіне жауапты, жергілікті және атқарушы органдар жүзеге асыратын Қазақстан Республикасындағы бірыңғай мемлекеттік биліктің түрі. Олардың функциялары: халықтың жергілікті істерге қатысуын қамтамасыз ету, жергілікті жерлерде мемлекеттік меншікті, бюджеттің құрылуын, бекітілуін және орындалуын басқару, жергілікті салықтар мен жиналымдарды белгілеу, жасалған жоспарлар, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар негізінде тиісті аумақтың дамуын қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік-мәдени, коммуналдық-тұрмыстық және өзге де қызмет қажетін өтеу. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары жергілікті өкілетті органдарды, мәслихаттарды қамтиды, олар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оның жүзеге асырылуын бақылайды. Жергілікті атқарушы органдарын басқаратын әкімдер, бұларға Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесі енеді, тиісті аумақтардағы мүдделер мен қажеттіліктерді үйлестіре отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді. Бұл органдардың ұғымы және қызмет бабы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсанында қабылданған “Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар туралы” қолданылып отырған Заңында белгіленген. Мәслихаттарға өткен сайлауға 18 жасқа толған азаматтар қатысады, олар 4 жылға сайланады. Облыстық әкімдерді Президент тағайындайды, ал одан төмен әкімдерді облыстық әкімдердің өздері тағайындайды. Мәслихаттар өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауды оның Қарулы күштері жүзеге асырады. Мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғау ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына және республикалық ұланға жүктеледі. Олардың мәртебесі және қызметі заңмен белгіленеді.

Сонымен, мемлекеттік аппарат өкілетті, атқару және сот биліктерінің органдарына бөлінеді. Екіншіден, мемлекеттік органдар төменгі және жоғарғы органдарына бөлінеді. Үшіншіден, мемлекеттік органдар жоғарғы, орталық және жергілікті органдарға бөлінеді.

6 – тақырып. МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯСЫ

1. Мемлекет функциясының түсінігі, оның белгілері

Өткен тақырыптарда мемлекеттің пайда болуын, оның мазмұнын, типологиясын, нысанын, әкімшілік-аймақтар құрылысын, саяси, әкімшілік басқаруын жан-жақты қарастырып өттік. Бұның бәрі мемлекеттің статистикалық көрінісі. Енді мемлекеттің динамикалық процесінің дамуына, жаңаруына, нығаюына, оның өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік міндеттерін қалай орындауына, қандай қызмет атқаруына назар аударайық. Осыларға толығырақ тоқтап, түсінуіміз керек. Міне, осы мәселелердің бәрі бірігіп мемлекеттің функциясын құрады.

Функция – заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және оның әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Осы тұрғыдан мемлекеттің, үкіметтің, мемлекет аппаратының функциясы деген заңды ұғым қалыптасады.

Мемлекеттің функциясы Кеңестік дәуірде өте кең түрде пайдаланды. Функция мемлекеттің таптық мазмұнына сәйкес өзгеріп, ескіріп, жаңарып отырады. Қазіргі кезеңде Кеңес Одағы ыдырап, республикалар дүниежүзілік қауымдастыққа бет бұрып, либерал-демократиялық даму процесіне көшкенде мемлекеттің функциясын тек қоғамның таптық мазмұнына сәйкес қарастыру дұрыс болмады. Себебі функцияның дамуына таптармен бірге халықтың рухани сана-сезімі, мәдениеті, глобалдық мәселелері зор әсер етеді. Бұл дүниежүзілік саяси көзқарас.

Кеңестік дәуірді де, қазіргі кезеңде де мемлекеттің функциясын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Өйткені функцияның мазмұнын терең түсініп, білу тек мемлекеттің бүгінгі жұмысын, қызметін жақсарту ғана емес, сонымен бірге қоғамның, мемлекеттің тарихи даму процесін зерттеп, дұрыс түсінсе көп үлес қосуы. Функция мемлекетпен қоғаммен бірге дамып, бірге өмір сүріп келеді. Бұл объективтік процесс. Қазіргі заманда Қазақстан Республикасының функциясы күрт өзгеріп, дамуда, негізгі бағыты нарықты экономиканы қалыптастыру, либерал-демократиялық мемлекетті орнату.

Мемлекеттің функциясы туралы әр түрлі ой-пікірлер бар. Солардың бірі – функция көп өзгеріске ұшырамайтын деп, бірнеше түрлерін келтіреді: жалпы қоғамдық, әлеуметтік, таптық, ұлттық, ғылыми-техникалық, экологиялық, интернационалдық функциялар. Функцияны жүйелеудің келесі

түрі: тұрақты және уақытша функциялар; негізгі және негізсіз функциялар; заңды қабылдау, орындау, қорғау функциялары. Мемлекеттердің көпшілігі функцияны екіге бөледі ішкі және сыртқы функциялар. Осы пікірді қазіргі заманда мемлекеттер дұрыс деп қолдануда. Мемлекеттің функциясының орындалуын қамтамасыз ететін – мемлекеттік аппарат пен органдар. Әуелі функцияны орындау үшін тиісті мемлекеттік орган құрылады. Бірнеше органдар функцияның мазмұнына қарай мемлекеттік аппараты қалыптастырады. Функцияның орындалу кезең-сатылары: функция – орган – аппарат – мемлекет. Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде – мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын, толық білуге болады. Мемлекет қызметінің (функциясының) негізгі белгілері:

- қызметтің жүйесі, оның атқаратын жұмыстарының мазмұны және қатынастардың түрлері арқылы анықталады;
- функция сарапталып, жіктеліп кешенді түрде жүргізіледі;
- мемлекеттің қызметі аппараттарының қызметіне ұқсамайды. Мемлекет функциясы қоғамдық көлемінде жүргізіледі;
- мемлекеттің атқаратын қызметін мемлекеттік жұмыстарының әдіс-тәсілінен айыра білуге болады.

Мемлекет қызметінің орындалу әдістері: жеке тұлғалар ерікті, еріксіз түрде орындайды; мемлекеттік органдар, бірлестіктер, ұйымдар өздерінің құзыретінің шеңберіне сәйкес орындайды. Егер де дұрыс орындалмаса, еріксіз түрде орындау қамтамасыз етіледі. Мемлекет функциясының орындалуының құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдері болады. Құқықтық тәсіл өзі үшке бөлінеді: құқық шығармашылық, құқықты қолдану, орындау; құқықты қорғау. Ұйымдастырушылық тәсілдің түрлері: экономикалық (дотация, кредит, баға т.б.); саяси симпозиум, семинар, конференция, кеңес, мәжіліс өткізу, халыққа идеологиялық өңдеу жасау, үгіт-насихат жүргізу.

Мемлекеттік билік толып жатқан субъектілердің сан алуан нақты қызметтері арқылы іске асып, орындалып жатады. Міне, осы мемлекеттің сан алуан қызметтерін мемлекеттік биліктің орындалуының құқықтық нысаны дейді.

Бұл мемлекеттік биліктің нақты орындалу құқықтық нысаны екі түрге бөлінеді: 1) Нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны; 2) Жалпылама нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны.

Нақты нысаны үшке бөлінеді: 1) құқық шығармашылық; 2) құқықты орындаушылық; 3) құқықты қорғаушылық. Мемлекеттік билікті орын-

даудың ерекше нақты түрі бар – әкімшілік шарт арқылы іске асу. Шарттың түрлері толып жатыр. Оның бір жағының немесе екі жағының субъектісі мемлекеттік орган болады.

Мемлекет билігінің жалпылама нормативтік актілерінің орындалу нысаны бірнеше түрге бөлінеді: экономикалық, саяси, идеологиялық, ұйымдастырушылық, халықаралық, мемлекетаралық т.б.

Мемлекеттік билікті орындау құқықтық нысандармен шектелмейді. Бұл іске мемлекеттің ұйымдастыру қызметі көп үлес қосады. Мемлекеттің ұйымдастыру қызметі заңға тәуелді іс-әрекет, әр мемлекеттік аппарат, әр мемлекеттік орган қоғамдағы заңға, нормативтік актілерге сәйкес қызмет атқарады. Бұл қызметке нақты нормативтік актілердің қажеті жоқ.

Мемлекеттің ұйымдастыру қызметінің түрлері:

- жаңа шыққан заңдарды, нормативтік актілерді насихаттау, түсінік беру;

- мемлекеттік органдарға көмек көрсету бақылау, тексеру жүргізу;
- материалдық – техникалық операциялар жүргізу: баяндамалар, іс-қағаздарын дайындау, заңдарды, нормативтік актілерді басып шығару т.б. құжаттардың өмірге келуін қамтамасыз ету;

- әртүрлі жиналыстар, мәжілістер, конференциялар өткізу;
- мемлекеттік органның тәжірибелерін жинақтап қорытынды жасау;
- мемлекеттің қызметі туралы қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының ой-пікірлерін, ұсыныстарын жинақтап қорытынды жасау;

- мемлекеттік органның жұмысына халықты, қоғамдық ұйымдарды, саяси партияларды қатыстыруды ұйымдастыру;

- шет елдермен қарым-қатынасты ұйымдастырып, басқару т.б. қызметтер істеу.

Мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаруы, жұмыс істеуі. Бұл қызмет қоғамдағы еңбектің ерекше түрі. Бұл туралы заң, инструкция болады. Мемлекеттік аппарат тиісті мамандармен, іскер, сенімді азаматтармен толықтырылып құрылады. Мемлекеттік қызмет бірнеше категорияға бөлінеді:

А) Мемлекеттік билік органдарының қызметкерлері: (заң шығару, заңды орындау, заңды қорғау органдары).

Б) Жұмыстың сипатына қарай қызметкерлер үшке бөлінеді: басшылар, мамандар, техникалық персонал.

В) Мамандығының сипатына қарай қызметкерлер екіге бөлінеді: мемлекеттік – билік өкілеттігі бар қызметкер және өкілеттігі жоқ қызметкерлер.

Мемлекеттік өкілеттігі бар лауазымды тұлғалар 3 топқа бөлінеді: **категория “А”** Президент, Премьер-министр, Палаталардың басшылары, Министрлер, т.б. Жоғарғы мемлекеттік аппараттың басшылары; **категория “Б”** бірінші топтағы лауазымды тұлғалардың кеңесшілері, көмекшілері, орынбасарлары; **категория “В”** екінші топтағы лауазымды тұлғалардың орынбасарлары, көмекшілері.

Мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егерде қызметінде мекемеге шығын келтірсе оны төлейді, қылмыс жасаса қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мемлекет қызметінің негізгі мүдде-мақсаты: – адамның әлеуметтік, моралдық, материалдық, рухани, мәдени, экологиялық тілектерінің толық орындалуын қамтамасыз ету. Жеке тұлғалардың мүдделерін орындау арқылы мемлекет қоғамды жақсы дамытып нығайтады, қарым-қатынастарды дұрыс реттеп-басқарады.

Сонымен, мемлекеттің функциясы – қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері.

Шет мемлекеттердің көбінде функция деген заңды түрде ұғым жоқ. Оларда функцияны мемлекеттің міндеттері мен мүдде-мақсаттарына қосып түсінік береді. Ал, функция деген жеке түсінік бар мемлекеттерде бұл мәселені оқып, білуде өзгешелік кездеседі.

Біздің пікіріміз – функцияны өзің жеке оқып, білген дұрыс. Оны мемлекеттің мүдде-мақсаттары мен міндеттеріне қосып, біріктіріп қарау дұрысқа жатпайды. Себебі, бұл үшеуі үш түрлі мәселені қамтиды, олардың мазмұны да, орындалу жолдары да, тәсілдері де түгелімен басқа.

Дамыған елдердің біразы мемлекеттің функциясын ішкі-сыртқы деп бөлмейді. Өйткені, олардың шекарасын анықтау қиынға соғады. Олар жалпылама түрде қарастырады. Біздіңше, бөлген дұрыс, функцияның басым көпшілігінің шекарасы белгілі.

2. Мемлекеттің функциялары

Мемлекеттің функцияларының қалыптасу себептеріне қарай екі түрге бөледі: таптық қайшылықтарды реттеу функциясы және жалпы қоғамды реттеп – басқару функциясы. Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігінде таптық күрес бәсеңдеп, демократия дамып, монополияның озбырлығы шектелгенде таптық қатынасты реттеу функциясы өте сирек қолданылады. Дамушы елдерде бұл функция жиі, күрделі түрде пайдаланылады.

Мемлекеттердің көпшілігінде функцияны ішкі және сыртқы деп екі күрделі топқа бөледі. Мемлекеттің ішкі функциялары:

1. Экономикалық функция – мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, олардың орындалу жолдары, тәсілдерін көрсету. Экономиканың дамуын реттеудің **төрт тәсілі болады:**

бірінші – салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің дамуын реттеп-басқару;

екінші – экономиканың тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп дамыту;

үшінші – ғылым мен техниканы дамытып экономиканы көтеру (бұл екі жақты процесс);

төртінші – мемлекеттік өндірісті дамыту.

2. Әлеуметтік функция – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты екі бағытқа бөлінеді: бірінші бағыты – адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяларға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты – адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру.

3. Қаржы реттеу функциясы – қоғамдағы барлық азаматтардың, бірлестіктердің, ұйымдардың, мемлекеттік бюджеттің шығысы мен кірісін реттеп-басқарып отыру. Бюджеттің (кірісі мен шығысын) дұрыс пайдалануын Қаржы министрлігі мен Парламент қатаң тексеріп, бақылап отырады. Жергілікті басқару аппараты өз бюджетінің дұрыс пайдалануын өзі бақылап, тексереді. Шекарадан заттың шығуын, кіруін, одан түсетін кірісті мемлекеттік кеден аппараты тексеріп, бақылап отырады.

4. Мәдениет бағытындағы функция – адамдардың денсаулығы, рухани сана-сезімі, білімі, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, әдебиет, өнер, музыка, ғылым, тәрбие т.б. мемлекеттің тұрақты бақылауында болып, оны тиісті дәрежеде дамытып отырады. Бұл күрделі функцияға жеке адамдар да, бірлестіктер де тиісті деңгейде үлес қосып отырады.

5. Экологиялық функция – бұл дүниежүзілік көлемдегі проблема. Сонымен бірге жеке мемлекеттер де, жеке ұйымдар да, жеке адамдар да өздерінің үлесін қосуға міндетті. Себебі, табиғатты, адамды қоршаған ортаны қадірлеп, қорғау жалпы әлемдік мүдде-мақсат, кезек күттірмейтін

міндет. Табиғатты ластау адам қоғамының болашағын жою. Сондықтан, бұл мәселе БҰҰ бақылауында, халықаралық құқық шеңберінде біраз нормативтік актілер қабылданып, мемлекетаралық бағдарлама бекітілді. Жеке мемлекеттер де өздерінің бағдарламасын қабылдады.

6. Құқықтық тәртіпті қорғау функциясы – қоғамда мемлекеттің, бірлестіктердің, жеке адамдардың мүдде-мақсаттарын қорғайтын әділетті, инабатты, парасатты, құқықтық тәртіп болу керек. Оны қалыптастыратын, реттеп-басқаратын мемлекет, оның органдары. Сонымен бірге, бұл іске бірлестіктер мен жеке адамдар да зор үлес қосулары, белсенді түрде қатынасулары керек. Қоғамдық тәртіпті жақсартудың, нығайтудың екі әдіс-тәсілі бар. Біріншісі – заңдардың, нормативтік актілердің сапасын, әділеттігін көтеру. Екіншісі – құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз ету. Егер норма дұрыс орындалмаса немесе бұзылса қатаң күрес жүргізу, жауапқа тарту.

7. Қоғамдағы тәртіпті қорғау функциясы – бұл мемлекеттің органдарының қызметінің ең күрделі, жауапты түрі. Осы функция арқылы адамдардың бостандығын, құқықтарын қамтамасыз етіп, жақсы өмір жасауға мүмкіншілік қалыптастыру,

8. Ғылыми-техникалық прогресті дамыту функциясы. Қазіргі заманда қоғамның жақсы даму бағыты: ғылым мен техниканы қарқынды түрде дамуына толық мүмкіншілік жасау, барлық қаржыны мемлекеттік бюджетке тапсыру. Өйткені бұл істі бір орталықтың басқаруы қажет.

Мемлекеттің сыртқы функциялары

1. Екіжақты пайдалы қарым-қатынас қалыптастыру. Қазіргі заманда мемлекетаралық қатынасты қоғамның барлық саласын қамтуға, байланыстыруға болады: біріккен өндірістер, фирмалар, ұжымдар құру, бірігіп ғылыми-зерттеулер жүргізу т.б. іс-әрекеттер жасау. Бұдан мемлекеттер ұтылмайды, керісінше, ұтыстары молаяды.

2. Мемлекетаралық саяси ынтымақтастықты дамытып, жақсарту. Барлық мәселені бейбітшілік жолмен шешу. Бұл байланыс үш түрлі деңгейде жүргізіледі: парламентаралық, үкіметаралық және жергілікті басқару аппараттарының байланысы. Бұл тұрғыдан мысалға Еуропалық одақты және тәуелсіз мемлекеттердің достастығын келтіруге болады.

3. Мәдени және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қалыптастыру. Ғылыми-техникалық мәдени жетістіктерді пайдалану, алмастыру т.б. жолдарын іздестіру. Бұл жұмысқа мемлекеттік емес ұйымдар да кеңінен қатысып жүр. Мысалы, дүниежүзілік демократиялық әйелдер, жастар,

студенттер, кәсіпшілер, архитекторлар, суретшілер, сазгерлер одағы; халықаралық ғылым одақтарының кеңесі; БҰҰ-ның ЮНЕСКО Комитеті т.б.

4. Дүниежүзілік ғаламдық мәселелерді реттеп, іске асыру. Бұл мәселені реттеп, шешуге әлемдегі барлық мемлекеттер қатысулары керек, онсыз ешқандай нәтиже болмайды. Қазіргі замандағы глобалдық проблемалар: бейбітшілікті сақтау, экологияны жақсарту, адамдардың сауатсыздығын жою, дүниежүзіндегі халықтардың денсаулығын, әлеуметтік жағдайын жақсарту, цивилизациялық жетістіктерді қорғап, сақтау, дамыту.

5. Мемлекеттің қорғанысын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл мәселені жаңаша, қазіргі заманға сәйкес шешу. Бұрынғыдай қару-жаракты көбейту ешқандай жағымды нәтиже бермейді. БҰҰ арқылы, соның шеңберінде реттеп, шешуді қарастыру және әр мемлекеттің өзінің бейбітшілік саясаты дамып, нығаюы керек.

Мемлекеттің функциясы диалектикалық даму процесі арқылы оның мазмұны да, орындалу тәсілі де өзгеріп, жаңарып жатады. Жер жүзіндегі мемлекеттердің функциясы сан жағынан әр түрлі болады. Бірақ мемлекеттердің бәрінде мына функциялар міндетті түрде болады: әлеуметтік, идеологиялық, экологиялық. Мемлекеттің қызметін функцияға бөлудің қағидалары әр түрлі болады, олар халықаралық құқықтық, мемлекетаралық шарттарға сәйкес дамып отырады.

Қазақстан Республикасының функциялары ішкі-сыртқы функция деп екі күрделі топқа бөлініп зерттеледі. Тұрақты және уақытша функциялар адамдардың құқығын қорғау, отан қорғау, заңдылықты қорғау – деген функциялар болады. Бұлардың мазмұны көбінесе жоғарыда көрсетілген функцияларға ұқсас болып, солар арқылы орындалып жатады.

Мемлекеттік функциямен мемлекеттік органдардың функциясы деген заңды екі ұғым бар. Оларды жақсы ажырата білу керек. Мемлекеттік функция мазмұны және көлемі жағынан күрделі, барлық қоғам бойынша атқарылатын қызмет. Мемлекеттік органдардың функциясы өздерінің көлемінде атқарылатын қызмет.

Мемлекеттің функцияларын іске асыру нысандары мен тәсілдері. Бұл қызметтің екі түрі болады: мемлекеттік функцияны құқықтық нормалардың шеңберінде орындау және құқықсыз жалпылама іс-әрекеттер арқылы функцияның дұрыс орындалуына үлес қосу. Құқықтың шеңберінде функцияны орындаудың үш түрі болады: құқық шығармашылық, құқықты іске асыру, құқықты қорғау.

Құқық шығармашылық – жаңа норманы өмірдің талабына қарай

уақытында қабылдау. Онсыз мемлекеттің қызметіне нұқсан келуі мүмкін. Мысалы, науқастың эпидемияға айналуымен қалай күресуге болады, егерде нақты заң қабылданбаса.

Құқықты іске асыру – бұл істі орындау мемлекеттің үкіметінің міндеті. Үкімет тиісті нормативтік акті қабылдау керек. Онда жауапты субъектілер, не істеу керегі, оның уақыты, материалдық негіздері толық көрсетілуі қажет. Бұл істі толық бақылауға алу керек.

Құқықты қорғау – бұл қызметті атқаратын органдар: сот, прокуратура, ПМ (МВД), МҚК (КГБ), т.б. Олардың қызметінің бағыттары: заңдылықты, тәртіпті, адамдардың және заңды тұлғалардың бостандығы мен құқықтарын қорғау азаматтық, қылмыстық істерді уақытында қарап, кінәлі субъектілерді жауапқа тарту.

Нарықты экономикалық жүйеде шарттық байланыстың маңызы күшеюде. Сондықтан, мемлекеттің шарттық қатынасты реттеп – басқару **функциясы тиісті дәрежеде атқарылуы қажет.**

Мемлекеттің функциясын құқықсыз реттеу қызметтері: мемлекеттік органдар функцияларды іске асыруда толып жатқан әртүрлі іс-әрекеттер жасап жатады. Сол іс-әрекеттерді біріктіріп – құқықсыз реттеу қызметі деп атайды. Олардың қоғамды басқаруда маңызы өте зор.

Мемлекеттің функцияларын **орындау тәсілдері:** ерікті, еріксіз, сендіру, нандыру (бұл жеке тұлғаларға). Экономикалық тәсілдер: болжау, жоспарлау, кредит беру, салықта жеңілдік беру, алушыларды монополистерден қорғау.

7–тақырып. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ

1. Адам қоғамы оның мазмұны

Адам қоғамы қалай қалыптасты, онын себептері қандай – бұл туралы бір қорытынды пікір жоқ. Бірақ, бұл түсінікті ең бірінші ғылымға енгізген Адам Смит, Давид Рикардо, оған саяси сипаттама берген Гегель. Дүниежүзілік ғылыми, саяси қайраткерлердің, ойшылдардың айтуынша – қоғам саналы адамдардың ерікті түрде бірігіп өмір сүруі. Бұл бірігудің негізгі себебі адамдардың бір мүдделігі, бір тілектестігі. Мұнсыз бірігу мүмкін емес. Мүдде екі түрлі болады: жеке адамның мүддесі және қоғамның мүддесі. Қоғам осы екі мүдде-мақсатты біріктіріп, дамытып отырады. Осы объективтік даму процесінде адамдардың өзара ынтымақтастығы қалыптасты. Сол арқылы жеке адамның қолынан келмейтін, әлі жетпейтін істерді атқаруға мүмкіншілік туды. К. Маркс қысқаша: “Қоғам – адамдардың өзара еңбек жасауының одағы”, – дейді¹.

Қоғамдық мүдде-мақсат, қоғамдық тілек уақытша емес, түпкілікті, нақты, объективтік мағынада қалыптасуы керек. Сонда ғана қоғамның жақсы дамуға, нығаюға мүмкіншілігі болады. Себебі, қоғам саналы адамдардың ерікті түрде қалыптасқан одағы. Егер бұл одақ, бұл бірлік еріксіз, озбырлық түрде ұйымдастырылса, ондай қоғам нәтижесіз тез тарқап кетер еді. Адам қоғамның бірінші – клеткасы. Қоғам адамдардың күрделі әлеуметтік бірлестігі. Бұл бірлестік, бұл қоғам дұрыс, жақсы даму үшін оның ішіндегі қарым-қатынастарды реттеп, басқару керек болды. Оны қоғамның объективтік даму процесінің заңдарына сүйене отырып, адамдар өздері әлеуметтік нормалар арқылы реттеп, басқарып отырады. Сондықтан, мемлекет пен құқық пайда болды. “Адамдар өз тарихын өздері жасайды, – деп жазды Маркс – бірақ олар оны өз қалауынша жасай алмайды, қолындағы барды, бұрынғыдан қалған мұраны қолдануға мәжбүр болады”².

Қоғамның тарихи объективтік қалыптасқан негізгі белгілері:

- саналы адамдардың ерікті түрде бірлесіп одақ құруы;
- қоғамдық түпкілікті, нақты, объективтік мүдде-мақсаттың қалыптасуы;
- адамдардың өзара ынтымақтастығының, бірлігінің қалыптасуы;

¹Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т. 27, 402 б.

²Маркс К., Энгельс Ф., Соч. т. 8, 119 б.

– қоғамдық мүдде-мақсат, тілек арқылы қарым-қатынастарды реттеп – басқару;

– қоғамды басқаратын, қоғамдық тәртіпті қорғайтын мемлекеттік биліктің өмірге келуі.

Қоғам — саналы адамдардың бір мүддені, бір мақсатты орындау үшін саналы түрде өзара бірігуі. Мұнда міндетті түрде екі шартты элемент бар: мүдде-мақсаттың қалыптасуы және саналы адамдардың саналы түрде бірігуі.

Адамның объективтік тарихи даму процесіне және күнделікті қарым-қатынасында қоғамның бірнеше түрлері болады: өндірістік қоғам, шаруашылық қоғам, әлеуметтік қоғам, азаматтық қоғам т.б. Осылардың ішіндегі ең күрделісі, ең түпкіліктісі – адаммен бірге дамып келе жатқан азаматтық қоғам. Қоғамның басқа түрлері тез құрылып, тез тарап жатады. Олардың өмірі, іс-әрекетінің шеңбері, кеңістігі көп өлкеге жайылмайды, уақыты көпке созылмайды.

Қоғам – мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Оған қатынасушылардың; табиғи және азаматтық құқықтарын, бостандығы мен міндетін автономиялық даму жолы қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамда үзіліс болмайды, уақыты шектелмейді, өлкеге-аймаққа бөлінбейді, мемлекеттің барлық жерін, барлық халқын біріктіреді.

Қоғам — мемлекетке тәуелді емес, дербес, ашық, жариялы қоғам. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері: кеңестік мейлінше мемлекеттендірілген күйден шығу, қоғам мен мемлекеттің ара қатынасын тәуелсіз – “дербестікте” дамыту.

Республика Конституциясы Қазақстандағы қоғамның барлық даму сатыларын мемлекетке бағындырмастан (оның айғағы – онда “Қоғам” бөлімнің әдейі болмауы) әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалайды. **Оған:** тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншікпен жеке меншікті (6–баптың 1–тармағы); адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін (II–бөлім); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын (27–бап); идеологиялық және саяси әр алуандылықты (5–бап) және тағы басқа жаңа Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мем-

лекет құру бағыттары көрсетілген. Бұл бағыт мемлекетіміздің ең күрделі, ең жауапты мүдде-мақсаты.

2. Қоғамның саяси жүйесі, оның мазмұны

Адам қоғамы дамып, қалыптасып, өмірге келген күннен бастап міндетті түрде оның бағдарламасы, саясаты, биліктің түрі анықталады. Бұл жұмыстармен шұғылданатын қоғамның саяси жүйесі. Ең алдымен қоғамның мүддесі мен мақсаты анықталады. Қоғамдық бағдарламаны жасап, саяси биліктің мазмұнын толықтырып, олардың орындалу бағыттарын, жолдарын анықтап, іске асыру механизмін белгілейді.

Саяси жүйе қоғамның объективтік даму процесінде қалыптасып, өмірге келеді. Саяси жүйенің негізгі міндеті экономикалық, рухани, мәдени базисқа сәйкес қоғамдық биліктің мазмұнын анықтап сол билікті орнату, дамыту, нығайту. Қоғам өзгерсе саяси жүйе де өзгереді. Адам қоғамы өзінің диалектикалық даму процесінде бес формацияны басынан өткізіп отыр. Соған сәйкес саясаттың бес түрі бар. Себебі әр түрлі тарихи дәуірде әр қилы оқиғалардың болуы да заңды. Өйткені, осы оқиғалардың бәрі де қажеттіліктен, қоғамның материалдық, өмірі жағдайларынан туады. Қоғамдық заңдылық қоғамдық дамудың негізгі бағытын анықтайды, кездейсоқтықтың біразын қамти отырып, заңдылық өзіне қажеттілікпен жол табады. Қоғамдық заңдылық абсолюттік идея түрінде қоғамға сырттан табылмайды, адам қызметі және оның әлеуметтік жағдайлары: өндіргіш күштер, өндірістік қатынастар, өндіріс өнімдері т.б. рухани мәдениет қосындысынан туады.

Адамдар тарихтың объективті заңдарын жасап немесе бұза алмайды, бірақ сол заңдар алдында дәрменсіз емес. Тарихи даму заңдарын білу, адамдардың сол заңдардың күшін қоғамды қайта құру үшін пайдалануына мүмкіншілік береді. Белгілі бір заң әсер ететін жағдайды өзгерту арқылы адамдар оның нәтижесінің түрін өзгертіп көрінісін шапшаңдатады немесе баяулата алады.

Міне, осы қоғамдық заңдылыққа сүйене отырып, саясат қоғаммен бірге өзгеріп, ескіріп, жаңарып, дамып келеді.

Саясаттың қоғамда атқаратын жұмысы ұшан – теңіз. Қоғамдағы барлық мәселені реттеп, басқарып отыратын саясат пен мемлекет.

Қоғамда бір мүдде-мақсат болады. Соған сәйкес қоғамдық билік қалыптасады. Онсыз қоғамның мүдде-мақсатының дұрыс жақсы орындалуы мүмкін емес. Қоғамдық билікті реттеп-басқаратын қоғамның,

саяси жүйесі. **Қоғамдық биліктің түрлері:** саяси билік, мемлекеттік билік, ұжымдық билік, ұйымдық билік т.б. ірі-ұсақ биліктер. Саяси жүйе мемлекетпен бірігіп, қоғамның бағдарламасын, мүдде-мақсатын анықтап, оның бағыттарын, орындау механизмін белгілеп, міндетті нұсқау, бұйрықтар беріп, іске асуын бақылап отырады.

Саяси жүйеге мемлекет, бірлестіктер, ұйымдар, ұжымдар кіреді. Мемлекет саяси жүйеден кейінгі қоғамдағы ең күрделі, ең көлемді, ең жауапты аппарат. Қоғам көлемінде атқаратын жұмыстың басым көпшілігі мемлекеттің құзырында.

Қоғамдық саясаттың тарихи түрлері: алғашқы қоғамның саясаты – қоғамдық меншік, қоғамдық еңбек, қоғамдық, теңдік; құлиелену қоғамының саясаты – өз атынан түсінікті; феодализм қоғамының саясаты – феодалдың жерге меншігі және қоғамдағы үстемдігі; капитализм қоғамының саясаты – капиталдың буржуазиялық үстемдігі; социализм қоғамының саясаты – (теориялық түрде, іс жүзінде толық болған жоқ) — жалпы қоғамдық бостандық, теңдік, әділеттілік т.б.

Әлеуметтік мазмұнына қарай саяси жүйе бірнеше түрге бөлінеді: демократиялық, либерал–демократиялық, шовинистік, ұлтшылдық, расистік, тоталитарлық, фашистік т.б. Қоғамдық ықпалына қарай саясат жариялы және құпиялы болып екіге бөлінеді. Идеологиялық бағытына сәйкес саясат үш топқа бөлінеді: оңшылдар, центристер, солшылдар.

Бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, т.б. ұйымдардың атқаратын саяси жұмыстары өздерінің ережелері – уставтарының мазмұнына сәйкес келеді, өздерінің қоғамдық құзырының шеңберінде жүргізіледі. Бәрінің жұмысын біріктіріп айтсақ – олардың қоғамдық мүдде-мақсатты орындауда, саясатты іске асыруда үлестері өте зор. Мысалы: толып жатқан ұжымдар: зауыт, фабрикалар, акционерлік шаруашылық, өндірістік ұйымдар қоғамың материалдық, техникалық, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік негізін дамытып нығайтады.

Саяси жүйенің даму процесінің бірнеше түрі болды. Социалистік типті мемлекеттерде сталиндік саяси жүйе қалыптасты. Оның мазмұны: жеке адамға табынушылық, бір партияның үстемдігінің орнауы, әкімшілік–әміршілік, тоталитарлық басқару жүйенің қалыптасуы, демократияның, бостандықтың, әділеттіктің арасының зор шектелуі.

Саяси жүйенің екінші түрі дамушы елдерде XIX ғасырдың 60–90 жж. қалыптасқан нарықтық экономика мен демократиялық мемлекеттердің, өздерінің Декларацияларына, Конституциясына сәйкес дамуы. Сонымен,

бұл елдерде де толық бостандық, әділеттік, теңдік жоқ. Мысалы, таптардың, топтардың әлеуметтік саяси теңдігінің жоқтығы.

Саяси жүйенің үшінші түрі – дамушы елдерде XX ғасырда қалыптасқан аралас мемлекеттік құрылыс – либеральдық конвергенция теориясы. Капитализм мен социализм қоғамының экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени дамуының, жақсы тәжірибелерін біріктіру. Бұл саяси жүйеде де кемшіліктер кездеседі.

Адам қоғамының тарихында ұлтшылдық, шовинистік, расистік, фашистік саяси жүйелері қалыптасып аз болса да өмір сүрген.

Қазіргі заманда мемлекеттердің саясаты дүниежүзілік бірлікке, одаққа бет бұруда. Бұл объективтік прогрестік құбылыс. Глобалдық проблемаларды шешуге қолайлы жағдай қалыптасуы мүмкін.

Сонымен, қоғамның саяси жүйесі – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының, бірігіп елдің саяси өміріне кірісіп, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуы.

Саяси жүйенің негізгі элементтері: саяси және құқықтық нормалар, саяси құрылыс, саяси іс-әрекет, саяси сана және саяси мәдениет. Енді осы элементтерге толық түсінік берейік.

1) Саяси идеология және саяси құқықтық нормалар – қалыптасқан немесе қабылданған тәртіп ережелері, саяси қатынастарды реттейтін тәсілдері, қоғамдағы конституция, кодекстер, ережелер, партиялардың бағдарламалары, саяси әдет-ғұрып т.б. Саяси нормаларды, сол арқылы өмірге келетін қатынастарды – **саяси институттар деп атайды**. Идеяның даму процесі арқылы нормаға, тәртіптің ережелеріне айналуы, содан кейін саяси ұйымдардың қағидасына айналуын институционализация деп атайды.

2) Саяси құрылыс – қоғамдағы саяси, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың арақатынасы, байланысы. Бұл құрылыс адамдардың арасында да саяси қатынастың тұрақты қалыптасқанын көрсетеді.

3) Саяси іс-әрекет – қоғамдағы саяси билікті дамыту және қорғау үшін бағытталған адамдардың әр түрлі іс-әрекеттері. Бұл әрекет әр түрлі деңгейде жүргізіледі: белсенді, сылбыр, енжар, тұрақты, нәтижелі т.б.

4) Саяси сана – адамдардың санқырлы рухани сана-сезімін қоғамдағы саяси билікті қолдап, адамдардың іс-әрекетін саяси қатынастарды дамытып, нығайтуға бағыттау. Саяси санада екі түрлі бағыт болуға тиіс: концептуалдық – саяси теория, доктрина, ілім, бағдарлама; күнделікті – ой-пікір, әдет-ғұрып, мораль, тәртіп.

5) Саяси мәдениет – қоғамдағы саясатты, саяси қатынастарды рет-

теп-басқару үшін қалыптасқан рухани құндылықтардың, саяси идеяның, сенімнің, символдың жиынтығы. Саясатта бірлік, дербестік тек адамдардың рухани байланысы арқылы болады.

б) Саяси жүйенің ең күрделі, ең маңызды элементі – мемлекет. Саяси жүйенің қоғамды басқарудағы ең орталық буыны мемлекет. Біріншіден, ол саяси жүйенің билігін, мүдде-мақсатын іске асыратын ең негізгі аппараты. Екіншіден, мемлекет саяси жүйенің барлық элементтерін біріктіріп, саяси функция арқылы қоғамның игілікті құндылықтарын әділетті болу процесін басқарып отырады. Бұл процесті басқару, бақылап отыру дегеніміз – қоғамдағы қарым-қатынастарды, олардың өзара байланысын реттеп отыру, тұрақты, жақсы дамуын қамтамасыз ету.

Міне, жоғарыда көрсетілген саяси жүйенің элементтерінің даму процесінен қоғамда әр түрлі саяси жүйелер қалыптасады: әкімшілік, әділетті – бірлік жүйелері. Қоғамның жақсы-жаман дамуын осы жүйелер шешеді, соған сәйкес саяси жүйе әр түрлері қалыптасып жатады, олардың негізгі түрлері:

1) Формациялық саяси жүйелері – құлиелену, феодалдық, буржуазиялық, социалистік формацияларының саяси жүйелері.

2) Авторитарлық саяси жүйелер – тоталитарлық, партократтық, деспотиялық, фашистік т.б. саяси жүйелер.

3) Демократиялық саяси жүйелер – либеральды-демократиялық, халықтық-демократиялық, социал-демократиялық т.б.

4) Прогрестік, реформаторлық, консервативтік, реакцияшыл т.б. саяси жүйелер.

Саяси жүйенің даму заңдылықтарына әсер ететін топтық, ұлттық, әлеуметтік, саяси, нәсілдік, халықаралық, мемлекетаралық т.б. қайшылықтар. Ол қайшылықтарды бейбітшілік жолмен реттеп, бір келісімге келіп, саяси жүйенің, биліктің дұрыс жақсы дамуына мүмкіншілік жасалып отырады.

Сонымен, жүйенің даму заңдылықтары дегеніміз – қоғам өмірінің әр кезеңінде саяси-әлеуметтік құбылыстардың бірлесіп саяси жүйесінің объективтік, тұрақты даму процесінің заңдылықтарына айналуы.

3. Саяси жүйедегі мемлекеттің алатын орны

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты. Мемлекет, саяси партиялармен бірігіп қоғамның барлық саласының дұрыс, жағымды дамуына жауапты және сол жауапты жұмыстың

басым ауыртпалығын мемлекет өз мойнына алады. Әрине, бұл тоталитарлық мемлекеттің түсінігі емес, демократиялық мемлекеттің сипаттамасы, мазмұны. Мемлекеттің қоғамдық саясатты орындаудағы ерекшеліктері:

- мемлекет саяси жұмысын қоғам көлемінде заңды күші бар құқықтық нормалар арқылы жүргізеді;

- мемлекет қоғамдық жұмыстың негізгі бағыттарын анықтап, басқарып отырады;

- мемлекет ішкі-сыртқы істерді атқаруға, егеменді тәуелсіз аппарат.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктерді, одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, көмек жасап отырады. Мемлекеттің бұл бағыттағы жұмыстарының түрлері.

Мемлекет және саяси партиялар – бұл екеуі бірігіп қоғамды басқарудағы ең шешуші күш. Басқарудың сапалы немесе сапасыз болуы осы екі бірлестіктің қызметіне байланысты. Сондықтан, олардың іс-әрекеті халықтың, үкіметтің үнемі бақылауында болады.

Мемлекет және қоғамдық, ұйымдар мен бірлестіктер – қазіргі заманда халықтың мүдде-мақсатын орындайтын тек мемлекет пен саяси партиялар ғана емес. Ол мүдде-мақсаттың басым көпшілігі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қолында. Сондықтан, мемлекет оларға көмек көрсетіп, іс-әрекеттерін, жұмыстарын бақылап отырады.

Мемлекет және еңбек ұжымдары – өндірісте, шаруашылықта мәселенің басым көпшілігі еңбек ұжымдарының құзыретінде: шаруашылықтың нәтижелі жұмыс жасауы, тәртіптің жақсы дәрежеде болуы, адамдардың бірлігі, достығы, мәдени, рухани білімі, денсаулығы т.б. Осы бағытта ұжымның атқаратын қызметінің маңызы, құндылығы ежелеп айтпаса да белгілі. Бұл мәселені ұжым мемлекетпен бірігіп іске асырады.

Мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің қызметі жергілікті басқару мекемелері өзінің әкімшілік – территориясында мемлекеттік билікті жүргізуге құзыреті болады және ол үшін жауапты. Бұл жұмысқа сол территориядағы азаматтар белсенді қатысып, барлық мәселені реттеп-басқаруға міндетті. Жергілікті мемлекеттік басқару органы оларға жан-жақты көмек көрсетуге міндетті. Осы екі орган тығыз байланыста қызмет жасауға тиіс. Сонда ғана нәтиже болады.

Мемлекет пен азаматтар – азаматтар мемлекеттің жұмысына тікелей қатысып немесе өздерінің өкілдері арқылы өз ой-пікірлерін білдіріп отыруға құқықтары бар және ақпарат, радио, теледидар да өздерінің тілектерін, талаптарын, сын-пікірлерін айтуға құзыреті бар. Мемлекеттік

органдар көмек көрсетіп, толық бостандық беруге міндетті. Егерде бұл іс-әрекет екі жақты сапалы жүргізілсе қоғамға, халыққа тиетін жақсылығы көп болады деуге болады.

Мемлекет пен дін. Мемлекеттің дінмен қарым-қатынасына сәйкес үш түрлі мемлекеттер болады: зайырлы, теократиялық, клерикалдық:

– зайырлы мемлекеттің дінмен тікелей байланысы болмайды, олар бір-бірінің жұмысына тікелей қатынаса алмайды, жай байланыс жасауға болады. Оның бағыттары – демократияны, бостандықты, әділдікті, теңдікті дамыту, халықтың мәдени, рухани білімін көтеру, жастарды инабаттылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттарды бірлікке, достыққа тәрбиелеу т.б.

– теократиялық мемлекетті басқару церковь құзыретінде 1921 жылға дейін Монғолия осындай мемлекетке жатты. Қазір – Ватикан осы жүйедегі мемлекет.

– клерикалдық мемлекет зайырлы және теократиялық мемлекеттерінің ортасындағы мемлекет. Олар мемлекетпен бірікпейді, бірақ заң шығару процесіне қатысты мемлекеттің саясатына ықпал жасайды. Бұл мемлекеттерге жататындар: Великобритания, Дания, Норвегия, Швеция, Израиль, Италия және 20 шақты ислам мемлекеттері.

8 – тақырып. АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

1. Азаматтық қоғам және құқық пен мемлекет туралы теориялар

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой-пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері қоғамдағы барлық таптардың, ұлттардың топтардың мүдде-мақсатына қатысты болуы. Тағы да бұл мәселе әр түрлі идеологиямен, саяси партиялармен байланысты болуы.

Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе, Кеңес дәуірінде елімізде марксистік мемлекеттік теория тұрғысынан зерттеп, түсініп келдік. Ол кезде қоғам мен мемлекетті таптық тұрғыдан зерттеуге тырыстық, басқа теорияны, басқа бағытты сырып тастап отырдық. Қазір ол теорияларға көзқарас түзелді, дұрысталды. Тарихи теориялардың бәрінде аздап болса да шындық және тарихи нақты дәлелдер болады. Сондықтан, ол теорияларды білу, дұрыс жағын алу, пайдалану өте қажет. Сол деректерді ескере отырып жүргізілген зерттеудің ғылымға, қоғамға пайдасы мол.

Тағы бір ескертетін мәселе “азаматтық қоғам” деген алғашқы қауымдық қоғамда да, құлиелену формациясында да, феодалдық формацияда да болған жоқ. Себебі ол қоғамдарда “азаматтық” деген ұғым болған емес. Бұл ұғым тек буржуазиялық қоғамда өмірге келді. Сондықтан, біз теорияны тек құқықтық мемлекет туралы қарастырамыз.

Құқықтық мемлекеттік парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Міне, қоғамның алдында тұрған осы мүдде-мақсатты орындау мемлекеттің міндеті, ал осы бағытта қалыптасқан құқықтық нормаларды орындау, сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға үлес қосу адамдардың міндеті. **Құқықтық мемлекет** екі жақты жауапты объективтік процесс.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан бергі негізгі мақсаты болды. Көне дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолмен дамуын армандады. Аристотель: «Заң үстемдігі болмаса демократия жоқ», – деді. Феодалдық дәуірде Н. Макиавелли, Ж. Боден т.б. саяси қайраткер-

лер құқықтық мемлекет орнату төңірегінде көп қиялданып, біраз пікірлер айтып кетті.

Құқықтық мемлекет орнату концепциясына пікір айтып өте зор үлес қосқан атақты ғалымдар: Г. Гроцкий, Б. Спиноза, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро, П. Гольбах, Т. Джефферсон, Вольтер, Гельвеций, Кант, т.б.

Гроцкий – қоғам тарихында қалыптасқан құқықты екіге бөлді: **табиғи құқық** – адамды қоршаған ортаның әсерінен және жеке адамның өзінің ақыл, парасаттылығынан қалыптасатын құқықтар; **екіншісі** – мемлекеттің қабылдаған нормативтік актілер арқылы ешкімге зиян келтірмей орындауға тиіс. Мемлекет – қоғамдық жалпы халықтық шарт арқылы өмірге келді деп түсіндірді.

Монтескье – мемлекет адамдардың саяси және азаматтық бостандығын, теңдігін қатаң орындауы керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады.

Локк – Маркс құқықтың мазмұнын өте дұрыс, ашық түсіндірді. Мемлекет адамдардың құқықтарын қорғау үшін қалыптасты. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны халықтың табиғи бостандығын, теңдігін қорғау.

Кант – құқықтық мемлекеттің философиялық негізін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселесі жеке адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, бостандығын, теңдігін қорғау, адамның қоғамда үстемдігін қалыптастыру деп түсіндірді.

Гегель – қоғамдық ғылымдардың негізгі бағыттарының бірі – құқықтық философия. Мемлекет дегеніміз жан-жақты дамыған құқық деп түсіндірді. Азаматтық қоғам құқық арқылы адамдардың мүдде-мақсатын қорғайды. Мемлекет құқық пен моралдың бірлестігін дамытып халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты жақсартуы.

Маркс – құқық пен мемлекетті қоғамның таптық құрылысына сәйкес қараған. Таптар жойылса құқық пен мемлекет те жойылады. Бұл процесс қоғамда құқықтық мемлекет қалыптасып, бостандық орнаумен аяқталуға тиіс. Бостандық, – Маркстің ұғымында, қоғамдағы мемлекеттің үстемдігін жойып, оны қоғамға бағындырып, халықтың мүдде-мақсатын орындайтын органға айналдыру. Сонда ғана құқықтық мемлекет қалыптасады¹.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет туралы пікір жан-жақты дамып, дүние жүзінің ғалымдары бір тұжырымға келіп, ортақ ғылыми көзқарас қалыптасты деуге толық болады.

¹Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т. 17, 26 б.

Сонымен, құқықтық мемлекет туралы теорияны қорыта келіп, оның негізгі мазмұны – халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші – адам, қалың бұқара. Сондықтан, мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет.

Азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген, ол туралы қомақты бірде ғылыми еңбек жоқ. Оның себебі ғалымдар азаматтық қоғам мен мемлекеттің мазмұны ұқсас деп түсініп келді. Расында ұқсастық бар, бірақ та айырмашылық басым. Адам қоғамының қалыптасқанына 1,5 млн. жыл өтті, ал мемлекеттің өмірге келгеніне 6 мың жыл ғана болды. Мемлекет қоғамның санқырлы көрінісінің бір ғана нысаны. Қоғам туралы ой-пікірлер көне дәуірде де болды, ал “азаматтық қоғам” толық мағынада бұл ұғым өмірге тек XVIII ғасырда келді. Басында азаматтық қоғам деп меншік, отбасы, рынок, мораль салаларындағы қатынастарды түсініп келді. Мемлекет бұл қатынастарға толық бостандық берді. Гегельдің ойынша азаматтық қоғам жеке меншіктің, діннің, отбасының, моралдық т.б. талаптарын іске асырудың жүйесі (Работы разных лет. Т. 2. М., 1973. С. 50). Азаматтық қоғамда әр адам өз мүддесін көздейді, басқаларды көрмейді... Басқаларсыз ол өз мүддесін іске асыра алмайды, – деген Гегель (Философия права. М., 1990. С. 228). К. Маркстің пікірі – бір саяси жүйені алып мазмұнына қарасаң, ол азаматтық қоғамның санқырлы көршісінің бір нысаны болып шығады. (Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т.3. С. 64)

Біз өткен ғасырдағы ірі ғалымдардың пікірін әдейі келтіріп отырған себебіміз азаматтық қоғам мәселесі сол кездегі өмірдің объективтік даму процесінің алдына қойған талабы дегіміз келеді. Сол себепті Гегель мен Маркс тағы басқа ғалымдар азаматтық қоғамды біраз зерттеп құнды теориялық ғылыми мұра қалдырып кетті. Енді осы құнды ғылыми мұраға сүйене отырып, қазіргі заманның талабына сәйкес азаматтық қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеуді жалғастыру керек. Біздің пікіріміз – азаматтық қоғамның мазмұнының санқырлы көрінісі төмендегідей болуға тиіс:

- экономикалық бостандық, әр түрлі меншік, нарықты қатынас;
- адамдардың табиғи бостандығы мен құқықтарын қалыптастырып, қорғау;
- заңды, демократиялық билік; ақпаратқа бостандық беру;
- заңның, соттың алдында адамдардың теңдігі болу;
- таптық, ұлттық бірлік, достық, келісім болу;

– адамдардың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын, мәдени, рухани білімін, санасын көтеру, жақсарту.

Азаматтық қоғамның құрылымы – Қоғамды өзінің табиғи мүдде-мақсаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы – адам. Адам қоғамы құрылымының негізгі элементі – дінгеі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары – азаматтық қоғамның элементтері.

Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер:

Әлеуметтік жүйе – объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы бұл жүйеге азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйесі үш топқа бөлінеді: бірінші тобы – қоғамның үзіліссіз өмір сүру негізін жасаушы, дамытушы топ: отбасы, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғастыру; екінші тобы – адамдардың өзара, бір-бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы – қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың ара қатынастары.

Экономикалық жүйе – қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері: жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермерлік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе – мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар, т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектілерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолдануы қажет.

Рухани-мәдени жүйесі – осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық органдар мен ұйымдар, олардың ара қатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана-сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе – осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен ара қатынастары. Бұл бағытта іс-әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет.

Осы көрсетілген азаматтық қоғамның жүйелерінің жақсы, саналы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық, қоғамдық

ұйымдар мен партиялар және қоғамдағы демократияның жоғарғы дәрежеде болуы.

Азаматтық қоғамның **белгі-нысандары:**

- адамдардың экономикалық, әлеуметтік, саяси бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуі;

- қоғамда бостандықтың, жариялылықтың болуы, ақпараттың жұмысына азаматтардың қатысуы, ішкі-сыртқы байланыстарға қатысуға, жүріп-тұруға толық құқықтарының болуы;

- азаматтардың қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер құрып, өз мүдде-мақсаттарын орындауға, іске асыруға және шет елдердің сондай ұйымдарымен байланыс жасауға құқықтарының болуы;

- жергілікті өзін-өзі басқаруға толық бостандық болуы, оның жұмысына мемлекеттің араласпауы, қажет болса тиісті көмегін көрсетуі; жергілікті өзін-өзі басқаратын мекеме жергілікті мемлекеттік органмен тығыз байланыста жұмыс жасауы;

- азаматтық қоғам – толық бостандық, демократия қалыптасқан қоғам болуы қажет, ол болашақ құқықтық мемлекеттің талаптарын іске асырып, сол мемлекеттің объективтік тұрғыдан негізі болуға тиісті.

Сонымен, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет екеуі қатар дамып, өрескел қайшылықтарды бірлесіп реттеп, қоғамның бейбітшілік, прогрестік жолмен дамуына толық мүмкіншілік жасаулары қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселенің негізгі бағыттары көрсетілген. Оның бірінші бабында азаматтық қоғамның және құқықтық, мемлекеттің ең негізгі қағидалары былай деп жарияланған: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” (ҚР Конституциясы. А. 1995. С. 4).

2. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен мазмұны

Қазіргі заманда құқықтық мемлекетті құру қалыптастыру мәселесі ғаламдық проблемаға айналды. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес. Қазіргі кезде де жоқ. Болашақта да барлық елдерде бір мазмұнды, бір нысанды құқықтық мемлекет болуы мүмкін емес. Себебі әр елдің экономикасы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, рухани санасы, саясаты бір деңгейде болмайды. Бұған қоса олардың географиялық, ұлттық ерекшеліктері болады.

Сондықтан, болашақта құқықтық мемлекет бірнеше дамыған елдерде қалыптасуы мүмкін. Бірақ ол мемлекеттердің мазмұнында, әсіресе нысанында объективтік ерекшеліктері болады.

Құқықтық мемлекеттің мазмұнының негізгі талаптары:

1) Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлекетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.

2) Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі – өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктің басым көпшілігі – өндіруші мен тұтынушылық билігінде болуы қажет. Бұл билік шаруашылықтың жақсы, сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін оларға толық бостандық беруі керек. Сонда ғана қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге, нығайтуға болады.

3) Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі – өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жұмыс жасауына мүмкіншілік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы құқықтық, мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет сонымен бірге әлеуметтік мемлекет.

4) Құқықтық мемлекеттің моралдық негізі – гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар намысының деңгейі. Осы жоғары дәрежедегі принциптер болса құқықтық мемлекет болады. Өйткені, мұндай қоғамда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.

5) Құқықтық мемлекеттің саяси негізі – халықтың, ұлттық тәуелсіздігін қалыптастырып қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп-басқару.

Міне, қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері:

– мемлекеттік билікті үш түрге бөлу, олардың ара қатынасын қатаң сақтау; азаматтық қоғамның қалыптасуы;

– қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, адамдардың рухани сана-сезімінің жақсы дамуы;

– мемлекеттік аппараттың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйым-

дардың, жеке адамдардың, өмірдегі қарым-қатынастарда өзара жауаптылығы;

– қоғамның экономикалық, әлеуметтік бағытында әділеттікті, теңдікті қамтамасыз ету үшін антимонополиялық органның қызметін қатаң бақылау;

– қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;

– қоғамда заңның үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру. Адамдар “заңның құлы” болмайынша құқықтық тәртіп те, демократия да жақсы дамуға тиіс емес. Бұл туралы өмір тәжірибесінен қалыптасқан мынадай өсиет сөз бар:

Заң – мемлекеттің ақылы.

Сот – мемлекеттің жүрегі.

Мәдениет – мемлекеттің тәртібі.

Міне, осы үш қағидалы өсиет өзара бірігіп қалыптасып және мемлекеттің ішкі заңдары көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келсе елімізде мемлекет орнайды.

Адам қоғамының барлық дәуірінде құқықтық мемлекет құру мәселесі толастап көрген емес. Әсіресе, елді басқаруда абсолютизм, деспотизм, тоталитаризм орнаған кезде құқықтық мемлекет орнату – деген дауыс, талап күшейіп отырды. Бұл тұрғыдан өте күшті концепция феодализмге қарсы, буржуазияның күресі кезінде қалыптасты. Күрестің саяси ұрандары: “Бостандық!” “Теңдік!” “Әділеттік!” халыққа едәуір жақсылықтар әкелді.

Бірақ көп елде реакцияшыл буржуазияның кертартпа саясаты демократиялық реформаны толық аяқтауға мүмкіншілік бермеді.

Ірі буржуазия саяси билікке қолы жеткеннен кейін құқықтық мемлекет орнату бағытынан алшақтай бастады. Бұл елдерде буржуазияның үстемдігін қорғайтын мемлекет пен құқық орнап көп уақыт өмір сүрді.

XX ғ. қоғамды басқару тәжірибесін шынықтырып капиталистік елдер жаңа экономикалық саясатқа көшіп, халықтың әлеуметтік, жағдайын жақсартып, бостандықтың шеңберін кеңейтіп демократиялық мемлекетті дамытуда. Бұл саясаттың мазмұны:

1) Қазіргі заманда халықтың рухани сана-сезімі қоғамдық басқаруға, қоғамдық меншік орнатуға жетілген жоқ. Сондықтан, меншіктің түрлерін шектемей нарықтық экономикаға толық бостандық беру. Осы жерде “Өзімдікі дегенде өгіздей күшім бар...” деген мақал дұрыс келеді.

2) Нарықтық экономика арқылы халықтың еңбекке деген ынтасын

көтеріп, шаруашылықтың, өндірістің барлық саласында бизнесмендердің бәсекесін дамыту.

3) Халыққа өздерінің әлеуметтік экономикалық мүдде-мақсатын орындаудағы іс-әрекетіне толық бостандық беріп, мемлекет тек көмек көрсетуге тиіс. Мемлекет нарықтық экономика туралы заңды, құжаттарды дер кезінде қабылдап, олардың орындалуын қатаң түрде бақылап отыруы керек. Әсіресе жеке меншікті қорғауды, адамдардың бостандығын сақтауды бірінші бағытқа алу керек.

Осы жаңа экономикалық саясат капиталистік елдердің соңғы 40–50 жыл ішінде экономикасын дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып демократиялық қоғам құруына мүмкіншілік беріп отыр.

Қазіргі заманда дүние жүзінің барлық мемлекеттері капитализмнің жаңа экономикалық саясатын қабылдап нарықтық экономиканы дамытып жатыр. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы советтік республикалар да осы жолға бет бұрып отыр.

Әлемдік стандарт жолына Қазақстан да бет бұрып, нарықтық экономиканы дамытуға кірісті. Кеңестік жүйенің жақсылығы да аз болған жоқ: 20–60 жж. экономиканың, мәдениеттің, қорғаныстың жетістіктері дүние жүзіне белгілі болды. Бірақ Кеңес Одағының жетістіктерінен гөрі кемшіліктері басым болды. Сондықтан Одақ ыдырады...

Енді капиталистік елдердің XX ғ. 30–50 жж. либералдық-демократияға бет бұрып, дамуының себептеріне қысқаша түсінік берейік.

Бірінші себебі – капиталистік елдер 1929–1938 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан Кеңес Одағының бір орталықтан жоспарлау тәжірибесінің жақсы жағын пайдаланып, өздерінің экономикасының жақсы дамуына мүмкіншілік жасады. Жеке меншіктегі шаруашылықтарға мемлекет тиіспеді. Капиталистік мемлекеттер мемлекеттік меншіктегі өндірісте ғана жоғарыдан төмен қарай жоспарлап отыр. Міне, осы тәсілді капиталистік мемлекеттер үздіксіз пайдаланып келеді. Жеке меншіктегі өндіріс төменнен жоғары қарай жоспарланып жақсы дамуда.

Екінші себебі – Ресейде, Қытайда тағы басқа Еуропа Азия елдерінде социалистік мемлекеттер орнап, қалың бұқараның мүдде-мақсатын орындаймыз – қорғаймыз деген желдірме “ұрандарынан” ірі буржуазия сескеніп халықтың, саяси-әлеуметтік жағдайына көңіл бөлуге мәжбүр болды. Бұл саясатты дұрыс, жақсы дамытуға ғылыми-техникалық революция экономикалық жағдай жасады.

Құқықтық мемлекет орнатудың негізгі бағыттары:

– мемлекет билік үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің сапасын көтеру;

– ол нормалардың дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мәдениетін жақсартып, көтеру;

– қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу-басқару бағытындағы мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту;

– бостандықты, теңдікті, әділеттікті, демократияны дамыту;

– заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі бағыттары демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру (1–бөлім).

Демократиялық мемлекет – Қазақстан алдымен Конституция қабылдап, тікелей басшысын және Парламентті үкіметті тез арада құрып алды. Кейін сайлауын мерзімді уақытта жүргізіп отырды. Республиканың жоғарғы органдары арқылы көпшілік қазақстандықтардың еркін шынайы анықтауға және мүддесін барынша жүйелі қорғауға қажетті мүмкіндіктер берді. Демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне мүмкіндіктер берді, мемлекеттік қызметке араласып, азда болса қатысуға құқықтар берілді. Демократиялық мемлекет қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі – “Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық” (1–6.2 – т.).

Зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасында діни мекемелер мемлекеттен бөлінгенін білдіреді және бұл Қазақстандағы ислам мен православиелік тағы басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Діни негізде партия құруға жол берілмейді. Наным немесе атеизм мәселесі – әркімнің жеке басының шаруасы. Елдегі дін ұстау бостандығы мен діни бірлестіктердің жұмысы жөніндегі заңдылықтарды мемлекет белгілеп, бақылайды.

Құқықтық мемлекет – Қазақстанның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты, және соған сәйкес іс-әрекет жасайды. Құқықтың негізгі принциптері: азаматтар үшін – “заңға тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі”, мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін – “Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат”. Барлық заң жүйесін жақсартып, әділеттікті жоғары дәрежеге көтеру және азамат құқығы мен бостандығын халықаралық өлшем деңгейіне жеткізу Қазақстан мемлекетінің негізгі міндеті. Құқықтық мемлекетте Заң бір әлеуметтік топтың емес, халықтың шынайы еркін білдіреді. Мұндай мемлекетте заңның рухы үстемдік етеді. Барша адамдар, ең жоғары дәрежедегі лауазым иелеріне қатардағы азаматтарға дейін заңдардың бүкіл халықтың мүддесі, игілігі үшін

жасалып, қолданылатынын, заңдар адамдарға қажет қоғамдық тәртіпті орнататынын, адамдарға отбасын құрып, өсіп-өнуге, өзі қалаған жұмыспен шұғылдануға, өздерін еркін сезінуге, қоғам ісіне қатысуға жағдай туғызуы керек екенін түсінуі қажет.

Сонымен, Кенес Одағы ыдырағаннан кейін барлық тәуелсіздік алған республикалар, соның ішінде Қазақстанда реформаторлық процесс арқылы қоғамның саяси-экономикалық құрылысында көп өзгерістер болды. Қоғамдық ғылымдарда жаңаша ғылыми зерттеулер басталды. Мемлекет пен құқықты дүниежүзілік заң ғылымдар туралы концепциямен бірлестіріп дамытуға мүмкіншілік туды. Отандық құқықтану, философиялық, экономикалық, саяси ой сана, пікір құқықтық демократиялық мемлекет туралы ғылымды зерттеуге, дамытуға бет бұрды.

3 – БӨЛІМ:

ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ

9 – тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

1. Құқық туралы негізгі теориялар

Құқық мемлекетпен бірге қоғамның объективтік даму процесінің нәтижесінде өмірге келді. Алғашқы қоғамдағы әлеуметтік нормалар: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни өсиеттер, мемлекеттік жүйеде бірте-бірте екінші қатардағы нормаға айналып, құқық әлеуметтік негізгі нормаға айналды. Адам қоғамы мыңдаған жылдар өмір сүріп келді. Сол көне заманнан ғалымдар құқық пен мемлекет қашан пайда болды, қалай дамып келеді? – деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеулер жасап келді. Өйткені құқықтың мазмұнын, тарихын, белгі-нышандарын жақсы білу қоғамды дұрыс, сапалы реттеп-басқаруға өте қажет.

Қазіргі заманда да бұл мәселе заң ғылымының күн тәртібінен түскен емес. Бұл мәселемен толып жатқан ғалымдар, теориялар шұғылдануда. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес құқық туралы көзқарас та, пікірлер де әртүрлі болды. Құқық туралы негізгі теориялар: табиғи, тарихи, реалистік, социологиялық, нормативтік, психологиялық, материалистік теориялар.

Табиғи теория – бұл теорияның мазмұны көне дәуірде қалыптасқан. Теорияның мазмұны – адамдардың табиғи және мемлекеттің өмірімен байланысты құқықтары мен бостандықтарын ешкім шектей немесе жоя алмайды – деп түсіндірген. **Цицерон** – табиғи бостандыққа, құқыққа қарсы келетін мемлекеттік заң болуға тиіс емес – деген. Табиғи теорияны орта ғасырлардың ғалымдары: Локк, Руссо, Монтескье, Гольбах, Радищев т.б. өте жақсы дамытқан. Дамыған елдерде табиғи әлеуметтік норма мен құқықты бір-біріне қарсы қоюдың негізі жоқ. Олар қоғамды бірігіп басқарады.

Тарихи теория – бұл теорияның өкілдері құқық адамдардың рухани сана-сезімнің даму процесінен өмірге келіп, қалыптасады деп түсіндіреді. Оған мемлекеттің қатысы жоқ – деп уағыздаған. Адамдар субъективтік жолмен табиғи бостандықтар мен құқықтарды жоя алмайды, тек қоғамның даму процесінен қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормаларды өзгертуге болады. Бұл теорияның өкілдері: Густав Гуго, Карл Савинин, Фридрих Пухта, Штиль т.б.

Реалистік теория – құқықтың дамуы өзінің эволюциялық ішкі себептері арқылы өзгеріп, ескіріп, жаңарып жатады. Оның дамуына сыртқы жағдайлардың әсері мол болады – деп уағыздаған. Бұл теорияны құқықтың бірлігін, дамуын, оның мемлекетпен байланысын, субъектілердің құқығының міндеттері болатын және мемлекеттің бақылауын қостайды.

Әлеуметтік теория – XX ғасырда қалыптасқан теория. Бұл теория құқықтық қатынасты адамдардың құқықтық тәртібін жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеуді жақтайды. Өкілдері Эрлих, Леон Дюги, С.М.Муромцев, Г.Н.Шершеневич, Р.Паунд. Құқықтық әлеуметтік мазмұнын зерттеуге көңіл бөледі, құқықтық мемлекетті жақтайды.

Нормативтік теория – құқық әлеуметтік өмірдің сыртқы қарым-қатынасын реттеп, басқарып, адамдардың мүдде-максатын орындау деп түсінеді. Заң ғылымы құқықтың жеке өзін саясат пен идеологияға қоспай зерттеуді жақтайды. Құқықтың белгі-нышандарын жақсы зерттеуді, құқықтық мемлекетті жақтайды. Нормативтік актілерді жоғарыдан төмен қарай сатылап зерттеуді, бақылауды ұсынады. Бұл теорияның, өкілдері: Р. Штаммлер, Г. Кельзен, П.И. Новгородцев.

Психологиялық теория – XX ғасырдың басында жақсы дамыған теория. Теорияның негізгі мазмұны: құқық адамдардың психикасының ішкі құрылысында қалыптасып олардың сыртқы іс-әрекетіне, жұмысына әсер етуі. Адамның ішкі сана-сезімі мен сыртқы тәртібінің, мінезінің, іс-әрекетінің байланысын Петрижицкий этикалық сана деп атайды. Бұл теория құқықты екі түрге бөледі: жеке тұлғалық (автономдық) және оң жағымды (позитивтік). Жеке тұлғалық құқық – жеке адамның ішкі ұятынан қалыптасатын елегізу, қатты қиналу. Оң жағымды позитивтік құқық – басқа адамның беделіне, абыройына сенушіліктен қалыптасатын психикалық көзқарас.

Материалистік теория – құқық саяси-экономикалық үстемдік жүргізетін таптың мүдде-максатын қорғайтын нормативтік актілердің жиынтығы. Құқықтың мазмұны екі элементтен тұрады – деп түсіндіреді: экономикалық базис пен үстем таптың мүддесі.

Бұл теорияның тарихи даму процесін үш кезеңге бөлуге болады: Бірінші кезең – құқықтың мазмұнын түсіну және оның қоғам дамуындағы маңызы; екінші кезең – құқықтың болашағына көзқарасы; үшінші кезең – марксистік көзқарасты бұрмалау.

Бірінші кезеңде ғылымның құқықтың мазмұнын түсінуі дұрыс еді – құқықтың экономикалық және таптық күреспен тығыз байланыста бо-

луы. Екінші кезеңде – буржуазиялық мемлекет пен құқық теориясының мазмұнын біржақты зерттеп, оның прогрестік рөлін, маңызын дұрыс түсінбеді. Қоғамның болашағын құқықтық мемлекетпен байланыстырмады. Үшінші кезеңде кейбір елдердің басшылары марксизмнің мазмұнын бұрмалап өздерінің әкімшілік-әміршілік, тоталитарлық саясатын қорғау үшін пайдаланды.

Жоғарыда көрсетілген құқық теорияларының жеке алғанда дұрысы да, бұрысы да баршылық. Бірақ барлығының мазмұнын біріктіргенде бірнеше дұрыс қорытынды тұжырымдар шығаруға болады:

- құқық әлеуметтік құбылыс, онсыз дамыған қоғам болашақ емес;
- құқық қоғамдық және жеке адамдардың мүдде-мақсатын қорғайтын негізгі құрал;
- құқық меншіктің барлық түрлерін қорғайтын негізгі күш;
- құқық мемлекетті қалыптастырған және оның бақылауындағы, қоғамдық тәртіпті қорғайтын құрал.

Сонымен, құқық жеке тұлғалардың экономикалық, саяси, әлеуметтік т.б. бостандығын, теңдігін қорғайтын негізгі құрал. Құқық қоғамның объективтік дамуын қамтамасыз етіп, өндіріс пен сұраныстың ара қатынасын реттейтін негізгі күш-құрал.

2. Құқықтың түсінігі және мазмұны

Құқық әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі болып, мемлекетпен бірге өмірге келіп, қоғамды реттеп-басқарып отырды. Олар қоғамның, объективтік даму процесінің талабына сәйкес қалыптасты. Бірақ әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес құқық пен мемлекеттің нысаны әртүрлі, мазмұны бірдей болды. Бұл жерде қайталап өтейік, – құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары: қосымша өнімнің пайда болуы, жеке меншіктің қалыптасуы, таптардың арасында күрестің басталуы, қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі. Бұл объективтік даму процесі қоғамның алдына бірнеше талаптар қойды:

- қоғамның әкімшілік-территориясында тұрақты тәртіп қалыптастыру қажет болды;
- қоғам бірнеше тапқа, топқа бөлініп, олардың арасында қайшылықтар басталып, оны реттеп, қоғамды басқару керек болды;
- ру мен тайпалардың, мемлекеттік бірлестіктердің арасындағы қай-

шылықтар күреске айналып, күрес соғысты өмірге әкелді. Міне, бұл күрес-қайшылықтарды бейбітшілік жолмен шешіп, реттеу қажет болды.

Қоғамның объективтік даму процесінің бұл талаптарын іске асыру үшін құқықтық нормаларды қарқынды, сапалы дамытып, қарым-қатынастарды тағы басқа құбылыстарды реттеу жұмыстары басталып, қоғамның жақсы дамуына жағдай жасалды.

Енді құқықтың түсінігіне және мазмұнына келсек, оның санқырлы түсінігі, санқырлы мазмұны бар деуге болады. Ол қоғаммен бірге диалектикалық даму процесінде болғандықтан, оның мазмұны санқырлы бағытта дамып, байып отырды. Ғалымдар құқықты зерттегенде бір-екі қырынан мазмұнын анықтап әр түрлі қорытынды тұжырым жасап отырды. Мысалы, Аристотель құқықты саяси шындық, әділеттік, – деді. Орта ғасырдың ғалымдары – құқық діни норма, Ж.Ж. Руссо – құқық қоғамдық билік – деп түсіндірді. Осы пікірлердің бәрі дұрыс.

Құқық адамдардың өмірімен тығыз байланыста дамиды: олардың бостандығын қалыптастырады, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, тәртібіне, сана-сезіміне жан-жақты әсер етеді, мүдде-мақсаттарының іске асуына қолайлы жағдай, қамқорлық жасап қорғайды. Адамдардың жекелік топтық және қоғамдық қарым-қатынастарын реттеп, басқарып отырады. **Осы тұрғыдан алсақ, құқықтың мазмұны, түсінігі – адам қоғамын басқарудағы құқықтық нормалардың ішкі тұрақты, сапалы мәні, маңызы.** Бұл түсініктемеде құқықтың құндылығын, маңыздылығын айрықша көрсетіп отыр. Бұл түсініктеме дұрыс бірақ жеткіліксіз.

Құқық қоғамды реттеп басқарудағы негізгі құрал; құқық қоғамдағы бостандықты, әділеттікті теңдікті, адамгершілікті қалыптастыратын негізгі құрал; құқық мемлекеттік билікті, қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік даму процесінің даму бағыттарын анықтап отыратын негізгі құрал; құқық қоғамдағы заңдылықты, тәртіпті бақылап отыратын негізгі құрал; құқық мемлекеттің ішкі-сыртқы істердегі егемендігін қамтамасыз ететін негізгі құрал т.б. Бұл пікірді жалғастыра беруге болады. Құқық – қоғамның экономикалық базисінің үстіндегі қондырма. Оның қоғамдағы мәні, маңызы, мазмұны мен нысаны, сайып келгенде қоғамның экономикалық, мәдени-рухани сипатына байланысты. К. Маркс “Тота программасына сын” деген еңбегінде: “Құқық ешуақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуымен жоғары бола алмақ емес”¹ – деді.

¹Маркс К., Энгельс Ф., Екі томдық таңд. Шығ., 2–т., 15–6.

Құқықтың нормалары қоғам дамуының саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік мұқтаждарына неғұрлым сай келсе, соғұрлым пайдалы әсері мол болмақ. Қоғам өмірін құқық арқылы реттеу процесінде әр түрлі құқықтық қатынастар туады, яғни қоғам мүшелері, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар құқықтық нормалардың талаптарын іс жүзіне асыру үшін өзара қарым-қатынастарға түсіп, заңда көрсетілген міндеттерді орындауға тиісті болады. Құқықтық қатынастар қоғам өмірінің негізгі салаларын қамтиды, бұлар: әкімшілік, қаржы, мүліктік, отбасы, еңбектік, процессуалдық т.б. Мемлекетке қажетті қоғамдық тәртіп құқықтық қатынастар негізінде ғана орнай алады. Бұл – құқықтық қоғамдық қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты.

Біз, жоғарыда құқықтың түсінігін және мазмұнын нормативистік тұрғыдан қарастырып келдік. Бұл құқықтың түсінігінің, мазмұнының негізгі бағыты. Өмір тәжірибесінде біраз ғалымдар құқықтың мазмұнын кеңейтілген түрде зерттеп, түсінігін сол көлемде береді. Олардың қосымша зерттеген мәселелері: құқықтық қатынас: құқықтық сана, субъективтік құқық, құқықты қолдану, құқықты бұзушылық және жауапкершілік.

Міне, осы мәселелердің бәрін олар құқықтың мазмұнына жатқызады. Біздіңше бұл дұрыс пікір. Өйткені осы қатынастардың бәрі де құқықтық нормалармен реттеліп, шешімін тауып жатады. Екінші олардың кеңірек зерттеген мәселесі – құқық пен заңның, бостандық пен құқықтың арақатынасы және айырмашылығы. Құқықтық норма мәселені абстрактік түрде қарастырып іс-әрекетті кеңірек қамтиды, ал заң нақты түрде бір немесе бірнеше мәселені қамтиды. Адамдардың бостандығы мен құқықтарын бөліп қарауға болмайды – деп түсіндіреді. Бұл пікір де дұрыс, бірақ ғылыми зерттеуде оларды жеке бөліп қарастырған жөн – анализ, синтез әдісімен зерттелсе, қорытынды тұжырым дұрыс болады.

Қоғамның тарихи объективтік даму процесінде құқықтың маңызы туралы екі пікір бар: біріншісі – қоғамның дамуын басқарып, реттеп отырушы негізгі әлеуметтік факторлардың бірі құқық. Онсыз қоғам дағдарысқа ұшырап әлдеқашан ақыр заман болар еді. Бұл пікірді – **заңды көзқарас** деп айтады. Екіншісі – бірінші пікірге қарсы пікір. Қоғамның дамуында құқықтың ешқандай рөлі, маңызы жоқ деп түсіндіреді. Бұл пікірді заңды нигилизм деп айтады. Нигилизм қоғамда қабылдаған, бүкіл адамға пайдалы нормаларды, жағымды мұраларды жоққа шығарып мойындамау.

Заңды көзқарас көне дәуірден қалыптасып құқықтың қоғам даму процесіндегі рөлін, маңызын жан-жақты зерттеп, бірнеше ғылыми қоры-

тынды тұжырымдар жасалды. Құқық қоғаммен бірге эволюциялық прогрестік жолмен дамып, ХІХ–ХХ ғасырларда өзінің тарихи процесте құндылығын дәлелдеп, қазіргі заманда құқық мемлекетпен бірге қоғам дамуын басқарып, реттеуші негізгі әлеуметтік факторлардың бірі екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Қоғамның объективтік тарихи даму процесі құқықтың маңызы мен рөлі туралы заңды көзқарас пікірінің дұрыс екенін дәлелдеп отыр. Заңды нигилизм пікірін қазір ешкім қолдамайды.

Құқық – философиялық категория. Сондықтан, оның мазмұнын, өмірге келуін, дамуын түсінуде әртүрлі пікірлер бар. Бірақ, құқықтық нормаларды пайдалануда сол арқылы қарым-қатынастарды реттеуде, мүдде-мақсаттарды іске асыруда, орындауда адамдардың, бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінде, жұмысында ғажап бірлестік бар. Мұның себебі адамдардың, ұйымдардың іс-әрекетінің, жұмыстарының құқық арқылы басталуы, құқық арқылы дамуы, құқық арқылы орындалуы. Құқықтың мазмұнын түсінуде қоғам көлемінде нақты бірліктің болуы. Бұл бірлестіктің анықтылығы қоғамдық тәртіптің дұрыс қалыптасуы, қарым-қатынастардың жақсы реттеліп, орындалуы. Құқықтың күнделігі қоғамдық масштабта барлық құбылыстардың шешуші негізі болуында. Бұл ғылыми қорытынды пікірді барлық мемлекеттердің және адам қоғамының миллиондаған жылдар тарихы толық дәлелдеп отыр.

Заң ғылымында “құқық” термині бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, “құқық” деген ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі. Мысалы, азаматтардың еңбек ету бостандығы, білім алу, меншік иесі болу, кәсіпкерлікпен шұғылдану құқығы. Заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың) да құқықтық мүмкіндіктері болады. Бұл көрсетілген жағдайларда “құқық” түсінігі субъективтік мағынада қолданылады.

Екіншіден, “құқық” деген – құқық нормаларының жүйеге келтірілген жиынтығы. Бұл объективтік мағынадағы құқық, олардың қалыптасуы, жүзеге асырылуы диалектикалық процесс арқылы жүріп жатады. Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік құқығы туралы Конституцияның 4-бабында былай делінген: “Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституциясының, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілері” болып табылады.

Үшіншіден, “құқық” термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Мысалы, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы, қылмыстық құқық, отбасы құқығы т.б.

Төртіншіден, “құқық” термині субъективтік құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады. Мысалы, құқық жүйелері мен құқықтық жүйе.

Сонымен, “құқық” терминінің көптеген мәні бар, оны зерттеушілердің көзқарасы бір жерден шығып, бір текті болады деп айтуға болмайды. Негізінен, құқықты таптық және жалпы әлеуметтік тұрғыдан түсіндіру ғылымда кең орын алып келді. Марксистік ілім: құқықты, оған байланысты құбылыстарды тек таптық тұрғыдан ғана зерттейді. Ал өркениеттік тұрғыдағы ілім бойынша құқық қоғамдағы барлық адамдардың еркін білдіріп мүдделерін қорғайтын құрал болып саналады. Өйткені адам тарихында болған қоғамдардың бәрінде де таптық мүддеге қоса құқық жалпы қоғамдық мүдде-мақсатты да реттеп-басқарып отырады.

Қазіргі замандағы өркениетті мемлекеттерде құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын мойындау керек. Қазақстан мемлекетінде қалыптасып келе жатқан құқыққа да осындай жалпы әлеуметтік тұрғыдан қарау шындыққа сай келеді десек қателеспейміз.

Қоғамның диалектикалық даму процесінде қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, басқарып, дағдарысқа ұшыратпау үшін мемлекет пен құқық объективтік жолмен өмірге келді. Бұл қоғамның прогрестік жолмен дамуының нәтижесі. Құқық адамдардың, ұйымдардың іс-әрекетімен тығыз байланысты, олардың бостандығының шеңберін, мүдде-мақсаттарының орындалу шеңберін анықтап, реттеп басқарып отырады. Құқықтық норманың қалыптасуы үш кезеңнен тұрады: мүдде, қатынас, норма. Құқықтың негізгі үш тірегі бар: имандылық, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және мемлекет. Құқық имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абыройы да жоғары болады.

Құқықтың таптық мәні, қоғамдағы рөлі, мазмұны мен нысаны, сайып келгенде қоғамның экономикалық, рухани, мәдени сипатына байланысты. Құқықтың дамуына күресімен бірге саяси-әлеуметтік ұлттық қатынастар, идеология, қоғамның мәдени өсу дәрежесі де үлкен әсер етеді. К. Маркс “Гота программасына сын” деген еңбегінде: “Құқық ешуақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес”¹ – деген. Құқықтың нормалары қоғам дамуының экономикалық мұқтаждарына неғұрлым сай келсе, соғұрлым пайдалы болмақ. Қоғам өмірін құқық арқылы реттеу процесінде әртүрлі

¹Маркс К., Энгельс Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалары. 2 т., 156.

құқықтық қатынастар туады, яғни қоғам мүшелері, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелер құқықтық нормалардың талаптарын іс жүзіне асыру үшін өзара қарым-қатынастарға түсіп, заңда көрсетілген міндеттерді орындауға тиісті болады.

Құқық – мемлекет шығарған немесе бекіткен, орындалуы мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.

Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Құқықтың мазмұнының негізгі элементтері:

- қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- қарым-қатынастарды реттеп-басқару;
- қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;

мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретін, ара қатынасын реттеп-басқарып отыру;

- халықаралық қатынастарды реттеп-басқару.

Құқықтың екі түрлі ғылыми түсінігі болады: **біріншісі** – құқықтың объективтік түсінігі қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы; **екіншісі** – құқықтың субъективтік түсінігі объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап, бекіту.

Құқықтың негізгі қағидалары:

1. Қоғамдағы әртүрлі мүдде-мақсаттарды нормативтік: жүйемен реттеп-басқару;

2. Адамдардың, ұйымдардың бостандығының іс-әрекетінің деңгейін, шеңберін норма арқылы анықтап отыру;

3. Адамдардың, ұйымдардың ара қатынасындағы келіспеушілікті шешудің, реттеудің негізгі түрлерін белгілеп отыру;

4. Мемлекеттік органдардың қабылдаған, бекіткен нормативтік актілерінің орындалуын бақылап отыру.

Құқықтың мазмұны дегеніміз – қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын нормативтік актілердің ішкі құрылысы.

Құқықтық теңдік жалпылама түрде айтылады, іс-жүзінде қатынастардың субъектілері нақты белгілі болмағандықтан, теңдік нормалар да абстракты түрде жазылады. Құқықты дұрыс орындамаса кінәлі субъектілер жауапқа тартылуы керек. Міне, осы кезеңнен бастап заңның кезеңі, мемлекеттің жұмысы басталады.

Құқық – үстем таптың және қоғамның заңға айналдырылған мүддесі.

Бұл мүддені заңға айналдырушы және оны орындаушы мемлекеттік аппарат.

Мемлекеттік құқық арқылы өзінің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесін, құзырын, өзара қарым-қатынастарын бекітпей ішкі және сыртқы міндеттерін іске асыруы мүмкін емес. Міне, осы мәселелерді мемлекет құқық арқылы, нормаға сүйене отырып іске асырады. Мемлекетке қажетті қоғамдық қатынастар құқық негізінде ғана орнай алады. Бұл мемлекет пен құқықтың қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

1. Құқықтық нормаларды мемлекеттік органдар ресми түрде қалыптастырады; әлеуметтік нормалардың басқа түрлерін қоғамдық ұйымдар қабылдайды, мемлекеттің оған қатысы жоқ.

2. Құқықтық нормалардың мемлекеттің барлық аумағына, барлық халықтарына міндетті күші бар басқа нормалардың міндетті күші тек ұйымдардың мүшелерін қамтиды.

3. Құқықтық нормалар жеке адамдардың және қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтиды; басқа нормалар жеке ұйымдардың, бірлестіктердің мақсатын қамтиды.

4. Құқықтық нормалардың орындалуын мемлекеттік органдар бақылап отырады; басқа нормаларға мемлекеттің қатысы жоқ, олардың орындалуын ұйымдар, бірлестіктер бақылайды.

Сонымен, құқық дегеніміз адам мен қоғамның объективтік құрылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, ресми құжаттарда формалды түрде анықталған, мемлекеттік күшімен қамтамасыз етілетін нормалардың жиынтығы.

Қоғамның өмірінде белсенді жұмыс атқаратын құқықтың функциялары. Оның бағыттары толып жатыр. Ең күрделі бағыты мемлекетпен бірлесіп жұмыс жасау. Өйткені, мемлекеттің жұмысының мазмұны, бағыты нормативтік актілерде көрсетіліп, анықталып отырады. Құқықтың негізгі функцияларының түрлері.:

1. Қоғамның әр саласына сәйкес құқық, тың экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, тәрбиелік, экологиялық, қаржылық т.б. функциялары болады.

2. Мемлекеттік биліктің үш түріне сәйкес құқықтың да үш функциясы болады: заң шығару, заңды орындау, заңды қорғау.

Құқықтың бұл екі топтағы функциялары мемлекеттің функцияларымен сәйкес келеді. Сонымен бірге құқықтың өзіне тән екі міндеттері болады: қоғамдағы қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, орындалуын тездету және қатынастардың байланысын бақылап, қорғап отыру. Міне, осы міндеттерге сәйкес құқықтың өзіне тән екі функциясы болады: реттеу және қорғау.

Құқықтың реттеу функциясы нормативтік актілер арқылы қоғамдық қатынастардың байланысын, орындалу жолдарын, бағыттарын анықтап отыру. Бұл функция екі әдіс-тәсілмен орындалады: біріншісі – құқықтық нормада қатынастың орындалу жолдарын, бағытын көрсету; екіншісі – нормативтік актіде субъектілерге толық бостандық беру, дұрыс орындалу бағытын көрсету.

Құқықтың қорғау функциясы – нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым салу. Бұл функцияның әдіс-тәсілдері;

- қоғамдағы қатынастардың дұрыс орындалуын бақылау;
- құқықты нормада тыйым салудың себептерін көрсету;
- жауапкершіліктің түрін көрсету;
- жасаған қателіктері үшін субъектілерді жауапқа тарту.

Сонымен, құқықтың функциясы дегеніміз – адамдардың іс-әрекетіне, мінезіне, тәртібіне нормативтік актілердің жасайтын ықпалы мен әсері, сол арқылы қатынастардың дұрыс, уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

Құқықтың мазмұнына, нысанына, белгі-нышандарына, функцияларына, қағидаларына жан-жақты түсінік беруді аяқтап, енді құқықтың қоғамдағы құндылығына қысқаша тоқтала кетейік. Құқықсыз қоғам дұрыс, прогрестік жолмен жақсы дами алмайды. Құқық пен мемлекет қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, дұрыс басқарып, дамытып келеді. Бұл объективтік процесс. Құқықтың әлеуметтік құндылығы:

1. Құқық адамдардың іс-әрекетінің, жүйесінің нақты келісімді, тұрақты, жақсы орындалуын қамтамасыз етеді. Құқық қоғамдық тәртіпті дамытып, нығайтып, қоғамдық мүдде-мақсаттың жақсы орындалуына мүмкіншілік жасайды.

2. Құқық адамдардың өзара қатынасын дұрыс реттеп, дұрыс басқарып олардың мінезінің, тәртібінің, сана-сезімінің, іс-әрекетінің жақсаруына мүмкіншілік жасап, сол арқылы қоғамның дамуын жақсартып отырады.

3. Құқықтың құндылығы адамдардың бостандығын, тендігін қалып-

тастырып, қорғауында. Құқық пен бостандық бір-бірімен тығыз байланысты. Құқық бостандықтың, теңдіктің шеңберін, шекарасын үнемі анықтап, бақылап отырады.

4. Құқық қоғамдағы әділеттікті жақтап, бақылап отырады. Сондықтан, халық арасына кең тараған мақал бар: “Құқық қағаз жүзіндегі әділеттік, бостандық, теңдік”. Құқық пен әділеттік байланысының, бірлігінің тереңдігі сонда, егер қоғамдағы барлық жүйелері әділеттікке қатаң бақылау жүргізсе.

5. Құқық қоғамдағы барлық прогрестік дамудың негізгі құралы. Азаматтық қоғамды, демократиялық мемлекетті құрудың бірден-бір даңғыл жолы. Бұл дүние жүзінің мемлекеттерінің тәжірибесінен қалыптасқан шындық.

6. Құқық халықаралық қатынастың, байланыстың қайнар көзі-бұлағы. Дүниежүзілік экологияны жақсартудың құралы.

Сонымен, құқық қоғамда зор қызмет атқарады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларына, жеке адамның өміріне өзіне тән әдістерімен дұрыс жағымды әсер етеді. Құқықтың саяси қызметі мемлекет органдарының қалыптасу, қызмет істеу, атқару тәртібін анықтаудан, саяси партиялардың, бірлестіктердің, ұжымдардың ұйымдастырылуына жол ашудан, азаматтардың құқықтарын пайдалануына мүмкіндік туғызудан байқалады. Құқық қоғамдағы барлық кәсіпорындардың жұмысын тікелей реттеп, жөнге салып отырады. Демек, құқық саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тәрбие құбылыстың барлық салаларын реттеп, жөнге салып отыратын құрал болып есептеледі. Құқық мемлекетті, қоғамды, азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады. Осыларға қоса құқық заңды бұзудың, алдын-алу қызметін де атқарады.

10 – тақырып. ҚҰҚЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ

Құқықтың заңды типологиясы, оның түсінігі мемлекет және құқық теориясының аса күрделі категорияларына жатады. Құқықтың заңды типологиясының ерекшеліктері қоғамның экономикалық формациясының сипатымен, мазмұнымен анықталады. Заңды типология қоғаммен бірге үзіліссіз объективтік даму процесінде болады. Бұл процесте қоғамның мазмұны өзгерсе соған сәйкес құқықтың заңды типологиясы да өзгереді. Құқықтың түрлерін анықтау, типке жіктеу оның тарихи даму процесін дұрыс түсіну үшін қажет.

Қазіргі заманда құқықтың мазмұнын анықтап, түрге жіктеудің екі жолы бар: формациялық және цивилизациялық. Кеңестік дәуірде елімізде формациялық бағытты қолданып, құқық пен мемлекеттің типологиясын марксистік теорияның пікіріне сәйкес түсініп келдік. Бұл теорияның пікірі бойынша құқық пен мемлекеттің мазмұны, нысаны, түрі қоғамның экономикалық базисына байланысты. Қоғамның диалектикалық даму процесінің әр формациясында әр түрлі экономикалық базис болады. Соған сәйкес мемлекет пен құқықтың мазмұны да өзгеріп отырады – деп түсіндіреді марксизм. Құқықтың заңды типологиясы қоғамның экономикалық материалдық базисына сәйкес нормативтік актілердің таптық мазмұнын анықтап, олардың атқаратын қызметтерінің бағытын белгілеу.

Марксистік теорияның құлиелену, феодалдық, буржуазиялық (XIX ғасырдың ортасына дейін) формациялардағы құқық пен мемлекеттің мазмұнын, типін, түрін түсіндіру пікірі ғылыми тұрғыдан дұрыс. Ал, XIX ғасырдың ортасынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі құқық пен мемлекеттің типологиясын түсінуге марксистік пікірді қолдануға болмайды. Себебі бұл кезеңде буржуазиялық құқық пен мемлекеттің мазмұны, нысаны, типі күрт өзгерді: либерал-демократиялық саяси жүйесі қалыптасты, адамдардың бостандығы, құқықтары жақсы дамыды. Өкінішке орай мемлекет пен құқық туралы марксистік теория социалистік елдерде догмаға айналып, олардың мазмұнын, типологиясын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсінуге мүмкіншілік болмады. Сол себепті социалистік жүйе дағдарысқа ұшырап, көпшілігі жаңа нарықты экономикалық жүйеге көшті.

Марксистік теорияның бұл кемшіліктеріне қарап бетті мүлдем теріс бұруға болмайды. Адам қоғамының объективтік даму заңдарын түсінуге әсіресе өткен формациялардың тарихын жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеп білуге бұл теорияның маңызы өте зор.

Формациялық типология құқықтың қанаушы үстемдік таптың мүдде–

мақсатын **қорғаудың үш түрі болды деп түсіндіреді**: көне дәуірдегі құқық, феодалдық құқық, буржуазиялық құқық. **Құқықтың алғашқы тарихи типі** – көне замандағы Египет, Үндістан, Қытай, Персия, Греция, Рим мемлекеттерінде болған құлиеленушілер құқығы. Оның негізгі ерекшеліктері құлдар адам қатарына саналмаған, толығымен құлиеленушілер табының меншігінде, кожасы мүлік ретінде сайып, айыр-бастап жіберуге ерікті. Құқық құлиеленушілердің экономикалық саяси мүддесін, өкіметі мен байлығын қорғайды. Жеке меншікке қол сұғу аяусыз жазаланып отырды.

Құлиеленушілер дәуірі өтіп феодалдық қоғам орнауына байланысты **құқықтың тарихи екінші типі феодалдық құқық болды**. Оның нормалары үстем тап-помещиктердің мүдделерін заңға айналдырып, өкімет билігі мен жер-су, басқа өндіріс құрал-жабдықтарға феодалдық жеке меншікті сақтауға қызмет етті. Феодалдық құқық бойынша қоғам мүшелері 3 сословиеге бөлінді: дворяндар, жер иеленуші феодалдар, басыбайлы шаруалар мен қала халқы. Заң бойынша бұлардың құқықтары бірдей болуы мүмкін емес. Барлық құқықтар мен бостандықтар, дәулет пен дәреже жер иеленушілер қолында. Феодалдық қоғамда құқықта діни ережелер үлкен орын алады. Мысалы, мұсылман діні тараған елдерде құранды бұзушылар да мемлекеттік жазаға тартылып отырды.

Буржуазиялық құқық қорғаушы таптар құқығының тарихи үшінші типі. Оның мақсаты – капиталистік қоғамның мемлекеттік құрылысын үстем тап-буржуазияның мүддесін барынша қорғап заң жүзінде іске асырып отырады. Буржуазиялық құқықтың басты өзгешіліктері: 1) ол капиталистік жеке меншікті адамның негізгі және қажетті құқығы деп санайды; 2) қоғам мүшелері заң алдында тең құқылы деп жариялайды, бірақ еңбекшілер үшін жарияланған теңдік пен бостандықтар сайып келгенде қағаз жүзінде қалып отырды. Бұл саяси жүйе XIX ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Ғылыми-техникалық прогресс кезінде дамыған капиталистік елдерде либерал-демократиялық саяси жүйе қалыптасып, адамдардың бостандығы мен құқықтары едәуір жақсы дамып, дамушы елдерге үлгі болуда.

Құқықтың заңды типологиясының **екінші түрі – цивилизациялық бағыт**. Оның негізгі мазмұны құқықтың, мемлекеттің типтерінің өзгеруіне экономикалық базистың өзгеруі жеткіліксіз дейді. Оған қоса қоғамның мәдени-рухани жүйелері жақсы дамып, олардың сапасының жоғары деңгейде болуы қажет деп түсіндіреді. Бұл пікірді ғалымдар-заңгерлердің көпшілігі қолдап отыр. Цивилизациялық пікір құқықтың типін, түрін анық-

таудағы әдіс-тәсілдері формациялық көзқарастан басқаша. Әлемдегі елдердің экономикалық даму тұрғысынан **5–түрге бөледі**: үйреншікті жай қоғам, өтпелі кезеңнің қоғамы, даму деңгейі төмен қоғам, дамушы елдер қоғамы, дамыған елдер қоғамы (бұл американдық политолог Уолт Ростау пікірі). Ол дамыған елдердің құқығы мен мемлекетін бірнеше түрге бөледі: технологиялық, индустриалдық, постиндустриалдық мемлекеттер мен құқықтар.

Бес түрлі қоғамның даму уақытын да жобалап көрсеткен. Қоғамның бірінші түрі – ауыл шаруашылықтың экономикада басым кезі. Екінші түрі – өндірістің ептеп өмірге келе бастауы. Үшінші түрі – техниканың өндірісте және ауылшаруашылығында қолдана бастауы. Төртінші түрі – техникалық қоғамның барлық саласында қолдануы. Бесінші – ғылыми-техникалық прогресс арқылы қоғамның қарқынды түрде дамуы. Міне, осы 5 кезеңде – 5 түрлі құқық пен мемлекеттің бес типологиясы болды.

Әлемдегі мемлекеттердің саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік, географиялық т.б. ұқсастығына қарай заңды типологияны 20 түрге бөлуге болады. Бұл англияның ғалымы А. Тойнби пікірі. Сонымен, құқықтың заңды типологиясын түсінуде формациялық және цивилизациялық тәсілдерді біріктіріп зерттегенде ғана ғылыми дұрыс қорытынды, тұжырым жасауға болады.

Құқықтың хронологиялық типологиясы да болады: көне дәуірдің құқығы, орта ғасыр құқығы, жаңа дәуірдегі құқық, қазіргі замандағы құқық. Олардың өздерінің әдіс-тәсілдері болады. Сол арқылы әр дәуірдегі құқықтың мазмұны мен нысанын, түрлері мен типологиясын анықтап отыруға болады. Қоғамның құқықтық жүйесінің элементтері: заң ғылымы, құқықтық түсініктер, құқықтық әдіс-тәсілдер.

Сонымен, қазіргі замандағы құқық пен мемлекет мазмұны да, типологиясы да көп өзгеріске ұшырады. Олардың қанаушылық, таптық мазмұндары бірте-бірте азаюда, жойылуда. Таптардың, топтардың ара қатынасындағы қайшылықтар бейбітшілік жолмен тіл табысып, шешімін табуда. Таптық, қанаушылық, құқық пен мемлекет әлеуметтік құқық пен мемлекетке айналууда.

Нарықтық экономика жүйесінде қоғамдық қатынастарды реттеуде рыноктың заңдарының маңызы, рөлі күшеюде, әсіресе сұраныс пен ұсыныстың бұл процесте маңызды рөл атқаруы. Нарықтық экономиканың бір ғажабы – мемлекеттің әкімшілік функциясы азайған сайын қоғамның кірісінің көбеюі, экономиканың нығаюы, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы анық байқалды.

Либералдық-демократиялық құқық адамдардың өміріне, жұмысына, іс-әрекетіне, бостандығына араласпауға, кіріспеуге қатаң мемлекеттік саясатқа айналдырып отыр. Керісінше, мемлекеттің қызметі нормативтік актілер арқылы халықтың бақылауында.

Қоғамда демократияның, бостандықтың сапасы жақсарған сайын мемлекет пен құқықтың да жағдайлары тұрақтанып, күшейе беруге тиіс, көп мәселелер адамдардың, ұйымдардың өздерінің реттеп-басқаруына ауысып отырады. Осылай құқық пен мемлекеттің мазмұны мен нысаны, типологиясы мен түрі, қызметі халықтың мінез-құлқы, сана-сезімі, іс-әрекетімен қалыптасып, қоғамның жақсы дамуына мүмкіншілік туады.

Қазіргі заманда заңды типологиялық жіктеудің маңызы өте зор. XX ғасырда құқық жүйесі үш есе өсіп екі жүзге жақындады. **Типология – заңдарды немесе құбылыстарды қандай да болмасын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу.**

Типологияның негізгі міндеті – дүние жүзіндегі көп ұлттық, аспектілік, көп түрлі құқықтық жүйелердің тарихи дамуын, саяси, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми жүйеге қалыптастыру. Мұның негіздері – дүние жүзінің құқықтық картасы, құқықтық тарихи типі, ұлттық құқықтық жүйелері.

Құқықтық жүйелерді жіктеу, оларға сипаттама берудің бірнеше жолдары, түрлері болады. Бұлардың ішіндегі ең негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік т.б. сала жүйеге бөліп қалыптастыру, сол арқылы әр елдің құқықтық жүйелерінің айырмашылығын, ара жіктерін анықтау.

Құқықтың жүйесі бір елдің нормативтік актілерін сала-салаға бөліп жіктеу. Құқықтық жүйе ұлттық көлемде барлық нормаларды біріктіріп, оның мазмұнын, белгілерін, қағидаларын, функцияларын т.б. ерекшеліктерін анықтау.

Құқықтық типологияны қалыптастыратын құбылыстар: ұлттық құқықтық жүйе, құқықтың тарихи типтері және құқықтық жүйелердің мазмұндарының ұқсастығы (құқықтық «семья»).

1. Ұлттық құқықтық жүйе – бір елдің шеңберінде экономикалық, саяси, тарихи және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасқан құқықтық жүйе. Сонымен бірге бұл жүйе өз елінің рухани, мәдени, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін де бірлестіре дамиды. Бұл құқықтық жүйенің құндылығы осы ұлттық өзгешеліктерді, ерекшеліктерді ескере отырып бірлестіре отырып қалыптасуында.

2. Құқықтық “семьялық” жүйе – құқықтық нормалардың мазмұнына қарай бірлестіріп, жүйелеу. Бұл жүйелеуге бір немесе бірнеше дәуірдің

құқықтық нормалары кіруі мүмкін. “Семьялық” жүйелеудің үш негізгі компоненті болады: құқық жүйесі, тәжірибе және құқықтық сана. Бұл үш элемент құқықтық “семьяда” міндетті түрде болуға тиіс. Әр елдің ұлттық экономикалық, саяси, тарихи, мәдени т.б. ерекшеліктеріне сәйкес дамып, қалыптасқан құқықтық жүйеде, оның “семьялық” мазмұны айқын көрініп бір заңды типологияны құрастырады.

3. Құқықтың тарихи типтері – қоғамның, экономикалық, саяси, рухани-мәдени бірлестіктері арқылы қалыптасатын құқықтық жүйе. Бұл туралы бірнеше пікір бар. Марксизм құқықтың түрін таптық құрылыспен және экономикалық жағдайлармен байланыстырады, сондықтан, құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік құқықтың түрлері болады деп түсіндіреді. Дүниежүзінің заң ғылымдарының пікірі – құқықтың өзгеруіне тек экономикалық базистің өзгеруі жеткіліксіз. Оған қоса қоғамның саяси, рухани, мәдени негіздері өзгеруге тиіс. Сонда ғана құқық жаңарып жаңа заңды құқықтық типология қалыптасады.

4. Бұл пікірдің қорытынды тұжырымы бойынша құқықтың тарихи төрт түрі болады: ежелгі дәуірдегі құқық жүйесі, орта ғасырлардағы құқық жүйесі, жаңа ғасырлардағы құқық жүйесі қазіргі замандағы құқық жүйесі.

5. Ғаламдық құқықтық типология – қазіргі замандағы дүниежүзілік көлемде құқықтық жүйелердің бірлестігі мен дербестігін зерттеп, олардың бір бағытта дұрыс дамуына ғылыми тұрғыдан мүмкіншілік жасауда. Оның негізгі бағыты дүниежүзілік қоғамның саяси-экономикалық құрылысын, дамуын жақындастыру. Бұл ғаламдық құқықтық типологияны қалыптастырудың негізгі критеріі болуға тиіс. Осы процесс арқылы бірнеше мәселе анықталуға тиіс: бірінші – ұлттық құқықтық жүйелердің әлемдік көлемде пайдалануға болатын нышан-белгілері; екінші – жартылай (бірнеше мемлекеттердің бірігуі) пайдалануға болатын белгілер; үшінші – құқықтың семьялық жүйе көлемінде пайдалануға болатын белгілер; төртінші – тек ұлттық құқықтық жүйе шеңберінде ғана дамитын құқық жүйесі. Бұлардың, алғы үшеуі ғаламдық құқықтық типологияны қалыптастырудың негізгі бағыттары.

Қазіргі заманда ұлттық құқықтық жүйелер объективтік прогрестік жолмен дамып, соған сәйкес заңды типологияның мазмұны да өзгеруде:

- құқықтың негізгі бағыты халықтың әлеуметтік жағдайы және адамдардың денсаулығына бет бұру;

- әлемдік глобалдық проблемалардың барлық мемлекеттерді біріктіруі, сол арқылы құқықтық жүйелердің өзара бірігіп дамуы;

– құқықтық мемлекетті қалыптастыру дүниежүзілік мүдде-мақсатқа айналуы.

Сонымен, заңды типология – әлемнің құқықтық қатынасына көп аспектілі, көп қырлы жіктеп анализ берудің алғы шарты. Философиялық тұрғыдан заңды типология құқықтың тарихи типтерінің бірлестігін, құқықтық семьяның ерекше маңыздылығын, ұлттық құқықтық жүйесінің бірлігін көрсетеді.

Сондықтан, құқықтың мазмұны өзгеру үшін тек базистың өзгергені жеткіліксіз, оған қоса қоғамның мәдениеті, рухани сана-сезімі де дамып, өзгеруі керек. Қазіргі заманда дүние жүзінің ғалымдары толығымен цивилизациялық пікірді дұрыс деп, қолдауда. Цивилизациялық көзқарас қоғамның, сонымен бірге адамның рухани сана-сезімін, мәдениетінің деңгейін бірге зерттейді және таптық мүдде-мақсатты қоғамдық мүдде-мақсатпен біріктіріп зерттейді.

11 – тақырып. ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАРЫ

Әлеуметтік нормалар тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан әлеуметтік топтар мен жеке адамдар іс-әрекеттерін реттейтін талаптар. Әлеуметтік нормалардың үш ерекшеліктері бар: 1) қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттерге ынталанудан шығады (мақсат, ой-арман, рухани құндылық т.б.); 2) белгілі бір жүйеге сәйкес келетін, міндетті түрде орындалатын тәртіптің түрі мен шегін көрсетеді; 3) қоғамдық ұйғарымның (санкцияның) негізі болуы керек.

Әлеуметтік нормалардың мәнін ғылыми жолмен түсіну үшін, ең алдымен, оларды қоғамның тарихи дамуының жемісі деп ұғыну керек. Марксизм ілімі адамдардың іс-әрекеті мен әлеуметтік нормалардың арасындағы байланыстың өте күрделі диалектикалық сырын ашып, қоғам дамуының негізі экономикалық өмірге тәуелді екендігін ғылыми дәйектілікпен дәлелдеп берді. Әр түрлі қоғамдық экономикалық формациялардың өздеріне тән әлеуметтік нормалары қалыптасады да, олардың құрамы мен элементтерінің арақатынастарында ерекшеліктер болады. Бір қоғамдық-экономикалық формацияның қалыптасуына сәйкес әлеуметтік нормалардың кейбір компоненттерінің өзгеріп отыруына қарамастан, тарих сахнасына шыққан жаңа ұрпақтар оны дайын күйінде қабылдап, болашақ іс-әрекеттің қажетті құралы ретінде пайдаланады. Әрбір қоғамдағы әлеуметтік әртүрлі саланы қамтып, олардың жиынтығы сол қоғамдағы әлеуметтік нормалардың тұтас жүйесін құрайды.

Әлеуметтік нормалар қоғам алдындағы тарихи міндеттерін атқару үшін, олардың негізгі компоненттері қоғамның белгілі бір даму кезеңіне сәйкес келуі қажет. Қоғамның дамуының белгілі бір кезеңінде кейбір әлеуметтік норма мен қоғамдық практика туғызған нормалардың араларында сәйкессіздік болады. Мұндай сәйкессіздік әсіресе діни нормалар мен адамдардың күнделікті іс-әрекеттерінен айқын көрінеді. Кең түрде алғанда әлеуметтік нормаларға дәстүр, әдет-ғұрып, моралдық және құқықтық нормалар, саяси, діни, эстетикалық қағидалар және ұйымдастыру-техникалық ережелері жатады. Әлеуметтік нормалардың компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты. Жеке адамдардың әлеуметтік нормаларды қабылдап, ішкі сенім-ниетіне айналдыруы – қоғамдық тәрбиенің ең бір маңызды саласы.

Әлеуметтік нормаларды қабылдауға бейімдеу жолдарының бірі – нормаларды саналы түрде меңгеру, бұл процестің екінші практикалық жағы – сол нормаларды сыртқы талаптан адамның ішкі қажеттілігіне, норма-

сына, дағдысына айналдыру. Тарихи қалыптасқан әлеуметтік және қоғамдық ұйымдар туғызған нормалар жаңа қоғамдық қатынастарды жетілдіруге, болашақ адамдардың санасының қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Қоғамдағы әлеуметтік тәртіптің дамып нығаюына сан-қырлы құбылыстар мен толып жатқан факторлар өздерінің әсерін тигізіп жатады. Оларды үш топқа бөлуге болады:

- табиғи құбылыс, факторлардың, уақиғалардың тигізетін әсерлері: демографиялық процестер, халықтың миграциясы, адамдардың өмір сүруінің ұзаққа созылуы, егіннің жақсы өнім беруі т.б.;

- нормативтік актілердің ерікті түрде жақсы орындалуы;

- адамдардың өзара қатынастарын сапалы орындауы. Қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқаратын нормаларды төрт топқа бөледі:

- табиғи нормалар – ғылыми тұрғыдан зерттеліп, тәжірибеден өткен ұсыныстар. Мұндай ұсыныстарды ғылыми нормалар деп те атайды;

- ғылыми-зерттеуден өткен, тексерілген техникалық және табиғи ережелер, инструкциялар;

- әлеуметтік нормалардың көпшілігі осы топқа жатады;

- құқықтық нормалар.

Қоғамдағы көптеген қарым-қатынастарды реттеп басқарып отыратын негізгі құрал – әлеуметтік нормалар. Олар қоғамның дағдарысқа ұшырамай, біркелкі дұрыс дамуын қамтамасыз етіп отырады. Бұл объективтік процесс. Әлеуметтік нормалар көне заманнан адам қоғамымен бірге өмір сүріп, диалектикалық процесс арқылы дамып, нығайып келеді. Әлеуметтік нормалар арқылы қоғамдағы қатынастардың өзара байланысы өзгеріп, жаңарып, дамып жатады. Сол арқылы қоғамның өзгеруі, жаңаруы прогрестік жолмен дамып жатады.

Әлеуметтік нормалардың белгі-нышандары:

1. Әлеуметтік нормалар адамдардың іс-әрекетінің мінезінің, тәртібінің қоғамдық ережесі. Жеке адамдар ұжымдар, бірлестіктер, одақтар, ұйымдар осы ережеге сәйкес өмір сүруге, жұмыс жасауға тырысады.

2. Әлеуметтік нормалар – қоғамдық дәрежедегі ереже, бұл нормаларды дұрыс, жақсы орындау бар азаматтардың, барлық ұйымдардың негізгі міндеті, орындамаса халықтың сөгісіне, сынына душар болады, жауапкершілікке тартылады.

3. Әлеуметтік нормалар – жай ғана ереже емес, ол қоғамдық міндетті түрдегі ереже. Ерікті түрде орындалмаса еріксіз орындалуға тиіс ереже. Бұл қасиет қоғамның миллиондаған жылдар даму тәжірибесімен тексеріліп, сарапталып, қалыптасқан нормалар.

Міне, осы көрсетілген белгі-нышандары, ерекшеліктері арқылы әлеуметтік нормалар қоғамды басқарудың, қатынастарды реттеудің негізгі құралына айналды. Әлеуметтік нормалардың негізгі түрлері:

- құқық нормасы;
- моралдық нормалар – жақсы-жаман, дұрыс-бұрыс, әділеттік-әділетсіздік, достық, инабаттылық, парасаттылық, адамгершілік т.б. қасиеттер;
- саяси нормалар;
- эстетикалық нормалар;
- қоғамдық ұйым, ұжымдардың ереже-қағидалары;
- әдет-ғұрып нормалары – адамдардың көне дәуірден қалыптасқан жақсы қасиеттері мен жақсы іс-әрекеттері;
- салт-дәстүр нормалары – әр ұлттың, әр халықтың өздерінің ерекшеліктерінен қалыптасатын дәстүрлері болады. Мысалы: той өткізу, үйлену, ат шаптыру, көкпар тарту, қыз қуу т.б. дәстүрлері;
- діни, имандылық, инабаттылық нормалар.

Осы әлеуметтік нормалар біріге келе – адамдардың қоғамдық өмір сүруінің ережесі деп аталады әлеуметтік норма – қоғамдағы адамдардың, ұйымдардың, ұжымдардың ара қатынасының, іс-әрекетінің, мінез-тәртібінің ережесі.

Әлеуметтік нормалар өздерінің дербестігімен бірге өзара тығыз байланыста дамиды. Себебі, олар бір экономикалық базисты, бір қоғамдық саясатты, бір әлеуметтік тұрмысты, бір мәдениетті, бір мүдде-мақсатты қорғап, дамытады.

Әлеуметтік нормалардың мазмұнын екі тұрғыдан түсіну керек: **біріншісі** – қоғамдық мүдде-мақсатты орындау, іске асыру бағыты; **екіншісі** – жеке адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, дамыту бағыты. Бұл объективтік бірлестік. Өмірде біржақты әлеуметтік норма болмайды. Әлеуметтік нормалардың өмірге келу себептері қоғамның объективтік даму процесінде жаңа қарым-қатынастар қалыптасады. Бұл объективтік процесс. Сол арқылы жаңа құқықтық норма қабылданады. Бұл субъективтік процесс.

Сонымен, әлеуметтік норма – қоғам қабылдаған адамдардың мінез-құлқының, іс-әрекетінің, тәртібінің ережелері мен оларды реттеп-басқару нормалардың жиынтығы.

Құқықтық нормалар әлеуметтік нормалардың ең күрделісі, ең көлемдісі, ең маңыздысы. Құқық адамзаттың әділдік және азаттық идеяларына негізделіп, көбінесе заңдарда баянды етілетін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі.

Көне заманнан ғалымдар құқықтың мәні мен мазмұнын түсінбекші болып, оған сан қилы анықтамалар берген. Оның түсінігі мен мәнін анықтаудың үш пікірін айтуға болады: 1) нормативті тұрғыдан қарау бойынша – құқықты заң нормаларының жүйесі деп санау; 2) социологиялық тұрғыдан қарау бойынша – құқықты реттелетін қоғамдық қатынастармен ұқсас деп санау; 3) философиялық тұрғыдан қарау бойынша – құқықты бостандық пен әділдік деңгейімен байланыстыру.

Құқыққа социологиялық және философиялық тұрғыдан қарағанда ол өте кең түсінік болып, оған құқық нормаларымен қатар құқықтық сана, құқықтық қатынастар да жатады. Құқықтың үш тірегі бар: қоғамның материалдық деңгейі, мемлекет және имандылық. Адамзаттың өмір сүруі өндіріске, қоғамның экономикалық жағдайына байланысты. Өндіріс – экономика тиімді, нәтижелі болу үшін оны ұйымдастыру, оның дамуына қажетті жағдай жасау керек. Бұл мүдде-мақсатты шешуде құқық өте зор жұмыс атқарады. Соның нәтижесінде құқықтың өзі де өзгереді, дамиды, өндірістік қатынастарды реттеуге бейімделеді.

Құқық нормаларының талаптары өздігінен жүзеге аспайды. Оларды іске асыру үшін, талаптарын орындау үшін мемлекет түрлі әдістермен сан-алуан қызмет атқарады. Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі жеке және заңды тұлғаларға тиісті шаралар қолдана алады. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы – мемлекет.

Құқықтың тағы бір тірегі – имандылық. Имандылықтың өзі де адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін күш, бірақ оның талаптары заң емес. Имандылықтың ең күшті құралы – жұртшылықтың пікірі. Құқықта теріс қылықтарға тыйым салады, кінәлі адамдарды жауапқа тартады. Құқық имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық талаптарға сәйкес келсе, соғұрлым олардың, сапасы да, абыройы да жоғары болады.

Сонымен, құқық нормалары арқылы мемлекет имандылық, талаптарына ресми мағына береді, соның нәтижесінде қоғамдық қатынастарды реттейді. Құқық құзыретінің шеңбері имандылықтың шеңберінен анағұрлым кең. Құқықтың белгі-нышандары;

1. Құқық жазылған нормалардан тұрады. Құқықтық норманы мемлекеттік органдар қабылдайды, бекітеді, басқа нормаларды қоғамдық ұйымдар қабылдайды. Нормативтік дегеніміз – адамдардың ой жүйесін, қоғамдық өмірін тәртіптеу, соның нәтижесінде белгілі ережелерге бағындыру.

2. Құқық әділдік және бостандық идеяларын білдіреді. Бостандық – адамнан ажыратылмайтын қасиет. Тек бостандық болса ғана адам лайықты өмір сүре алады. Әділеттік ерте заманнан келе жатқан әлеуметтік, моралдық принцип және норма.

3. Құқықты бейнелейтін объектілері болады. Олар – билік, мемлекет, қоғамдағы тәртіп, әділдік, бостандық, демократия солар арқылы жүзеге асырылады.

4. Құқықтың формалды анықтылығы. Заңдарда бекітілген нормативті нұсқаулар ерекше қасиетке ие болады. Ол формалды анықтылық. Оның белгілері: айқындығы, бір мағыналылығы, қысқалығы. Бұл құқық субъектісінің не нәрсені істеуге болады, нені болмайтындығын білуіне ыңғайлы, қолайлы.

5. Құқықтық нормалар қоғамдағы қатынастардың басым көпшілігін реттеп, басқарады. Басқа нормалардың үлесі аз.

6. Құқықтық нормалардың орындалуы ерікті-еріксіз түрде жүргізіледі. Басқа нормалар тек ерікті түрде орындалады.

Әлеуметтік нормалар құқықтық норманың дамуына, орындалуына, нығаюына өте зор әсер етеді, ықпал жасайды. Жаңа заңның жобасы алдымен көп жылдар әлеуметтік нормалар саласында жан-жақты тексеріліп, содан кейін мемлекеттік заңға айналады. Заңды, жаңа норманың жобасын дұрыс талқылап, бекітуге, қабылдауға да өмірлік тәжірибе көп әсер етеді. Заң қабылданып, оны орындау процесінде де көп жылдық әлеуметтік нормалардың тәжірибесі көмек береді.

Сонымен, әлеуметтік нормалар бір-бірімен тығыз байланыста дамып, өзгеріп, жаңарып нығайып отырады. Әсіресе бұл байланыс құқықтық нормалар арасында тығыз түрде дамиды.

Өмірлік тәжірибеден қалыптасқан норманы моралдық норма дейді. Бұл нормалар жалпы қоғам көлемінде тексеріліп, қабылданады. Мысалы, не жақсы – не жаман, не дұрыс – не бұрыс деген ұғымды қоғам береді, өмір, тәжірибе қалыптастырады.

Құқық пен моралдың ара қатынасы өте күрделі процесс. Ол процесс төрт компоненттен тұрады: бірлігі, айырмашылығы, бірлесуі, дербестігі. Енді осы компоненттерге жеке-жеке тоқталық:

1. Құқық пен моралдың **бірлігі**:

- екеуі де әлеуметтік нормаға жатады;
- екеуі де бір саясатқа бағынады, сол саясатты орындауға үлес қосады;
- екеуі де бір мүдде-мақсатты орындауға қатысады;

– екеуі де адамгершілікті, әділеттікті, теңдікті, бостандықты жақтайды.

2. Құқық пен моралдың айырмашылығы:

– құқықтық нормаларды мемлекеттік органдар қабылдайды. Моралдық нормаларды ешқандай орган бекітпейді. Оларды қоғам, ұйым қабылдауы керек. Сонда ғана ол нормалар жақсы нәтиже береді;

– құқықтық норма ерікті орындалмаса, еріксіз орындалады. Моралдық норма тек ерікті түрде орындалады, т.б.;

– құқықтық норма заң немесе заңға тәуелді нормативтік акті болып бекітіледі. Моралдық норма ешқандай жазылмайды;

– құқықта заңды жауапкершілік болады. Моралда жоқ т.б.

3. Құқық пен моралдың өзара бірлестігі:

– олар бірлесіп заңдылықты, тәртіпті қорғайды;

– бірлесіп тәрбие жұмысын жүргізеді;

– бірлесіп инабаттылықты, парасаттылықты, дамытады т.б.

4. Құқық пен моралдың өзара дербестігі:

– құқық заңдылықты жақтаса, мораль этиканы, эстетиканы қорғайды;

– құқықта тыйым салу болса, моралда болмауы мүмкін;

– құқық құпия жұмыс жүргізуге, іс-әрекет жасауға рұқсат берсе. Мораль бұл істерге қарсы т.б.

Құқық әлеуметтік нормалардың басқа түрлерімен де қарым-қатынаста, байланыста, олар бір-біріне күнделікті жәрдем көрсетіп отырады.

Құқық пен әдет-ғұрып – әдет-ғұрып көне дәуірден тәжірибеден өткен қоғамға пайдалы нормалар, олардың біразы құқықтың негізіне айналды. Азаматтық, отбасы құқықтарына көптеген нормалар кірді. Азаматтық қоғамның көптеген қарым-қатынастарын әдет-ғұрып нормалармен реттеп-басқарады. Мемлекет пен құқық әдет-ғұрып нормаларға жан-жақты көмек көрсетіп отырады. Біраз нормаларды қабылдап, мемлекеттік күші бар нормаға айналдырып отырады.

Құқық пен салт-дәстүр – әр халықтың, әр ұлттың өздерінің салт-дәстүрлері болады. Мемлекет пен құқық оларға үнемі көмек көрсетіп, көп мәселені бірлесіп шешіп жатады. Әр ұлттың салт-дәстүрінің дамуына, мемлекет пен құқық әртүрлі барлық жасайды.

Құқық пен корпоративтік нормалар – қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, одақтардың, партиялардың ұжымдардың мүшелерінің арақатынастарын реттеп-басқаратын нормалар. Ол нормалар азаматтық қоғамның, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани да-

муына көп үлес қосады. Олар мемлекеттік органдармен көшпелігінде бірлесіп жұмыс жүргізеді.

Құқық пен діни нормалар – Діни нормалардың адамдарды, әсіресе жастарды инабаттылықта, парасаттылықта, адамгершілікте тәрбиелеуде өте зор іс атқарады. Сондықтан, діннің ашық өмір сүруіне толық бостандық беріліп отыр. Діни мекемелер заңды тұлға болуға құқысы бар, діни мейрамдарға да мүмкіншілік берілді.

Осы жоғарыда көрсетілген әлеуметтік нормалардың барлығына Қазақстан Республикасының Конституциясы Заңды түрде мемлекетпен бірге тәуелсіз, демократиялық, егеменді қоғам құруды – негізгі міндетіміз деп жариялап отыр.

Егерде құқықпен басқа әлеуметтік нормалардың арақатынасында келіспеушілік немесе қайшылықтар болса өзара келісімге келіп, бір-біріне зиян келтірмей реттеулері керек. Екі жақты бақылауға алып дұрыс, әділ шешімін табуға міндетті. Қатынастардың барлық түрлерінде бірінші орында жеке адамның бостандығы және қоғамның мүдде-мақсаты болуға тиісті.

Техникалық нормалар – адамдардың табиғатпен, техникамен дұрыс қатынас-байланыс жүргізу ережелері. Қазіргі заманда ғылыми-техникалық прогресс уақытында техникалық нормалардың маңызы өте зор. Табиғатпен байланыста, қоғамның барлық саласында техникасыз өмір жоқ. Сондықтан, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің алдындағы кезек күттірмейтін мәселелерінің ең күрделісі.

Техникалық нормалардың түрлері: құрылыс жұмысында техниканы қолдану нормалары; өндірістегі, ауыл-шаруашылығындағы техника қолдану нормалары; үй-жабдығындағы техника нормалары т.б. саладағы техникаларды қолдану нормалары. Техниканың барлық түрінде жеке-жеке қолдану ережесі болады, соны жақсы оқып білу керек. Табиғатты, адамды қоршаған ортаны жақсы біліп, сақтау керек. Экологияны жақсартуға үлес қосу керек.

Техникалық нормалар “адам – ұжым”, “адам – табиғат”, “адам – машина”, “адам – өндіріс”, “адам – техника” т.б. арасындағы қатынастарды реттеп-басқарады.

Құқықтану мамандарына бұл қатынастарды жан-жақты зерттеп, техникалық нормалардың қоғамдағы атқаратын рөлін анықтап, гуманизациялық маңызын-сапасын үнемі жақсартып отыру заңгерлердің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл проблема қазіргі ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде құқықтың ең күрделі, ең маңызды жүйесіне айналып отыр.

“Техникалық норма” деген құқықтың бұл жүйесін шектеу мағынасында көрсеткендей. Құқықтың бұл жүйесінің шеңбері өте кең, қоғамның барлық саласындағы қарым-қатынастармен байланысып жатады. Техникалық нормалардың түрлері мен бағыттары:

1. Техникалық нормативтік актілер, оның өзі бірнеше түрге бөлінеді: өндірістік, ауыл-шаруашылық, әскери, т.б. техникалық нормалар.

2. Технологиялық нормативтік актілер, мұның да бірнеше түрлері бар.

3. Экологиялық техникалық нормалар.

4. Табиғат, адамды қоршаған ортаны қорғайтын техникалық нормалар.

5. Отбасында пайдаланатын техникалық нормалар.

6. Халықтың денсаулығын сақтау бағытындағы техникалық нормалар.

7. Мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, ұжымдарда пайдаланатын техникалық нормалар.

8. Адамның еңбегін жеңілдететін, қорғайтын нормативтік актілер.

Міне, қоғамның осы негізгі салаларында техниканың, технологияның маңызы, рөлі жылдан-жылға қарқынды түрде өсуде. Осыған сәйкес техникалық нормалар да көбеюде. Ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде бұл процесс осы қарқынды түрде дамып қоғамның барлық саласын, бағытын қамтуға тиіс. Сондықтан, бұл процесті сапалы дамыту үшін құқықтық нормаларды уақытында қабылдап, оның бұл бағыттағы қатынастарды басқару-реттеу жұмыстарын жақсартуды талап етеді.

Құқықтың маңызы, рөлі, әсері, нормативтік актілер арқылы ғылыми-техникалық, технологиялық, экологиялық процестің сапасын көтеру еліміздің әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсарту. Бұл үшін мемлекет техникалық, технологиялық, өндірістік, санитарлы-гигиеналық нормаларды, ережелерді қабылдап, оларды жан-жақты тексерістен өткізіп стандартты сертификат беруі керек. **Стандарт** – заттың (техниканың) нормативтік сапасы мен сипаттамасы туралы мемлекет бекіткен заңды акт. Осы стандарт арқылы техникалық норманың сапасы тексеріліп отырады.

Техникалық норманың күрделі саласы – табиғатты қорғау нормалары. Адамды, қоршаған ортаны таза ұстау, оның табиғи дамуына зиян келтірмеу, экологияны жақсарту ғаламдық проблема. Сондықтан, дүниежүзіндегі барлық мемлекеттер бұл мәселеге зор көңіл бөліп, осы бағыттағы нормативтік актілерінің сапасын жақсартуда. Біріккен Ұлттар Ұйымы да (БҰҰ) бұл проблеманы қатаң бақылауға алып отыр.

Техникалық норманың екінші маңызды саласы – халықтың денсаулығын сақтау. Осы бағытта мемлекеттер көп жұмыс жасауда: адамдарға арналған азық-түліктің, дәрі-дәрмектің, медицинада қолданылатын техниканың сапасын жақсарту, еңбектің қауіпсіздігін, адамның рухани санасезімін, білімін көтеру т.б.

Қазіргі заманда техникалық, технологиялық, экологиялық процестерді жақсарту тек құқықтық норманың ғана міндетті емес, сонымен бірге бұл ғаламдық проблемаға әлеуметтік нормалардың барлық саласы және қоғамдағы барлық ғылымдар үлес қосуы керек. Бәрі бірігіп ғылыми-техникалық норманы, стандартты т.б. жұмыстарды жасап, қатаң бақылауға кірісіп отыр.

12 – тақырып. ҚҰҚЫҚ НЫСАНЫ

Құқық нысанын жақсы түсіну үшін әуелі философиялық категория “Мазмұн мен нысанды” жақсы білу қажет. Мазмұн – белгілі бір заттар мен құбылыстарды құрайтын элементтер мен процестердің жиынтығы. Ал нысан – мазмұнның өмір сүру тәсілі, оның құрылымы, ішкі түзілісі. Мазмұн мен нысан қандай құбылысқа болмасын іштей тән. Сондықтан, оларды бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Тек қалыптасқан, белгілі бір нысаны бар мазмұн ғана болмақ. Сол сияқты таза, мазмұнсыз нысан деген де болмайды. Нысан әрқашан да мазмұнды, мазмұн нысаналы келеді. Осы екі категорияның өзара қарым-қатынасында басты рөлді мазмұн атқарады. Мазмұн үнемі дамып, өзгеріп отырады. Мазмұнға сәйкес нысан да өзгерістерге ұшырайды. Мазмұн нысанды белгілейді. Бірақ нысан да мазмұннан қалыс қалмайды, өз тарапынан мазмұнға белсенді түрде әсер етеді. Жаңа, өзінің мазмұнына сай келетін нысан оның дамуына, ілгері басуына жәрдемдеседі. Ал өзінің мазмұнына сай келмейтін ескі нысан оның дамуына кедергі жасайды. Мазмұн мен нысанның арасындағы сәйкессіздік ескі нысанның орнын жаңа нысанның басуымен шешіледі.

Құқық осы философиялық категорияның заңдарына сәйкес дамып, өзгеріп отырады. Құқық әлеуметтік шындықтың объективтік құбылысының сыртқы нысаны. Ғылым құқықтың ішкі-сыртқы нысаны болады деп түсіндіреді: ішкі нысаны – құбылыстың құрылымын, жүйелік элементтерін көрсетеді; сыртқы нысаны – құбылыстарды құқықтық тұрғыдан анықталған заңды негіздердің жиынтығы.

“Құқықтың нысаны” және “құқықтың негізі” бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғым. Бірақ олардың айырмашылығы, ерекшеліктері бар. Нысан – құқықтың мазмұнының сыртқы көрінісін және өмір сүру тәсілін көрсетеді. Негіз – құқықтың мазмұнының қалыптасу негіздерін, себептерін, факторларын көрсетеді.

Құқықтық нормалардың негіздерінің үш түрі болады: материалдық, идеалдық, заңды. 1) материалдық негізге – қоғамдағы экономикалық базистың, меншіктердің талаптарына сәйкес қабылданған нормативтік актілер жатады; 2) идеалдық негізге – қоғамдық идеологияның, сананың талаптарына сәйкес қабылданған құқықтық нормалар; 3) заңды негізге – қоғам жақсы, сапалы дамуының талаптарына сәйкес қабылданған нормалар, құқықтық жүйелер. Бұл көрсетілген үш күрделі бағыттан басқа құқықтың негіздерінің тағы бірнеше түрлері бар: әдет-ғұрып, салт-

дәстүр, мораль, корпоративтік, діни, нормалар, заң ғылымының қорытынды ұсыныстары т.б.

Құқықтың негіздері құқықтың жақсы, сапалы дамуына зор әсер етеді. Керісінше, сапалы дамыған құқық өзінің негіздері мен нысандарына қолайлы жағдайлар жасап, қоғамды жақсы реттеп-басқаруды қамтамасыз етеді.

Құқықтың сапалы дамуына әсер ететін жағдайлар санқырлы болады: қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, ұлттық даму процесі, адамдардың рухани сана-сезімі, халықаралық, мемлекет аралық байланыстар т.б. Бұл процестердің құқыққа әсері іштей де, сырттай да, объективтік және субъективтік тұрғыдан да болып жатады. Олардың әсері әртүрлі деңгейде болады және өзгеріп отырады – бірде күшейіп, бірде бәсеңдеп, әсіресе елде экономикалық, әлеуметтік жағдай төмендесе, нашарласа халықтың қысымы, айғайы, тұрақсыздығы күшейеді. Осының бәрі құқықтың мазмұнына, негізіне, нысанына, сапасына көп әсер етеді. Бұл әсерлердің жақсылыққа апаруы да, жамандыққа ұшыратуы да мүмкін. Құқықтың негіздері мен нысанының сапасының деңгейіне қарап құқыққа, қоғамға баға беруге болады.

Құқықтың негіздері мен нысандары әр формацияда әртүрлі болады. Құлиелену формациясындағы құқықтың негіздері мен нысанының түрлері: діни, әдет-ғұрып, моралдық нормалар, лауазымды тұлғалардың нұсқаулары, доктриналдық талқылаулар. Феодалдық құқықтың негіздері мен нысандарының түрлері: “күштінің құқығы” – деген атақ (право сильного) берілген, діни нормалардың үстемдігі және соттың прецеденты, заңгер ғалымның еңбектері. Буржуазиялық құқықтың негіздері мен нысандары мемлекеттік басқаруды бірте-бірте күшейте отырып, қарым-қатынастардың басым көпшілігін құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқаруға көшті.

Сонымен, әр елде әртүрлі құқықтың негіздері мен нысандары қалыптасты. Бір елде парламенттің, екінші елде – президенттің, үкіметтің, үшінші елде – соттың, төртінші елде – діннің рөлі күшейіп отырды. Бәрі бірігіп құқықтың, мемлекеттің қоғамды басқаруын жақсартуға үлес қосты. Өйткені олар өзара байланыста болып, бір-бірінің жақсы заңды тәжірибелерін пайдаланып отырды.

Құқық нысаны – деген заңды ұғымды бірнеше ғасырлар бойы әлемдегі барлық мемлекеттер қолданып келеді. Құқықтың мазмұнының негізгі мәні мемлекеттік билікті іске асыру үшін, оны уақытында, сапалы орындау үшін қоғамның әр саласында санқырлы нормативтік актілер қабылданып жатады. Бұл нормалар мемлекеттік билікке қоса, қоғамның мүдде-

мақсатын, саясатын іске асырып отырады. Құқықтың нысандарының алдында осы күрделі үш мәселенің тұрғанын барлық халық, барлық қоғам біледі. Сондықтан, құқықтық нормаларды адамдардың, заңды тұлғалардың басым көпшілігі ерікті түрде орындайды. Бұл барлық мемлекеттердің, әсіресе дамыған елдердің, тәжірибесінен белгілі болып отыр.

Сонымен, құқық нысаны – мемлекеттік биліктің заңға, нормаға айналу түрлері. Бұл пікірді дүние жүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігі қолдайды.

Құқық нысаны туралы бұдан басқа тағы бірнеше пікір бар: бірінші – құқықтың өмірге келу жолдарын нысан дейді; екінші – мемлекеттік органдардың қабылдаған актілерін нысан дейді; үшінші – қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқаратын нормаларды құқықтық нысаны дейді. Бұлардың бәрінде шындық бар. Себебі құқықтың маңызы, рөлі, ықпалы саналуын. Мұның қайсысын алсаң да құқықтың неше түрлі маңызы, ықпалы, рөлі байқалады. Соның бәрі құқықтың нысаны.

Құқық нысанының белгі-нышандары, ерекшеліктері:

1. Қоғамның экономикалық базисына сәйкес қалыптасатын мүдде-мақсатты іске асыратын нормалар;
2. Халықтың саяси, әлеуметтік, мәдениеттік мақсаттарын іске асыратын нормалар.
3. Бостандықты, теңдікті, әділеттікті қорғайтын нормалар.
4. Заңдылықты, тәртіпті қатаң қорғайтын нормалар.

Құқық нысанының негізгі түрлері:

Құқықтық әдет-ғұрып. Бұл құқықтың негізгі қоғам тарихында мемлекеттің қалыптасу кезеңінде өмірге келген құқық нысаны. Әдет-ғұрып нормалары адамдардың қарым-қатынасында көп жылдар пайдаланып, өмірде жан-жақты тексеру, тәжірибе арқылы қалыптасты. Мысалы: Ману заңы, орыс правдасы, “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” т.б. Әдет-ғұрып нормалары арқылы қазіргі кезеңде де дамушы елдерде біраз қарым-қатынастар реттеліп, басқарылып жатады.

Әдет-ғұрып нормаларды қолдану жөнінде басым түрде бір пікір жоқ. Біраз мемлекеттер қарсы пікірде. Әлем көлеміндегі елдердің көпшілігі бұл нормаларды пайдаланып келеді. Оның ешқандай зияндығы жоқ деуге болады. Әдет-ғұрып нормаларын қолдануға мемлекеттік органның нұсқауы немесе рұқсат болса ол нормалар құқықтық әдет-ғұрыпқа айналады.

Әдет-ғұрыптың бірнеше түрі бар: әдет, әдептілік т.б. Әдет – адамның қажеттілігіне айналып қалыптасып кеткен тұрақты әрекет. Ешбір адам

өмірге жақсы немесе жаман әдетпен келмейді. Әдет өмір жемісі, тәрбие нәтижесі. Әдет жағымды, жағымсыз болып екіге бөлінеді. Әдеттілік – моралдың нормаларды жақсы орындау. Әдептілік өте қажетті қасиет, сезім мөлшерінің негізгі белгісі. Әдеттілік ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл, әділетті болу сияқты жалпы халықтық нормаларды да дұрыс атқара білуді керек етеді. Әдет-ғұрып нормалары ресми заңдармен қатар қолданылады және бұл нормаларды бұзушылар жауапқа тартылады.

Прецеденттік құқық нысаны – белгілі бір іске байланысты қабылданған шешім жатады және бұл шешім кейін соған ұқсас істерді қарағанда басшылыққа алынып отырады. Оның екі түрі бар: а) соттық прецедент; ә) әкімшілік прецедент (басқару органдарының шығарған шешімі).

Заң ғылымы – (құқықтық доктрина) – құқықтың жақсы қалыптасуына, дамуына, орындалуына көп үлес қосады. Құқықтық сана-сезімнің деңгейін көтеруге зор әсер етеді. Мұсылмандық елдерде бұл доктрина өте кең шеңберде қолданылады.

Нормативтік шарттар – қоғамдағы қатынастардың негізі бола алады... Мысалы: ФРГ – ГДР бірігу шарты, мемлекеттердің ара қатынасындағы шарттар, кәсіпшілер одағының ұжымдық шарттары т.б.

Референдумда қабылданған нормативтік актілер заңның бір түрі. Сондықтан, бұл актілер құқықтың ең күрделі, ең басым негізі. Референдумның түрлері: жалпы мемлекеттік, жергілікті. Референдум өте саяси жауапты жұмыс, ол саяси күрестің бір түрі.

Нормативтік-құқықтық акт – мемлекеттік органның қабылдаған – бекіткен актілері. Қоғамдағы қарым-қатынастардың басым көпшілігін осы нормативтік актілер арқылы реттеліп-басқарылады. Себебі: біріншіден – нормативтік актілер арқылы ықшамды түрде норманың мазмұнын түсінікті көрсетуге болады; екіншіден – құқықтық нормаларды уақытында өзгертуге, толықтыруға, жаңартуға өте ыңғайлы.

Нормативтік-құқықтық актілердің дамып, нығая бағыттары:

1. Құқық нысаны туралы арнаулы заң қабылдауды тездету керек. Ол заңды құқық нысанының барлық түрлерінің маңызын, рөлін көтеруге бағыттау.

2. Кеңес Одағының, дамыған елдердің жақсы тәжірибесін пайдалануға көңіл бөлу. Ол үшін байланысты дамыту.

3. Қоғамды басқаруда құқықтың реттеуші рөлін, Конституцияның маңызын күшейту. Бұл екі бағыт құқықтық мемлекеттің қалыптасуының ең шешуші күші, сенімді жолы.

Құқықтық қоғамдағы атқаратын істері сан-алуан. Соған сәйкес нысаны да, оның түрлері де толып жатыр:

- құқықтың тарихи ескерткіштері;
- тарихи ескі мұралар;
- археологиялық қазба деректер;
- заң жұмыстарының тәжірибесі;
- заңгерлердің еңбектері;
- заң бағытындағы ғылыми еңбектер;
- құқықтық шарттар;
- нормативтік актілер;
- заңдар, заңға тәуелді актілер.

Міне, осы көрсетілген құқық нысанының түрлерінің қоғамдағы атқаратын жұмыстары сан-алуан. Оларға жеке-жеке тоқталып рөлін, маңызын түсінуге болады.

Мемлекеттік органдардың қабылдаған әдет-ғұрып, дәстүр, мораль, діни нормаларда әрқайсысы жеке-жеке құқық нысаны болады. Қоғамдағы көпшілік бірлестіктердің, одақтардың, ұйымдардың, ұжымдардың, саяси партиялардың, кәсіпкерлер одағының нормаларын мемлекет қабылдаса оларда құқықтың нысаны болады.

Құқықтың ең күрделі нысандары:

1. Құқық салаларының нормативтік актілері.
2. Қоғам салаларының нормативтік актілері.
3. Парламенттің, Президенттің, Үкіметтің, министрлік-ведомстволардың актілері.
4. Жергілікті органдардың актілері.
5. Сот жүйесінің актілері.

Заң ғылымында норма, нормативтік актілер, құқық деген ұғымдар бар. Олардың өздерінің жеке-жеке мазмұндары бар.

Норма дегеніміз – бір қатынасты реттеп-басқаратын ереже. **Нормативтік актілер** – қоғамның салалық қатынастарын реттеп-басқаратын нормалар жиынтығы. Құқық – қоғамдағы барлық қатынастарды реттейтін, басқаратын нормалардың жиынтығы.

13 – тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР

1. Құқықтық норманың мазмұны мен түрлері

Құқықтық норма – қоғамдық қатынастарды реттеуге қолданылатын әлеуметтік ережелердің бір түрі. Ол бүкіл халықтың мүддесін қорғаудың, мемлекеттің билігін, саясатын іс жүзіне асырудың құралы. Құқықтық норма қоғам мүшелерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін арнайы ережелермен реттейді.

Жеке дара норма немесе нормалардың бір жүйесі құқық бола алмайды. Құқық деп қоғамның билігін, саясатын, мүддесін іс жүзіне асыруды толық қамтыған нормативтік актілердің жиынтығын айтамыз. Сонда да жеке дара құқықтық норманың маңызы зор. Оның мазмұны өте күрделі мәселелерді біріктіреді. Қоғамдық мүддені, саясатты, мемлекеттік билікті, бостандықты, теңдікті, әділеттікті, адамгершілікті, заңдылықты, тәртіпті, білімді, ғылымды, рухани сананы, халықтың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын т.б. демократиялық іс-әрекеттерді.

Құқықтық норманың құндылығы:

– құқықтық нормалар қоғамды реттеп-басқарудың құралы, сол арқылы адамдардың, заңды тұлғалардың қарым-қатынастарына дұрыс бағыт беріп отырады;

– құқықтық нормалар қоғамдық құрылыс жүйені қорғаудағы ең сапалы құрал, нормативтік актілер қоғамға зиянды іс-әрекеттерге жауапкершілікті күшейтіп отырады;

– құқықтық нормалар қоғамның дамуына пайдалы қатынастарды қолдап, қолайсыздарын қысқартып, экономиканың, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына мүмкіншілік жасап отырады;

– құқықтық нормалар қоғамда әділеттікті, теңдікті, бостандық т.б. демократиялық қағидаларды қалыптастырады;

– құқықтық нормалар халықаралық, мемлекетаралық байланысты, қатынасты жақсартудың құралы.

Құқық – жалпыға бірдей міндетті, мемлекетпен қамтамасыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Құқықтық норма – құқықтың бір клеткасы, қоғамдық қатынастарының жақсы дамуының, үлгісі деуге болады. Ол адам істерінің, жұмысының, тәртібінің шеңберін анықтап, олардың бостандығын және қарым-қатынасын реттеп-басқарып отырады.

Адамдардың бостандығын реттейтін норма екі тұрғыдан қарастыры-

лады: бірінші – адамдардың өздерінің, өз істерін, өз тәртібін жобалау – жоспарлауы (ішкі бостандық); екінші – өз мүдде-мақсаттарын өздері анықтап, оны өздерінің жүзеге асыруы (сыртқы бостандық).

Қоғамдағы барлық процесс, барлық қарым-қатынастар құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Нормативтік актілер әлеуметтік жеке мемлекеттік ықпал ету қасиеттерін біріктіріп қоғамның дұрыс, жағымды дамуына, жалпы халықтық тәртіптің нығаюына мүмкіншілік жасап отырады.

Құқықтық норманың негізгі сипаттары:

1. Норма – қоғамға, адамдарға ең қажетті, керекті қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады. Ол қатынастардың басым көпшілігі бостандықты, әділеттікті, теңдікті, адамгершілікті және қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени т.б. даму бағыттарын қамтып, реттеп, басқарады. Бұл басқарудың негізгі бағыттары, қағидалары Конституцияда және заңдарда көрсетілген.

2. Норма – көп қатынастардың мазмұнын, орындалу бағыттарын, әдіс-тәсілдерін алдын-ала анықтап, көрсетіп отырады. Болашақ қатынастың, оны реттеудің, орындалуының “үлгісін” жасайды. Міне, осы “үлгілерді” зерттеу арқылы ғалымдар мемлекеттердің өткен тарихымен танысып жатады.

3. Нормативтік актілердің көпшілігі өзгермей қатынастарды көп жылдар дұрыс, жақсы реттеп, басқарып тұрақты нормаға айналады. Бұл екі жақты әлеуметтік тұрақты процесті типизация деп атайды. Мұның маңызы өте зор. Заңдылықты нығайтуға, құқықтық тәртіпті сақтауға зор үлес қосады.

4. Нормативтік актілер, мемлекеттік норма, оның орындалуы жалпы қоғамдық міндет, оны халық түсінеді, біледі. Сондықтан, олар нормалардың дұрыс орындалуына үлес қосады.

Сонымен, құқықтық норманың жоғарыда көрсетілген сипаттары, оның мазмұнын, маңызын, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп-басқаруын толық түсінуге болады.

Құқықтық нормалардың белгілері:

1. Норма – мемлекеттік органның қабылдаған бекіткен актісі, оның заңды күші бар. Мұндай нормалар қоғамдағы тәртіптің үлесіне айналады. Өйткені ол нормаларды халықтың басым көпшілігі дұрыс орындайды.

2. Нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері, орындалу жолдары толық көрсетіледі. Егер де көрсетілмесе субъектілердің өз еркінде, тек заңға нышан келтірмеулері керек.

3. Норма ерікті түрде орындалмаса, еріксіз орындалатылуы.

4. Құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын, орындалуын мемлекет қамтамасыз етеді.

5. Құқықтық норма адамдардың, қоғамның тәртібінің кепілдігі болуы.

Құқықтық нормасыз қоғамда ешқандай дәрежелі заңдылық, тәртіп, жоспар, мағыналы, сапалы қарым-қатынас болуға тиіс емес. Құқықтық норманың мазмұны толық болуы керек. Сонда ғана оны дұрыс орындауға болады. Өмірде мазмұны толық емес нормалар кездеседі. Бір нормада қатынастың мазмұны көрсетіледі, екіншісінде – оны қашан, қандай жағдайда қолдануды көрсетеді, үшіншіде – қолдану нәтижесін көрсетеді. Үшеуін біріктірсе бір толық норма болып шығады. Мұндай норманың құрылысы өте сирек кездеседі. Нормалардың басым көпшілігі толық түрде болады. Егерде толық болмаса жетіспейтін элементтерін сілтеме арқылы тауып алуға болады.

Сонымен, құқықтық норма – қоғамдағы қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттеп-басқарып отыратын жалпыға бірдей мемлекетпен қамтамасыз етілетін ереже-қағида.

Құқықтық нормалардың элементтері бірігіп оның құрылымын қалыптастырады. Бірақ ол элементтердің болуы, тізілу қатары, бағыты, мақсаты нормативтік актілердің түріне байланысты. Құрылымы жөнінде құқықтық нормалар екі түрге бөлінеді: негізгі заңды нормалар және тәртіп ережелерінің нормасы.

Негізгі заңды нормаларда элементтердің мазмұны норманың кіріспесінде немесе бірінші бабында толық көрсетіледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының “Салық туралы” заңында норманың элементтері 1-бабында көрсетілген.

Тәртіп ережелерінің нормаларында элементтер нормативтік актілердің баптарында, бөлімдерінде көрсетіледі. Құқықтық нормалардың элементтері: диспозиция, гипотеза, санкция.

Диспозиция – қатынастың мазмұны мен субъектілердің құқықтары мен міндеттерін көрсетеді. Диспозиция норманың діңгегі, құқықтық тәртіптің үлгісі-моделі. Мысалы, ҚР, АЗК, 482 б. Екі немесе көп жақты мәмілелер мен шарттардағы тұлғалардың міндеттері мен құқықтары айқын көрсетілуі. Диспозицияның үш түрі болады:

– жалпылама түрі – нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері анық-айқын көрсетілмейді; мысалы жұмыссыздық туралы заңда республикалық, облыстық, аудандық органдардың міндеттері жалпылама көрсетілген;

– толық-айқын түрі – диспозицияның мазмұны нормада анық көрсетіледі. Мысалы, қылмыстық кодекстің баптарына диспозицияның мазмұны толық көрсетіледі;

– сілтеу түрі – диспозицияның мазмұны туралы басқа нормаға сілтеу жасалады. Мысалы, азаматтық кодекстің бірнеше баптарына сілтеме қолданады.

Гипотеза – диспозиция қашан басталады, аяқталады, нормативтік акті қалай орындалуы керек, осы жағдайларды көрсетеді. Мысалы, бұзақылық үшін жауапқа тартылатын адам қоғамдық тәртіпті бұзуы керек (ҚР, ҚК – 7 б.). Гипотезаның үш түрі болады:

– егерде норманың іс-әрекеті бір жағдайдың болуын немесе болмауымен байланысты болса мұндай гипотезаны жалпылама деп атайды;

– егерде норманың жұмысы бірнеше жағдайдың болуы немесе болмауымен байланысты болса ондай гипотезаны – күрделі гипотеза деп атайды;

– егерде норманың іс-әрекеті бірнеше жағдайдың біреуін таңдау арқылы басталса – мұндай гипотезаны альтернативтік гипотеза деп атайды.

Санкция – диспозиция мен гипотеза дұрыс орындалмаса оның жағымсыз салдары және жауапкершіліктің басталуы мен қолдануы. Санкцияның үш түрі болады:

– абсолютті-айқын санкция: жұмыстан шығару, қызметін төмендету, айып төлеу т.б.;

– салыстырмалы айқын санкция: минимум мен максимумның арасындағы жауапкершілік (қылмыстық кодекстік баптар);

– альтернативтік санкция. Санкцияның көрсетілген түрлерінің қайсысын қолдану тиісті мекеменің еркінде-құзырында.

Осы үш элементтер толық болса ғана нормативтік акті өз міндетін, өз рөлін дұрыс, уақытында, жақсы орындай алады. Егерде нормада бір екі элементтері жоқ болса, сілтеме арқылы оларды тауып алу керек.

Нормативтік актілердің жеке баптарына норманың элементтері толық болмайды. Конституцияның баптарында тек гипотеза мен диспозиция ғана болады. Қылмыстық кодексте тек диспозиция мен санкция ғана болады. Іс жүзінде норманың элементтері нормативтік актінің әр баптарында болуы мүмкін немесе бірнеше нормативтік актілердің баптарында болуы мүмкін. Оны тауып алуға болады.

Құқықтық нормалардың элементтерінің құрылу тәсілдері.

1. Тікелей норманың үш элементін (гипотеза, диспозиция, санкция) толық келтіру. Мұндай тәсіл нормативтік актілердің көбінде қолданылады. Бұл құқықтық нормалардың іске асуын, орындалуын жеңілдетеді.

2. Сілтеме тәсіл норманың жетіспейтін элементі туралы осы заңның басқа бөліміне, тарауына, бабына сілтеме жасалады.

3. Бланкеттік тәсіл – норманың жетіспейтін элементі туралы басқа заңға, қаулыға сілтеме жасау.

Сонымен, құқықтық норма, заңның немесе нормативтік актілердің баптары бір-біріне ұқсас емес баптарда норманың элементтері түгел болмайды, бірақ оны іздестіріп табуға болады.

Құқықтық нормалар бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қоғамның әр саласына қарай өндірістік, ауылшаруашылық, құрылыс, мәдениет, экономика, әлеуметтік, білім, ғылым т.б. бағыттағы нормалар.

2. Құқықтың саласына қарай мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, еңбек, жанұя, азаматтық, қылмыстық, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық т.б. саладағы нормалар.

3. Атқаратын жұмысына қарай нормалар екіге бөлінеді: реттеуші нормалар; қорғаушы нормалар.

4. Мазмұнына қарай нормалар үшке бөлінеді: міндеттеуші нормалар; тыйым салушы нормалар; ерік беруші нормалар.

5. Норманың элементтерінің құрылымына қарай нормативтік актілер үшке бөлінеді; нақты белгілі нормалар – мазмұны толық анық жазылған элементтері түгел; салыстырмалы нормалар – мазмұны, элементтері түгел емес, мәселені болған істің жағдайына қарай шешу; балама (альтернативтік) нормалар – істің орындалуының, норманың жүзеге асуының бірнеше бағыты, әдісі болуы.

6. Субъектілеріне қарай нормалар екіге бөлінеді: жалпылама нормалар, арнаулы нормалар.

7. Мамандандырылған құқықтық нормалар – қоғамның мамандық салаларының қарым-қатынасын реттеп-басқаратын нормалар. Мысалы азаматтық, қылмыстық, заңгерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер бағыттағы нормалар.

Міне, осы көрсетілген бағыттар, бойынша құқық өзінің күнделікті қоғам өмірін реттеп, басқарып отырады. Мазмұны жағынан құқық нормалары заңдылық пен құқық тәртіп, азаматтардың құқығы мен міндеттері, заңдарды өзгерту, жетілдіру, толықтыру жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды жинақтап құқықтың қоғамдағы міндеттерін орындаудағы жұмысын дамытып, жақсартып отырады. Құқықтық нормалардың мүлтіксіз орындалуы азаматтарды тәрбиелеу, бақылау әдістерімен қатар әкімшілік немесе соттық жауапқа тарту арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен құқықтық норма – қоғамдық қатынастарды реттеуге қолданылатын әлеуметтік ережелердің ең күрделі түрі.

2. Қазақстан Республикасының құқықтық нормалары

Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, егеменді мемлекет құру кезінде құқықтың даму процесі басталып, аяқталмаған жағдайда нормативтік актілердің дамуын жан-жақты зерттеп жақсы түсінуге толық мүмкіншілік бар.

Өткен тақырыптарда көрсетілгендей құқық пен мемлекет қоғамның экономикалық, әлеуметтік даму процесін, жеке және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарын реттеп-басқару үшін өмірге келді. Бұл – объективтік процесс. Сондықтан, құқықтың қоғамда қалыптасуы үш бағытта дамиды. Біздің Қазақстан Республикасының құқығы да осы үш бағытта дамуда:

- қоғамда өмірге келіп, қалыптасқан қатынастарды реттеп-басқару үшін құқықтық нормалар қабылданып, қызмет жасауда;
- қоғамның объективтік даму процесінің болашағын болжап, оларды басқару үшін алдын-ала нормативтік актілерді дайындау;
- қоғамның өткен дәуірін ғылыми тұрғыдан зерттеп заңды тәжірибелік қорытындылар жасап құқықтық нормалардың сапасын жақсарту.

Сонымен, құқықтық нормалар қоғамның экономикалық-әлеуметтік қажеттіліктері арқылы өмірге келіп құқықты қалыптастырады. Құқық тек қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму процесін басқарумен шектелмейді. Сонымен бірге адамдардың және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарын да реттеп-басқарып отырады.

Осы процесте халықтың, ұйымдардың қоғамның дамуы қажеттілігін, тілектерін жақсы дұрыс түсінуін – **объективтік құқық дейді**. Ал сол объективтік процесті нормативтік актілер арқылы реттеп-басқаруды – **субъективтік құқық дейді**.

Бұл екі процестің арасында тығыз байланыс, бір-біріне тәуелділік, іс-әрекетінде бірлестік болады, бұларсыз объективтік және субъективтік процесс дұрыс, жақсы дамымайды. Сондықтан, мемлекет бұл процестің біржақты дамуына жол бермеуге тиісті. **Субъективтік құқықтың белгі-нышандары:**

- субъектілердің құқықтарының заңды түрде болуы;
- ол құқықтарды іске асыруға, пайдалануға мүмкіншіліктің болуы;
- субъектілердің бостандығын, құқықтарының дұрыс дамуын мемлекеттің бақылауында, қорғауында болуы.

Қазақстан мемлекетінің құқығының объективтік және субъективтік қалыптасу жолдары осындай. Бұл жолмен әлемдегі, барлық мемлекеттер де өтті. Құқықтың даму негіздері де, нысаны да ұқсас деуге болады. Тек аздап ерекшеліктері бар. Мысалы, біздің Қазақстан мемлекетіміздің құқығының даму процесінде діни нормалардың тәжірибесін және прецеденттік нормаларды өте аз пайдаланады. Дамыған елдердің демократияны дамыту тәжірибелерін өте кең пайдаланамыз. Қазақстан Республикасының құқық нысанының түрлері:

- құқықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр;
- құқықтық прецедент;
- нормативтік шарттар;
- нормативтік құқықтық актілер.

Қазақстан мемлекетінің нормативтік актілерінің түрлері, жүйелері Конституцияда толығымен көрсетілген. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, саяси партиялар, еңбек ұжымдары өздерінің құзыретіне, өкілеттілігіне сәйкес нормативтік актілер шығарады. Олар Конституцияға нұқсан келтірмеуге міндетті. Конституцияның талаптарының дұрыс орындалуын Президенттің аппараты мен Конституциялық Кеңес бақылап отырады.

Республика Конституциясында көрсетілген жағдайда Президент заң күші бар және жай жарлықтар шығарады. Республика Президентінің жарлықтары Конституция мен Республика заңдарының негізінде және оларды орындау үшін шығарылады. Республика Президентінің Жарлығымен:

1. Республика Президентінің актісін шығаруды талап ететін Президенттің конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады.

2. Конституцияда және өкімет органдарының халқының алдындағы жауапкершілік заңдарында белгіленген мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі:

3. Парламенттің заңды міндетіне кірмейтін, сондай-ақ үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңда көрсетілген міндеттеріне жатпайтын мәселелерді құқықтық жүйелендіру жүзеге асырады.

4. Республиканың экономикалық және саяси-әлеуметтік дамуы жөніндегі стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Республика Парламентінің актілері: Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Республиканың заңдары, оның ішінде Парламенттің Конституциялық және заңдарды қолдануды енгізу мәселелері жөніндегі Парламенттің нормативтік қаулылары түрінде заң

актілерін қабылдайды, Парламент, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ дара сипатты қаулылар қабылдайды.

Парламент пен Палаталар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заңдық сипаты болмайтын өзге де актілер қабылдауға хақылы. Парламент заң актілерін және басқадай актілерді палаталар бірлескен отырыстарында қабылдаған кезде дауыс беру Палаталар бойынша бөлек жүргізіледі.

Үкімет актілері – заңдардың және Республика Президенті актілерінің негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын үкіметінің нормативтік актілері және жеке қаулылары. Үкімет актілері алқалық отырыстарында дауыс беру арқылы қабылданады, оған Премьер-министр қол қояды. Премьер-министр өз құзыреті бойынша жеке өкімдер шығарады. Үкімет қаулыларының және Премьер-министрдің өкімдерінің Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болады. Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметтің өзі, ал Премьер-министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті немесе Премьер-министр жоя алады.

Жоғарғы сот актілері – Республика сот билігінің жоғарғы органының заңды нысанда еркін білдіруі. Бұл жоғарғы соттың Президиумы, Пленумдары мен Төралқасының қаулылары мен өзге де актілері. Сот практикасының мәселелері бойынша соттарға түсінік беретін нормативтік актілерді Республиканың жоғарғы сот Пленумының қабылдауға хақысы бар.

Министрлік – ведомстволар өз құзыреті бойынша бұйрық, нұсқау береді. Өздерінің жүйесінде бұл актілердің заң күші болады. Олардың орындалуын өздері бақылап отырады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілері Әкімшіліктер, Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аймағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды. Конституцияға сәйкес мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

Парламенттік Республика. Заң жүзінде жоғарғы өкімет органы Парламент, сайлауда жеңіп шыққан саяси партия өкілдерінен Үкімет құрылады. Үкімет өз жұмысы жөнінен парламентке бағынышты және оның алдында есеп береді. Парламент конституциялық, төтенше тағы басқа заңдарды қабылдайды, бекітеді, қаулылар қабылдайды, шығарады.

Мемлекеттің басқа органдарының (президенттің, үкіметтің, премьер-министрдің, сот органдарының, жергілікті басқару органдарының т.б.) нормативтік актілер шығару, қабылдау, бекіту құзыреттері Президенттік Республикадан көп айырмашылығы жоқ. Қазақстан 1993ж. Конституция бойынша Парламенттік Республика, 1995 ж. екінші Конституцияға сәйкес – Президенттік Республика болды.

14 – тақырып. ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1. Құқық шығармашылығының түсінігі мен мазмұны

Қоғамды басқаруда мемлекет пен құқық сан алуан нормативтік актілерді өмірге әкеліп, ескіргенін жаңартып, кемшіліктері болса толықтырып отырады. Бұл процесте заңға көп күрделі талаптар қойылады. Заң неғұрлым мазмұны жағынан өмір талаптарына сәйкес, халықтың ойы мен негізгі мүдделерін терең қамтыса, нысаны жағынан да әбден жетілсе соғұрлым ол тәуелсіз демократиялық мемлекет құру күресіне тиянақты үлесін молынан қосады, заңның беделі артады. Сол себепті заң жобасын жасауға оны жан-жақты талқылауға көпшілік халықтың, қоғам ұйымдарының белсене қатысуы біздің жалпы халықтық мемлекетімізде заңдылыққа айналды. Өте маңызды заң жобалары халықтың талқылауына түседі. Заң қабылдайтын орган – Парламент көпшіліктің ұсыныстарына жіті көңіл бөледі, оның тұрақты комиссияларында мұқият тексеріліп, Парламентке арналған ұсыныстар алынады. Демократияның қағидалары осылайша заң қабылдау саласында іс жүзіне асады. Заң жобасы туралы пікір айтуда азаматтарға, олардың қоғамдық ұйымдарына шек қойылмайды. Мұндай ұсыныстар тиісті мемлекеттік органдарда жан-жақты қаралады. Заң жобасын ұсынудың ерекше түрі бар, оны депутаттар тобы мен мемлекеттің үкіметі ғана жасай алады. Олардың ұсынған заң жобалары Парламенттің талқылауына түседі. Заңға тәуелді нормативтік актілерде осылай жан-жақты талқылаудан өтіп барып қабылданады.

Құқық шығармашылық процесінің сапасын жақсартуға екінші зор үлес қосатын еліміздегі сан алуан нормативтік актілерді топтастырып жүйе-жүйеге, сала-салаға бөліп реттеп отыратын. Әділет министрлігі қоғамның диалектикалық даму барысында мемлекеттік органдардың құқықтық нормаларын жасақтау міндеті де күшейе түседі. Бұрын қабылданған кейбір заңдар күшін жояды немесе оларды жаңа жағдайға бейімдеп толықтыру талабы қойылады. Осыған байланысты мезгіл-мезгіл сол құқықтық нормаларды қайта қарау, реттеу, бір жүйеге келтіру қажет. Нормативтік актілерді реттеудің негізгі екі жолы бар. Олар – инкорпорация және кодификация деп атайды. **Инкорпорация** – қолданып келген құқықтық нормаларды мазмұны жағынан өзгертпей, сыртқы белгілері мен көріністері бойынша ғана бір жүйеге келтіру, сөйтіп, оларды пайдалануды жеңілдету. **Ал кодификация** – құқықтық нормаларды салаларына сәйкес талдап жинау, қайта қарау арқылы жаңа жағдайларға сай етіп жаңа заң шығару, яғни заңды мейлінше жетілдіру.

Құқық шығармашылығының негізгі қағидалары:

1. **Демократизм мен жариялық** – шығармашылық процесіне қалың-бұқара, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, еңбек ұжымдары, саяси партиялар, ақпарат, заңгерлер, ғалымдар қатысып, өздерінің пікірлерін айтып, ұсыныстарын береді. Өте күрделі мәселе бойынша жалпы халықтық референдум жүргізіледі.

2. **Заңды кәсіпқойлық** – мемлекеттің заң шығармашылық органдарының кәсіпқойлық саласын көтеру, оның жұмысына заңгерлерді, ғалымдарды, социологтарды, политологтарды т.б. тәжірибелі азаматтарды қатыстыру. Заң шығармашылық процестің сапасын көтеру үшін: біріншіден – қысқа және ұзақ мерзімді заң шығару жоспары болу керек; екіншіден – заң және заңға тәуелді нормаларды шығарудың көп жылғы тексерістен, тәжірибеден өткен ережелері болу қажет; үшіншіден – заңның жобасын тәуелсіз ғылыми экспертизадан өткізіп барып, парламентте талқылау керек; төртіншіден – парламенттегі депутаттардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру қажет.

3. **Құқық шығармашылықтағы заңдылық** – жаңа қабылданғанмен нормалар Конституцияның талаптарына сәйкес өмірге келуі қажет. Егерде мемлекеттің ең жоғарғы өкілетті органдары Конституцияға нұқсан келтірсе, ол мемлекеттен жақсылық күтуге болмайды.

4. **Құқық шығармашылық процесінің ғылыми сапасын көтеру** – бұл үшін қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жүйелерін жан-жақты зерттеп, олардың ғылыми тұрғыдан талаптарын анықтап, қорытынды тұжырымдар жасап, оны қалай сапалы заңға айналдыру жолдарын, бағыттарын белгілеу. Ол ғылыми тұжырымдарды тәжірибеден, тексерістен өткізіп алу керек.

Сонымен, құқық шығармашылық мемлекеттің жұмысының ең күрделі, өте жауапкершілік түрі. Норма шығармашылық қоғамдағы қарым-қатынастарға тікелей ықпал ететін негізгі жол, құқыққа мемлекеттік күш беретін құрал. Құқық шығармашылық тек мемлекеттің жұмысы, мемлекеттің, қоғамның, жеке адамдардың мүдде-мақсатын іске асыратын, орындайтын бірден-бір айқындалған жол. Басында норма туралы ой-пікір табиғи жолмен қалыптасып жаңа қатынастарды реттеуге, басқаруға үлес қоса бастайды. Бірте-бірте ой-пікір норманың жобасына айналады. Сөйтіп, мемлекеттік органның қарауына, талқылануына түседі. **Құқық шығармашылықтың үш түрі бар:**

1. Тікелей мемлекеттік органның нормативтік актілерді қабылдауы, бекітуі, шығаруы:

2. Өмірде көп жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік нормаларды қабылдап, бекіту.

3. Нормаларды референдум арқылы бекіту. Норма шығармашылықтың өзіне тән қағидалары: әділеттік, демократизм, заңдылық, теңдік, достық, бостандық. Міне, осы қағидалар дұрыс дамыса мемлекеттің жақсы жұмыс жасауының сипаттамасы. Бұл қағидаларды бұзуға жол бермеу керек.

Норма шығармашылықтың кезеңдері:

1. Норманың жобасы туралы тиісті органға ұсыныс жасау. Ұсыныс жасайтын субъектілер әр мемлекеттің конституциясында көрсетіледі.

2. Тиісті ресми мемлекеттік орган қаулы қабылдап жоба жасауға тапсырма береді.

3. Жобаны талқылау. Оған мамандарды, заңгерлерді қатыстыру.

4. Жобаны парламентте талқылау (1–3 рет).

5. Нормативтік актіні қабылдау, бекіту.

6. Норманы жариялау.

Жаңа норманың сапалы болып шығуына, мазмұнды, ықшамды болуына өте қатаң көңіл бөлу, терминдерге түсінік беру; көп жүйелерді біріктіріп халықтың түсінуін ауырлатуға жол бермеу. Оның орнына бірнеше жеке норма шығарған дұрыс. Норманың мазмұнын үш түрде беруге болады:

– тікелей сол норманың өз ішінде толық мазмұнның болуы (гипотеза, диспозиция, санкция);

– сілтеме түрде беру – норманың бір бөлімі, элементі жетіспесе сол заңның басқа баптарына сілтеме жасау;

– бланкеттік түрде беру – норманың жетіспейтін жері туралы басқа заңдарға сілтеме жасау.

Мемлекет және құқық қоғамдағы халық үшін, олардың мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін, орындау үшін өмірге келеді. Олар қалың-бұқара атынан жұмыс жасайды. Кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде бұл мәселе керісінше айтылып, керісінше жұмыс жасалды. Онда адамдар мемлекет үшін жұмыс жасайды деп келдік. Бұл пиғыл, пікір бізде қазір толығымен жойылды. Мемлекет және құқық халық үшін жұмыс атқарып, солардың мүдде-мақсаттарын іске асыратын болды. Бұл міндеттерін мемлекет пен құқық қалың-бұқарасыз дұрыс уақытында орындай алмайды.

Сондықтан, мемлекет нормативтік актілердің сапасын жақсартып, сол

арқылы халықты, қоғамды басқаруға молырақ қатыстыруға тырысады. Халықты, қоғамды басқаруға қатыстыру түрлері:

- қоғамның барлық саласындағы қатынастарға қалың-бұқара тікелей қатысады;

- мемлекеттің басқару органдарына халық депутаттар сайлайды, сол арқылы мемлекеттің жұмысымен танысып оның жақсаруына ықпал жасап отырады;

- күрделі мәселелер бойынша заңның жобасын талқылауға радио, телеэкран, газет-журнал арқылы халық қатысып отырады;

- мемлекеттік референдумға халық шығармашылық жұмыстарға қатысады;

- қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар кәсіпкерлер одағы, саяси партиялар арқылы қалың-бұқара мемлекет пен құқықтың жұмыстарының дамуына, жақсаруына, нығаюына ықпал етіп отырады.

2. Нормативтік актілердің заңды күшінің уақыты, кеңістігі және адамдарды қамтуы

Қоғамдағы санқырлы қарым-қатынастарды реттеп-басқаратын нормативтік актілерді заң жүйесі деп атайды. Бұл ресми заң күші бар құқықтық нормалардың қызметін үш түрге бөледі: нормативтік актілердің уақыты, нормативтік актілердің кеңістігі, нормативтік актілердің адамдарды қамтуы. Әр нормативтік актінің мазмұнында осы үш қызметтің қайсысы бар екенін білуге болады. Яғни норманың қанша уақытқа заңды күші болатын, қандай өлкелерге қолдануға болады, қандай мамандағы адамдарды қамтиды? Міне, осы сұрақтарға жауапты норманың өзі береді. Өйткені норманың өзінде іс-әрекеттің шеңбері, кеңістігі және қандай қызметтегі, мамандағы, жұмыстағы адамдарға тиісті шығарылды, толық көрсетіледі.

Нормативтік актілердің заңды күшінің басталуы мен аяқталуын, оның қоғамды толық қамти ма немесе бірнеше өлкелерге ғана қатысты ма және адамдардың қаншасын қамтуын халық жақсы білуі қажет. Оның-маңызы өте зор. Сонымен, осы үш мәселеге жеке-жеке тоқталық:

Нормативтік актілердің заңды күшінің уақыты – бұл мәселені төрт топқа бөліп қарастырған жөн: 1) норманың заңды күшінің басталу уақыты; 2) аяқталу уақыты; 3) заңның кері күші; 4) жойылған норманың күші кейбір жағдайда сақталуы. Норманың заңды күшінің **басталу уақыты**: қабылдаған немесе ақпаратта басылған күннен, норманың өзінде

көрсетілген күннен басталады. Кейбір нормаларда басталу уақыты бірнеше түрге бөлінеді: заңның әр бөлімі немесе әр бабы әр уақытта басталуы мүмкін, бұл заңның өзінде көрсетілуі тиіс. Кейбір нормада заңды күшінің басталуы бір уақиғамен байланысты болады, бұнда көрсетіледі. Норманың заңды күшінің аяқталуы: уақыты бітсе, жаңа заң қабылданса, заңды күші жойылса, заңды өмірге әкелген оқиға-себептер жойылса. Заңның кері күші – өмірде болған бір оқиғадан кейін қабылданып, күшіне енген заңның сол іске қолданылуы. Әлемдегі мемлекеттердің тәжірибесі бойынша заңның кері күші болмайды. Заңның кері күші болады, егерде сол жаңа заңның өзінде анық көрсетілсе. Қылмыстық құқықта, қылмыстық жауапкершілікті жеңілдету немесе оны анықтау үшін заңның кері күші қолданылады. Жойылған норманың заңды күшінің сақталуы – жаңа нормаға сәйкес қатынасты реттеп бір жолға қойғанша біраз уақыт болады. Осы кезде ескі заң жойылса да өмірде қолданылып жатады. Жаңа заң жергілікті басқару органдарға жетпесе ескі заңға сәйкес мәселе қарала береді – тек жауапкершілік жеңілдейтін болса.

Нормативтік актілердің заңды күшінің кеңістігі – мемлекеттің жоғарғы басқару органдарының заңдары, нормалары қоғамның барлық территориясына заңды күші болады, оны орындау барлық жеке және заңды тұлғаларға міндетті. Кейбір заңдар бір өлкеге немесе бірнеше өлкеге сәйкес қабылданады. Мұндай заңның күші сол өлкелерде ғана болады. Облыстық, аудандық, қалалық басқару органдарының қабылданған нормаларының заңды күші өз әкімшілік – территориясында ғана болады. Экстерриториялық мәселесі халықаралық құқық арқылы қаралады.

Нормативтік актілердің заңды күшінің адамдарды қамтуы. Мемлекеттің құқықтық нормалары толық өз елінің азаматтарын, шет елдердің азаматтарын осы елде тұратын азаматтарды қамтиды. Бәріде өздері тұрған мемлекеттің заңдарын, тәртібін орындауға міндетті. Егерде заңдылықты, заңды бұзса жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттің кейбір заңдары барлық азаматтарды қамтымауы мүмкін (зейнеткерлер, студенттер, дәрігерлер, шахтерлер т.б.).

Министрліктердің, ведомстволардың нормативтік актілері тек өз жүйесіндегі азаматтарды қамтиды.

Сонымен, адамдарды қамтуы нормативтік актілердің өзінде көрсетілуге тиіс: норма кімдерді, қандай территорияны, өлкені, облысты қамтиды, қандай мамандарға қолданады. Басқа елдердің азаматтары да өзіміздің азаматтармен тең құқықты. Тек олар сайлауға қатыса және сайлана ал-

майды, әскер қатарына шақырылмайды. Елшілік органдарында қызмет атқаратын азаматтар халықаралық құқық арқылы жауап береді.

3. Қазақстан Республикасының құқық шығармашылық қызметі

Қазақстан Республикасының Конституциясында заң және заңға тәуелді актілерді шығарудың, қабылдаудың, бекітудің толық әдістемесі көрсетілген. Заң шығаруда ұсыныс құқығы – Парламент депутаттарында және Үкіметтің құзырында.

Қазақстан Республикасының заң шығару процесінің ерекшеліктері бар. Бұл процесс әдетте заң шығару қызметінің сатылары және олардың бірізділігі арқылы дамып отырады.

Бірінші. Заң шығару бастамасынан басталады. Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісін Парламент қарауға міндетті. Заң жобасын және Парламенттің өзге актісінің жобасын ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады. Бұл құқық Парламенттің депутаттарына және Үкіметке Конституция бойынша берілген (61-бап.)

Екінші. Мәжілістің комитеттері заң жобасын қабылдап қарайды, олар алдын-ала заң жобасын әзірлейді. Бұдан кейін заң жобасын Мәжіліс бюросының қарауына тапсырады. Бюро заң жобасы жұмысының қорытындысын тұрақты комитетте қарап, оны Мәжілістің пленарлық отырысының қарауына беру туралы шешім қабылдайды.

Үшінші. Заң жобасы Мәжілістің пленарлық отырысының қарауына беріледі. Мұнда заң жобасы бірінші рет, әдетте екі рет, кейде одан да көп пысыкталады (заңның бірінші, екінші, үшінші оқуы). Одан кейін Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде 60 күннің ішінде қаралуға тиісті. Сенаттың алдынан комитеттерінде, содан кейін бюро, пленарлық отырысында заң жобасы қаралады. Сенат депутаттары жалпы сананың көпшілік дауысымен қабылданған жоба заңға айналады және оны он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Президент заң жобасын Конституциялық Кеңеске Конституцияға сәйкестігін тексеруге бере алады. Президент заңға қол қойғаннан кейін заң жарияланады, немесе Заң Парламентке қайтарылады.

ҚР Нормативтік актілердің түрлері, оларды жүйеге келтірудің әдістері.

Парламенттің актілері. Нормативтік актілердің жүйелерінде заң ерекше орын алады, оның жоғары күші бар. Заңның жоғары күші келесі жағдайлардан тұрады: заңды тек Парламент күрделі Конституцияда ай-

тылған әдістермен алады. Заңды тек Парламент қабылдайды, жояды немесе өзгертеді. Басқа нормативтік актілер заңға сәйкес болуға тиісті. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді, күрделі мәселелерді шешеді және заңдар шығаруға хақылы. Оның құзырындағы мәселелер:

- құқық субъектілеріне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігі;
- меншік режиміне және өзге де мүлік құқығы;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарды ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздері;
- салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеу;
- республикалық бюджет;
- сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелері;
- білім, денсаулық және әлеуметтік қамсыздандыру;
- кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіру;
- айналадағы ортаны қорғау;
- республиканың әкімшілік–аумақтық құрылысы;
- мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігі.

Парламент Конституцияны, заңдарды қабылдайды. Сенат пен Мәжіліс өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды. Олар Конституцияға және заңдарға қайшы келмеуі тиіс.

Президенттің актілері. ҚР Президенті бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады. Президенттің Жарлықтары Конституция мен Республика заңдарының негізінде және оларды орындау үшін шығарылады. Республика Президентінің Жарлығымен:

Республика Президентінің актісін шығаруда талап ететін Президенттің Конституциялық өклеттігінің жүзеге асырылуы;

Конституцияда және өкімет органдарының Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік заңдарында белгіленген мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;

Парламенттің заңды міндетіне кірмейтін, сондай-ақ үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңда көрсетілген міндеттеріне жатпайтын мәселелерді құқықтық жүйелендіру жүзеге асырылады;

Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси-әлеуметтік дамуы стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Президент Конституция бойынша заң қабылдайды (53-бап 4 пунктi, 61-бап 2 пунктi).

Республика Президенттің өкімдері Конституцияның, заңдардың және

Президент жарлықтарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады. Оның өкімдерімен әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады. Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

Үкімет актілері. Нормативтік жүйеде бұл актілер үшінші орында тұрады, олар заңдардың және Республика Президенті актілердің негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын үкіметтің нормативтік актілері және қаулылары.

Үкімет актілері алқалық түрде оның отырыстарында дауыс беру арқылы қабылданады, оған Премьер-министр қол қояды.

Премьер-министр шығарған нормативтік актілер жеке өкімдер жағдайы. Үкімет норма шығару саласында құқығын жүзеге асырады.

Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер бұйрық және инструкцияларды шығарады. Олар тиісті министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің басқару салаларындағы істің жайы үшін жауап береді.

Конституциялық Кеңестің актілері шешім түрінде қабылданады. Конституциялық Кеңестің актілері, оның мүшелерінің көпшілік дауысымен алқалы түрде қабылданады және оларға Төраға қол қойғанға дейін Конституциялық Кеңестің мәжіліске қатысқан мүшелерінің қолымен бекітіледі. Конституциялық Кеңестің қаулысы оны қабылдаған күннен күшіне енеді және Республиканың бүкіл аумағында міндетті болып саналады әрі түпкілікті және шағымдануға жатпайды.

Жоғарғы соттың актілеріне – ҚР сот билігінің Жоғарғы органның заңды нысанда еркін білдіруі. Бұл Жоғарғы соттың қаулылары мен өзге де актілері. ҚР Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” конституциялық заң күші бар Жарлығының 31-бабының 1 тармағына сәйкес. Сот практикасының мәселелері бойынша соттарға түсінік беретін нормативтік қаулыларды ҚР Жоғарғы сот Пленумының қабылдауға халқы бар.

Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен әкімдер қабылдайды.

15 – тақырып. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ЖҮЙЕЛЕУ

Қоғамдағы құқықтың ең күрделі негізін құрайтын нормативтік-құқықтық актілер. Бұл жүйеге қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқарып отыратын нормативтік актілердің басым көпшілігі кіреді. Құқықтың басқа негіздері (әдет-ғұрып, мораль, діни т.б. нормалар) жалпы мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқара алмайды, тек нормативтік актілерге қосымша күш ретінде жұмыс атқарады.

Нормативтік актілер қоғамның, жеке адамдардың мүдде-мақсатын іске асыратын экономикалық, саяси, әлеуметтік; Ұлттық, халықаралық қатынастарды реттеп, басқарады.

Дүние жүзінің заң ғылымы құқықтың негіздерін құқықтық нормалардың мазмұнымен тығыз байланыста реттеп, дамытады. Адам қоғамының тарихи диалектикалық процесінде нормативтік актілер бірте-бірте, эволюциялық жолмен құқықтың ең күрделі, ең шешуші негізіне айналады. Көне дәуірде нормативтік актілер тек мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқарып отырды. Қоғамның басқа салаларындағы қатынастарды әлеуметтік реттеп-басқарып отырды. Кейін нормативтік актілер сол салалардағы қатынастарды бірте-бірте өзі реттеп, басқаруға көшті. Қазіргі кезде әлемдегі барлық мемлекеттерде құқықтық нормалар қатынастарды реттеп, басқарудың басым түріне айналып отыр.

Өйткені қоғамда мемлекеттік билікті іске асыруда, демократияны дамытуда, құқықтық мемлекетті қалыптастыруда нормативтік актілер ең шешуші рөл атқарады.

Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнының сипаттамасы:

1) Бұл актілерді мемлекеттің билік өкілеттігі бар органдары қабылдайды. Қабылдаудың заңды тәртібі болады. Оны орындау міндетті.

2) Бұл процесте мемлекеттің егемендігі іске асып отырады. Оның маңыздылығын қабылданған нормативтік актілерден көруге болады.

3) Нормативтік актілердің мазмұны құқықтық нормалармен сәйкес, дәлме-дәл болуға тиісті. Өйткені мемлекеттік органдар “акті” – деген атпен әртүрлі мағынада құжаттар шығарып жатады.

4) Нормативтік актілер заңды бөлу үшін міндетті түрде тиісті нысанында шығарылады. Онда барлық реквизиттері көрсетілуі қажет.

Нормативтік актілердің өмірге келуі, дамуы, өзгеруі, жаңаруы объективтік процесс. Оның негізгі себептері: қоғамның экономикасының өзгеруі, соған сәйкес қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, таптық мүдде-мақсаттарының өзгеруі.

Бұл объективтік өзгерістер өмірге субъективтік өзгерістерді қалыптастырады:

- мемлекеттік билік дамып, жаңарады;
- мемлекет пен құқықтың функциялары өзгеріп, нормативтік актілерді дамытады;
- құқықтық қатынастар прогрестік өзгерісте болады;
- рухани сана-сезім, білім дамиды.

Қоғамдағы осы объективтік және субъективтік өзгерістерді реттеп-басқару үшін нормативтік актілер үнемі үзіліссіз даму процесінде болады. Бұл процестің сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін:

- құқықтық шығармашылықтың сапасын жақсарту;
- лауазымды тұлғалардың кәсіпқойлығын, білімін, тәжірибесін көтеру;
- мемлекеттік органдардың қызметінің сапасын жақсарту.

Сонымен, нормативтік-құқықтық актілер – ресми заңды нормативті мемлекеттік күші бар нормалар.

Нормативтік актілер мемлекеттік билікті, саясатты орындайтын, қоғамның, халықтық мүдде-мақсатын іс жүзіне асыратын ең сенімді, шешуші құралы. Оның құқықтың басқа негіздерінен ерекшелік белгі-нышандары:

- нормативтік актілер мемлекеттің өкілетті органдарының бекіткен немесе жалпы халықтық референдумда қабылданған нормалар;
- нормативтік актілердің мемлекеттік күші бар құжаттар, ерікті орындалмаса оны еріксіз орындату мемлекеттік органның міндеті;
- нормативтік актілер ресми түрде: заң, қаулы, жарлық, ереже т.б. түрде шығады, олардың заңды нысандары болады;
- нормативтік актілер жалпы қоғамдық, күрделі қатынастарды реттеп-басқарады.

Нормативтік актілердің түрлері:

- заңды күшіне қарай нормативтік актілер екі топқа бөлінеді:
- заңдар және заңға тәуелді нормалар. Мемлекеттің дәрежесі жоғарылаған сайын нормативтік актілердің де заңды күші жоғарылай береді.
- нормативтік актілердің мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді: өндірістік, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени т.б. қоғамның салаларына сәйкес;
- нормативтік актілердің іс әрекетінің шеңберіне қарай үш түрі болады: қоғамдық іс-әрекеттер, шектеулі іс-әрекеттер, төтенше іс-әрекеттер;
- субъектілеріне қарай (нормаларды қабылдаған мемлекеттік органдар) нормативтік актілер үш топқа бөлінеді: заңды шығарушы органдардың актісі; заңды орындайтын органдардың актілері, сот жүйесінің актілері.

Заң – қазіргі заманда мемлекеттің ең жоғарғы нормативтік актісі. Ол қоғамдағы ең күрделі, маңызды мәселелерді, қатынастарды қамтиды. Заң қоғамдағы барлық нормалардың “Атасы” – деуге болады. Заңның белгі – нышандары:

- заң парламентте немесе жалпы халықтық референдумда қабылданады;

- заң күрделі, маңызды мәселелер бойынша қабылданады;

- заң арнаулы процедура арқылы қабылданады (ол төрт-бес кезеңнен өтуге тиісті);

- заңды ешқандай орган тексере, өзгерте алмайды;

- заң қоғамдағы нормалардың кіндігі, атасы.

Заңның үстемдігі арқылы қоғамдағы заңдылық, тәртіп қамтамасыз етіледі. Заң арқылы қоғамның мүдде-мақсаты, мемлекеттік билік, саясат іс жүзіне асады. Заң арқылы адамдардың бостандығы мен құқықтары, демократияның басқада талаптары қалыптасады.

Қазақстан мемлекетінің Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы (49–б. 1–т.). Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды шығаруға хақылы.

Заңға тәуелді нормативтік актілер – бұл актілер төрт түрге бөлінеді: жалпы қоғамдық, жергілікті, ведомстволық және мекемелік актілер. Жалпы қоғамдық актілер – мемлекеттік әкімшілік-территориясына толық заңды күші бар актілер (Президенттің жарлықтары, үкіметтің қаулылары). Жергілікті басқару органының актілері – мәслихаттың шешімдері, өкімдердің бұйрықтары. Ведомстволық актілер министрліктердің бұйрықтары, шешімдері, инструкциялары. **Мекемелердің** өз аппаратының ішкі тәртібін реттейтін актілер.

Сот билігінің актілері – Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Сот билігі Республикамыздың нормативтік актілерінің және халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Соттың шешімдері, үкімдері, өзге қаулылары сондай-ақ олардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары мен басқа өтініштері Республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Сот төрелігінің қағидалары:

- адамдардың кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылған-ша ол қылмыскер емес деп есептеледі;
- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыптаушының пайдасына қарастырылады.
- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды.
- қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді (конституцияның 77-бабы).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – жалпы юрисдикция соттарының қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және басқа істер жөніндегі мемлекеттегі сот билігінің жоғарғы органы. Заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот тәжірибесінің мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады (прецеденттік түсінік береді).

Конституциялық бақылау Қазақстан Республикасында Конституциялық Кеңестің құзыретінде. Ол маңызды демократиялық институттың бірі болып саналады, Конституцияның үстінен қарауды және оның тікелей ықпалын қамтамасыз етуді, азаматтардың жоғарғы деңгейдегі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, биліктің бөлісу қағидаларын орындауды т.б. жауапты қызметтерді атқарады.

Қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес нормативтік актілер сан жағынан да, сапа жағынан да күрделі дамып, кейбір нормалардың бір-біріне қайшы келуі де, немесе қайталануы да, кемшіліктері де молаяды. Осы сан алуан нормативтік актілерден өздеріне керектерін тауып алып, пайдалану, жеке және заңды тұлғаларға өте қиын мәселе. Сондықтан, мемлекет қабылдаған нормативтік актілер жіктеліп, топтастырылып отырылады, оның әртүрлі әдіс-тәсілдері болады:

1) Ең күрделі түрі: **инкорпорация, кодификация, консолидация:** Инкорпорация – нормалардың мазмұнын өзгертпей сала-салаға бөліп, алфавит бойынша, норманың шыққан уақытына сәйкес жүйеге келтіру. Сол арқылы нормативтік актілердің жинақтарын шығару. **Инкорпорацияның түрлері:**

- ресми инкорпорация – мемлекеттік органның жасаған жинағы. Бұл жинаққа сілтеме жасауға болады;
- бейресми инкорпорация – жеке және заңды тұлғалардың жасаған жинақтары, оған сілтеме жасауға болмайды;

– хронологиялық инкорпорация – норманың қабылданған уақыттарына сәйкес жүйеге келтіру;

– жүйелік инкорпорация – құқықтың жүйесіне немесе қатынастардың жүйесіне сәйкес нормаларды жинақтау; Бұл маңызды жинақ деуге болады. **Оның ішіндегі ең күрделісі – заңдардың жинағы** (свод законов). Басқа жинақтардан заң жинағының ерекшеліктері:

1) Жинақ заң шығарушы органның нұсқауымен жасалып, парламентте бекітіледі.

2) Жинақтың жасалу процесінде ескірген нормалар алынып, кемшіліктері болса толықтырылып, жетіспейтін жерлері болса жаңа нормалар қабылданып қоғамдағы құқық толығымен жаңарып шығады.

3) Жинаққа қоғамдағы ескірмеген, заңды күші бар нормативтік актілердің барлығы кіргізіліп, мемлекеттің ең негізгі заңды жинағына айналады.

Мұндай тәжірибе – заңдар жинағын жасау мемлекеттердің көпшілігінде кездеседі. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы хронологиялық және жүйелік жинақтар жасау үшін барлық нормативтік актілерді сала-салаға топтастырып, реттеп, тізім жасап жатыр.

Сонымен, инкорпорация арқылы нормативтік актілер тек сырттай реквизиттеріне сәйкес жинақталады. Олардың ішкі мазмұнына инкорпорация тиіспейді, кемшіліктерін жоя алмайды.

Нормативтік актілердің ішкі құрылысындағы кемшіліктерді, олқылықтарды, қайталауды жою жолы, оларды біріктіріп, бір күрделі нормативтік актіге айналдыру қажет. Бұл жолды консолидация деп атайды. Консолидация өзінің құрамына кірген барлық нормалардың орнындағы біріккен бір акті болып саналады. Оның өзінің жаңа ресми реквизиттері болады: актінің аты, шығарған мекеменің аты, уақыты номері, орны. Бұл нормативтік акт құқық шығармашылықтың бір түрі деуге болады.

Консолидация процесінде нормативтік актілердің қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқару мазмұнына тиіспейді, тек нормалардағы қайталауды, олқылықты, кемшілікті түзетіп жүйеге келтіру. Консолидацияның өзіне тән ерекшеліктері:

1) Консолидация процесін жүргізетін заң билігінің органдары. Сондықтан, консолидация заң шығармашылығының бір түрі.

2) Консолидацияда біріктірілген нормативтік актілердің заңды күштері жойылады. Оның орнына біріккен нормативтік актінің заңды күші келеді.

Қазіргі заманда нормативтік актілерді консолидация арқылы жүйелеу процесі мемлекеттердің көпшілігінде өте кең пайдаланады. Біздің Қазақстан мемлекетімізде осы бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Кодификация – нормалардың мазмұнының ұқсастығына қарай жіктеп, ғылыми тұрғыдан салаға, тарауға, тақырыпқа, баптарға бөліп, құқықтық нормалардың қолдануын жеңілдету. Бұл процесте нормативтік актілер өте күрделі жаңа заң шығармашылық көзқарастан өтіп парламентте бекітіледі.

Нормативтік актілерді кодификациялау процесінде олардың мазмұны өзгеріп, ескірген нормалар алынып, қайталануы жойылып, олқылықтары толықтырылып жаңа мүдде-мақсатқа сәйкес жаңарып бір салада біртұтас кодекс болып шығады. Кодекстің ішкі құрылымы өте күрделі: тараулар, бөлімдер, баптар. Бірақ, олардың арақатынасы тұрақты, ықшамды, ғылыми байланысты, қолдануға, пайдалануға ыңғайлы. Құқықтық нормаларды іске асыруға, дұрыс, уақытында орындауға маңызы өте зор.

Сонымен, кодификацияның өзіне тән ерекшеліктері:

1) Нормативтік актілердің жүйелеу процесінде мазмұнының өзгеруі, барлық кемшіліктерінің жойылуы, жаңарып құқықтың салаларына сәйкес біртұтас кодекс болып шығуы.

2) Кодекстерді жаңарту, өзгерту тек парламенттің құзыретіндегі – өкілеттігіндегі мәселе.

3) Қоғамдағы құқықтың сапасын жақсартудың ең маңызды, негізгі жолы.

Кодификацияның түрлері: Конституция, Кодекс, ережелер, жарнама, әскери заң, зейнеткерлер заңы, теміржол заңы т.б.

Қазіргі заманда мемлекеттердің басым көпшілігінде кодификация кеңінен қолданылады. Біздің мемлекетімізде де кодификация жақсы дамып келеді.

Қоғамдағы нормативтік актілерді жүйеге келтірудің **екінші әдісі** – барлық нормативтік актілерді жинақтау, сақтау, бақылау және оларды пайдалану, қолдану жұмыстарын жеңілдету тәсілі.

Нормативтік актілерді жинақтау, сақтау, бақылау мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, кәсіби одақтың міндеттері. Олар 10–15 жылдар өздерінде сақтап, мемлекеттік архивке тапсыруға тиісті. Мемлекеттік архив ол материалдардың бағалы, керекті құжаттарды, естеліктерді, ғылыми-техникалық, мәдени, білім жетістіктерін мәңгі сақтауға міндетті. Біразын 50–100 жыл өткеннен кейін актілеп жоюға болады.

Қоғамдағы барлық нормаларды білу, олар туралы жедел түрде түсінік беру әр мемлекеттің кезек күттірмейтін міндеті. Бұл істі мемлекет бақылауға алып, қатаң тәртіп орнатып, құқықтық нормаларға жедел түрде

түсінік беруді қамтамасыз етіп отырады. Ол үшін мемлекет барлық заңды күші бар нормаларды толық есепке алып, жинақтап отырады.

Мемлекеттік есепке алудың әдіс-тәсілдері:

– кітапшалық есепке алу: алфавит, хронологиялық, сала, жүйелік бойынша;

– картотекалық есепке алу: норманың, мекеменің аты-жөні, шығарған жері, уақыты, нөмері;

– автоматикалық-механикалық есепке алу: ЭВМ т.б.;

– компьютерлік есепке алу: ең күрделі, ең шапшаң және көпке шыдайтын, сақталатын жүйе.

16 —тақырып. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ ЖҮЙЕЛЕРІ

Адам қоғамының даму процесінде бір-бірімен байланысты миллиондаған қарым-қатынастар қалыптасып, жаңарып, ескіріп жатады. Бұл объективтік диалектикалық процесс. Осы процесті реттеп-басқару барысында қоғамдағы құқық бірнеше салаға, жүйеге бөлініп жатады. Қоғамдық қатынастардың объективтік даму процесіне сәйкес құқықтың құрылымы да, жүйелері де ескіріп, жаңарып, дамып отырады.

Сондықтан, құқық қоғамдағы нормативтік актілердің тек жиынтығы ғана емес. Ол қоғамның, әр саласына сәйкес объективтік, диалектикалық даму процесі арқылы қалыптасатын әлеуметтік көп салалы, көп жүйелі құбылыс. Бұл күрделі құқық процесі сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлінумен шектелмейді. Сонымен бірге қоғамның салалық-жүйелік дамуын, олардың өзара байланысын, қатынасын реттеп-басқарып отырады. Нормативтік актілердің ескіргенін жаңартып, кемшіліктерін толықтырып құқықтық нормаларды қоғамның, объективтік процесіне сәйкес дамытып, олардың орындалуын тездетіп, жақсартады. Бұл процестің байланысында, қатынасында алшақтыққа және қайшылыққа құқықтың құрылымы, жүйелері жол бермеуге тиіс.

Құқық жүйелерінің өзіне тән белгілері:

Бірінші – құқық, қоғамның объективтік – диалектикалық даму процесіне сәйкес қалыптасқан нормативтік актілердің бірлігі және құқықтың, қоғамның даму процесін реттеп, басқаруы. Құқық жүйелері субъективтік жолмен қалыптаспайды, сондықтан бұл жүйелер бір-бірімен объективтік тығыз байланыста, қатынаста болады. Қоғамның дамуына жақсы әсер етеді. Егерде қоғам мен құқықтың объективтік байланысы, қатынасы дұрыс дамымаса қоғам дағдарысқа ұшырайды.

Екінші – құқық қоғамның көп жүйелі, көп салалы әлеуметтік қарым-қатынастарын реттеп-басқарып отыратын жалпыға бірдей міндетті нормалар.

Құқықтық жүйелері қоғамның әр саласына сәйкес қалыптасып, сол саланы реттеп, басқарып отырады. Салық, нормативтік актілер бәрі бірігіп қоғамдық құқықтың алдындағы тұрған бір саясатты, бір мүдде-мақсатты орындайды.

Құқық құрылымы. Қоғамдағы барлық нормативтік актілердің мазмұнына сәйкес қалыптасады және сол құқықтық нормалардың қалай іске асуын, қалай орындалу тәсілдері мен әдістерін анықтап отырады. Құқық құрылымы жақсы, дұрыс дамуына қоғамның мемлекеттік құрылымы,

саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани, демократиялық даму деңгейі зор әсер етеді.

Қоғамдағы демократия, бостандық, әділеттік, теңдік, әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсы дәрежеде болады. Ал бұл жағдайлардың дәрежесі төмен болса құқық құрылымы да нашар дамиды. Құқық құрылымы туралы екінші сұрақта толығырақ айтылады.

Құқықтық жүйе. Құқық теориясында құқық жүйесі және құқықтық жүйе деген екі дербестік ғылыми ұғым бар. Жер жүзіндегі барлық мемлекеттердің құқық құрылымы, жүйесінің қалыптасуы, дамуы бірдей – ешқандай айырмашылығы жоқ. Ал, құқықтық жүйенің қалыптасуы, сол арқылы құқықтың тарихи өмірге келуі, дамуы әр елде әртүрлі болады. Өйткені әр елдің тарихи дамуы, ұлттың қалыптасуы, мемлекеттік саяси-экономикалық құрылысы бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан, құқықтық жүйелердің де қалыптасуы, дамуы әртүрлі болады. Мұны жан-жақты зерттеп білу өте пайдалы. Әр елдің құқықтық жүйелерінің жақсы тәжірибелерін алып, пайдаланып өз ұлттық құқықтық жүйені жақсы дамытуға болады.

Сонымен, құқықтық жүйе дегеніміз – әр елдің тарихи, ұлттық ерекшеліктеріне қарай, әдет-ғұрып, дәстүрінде қалыптасатын құқықтық жүйелер.

Құқық құрылымы дегеніміз – құқықтық нормалардың ішкі құрылымы және олардың дамуының, орындалуының әдістері мен тәсілдері.

Құқық жүйесі дегеніміз – құқықтың өмірге келуімен оның жүйе-жүйеге бөлінуінің объективтік заңдылықтары. Құқық жүйесі тақырыптың ең күрделі өзекті мазмұны. Құқық құрылымы мен құқықтық жүйе қоғамдағы құқықты дамыту, нығайту үшін, оның жұмысын жақсарту үшін қалыптасады.

Қоғамның даму процесінде көпшілік қарым-қатынастар өмірге келеді. Сол қатынастарды реттеу-басқару үшін объективтік жолмен құқық жүйелері қалыптасады. Қоғамдағы құқықтың қалыптасу деңгейіне қарай нормативтік актілерді бірнеше салаға, топқа бөледі.

Ең төменгі деңгейдегі бірінші бөлім – **құқықтық норма**. Бұл деңгейде норма бір қатынастың ішкі мазмұнын, оның орындалу жолдарын, субъектілердің екі жақты құқық, міндет, жауапкершіліктері көрсетіледі. Өмірде қатынас бір нормамен шектелмейді. Ол қатынастың немесе бірнеше ұқсас қатынастардың толық дұрыс орындалуына бірнеше құқықтық нормаларды біріктіруге тура келеді. Мысалы: азаматтық қатынастар, қылмыскердің құқықтары т.б.

Құқықтық институт – бұл жүйеге бір-бірімен байланысты нормалардың және қоғамдық қатынастардың ұқсастығына қарай реттеп-басқару. Мысалы, азаматтық құқығы меншік, шарттық байланыстары т.б. мәселелері; әкімшілік құқығы, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі, мемлекеттік органдарының қызметтерінің қағидалары мен функциялары т.б.

Құқықтық бөлім – бұл жүйеге құқық саласының бір тарауындағы қатынастарды реттеп-басқару. Мысалы, азаматтық құқықтағы авторлық қатынастарды реттейтін нормалар; еңбек құқығындағы еңбекті қорғау, айлық төлеу т.б. мәселелер жөніндегі нормалар.

Құқық саласы – қоғамдағы барлық нормативтік актілерді жүйе-жүйеге, сала-салаға бөлу. Мысалы, мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, еңбек, қаржы, отбасы т.б. құқықтар.

Құқық – салалық құқықтарды біріктіріп зерттеу, қолдану, пайдалану.

Сонымен, құқық жүйесі өзінің құрамына жеке норманы, құқықтық институтты, бөлімді және құқықтық саланы біріктіреді. Қазіргі кезеңдегі құқық жүйесінің негізгі салалары:

1. Мемлекеттік (конституциялық) құқық – бұл сала әр елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылысын, азаматтардың құқықтық жағдайын, мемлекеттік аппаратты құруын, оның жұмыстарын реттеп-басқарып отырады.

2. Әкімшілік құқық – бұл сала қоғамды, мемлекетті басқару қарым-қатынастарын реттеп, дамытып отырады.

3. Қаржы (қаражат) құқығы – бұл сала әр елдің мемлекеттік қаржы-қаражат көлеміндегі қатынастарды басқарады.

4. Жер құқығы – бұл сала жер, су, өсімдік, табиғат, экологиялық бағыттағы қатынастарды реттеумен шұғылданады.

5. Азаматтық құқық – қоғамның ең күрделі саласындағы мүліктік қатынастарды реттеп отырады.

6. Еңбек құқығы – азаматтардың еңбек бағытындағы қатынастарын дамытып, реттейді.

7. Жанұялық құқық – осы саладағы ерлі-зайыптылардың, олардың балаларының өзара қатынастарын реттейді.

8. Азаматтық-процессуалдық құқық азаматтардың азаматтық, еңбектік, жанұялық шағым істерін қарағандағы қарым-қатынастарды реттеумен шұғылданады.

9. Қылмыстық құқық – қылмыстық істерді жан-жақты тексеріп, дұрыс шешу барысындағы мәселелермен шұғылданады.

10. Қылмыстық-процессуалдық құқық – милиция, прокуратура, сот т.б. құқық, қорғау аппараттарының қылмыстық істерді тергеу, жүргізу, дұрыс шешім, үкім жасау барысындағы қатынастарды жан-жақты реттеп отырады.

11. Енбекпен түзеу құқығы – қылмыскерлерді тәрбиелеп, дұрыс жолға салып, қоғамға пайдалы азамат болуын қамтамасыз ету жолындағы қатынастарды қамтиды.

12. Халықаралық құқық – мемлекеттердің арасында туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар.

Құқық жүйесі қоғаммен бірге дамып, жаңарып отырады. Қоғамның даму процесінен өмірге келген жаңа қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді дер кезінде қабылдап құқық жүйелерін, салаларын жаңартып елдің жақсы дамуына мүмкіншілік жасап отырады.

Бұл процесте ерекше маңызды рөл атқаратын құқық жүйесінің азаматтық, мемлекеттік, әкімшілік, қылмыстық, процессуалдық салалары. Себебі осы салалар қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени негізін құрастырып, дамытады. Сондықтан, бұл салалар құқық жүйесінің діңгегі, ұйтқысы, басқа салаларға өзінің әсерін тигізіп, олардың жақсы дамуына жағдай жасап отырады.

Дамыған елдердің тарихында құқық жүйесінің өз ішінде **кешенді (комплексный) салалар қалыптаса бастайды**. Бұл объективтік, диалектикалық даму процесінің нәтижесі. Мысалы: теңіздік құқықтың нормалары әкімшілік, азаматтық, жер, процессуалдық жүйелерден тұрады және олармен бірлестігі. Бұл процесс құқық жүйесінің екі-үш қабатқа айналуы. Жаңа салалар өзінің негізгі жүйелерінен байланысын үзбейді.

Қоғамдағы нормативтік актілердің, жақсы жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін оның жүйеге, салаға бөлінуін және олардың бірлестігін мемлекет қатаң түрде бақылап, нығайтып, дамытып отырады. Құқықты жүйеге, салаға бөлудің екі себеп-мақсаты бар: біріншісі – жүйеге, салаға жататын (кіретін) қарым-қатынастардың мазмұнын, негізгі бағытын анықтау; екінші – сол жүйелік, салалық қатынастарды реттеудегі, басқарудағы құқықтық жұмыстардың тәсілдері мен әдістерін анықтау.

Бұл әдіс-тәсілдердің түрлері мемлекет және құқық теориясымен бірге дамып, нығайып келеді. Құқық жүйесінің әр саласының өзіне тән әдіс-тәсілдері бар. Мысалы: қоғамдағы қатынастардың субъектеріне құқықтық нормалар басым көпшілігіне толық бостандық береді. Өз еріктерімен құқықтық норма арқылы қарым-қатынас жасап мүдде-мақсаттарына жетуге мүмкіншілік береді. Субъектілердің екінші тобына құқықтық нор-

малар тиісті міндеттер жүктейді. Қатынастардағы субъектілердің үшінші тобына құқықтық нормалар шектеулі, нақты тыйым салады. Осы көрсетілген құқық жүйесінің тәсілдері мен әдістері құқықтың барлық салаларында бар.

Құқық жүйесінің тәсілдері мен әдістерін дамытуға, нығайтуға материалдық және процессуалдық құқықпен бұқаралық және жеке тұлға құқықтары көп үлес қосады. Бұлардың нормативтік актілерінің дұрыс, тез, жақсы орындалуында маңызы өте зор.

Материалдық құқық – қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп, жақтап, қорғап отыратын нормалар. Мысалы: қылмыстық құқықтық нормалар, азаматтық құқықтық нормалар, әкімшілік құқықтық нормалар т.б.

Процессуалдық құқық – материалдық құқықты қалай, қашан, қандай жағдайда қолдануды көрсетеді. Мысалы: қылмыстық-процессуалдық және азаматтық процессуалдық құқықтарда көрсетілген нормалар.

Қоғамның тарихи даму процесінде құқық жүйелері азаматтардың, бірлестіктердің, ұжымдардың, мемлекеттің мүдде-мақсаттарын қорғап, дамытып отырады. Бұл мүдде-мақсаттар екіге бөлінеді: бұқаралық және жеке тұлға мақсаттары. Осы екі мүдде-мақсатқа сәйкес қоғамда бұқаралық және жеке тұлға құқығы қалыптасады.

Сонымен, **бұқаралық құқық** – мемлекет бұқаралық және жеке тұлға арасындағы қатынастарды реттеп, басқарады; **жеке тұлғаның құқығы** – жеке адамдардың арасындағы қатынастарды реттеп-басқарады. Бұл екі құқық бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Бұқаралық құқық мемлекеттік билікпен байланысты, оның реттеп-басқаратын қатынастары өте күрделі мәселелерді қамтиды. Өйткені олар қоғамдық мүдде-мақсаттарды іс жүзіне асыру бағытында қызмет атқарады. Бұл топқа көбінесе конституциялық, әкімшілік, қаржылық, қылмыстық, процессуалдық, әскери нормалар жатады. Жеке тұлға құқығы адамдардың және заңды тұлғалардың мүдде-мақсаттарын іске асырады, қорғайды. Бұл топқа азаматтық, еңбек, отбасы, сауда, кәсіпшілік, кооперативтік нормалар жатады. Сонымен, бұқаралық құқық – мемлекеттік істермен, ал жеке тұлғалар құқығы – жекелік істермен шұғылданады. Жеке тұлғалар құқығы жеке меншікпен тығыз байланыста дамиды. Жеке меншік болмаса жеке тұлғалар құқығы да болмайды. Біздің елде Кеңестік дәуірде жеке тұлғалар құқығы жоқтың қасы болды. Қазіргі нарықтық жүйе қалыптасу кезінде меншіктің неше түрлері өмірге келіп, жеке тұлға құқығын жан-жақты дамытуға мүмкіншілік туды.

2. Құқық жүйесі мен заң жүйесінің қатынасы

Құқық жүйесі объективтік құбылыс. Ол қоғамның диалектикалық даму процесінің объективтік заңдылықтары арқылы өмірге келеді. Бір жағынан құқықтық нормалар субъективтік жолмен қалыптасады. Екінші жағынан, құқықтық нормалар қоғамның объективтік табиғи даму процесінің тілегіне сәйкес қалыптасып, елдегі әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп-басқарып жатады. Сондықтан, мемлекеттік органдар құқықтық нормаларды өз бетімен, қалай болса солай қабылдай салмайды. Қоғамның әлеуметтік қарым-қатынастарының даму процесіне сәйкес құқықтық нормалар жан-жақты талқыланып, бекітіледі. Қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару процесінде нормативтік актілер сала-салаға, жүйе-жүйеге бөлініп, дамып жатады. Сөйтіп құқық жүйесі қалыптасады.

Заң шығару жүйесінің өмірге келу жолы басқа. Бұл жүйе басым түрде субъективтік процесс арқылы қалыптасады. Қоғамдағы қарым-қатынастарды жақсы дамыту үшін нормативтік актілерді дер кезінде қабылдап, елді, мемлекетті дағдарысқа ұшыратпай басқару керек. Міне, бұл мәселемен мемлекеттің заң шығару бағытындағы аппараттары шұғылданады. Осылай қоғамда заң жүйесі қалыптасады.

Заң жүйесі дегеніміз – Парламент арқылы құқықты құрастыратын (қалыптастыратын) нормативтік актілердің жиынтығы (негіздері). Нормативтік актілерсіз, заңсыз құқық болмайды. Заң жүйесі мен құқық жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты.

Заң шығару жүйесінің негізгі салалары:

1. Бір салалық қатынастарды реттейтін заң жүйесі. Заң жүйесінің бұл түрі құқық жүйелерімен ұқсас. Мысалы: азаматтық құқық, әкімшілік құқық т.б.

2. Саланың өз ішіндегі қатынастарды реттейтін заңдар. Мысалы: азаматтық құқықтың ішіндегі авторлық құқық; жер-су заңдарының ішіндегі тау-кен, экология туралы заңдар т.б.

3. Кешенді заңдар жүйесі (бірнеше салаларды қамтитын заңдар). Мысалы: шаруашылық, транспорттық т.б. заңдар. Бұл заң жүйелері қоғамның бірнеше салаларының ұқсас қатынастарын реттеп отырады.

4. Қорғаныс – әскери заң жүйелері. Бұл жүйе құқық жүйесінің басым көпшілігін біріктіреді. Мысалы: мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, жер, қылмыстық т.б. құқық салаларын біріктіреді.

Әскери заң жүйесі арнаулы, ерекше заң саласы болғанмен қоғам-

дағы құқықтың негізгі қағидаларын қатаң сақтауға тиіс: азаматтардың теңдігін, бостандығын т.б.

Сонымен, заң жүйесі объективтік жолмен қалыптасқан нормативтік актілерді субъективтік тұрғыдан біріктіріп дамытып отырады. Құқықтың дамып қалыптасу кезеңдері:

1. Қоғамдағы қарым-қатынастардың өмірге келіп сала-салаға бөлінуі.
2. Қатынастарды реттеп-басқару үшін құқық жүйелерінің қалыптасуы.

3. Объективтік тұрғыдан қалыптасқан құқықтық нормаларды заң жүйесіне айналдыру. Сөйтіп құқықтың рөлін, маңызын күшейту, олардың қолдануын жеңілдету, нормативтік актілердің орындалуын жақсарту.

Әр елдің құқық жүйесі халықаралық құқықпен тығыз байланысты болады. Барлық мемлекеттер ол құқықты дұрыс орындауға міндетті. Өз нормативтік актілерін осы халықаралық құқыққа сәйкес қабылдауға тиіс. Егер қайшылықтар болса, халықаралық құқықтың нормалары басым болады.

Құқық және заң жүйелерінің даму бағыттары – құқық пен заңның дамуы қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларға байланысты. Бұл процесте құқық пен заңның мазмұны да, сапасы да тереңдеп, жақсара түседі. Құқық және заң жүйелерінің даму бағыттары: 1) Қоғамдағы диалектикалық құбылыстардың құқық пен заңды объективтік тұрғыдан дамытуы; 2) Құқық жүйесінің дамуы; 3) Заң шығармашылық процестің сапасының жақсаруы.

Қоғамның диалектикалық даму процесінде адамдар мен құқықтың өзара байланысы жақсарып, шеңбері кеңейіп, адамдардың бостандығы мен құқықтары нормативтік актілердің негізгі қызметіне айналып, жеке тұлғалар құқығы қоғамдағы ең күрделі, ең маңызды құқық саласына айналуы объективтік процесс. Сөйтіп, келешекте мемлекет пен құқықтың міндеттері мен бостандығы бірте-бірте теңесуге тиісті. Бұл құқықтық мемлекет кезінде шындыққа айналады.

Қоғам объективтік даму процесінде көп мәселені реттеп-басқаруды бірте-бірте қоғамдық ұйымдарға, бірлестіктерге, ұжымдарға беріп, құқықтың қызметі азая беруі өмірге келеді. Бұған күмән келтіруге болмайды. Мұндай процесс мемлекетаралық, халықаралық құқықта да болуы мүмкін.

Келешекте құқық жүйелері де дамып, сапалы өзгерістерге ұшырауы объективтік процесс. Бірнеше құқық салалары бірігіп, нормативтік актілердің кешенді жүйелері қалыптасуы әбден мүмкін. Бұл процесс

нормалардың мазмұнын, сапасын, маңызын жоғары деңгейге көтеруі даусыз деуге болады.

Жоғарыда көрсетілген құқық жүйесінің келешекте объективтік даму процесі міндетті түрде заң шығармашылық қызметті де көтеруге, жақсартуға объективтік, заңды негіз деп толық сеніп айтуға болады. Қоғамның даму процесінде заң шығармашылық қызметті бірте-бірте Парламенттен төменгі органдарға беруге болатынына сенуге болады. Ол органдар өздерінің әкімшілік территориясында мәселелердің басым көпшілігін өздері толық реттеп-басқаруға көшуі мүмкін.

17 –тақырып. ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА

1. Қоғамдық және құқықтық сананың түсінігі мен мазмұны

Сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы нысаны. Сана адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің (түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау т.б.) заңды нәтижесі болып табылады. Сана – шындықты бейнелеудің механизмі мен нысандарын тарихи дамудың сатыларына сәйкес айқындайтын философия, социология мен психологияның және жалпы танымның ең басты категорияларының бірі. Сана негізінен жеке адам санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді. Сана – адамдардың қоғамдық-өндірістік іс-әрекетімен еңбек процесінде пайда болып, тілдің шығуымен тығыз байланыста қалыптасады. Қай дәуірде болмасын адам туғаннан бастап алдыңғы ұрпақ жасап кеткен заттық дүниеге тап болады да, тек сол заттық дүниені белгілі мақсатта пайдаланып үйренгенде ғана ол саналы адам болып қалыптасады.

Адам тарихи қалыптасқан іс-әрекеттер, дағды мен тәсілдерді игеріп, әсіресе тілді үйрену нәтижесінде айналадағы заттар мен құбылыстардың объективті заңдылықтары мен қасиеттерін танып біледі. Адам айналадағы дүниеге, өзін қарама-қарсы қойып, белгілі мақсатта іс-әрекетпен шұғылданғанда сол объективті шындық туралы өзінің білетін түсінігі мен біліміне сүйенеді. Бүкіл адамзат тарихының барысында қалыптасып жинақталған рухани қазына, мәдениет, мораль, дін, қоғамдық психология, өнер, құрал-жабдық адамның творчествосынан туып, оның қолымен жасалған бүкіл заттық дүние түгелімен адамзаттың қоғамдық санасы болып табылады. Сана тарихи тәжірибені, білім мен ойлау тәсілдерін бойына сіңіріп, шындықты, рухани идеалды игеріп, алда тұрған мақсат, міндеттерді белгілеп адамзат қоғамының бүкіл практикалық іс-әрекетін бағыттады. Адамдар өзінің творчестволық ойларын жүзеге асырып, табиғатты, қоғамды дамытумен бірге, өздерін де жетілдіреді.

Қоғамдық сана – объективті дүние мен қоғамдық болмыстың адам санасында бейнеленуі. Қоғамдық сана адамның тәжірибелік іс-әрекеттерінен байқалады. Сана қоғамның рухани мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Қоғамдық сананың түрлері: саясат, құқық, философия, мораль, өнер, дін, қоғамдық болмысты бейнелей отырып, оған белсенді ықпал етеді. Қоғамдық сананың түрлерінің әрқайсысының өз

объектісі мен бейнелеу тәсілі болуына қарамастан, болмыс пен адам санасына өзіндік әсерін тигізеді. Идеологияның саяси құқықтық нысандары қоғамның экономикалық қатынасын саяси және құқықтық тілде, ал өнер – көркемдік образдармен, мораль – адамдардың мінез-құлқының белгілі қағидалары мен ережелері түрінде бейнелейді.

Қоғамдық сананың түрлері қоғамның экономикалық базисымен байланыс жасау сипатына қарай әртүрлі болады. Мысалы, идеологияның саяси және құқықтық түрлері басқа нысандарына қарағанда экономикалық базиске жақын тұрады. Бұлар қоғамның өндірістік, шаруашылық қатынастарын тура, тікелей бейнелеп, олардың төте ықпал жасауымен қалыптасады. Қоғамдық сананың түрлері тарихи өзгерістерге түсіп, белгілі тарихи кезеңде осы нысандардың бірі қоғамның рухани өмірінде үстем болып, қалғандарын өзіне бағынышты етеді. Мысалы, феодализм дәуірінде дін үстемдік етті. Капиталистік қоғамда құқықпен саясат билік алып, философия, өнер мораль мен діннің дамуына зор ықпалын тигізді.

Құқықтық сана – қоғамдық сананың бір түрі. Саяси және моральдық санамен тығыз байланысты. Мазмұны жағынан тиісті мемлекетте қолданылып отырған құқық нормалары, заңдылық пен құқықтық тәртібі, қылмыс және оны жазалау, қоғам мүшелерінің құқықтары мен көзқарастары жатады. Антагонистік қоғамда таптардың өзіне тән құқықтық санасы болады. Оның мазмұны әр таптың қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты.

Құқықтық нормаларды жүзеге асыру – қоғамға пайдалы іс-әрекет құқық нормаларының талабын орындау, заң белгіленген мүмкіндікті пайдалану үшін азамат белгілі бағытта әрекет жасап, белсенділігін көрсетуі қажет. Құқықтық белсенділіктің, екінші жағы адамның сана сезіміне байланысты. Құқықтық сана-сезім белгілері мыналар:

- Құқықты белгілеу.
- Құқықты түсіну.
- Құқықты құрметтеу.
- Құқықтың дұрыстығына және әділдігіне сену.
- Құқықты сақтауға дағдылану.
- Құқықтың талаптарын бұлжытпай орындау.

Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдерінің, әсерлігінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық сана қоғамның құқықтық өмірін жандандыру және дамытуға үлкен үлес қосады.

1. Құқықтық сана – құқық нормаларын қалыптастырудың қажетті шарты. Олай дейтін себебіміз, құқықтық нормалар заң шығару органының саналы түрдегі ерікті қызметі арқылы өмірге келеді. Адамдардың белгілі бір мүдделері мен қажеттіліктері заң нормаларында бейнеленбестен бұрын, ол нормаларды құрушы лауазымды тұлғалардың ой-санасынан өтеді. Сондықтан да, құқық нормаларының сапасы олардың қоғамдық даму қажеттілігіне сәйкес келеді, ол нормаларды құратын органның құқық көзқарасы, құқық санасының деңгейімен тығыз байланыста болады.

2. Құқықтық сана құқық нормаларының нақты және толығымен іске асырылуының ең басты шарты. Құқықтық нормаларының талаптары тікелей азаматтарға қойылады. Бұл талаптарда олардың саналы түрдегі ерікті әрекеттері арқылы орындалады. Яғни неғұрлым құқықтық сананың деңгейі жоғары болса, соғұрлым құқық нормаларының ережелері нақтырақ орындалады.

Қоғамдық мәдениет саласында құқық мәдениетінің жетістіктерін ғана басқарып реттеп отырады. Мәдениет өзінің даму процесінде қоғамның рухани байлығын, халықтың сана-сезімін дамытып, жоғарғы дәрежеге көтереді. Құқықта өз кезегінде мәдениетті қорғап, реттеп отырады. Осыдан келіп құқықтық мәдениет қалыптасады. Ол өзара байланысты элементтер арқылы көрініс табады.

– қоғамдағы құқықтық сананың жағдайы, құқықты түсінудің деңгейі, заңдылықтың талаптарын орындау қажеттігін түсіну.

– заңдылықты сақтау;

– заң шығарудың ерекшелігі, оның мазмұны мен нысанына көңіл бөлу;

– сот, прокуратура басқа да заң органдарының жұмыс атқару сипаты.

Сонымен сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы нысаны. Сана адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің (түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау т.б.) заңды нәтижесі болып табылады. Сана негізінен жеке адам санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді.

Сана адамдардың өзара іс-әрекеттерінің нәтижесінде өмірге келіп, дамып, ескіріп, жаңарып жатады. Бұл объективтік өте күрделі процесс, сан-алуан бағытқа, жүйеге бөлініп қоғамның сана-сезімін топтастырып қалыптастырады. Оның негізгі нысандары: саяси, моральдық, Ұлттық,

эстетикалық, діни, құқықтық т.б. сана-сезімдер. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырады.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің **мазмұны төрт** жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің даму, жаңару, орындалу, қорғау процесін, оған халықтың сана-сезімінің әсерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары: бірінші – халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші – сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші – қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру. Құқықтық сана-сезім нормативтік актілердің негізгі, қоғамдағы қатынастарды дұрыс реттеуші, басқарушы күш. Ол құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, дұрыс орындалуына және оның болашағын дұрыс болжауға өте зор әсер етеді.

– Құқықтық сана-сезімнің **ерекшеліктері**:

– құқықтық сана-сезім қоғамдағы тек нормативтік актілер мен құбылыстарды, қатынастарды бейнелейді. Ол жаңа нормалардың қабылдану және олардың процесін қамтиды. Саяси, моралдық, ұлттық т.б. көзқарастар құқықтық сана-сезімге әсер етіп, құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, орындалуына ықпал етеді;

– қоғамның даму процесін, құбылыстарын сана-сезім құқықтық тұрғыдан сезініп, сол позициядан қорытынды тұжырымдар жасап, баға береді. Мысалы: құқықтық қатынас, құқықтық жауапкершілік, құқықтық тәртіп т.б.

Сонымен, қоғамдағы құқықты дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін құқықтық сана-сезімнің маңызы өте зор. Бұл сана-сезімді қоғам көлемінде дамыту керек, әсіресе заңгерлердің, органда қызмет атқаратын азаматтардың білімі, тәжірибесін, сана-сезімін көтеруді қажет етеді. Сонда ғана қоғамда заңдылық, құқықтық тәртіп болады.

Халықтың, әсіресе заңгерлердің белсенділігі үш түрлі, үш деңгейде болады: **біріншісі** – құқықтың субъектілері өзара қатынасты тек дұрыс басқарып, жаңалыққа ұмтылмау – сылбыр, енжар деңгейі; **екіншісі** – эвристикалық деңгей – құқықтың субъектілерінің жаңалыққа талпынып, мәселені шешудің жаңа жолдарын табу; **үшіншісі** – интеллектуалдық деңгей – жаңалықты ашуда үзілістің болмауы, жоғары дәрежеде белсенділікті көрсету. Белсенділіктің соңғы екі түрі құқықтық сана-сезімнің дамуына өте зор әсер етеді.

Құқықтық сананың мазмұны әр таптың, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени, өмірінде алатын орнына байланысты. Құқықтық сана халықтың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқығы мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекет және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

Қоғамдық сана-сезімнің басқа нысандарына қарағанда құқықтық сана адамдардың ой-өрісіне, рухани ойлану процесіне өте зор әсер етеді. Себебі құқықтық қатынаста адамдар нормативтік актілерді бұлжытпай орындаулары керек, екі жақты құқық пен міндет бар, дұрыс орындалмаса жауапкершілік бар. Сондықтан, құқықтық қатынастардың субъектілеріне түсетін ауыртпашылық айтарлықтай мол.

Құқықтық сана-сезім өзінің құрылымы жағынан екі түрге бөлінеді: құқықтық идеология және құқықтық психология.

Құқықтық идеология дегеніміз – қоғамдағы құбылыстарды, қатынастарды құқық тұрғысынан ғылыми жүйеге келтіру. Құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастар белгілі бір жүйеге түсіріліп, ғылыми негізде дәлелденген күйде болады. Бұл идеологияны қалыптастыруға заңгерлер, саясатшылар, экономистер, философтар, тарихшылар т.б. мамандар қатынасады. Құқықтық идеология қоғамдағы әр бағыттағы, әр саладағы мақсаттарды біріктіріп, дамытады.

Құқықтық психология дегеніміз – қоғамның құқықтық сезімін, ақыл-ойын, әдет-ғұрып, дәстүрін біріктіру. Жеке адамдардың, қоғам мүшелерінің әртүрлі топтарының санасында – заңдарға олардың қолданылуына байланысты туған әсерлер, көңіл-күйі және сезімдер жатады. Қоғамдық көлемде осы мәселелерді біріктіріп дамытып, халықтың сана-сезімін көтеріп, демократияны нығайту, құқықтық мемлекет қалыптастыру.

Құқықтық сана-сезімнің жүйелері мен түрлері:

1) Қатынастың субъектілеріне қарай құқықтық сана-сезім үшке бөлінеді: жекелік, топтық, қоғамдық сана-сезім. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен бірге олардың өз дербестігі болады. Әр жеке адамның сана-сезімі әр деңгейде болады: өте жақсы дәрежеде, жақсы, орташа, нашар дәрежеде. Егерде топтың, басым көпшілігінің сана-сезімі өте жақсы дәрежеде болса, онда бұл топтан жақсылықты күтуге болады. Топтың көпшілігінің, керісінше, сана-сезімі нашар болса ол топтан жақсылық, күтуге болмайды.

Осы әдіс-тәсілмен қоғамның сана-сезімінің дәрежесін, деңгейін білуге болады. Сол арқылы қоғамның қай саласында, адамдардың қандай то-

бына жұмыс жасау бағытын анықтауға болады. Осылай қоғамның сана-сезімін реттеп – басқарып отыруға болады.

2) Мазмұнының тереңдігіне қарай құқықтық сана-сезім тағы да үшке бөлінеді: күнделікті құқық саналығы, кәсіпқойлық құқық саналығы, теориялық құқық саналығы. Адамдардың күнделікті құқықтық сана-сезімі олардың рухани, парасаттылық, инабаттылық, өмір тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Кәсіпқойлық, құқық саналығы қоғамның әр саласында жұмыс істейтін заңгерлердің тәжірибесі арқылы қалыптасады. Олардың құқықтық білімі де, тәжірибесі де мол болғандықтан сана-сезімдері көпшілігінің жоғары дәрежеде болады. Сондықтан, құқықтық нормалар дұрыс орындалып, заңдылық, құқықтық тәртіп жақсы дамиды.

Теориялық құқық саналығы қоғамдағы заң ғылымының жан-жақты жақсы даму арқылы қалыптасады. Жақсы дамыған заң ғылымы қоғамның сана-сезімінің дәрежесін, деңгейін көтереді, сол арқылы құқықтың жақсы дамуына зор әсер етеді.

Құқықтық сана-сезімнің бұл жүйелері мен түрлерінің қоғамда атқаратын жұмыстары өте зор. Олар бәрі бірігіп құқықтық нормаларды өмірге әкеледі, оны дамытады, олардың дұрыс орындалуына жан-жақты үлес қосады. Қоғамдағы құқықтық саналықтың деңгейі неғұрлым жоғары болса соғұрлым заңдылық та, құқықтық тәртіп те жақсы дамиды.

Құқықтық сананың субъектілері, әлеуметтік тұрғыдан бірнеше түрге бөлінеді:

- жеке адамның құқықтық санасы есін білгеннен қалыптаса бастайды;

- ұжымдық құқықтық сана. Әр ұжымның қызметінің ерекшеліктеріне байланысты ұжымдық құқықтық сана-сезім қалыптасады;

- қоғамдық құқықтық сана. Адамдар жасына, жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына байланысты сан алуан бірлестіктерге бөлінеді. Әр топтың ерекшеліктеріне байланысты құқықтық ой-санасы, көзқарасы қалыптасады.

- халықтың құқықтық санасы. Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы, қайнар бұлағы. Демек, халықтың да құқыққа өз көзқарасы, сана-сезімі бар.

Құқықтық сананың тарихи даму кезеңдері мен типологиясы жобамен төрт дәуірге бөлуге болады: көне дәуір, орта ғасырлар, жаңа кезең және қазіргі заман.

Көне дәуірде ешқандай құқықтық сана деген жеке заңды ұғым болған

жоқ. Орта ғасырларда да құқықтық сана толық қалыптасқан жоқ, аздап бұл туралы пікірлер, зерттеулер болды.

XVI–XVIII ғасырларда көптеген пікірлер, ғылыми зерттеулер өмірге келді. Қоғамдық ғылымдардың алдына көп талаптар қойылды: демократияны дамыту, абсолюттік монархияны жою, мемлекеттік билікті бөлу, адамдардың табиғи бостандықтарын, құқықтарын шектеуге жол бермеу т.б.

Қазіргі заманда құқықтық сана өмірде де, ғылымда да жан-жақты зерттеліп қоғамның, мемлекеттің дамуына зор үлес қосуда: мемлекеттік аппарат күрделі дамуда, заң шығармашылық процесс сапалы жұмыс жасап, қоғамдағы барлық қарым-қатынастарды реттеп-басқаруда.

Сонымен, құқықтық сана – қоғамдағы құқықтық құбылыстарға адамдардың сезімдерінің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі; ол заң шығарудың, нормативтік актілердің дұрыс орындалуының, құқықтың сапалы дамуының негізгі шешуші механизмі деуге болады.

2. Қазақстанда құқықтық сананы жақсарту бағыттары

Қоғамды, мемлекетті дамытуда, оның құқығын нығайтуда қуатты құралдың бірі – еңбекші бұқара. Сондықтан заң жобаларын талқылауға, құқықтық нормалардың дұрыс қолдануына, мүлтіксіз орындалуын бақылауға олар белсене қатысады. Құқықтық сананы заңды мінез-құлық деп те атайды. Бұл құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның сана-сезімі. Осы сана-сезім арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды мінез-құлық негізінде құрылады. Азаматтар құқықтың талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес сана-сезім екіге бөлінеді: белсенді заңды мінез-құлық және бәсең (енжар) заңды мінез-құлық.

Белсенді заңды мінез-құлық – лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасы мен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Бұл мінез-құлықтың түрлері сан алуан. Ол – субъектілердің өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген

міндеттерін қалтықсыз саналы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бет көрсетіп, өз пікірін ортаға салу – міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Енжар заңды сана-сезімнің көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді салақтықпен орындайды, нормативтік актілерді жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайлықпен қарайды. Мұндай мінез-құлық екі тарапта да ұтылыста болады. Мысалы, шартты қатынаста субъектілердің екеуі де немесе біреуі міндеттерін дұрыс орындамаса екі жағы да ұтылыста болады, зиян шегеді. Мұндай енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке де зиян келеді.

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік дамуы жақсы деңгейде болса адамдардың сана-сезімі де сол дәрежеде болады. Осыған сәйкес қоғамның құқығы да жақсы дамып, қатынастарды жақсы реттеп басқарып отырады.

Егерде қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы дағдарысқа ұшыраса онда сана-сезімнің сапасы төмендеп, құқықтық нигилизм, немқұрайдылық етек жая бастайды. Қылмыстың саны күрт өседі, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіп нашарлайды. Оның себептері:

- 1) Азаматтардың көпшілігінде демократиялық мәдениеттің жоқтығы.
- 2) Қоғамда әкімшілік-әміршілік жүйенің ұзақ уақыт өмір сүруі.
- 3) Ескі мемлекеттің ыдырауы, жаңа жүйенің толық қалыптаса қоймауы.

4) Қоғамның экономикалық-әлеуметтік деңгейінің нашарлауы.

Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының алдында тұрған мүдде-мақсаттар өте көп. Солардың бірі – халқымыздың құқықтық сауаттылығын көтеру, оның негізгі бағыттары:

– елімізде құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту. Бұл іске қоғам болып кірісу;

– тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу; инаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіпшілік, еңбекшілдік, діни т.б. бағыттарда;

– халықтың рухани сана-сезімін, білімін жақсарту;

– мемлекеттің заң шығару, құқықтық нормаларды орындау жұмысын жақсарту;

– мемлекет аппараттарындағы қызметкерлердің мамандық сапасын көтеру;

– заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қатаң бақылау жүргізу.

Осы көрсетілген бағыттар арқылы құқықтық тәрбиені жақсарту тек аппараттың ғана жұмысы емес. Бұл күрделі және өте өзекті іске қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси ағымдар мен ұйымдар белсенді түрде қатысулары керек.

Құқықтық тәрбиені жақсарту үшін қоғамның экономикалық, әлеуметтік жағдайын, жақсарту, демократияны, бостандықты, теңдікті дамыту керек, сонда ғана іс нәтижелі болады.

Сонымен, құқықтық сананың сапасын жақсартып, қоғамдағы оның маңызын көтеруге зор үлес қосатын құқықтық психология мен құқықтық идеология. Бұл психология мен идеологияны теңестірсек идеология басым болады. Өйткені психология адамдардың санасында заңдарға олардың қолданылуына байланысты туған тек әсерлерін, көңіл-күйін, сезімдерін ғана көрсетеді. Ал, идеологияның қоғамға әсерінің шеңбері де, кеңістігі де өте кең, маңызы да анағұрлым жоғары. Идеология құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды белгілі бір жүйеге келтіріп, ғылыми негізде дәлелдеп қызмет атқарады.

Мұндай тұрақты қалыптасқан демократиялық, мәдени әлеуметтік құқықтық идеология әр мемлекетке өте қажет. Онсыз қоғам сапалы, жақсы дами алмайды. Оны біздің еліміздің 10 жыл тәуелсіз дамыған тарихымыз дәлелдеп отыр. Кеңестік дәуірде 60 жыл үстемдік жасаған коммунистік салт идеологияға нигилистік көзқарасты қалыптастырып, еліміз көптеген қиыншылықты, қолайсыз жағдайларды бастан кешіп отыр. “Тәуелсіздікке қол жетті, Ата Заң қабылдадық, дүниежүзілік ұйымдарға тең құқылы мүше болдық” дегелі 7–8 жылдан асса да, нені ардақтап, нені мансұқтауды білмейтін пұшаймандық тағы бар. **Мұның аты – ұлттық немесе мемлекеттік идеологияның жоқтығы. Идеология дегеніміз – мемлекеттің жүрегі.** Жүрегінде өзіне тән қасиет жоқ адамның дара тұлға еместігі кімге құпия? Өзіндік идеологиялық бағыт-бағдары, ұлттық бітімі жоқ мемлекет ше? Ол кімге қажет? Әрине, бізге қажеті жоқ. Бірақ сырттағы біреулерге ол ұнайды. Өйткені мұндай мемлекетті бостандықта ұстау оңай.

Тәуелсіз жас мемлекеттің іргесін нықтауға байланысты тұжырымның бірі ілімдік жағынан қорытылуға тиіс. Ондай Ұлттық идеологияның негіздері бізде жоқ емес. Тек оны нақтылай, дәлелдей түсу керек. Ғылым дәрежесіне қарай бейімдеу қажет. Құқықтық қоғамы бар мемлекет құрамыз, оған керегі жалпы адамзаттық идея деп тұрсақ та, Қазақстанның өзіне лайық идеологиясы болуын ешкім жоққа шығармас.

Қорыта айтсақ, құқықтық идеологияны жаңғырту, озық өркениет жетістігін қабылдау, мәдениет пен өркениетті ұштастыру, ұлттық тұлға тәрбиелеу, мемлекетімізде қаржы-қаражат, заң, өндіріс, өндіргіш күш, білім беру, денсаулық сақтау мен бұқаралық ақпараттың үйлесімін тауып үндестіретін құрал – **мемлекеттік, ұлттық, құқықтық идеяны қалыптастыру.**

Бұл жерде ескеретін мәселе Кеңестік дәуірде заң ғылымын марксизм теориясына сәйкес түсініп, ғылыми зерттеулерді, құқықтық мамандарды дайындауды осы бағытта жүргізіп келдік. Дүниежүзілік заң ғылымымен байланысымыз жоқтың қасы болды. Олардың мемлекет және құқық теориясының жаңалықтары мен жетістіктерін біз қолданбадық, пайдаланбадық. Сөйтіп, Кеңестік заң ғылымы біржақты дамып, көп кемшіліктерге әкеп соқты.

Қазіргі кезеңде ТМД (тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдерінде заң ғылымы бір идеологияның құрсауында болудан бостандық алып, дүниежүзілік ғылыммен қауышып, мемлекет және құқық теориясын жан-жақты дамытуға мүмкіншілік қалыптасып, бұрынғы жіберілген қателіктерді, кемшіліктерді түзетуде,

XXI ғасырда қоғамның объективтік даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, қорытынды тұжырымдар жасауы қажет. Оны дүниежүзіндегі барлық елдердің ғалымдарымен бірігіп жасау. Сонда ғана нәтиже болады.

Қазақстанда құқық жүйесінің болашақта даму бағыттары:

1. Құқықтық идеологияны қалыптастыруға қоғамдағы барлық саяси, әлеуметтік күштер, ұйымдар бәрі бірігіп, үлес қосуы қажет. Әрбір одақ әр жаққа тартса қоғамда тұрақты бірлік те, сапалы құқықтық идеология да болмайды. Мұндай қоғамның болашағы жоқ деуге болады.

2. Құқықтық идеологияны қалыптастыру жұмысы жариялы, ашық, демократиялық түрде жүргізіліп, барлық халықты, олардың құрған ұйымдарын қатыстыруға толық мүмкіншілік беру қажет.

3. Құқықтық идеологияны қалыптастыру процесінде халықтың көпшілігінің мүддесін іс жүзіне асырамыз деп, азшылықтың, жеке адамдардың мақсатына нұқсан келтірілмеуі қажет. Өйткені демократиялық қоғамда жеке адамдардың бостандығы мен құқықтарына шектеу жасауға қатаң тыйым салу қажет.

4. Құқықтық идеологияның алдындағы санқырлы мүдде-мақсаттың ең күрделісі, ең маңыздысы: қоғамның саяси-экономикалық және Қазақстанның тәуелсіздігін, қорғанысын күшейту. Міне, осы мәселелерге мем-

лекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс-әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену – жай қиял.

Сонымен, құқықтық сана халықтың, адамдардың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

18 –тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

1. Жалпы мәдениеттің түсінігі және түрлері

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйесалалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады. Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады. Жақсы дамыған экономика, мәдениеттің жан-жақты нығауына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғары деңгейі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады.

Сонымен, қоғамның парасаттылық, инабаттылық тәрбиелік т.б. деңгейі мәдениеттің деңгейімен айқындалады. Ал мәдениеттің деңгейі қоғамның экономикасының, саяси-әлеуметтік деңгейіне байланысты.

Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір елдің, бір мемлекеттің шеңберінде ғана болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы қолайлы жағдай зор әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін дамытады.

Мәдениеттің мазмұны туралы ғылымда бірнеше пікірлер бар, оларды үш топқа бөлуге болады: антропологиялық, социологиялық, философиялық көзқарастар – жіктеулер:

- антропологиялық жіктеу – мәдениет адамдардың іс-әрекеті мен қоғамның тарихи даму процесінде қалыптасқан материалдық және рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын жақсы түсіну үшін қоғамның барлық саласының жетістіктерін біріктіріп зерттеуді жақтайды;

- социологиялық жіктеу – мәдениет қоғамның даму процесінде қалыптасқан рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамның әлеуметтік және идеологиялық жетістіктерін біріктіріп зерттеуді қостайды;

– философиялық жіктеу – мәдениет қоғамдағы барлық материалдық және рухани құбылыстардың жиынтығы – деп түсіндіреді. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамдағы барлық құбылыстардың объективтік және субъективтік заңдылықтарын зерттеп, ғылыми тұрғыдан қорытынды тұжырымдар жасауды дұрыс дейді.

Антагонистік қоғамдағы материалдық және рухани мәдениет үстемдік етуші таптың мүддесіне бағындырылған. Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық элементтер болады. Өйткені әрбір ұлтта еңбекші және қанаушы бұқара бар, олардың өмір сүру жағдайлары демократиялық идеологияны туғызбай қоймайды.

Қазіргі замандағы мәдениет мазмұны жағынан алғанда өте кең байтақ, ол өткендегі барлық мәдениет атаулының ең прогресшіл және ең жақсы жақтарын заңды түрде қабылдап, дамып келеді. Мәдениет түсінігіне тек ғылым, ағарту, өнер, тіл және әдебиетпен ғана шектеліп қоймай, оған “сезім мәдениеті” де кіреді. Мәдениеттің маңызды сипаты, оның интернационалдығы. Мәдениеттің экономикалық негізі, оны стихиялық дамудан сақтайды. Мәдениеттің үзіліссіз даму процесінде бірте-бірте ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылықтар жойылады, адамның жеке басының үйлесімді жан-жақты дамуына жағдай туады.

Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі – **құқықтық мәдениет**. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтарды баурау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен жоғары бола алмайды. Бұл объективтік процесс.

Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының, айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады. Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпыхалықтық байлық, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалдық, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Професионалдық мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жақсы білу.

Құқықтық мәдениеттің функциялары: танымдық, реттеушілік, прогнозистикалық, нормативтік. Танымдық-құқықтық мәдениет теориясын дамы-

ту; реттеушілік – мәдениетті реттеп-басқару; нормативтік – мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын жақсарту, сол арқылы құқықтың рөлін көтеру, күшейту; прогностикалық (болжау) – құқықтық мәдениеттің болашағын дұрыс болжау.

Құқықтық мәдениет субъектісіне қарай **үш жүйеге бөлінеді**: қоғамдық, топтық және жеке тұлға. Бұл жүйелерге азаматтардың белсенділігі өте қажет, онсыз нормативтік актілердің іске асуы, орындалуы нашарлайды. Белсенділіктің екі түрі болады: біріншісі – құқық шығармашылықтағы, құқықты дамытудағы, орындаудағы белсенділік; екіншісі – заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы белсенділік.

Қоғамдық жүйедегі нормативтік актілер барлық халықты қамтып, қоғамдық көлемде мәдениетті дамыту; топтық жүйе – бірлестіктер, одақтар, ұжымдар көлемінде мәдениет мәселесімен шұғылдану; жеке тұлға жүйесі – жеке адамдардың рухани сана-сезімін, білімін, мәдени тәжірибесін дамыту.

Құқықтық мәдениеттің қызметі **үш топқа бөлінеді**: танымдылық, бағалаушылық, реттеушілік. Танымдылық – халықтың заң білімін білуінің деңгейі, рухани сана-сезімнің жақсаруы. Бағалаушылық тобы төрт жүйеден құралады: құқықтың салалары, қағидалары, құрылымы, функциялары; құқықтық тәртіпті; заңдылықты қорғайтын органдардың жұмысы; азаматтардың өздерінің баға беруі (заңдылыққа, тәртіпке, мәдениетке). Реттеушілік тобы – қоғамдағы мәдениет бағытындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқару олардың, заңдылық немесе заңды еместігін анықтау, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету.

Мәдениет жүйесін құқықтық реттеудің, басқарудың негізгі бағыттары:

- қоғамның құқықтық сана-сезімін дамыту;
- құқықтық шығармашылықты жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының нәтижесінде халықтың рухани және материалдық мүдделерінің орындалуын жақсарту.

Осы көрсетілген төрт бағыттағы құқықтық жұмысты қоғамдық көлемде болсын жеке адамдар тұрғысынан болсын ғылыми творчестволық процесс деп білу керек. Сонда ғана мәдениет дұрыс, прогрестік жолмен дамып, адам қоғамының рухани және материалдық жетістіктерін біріктіріп мемлекеттің жақсы дамуына мүмкіншілік жасайды.

Адам қоғамының тарихи даму процесінен қалыптасқан ең зор мәдени байлық – құқық пен құқықтық заңдар. Адам қоғамын дағдарысқа ұшыратпай миллион жылдар реттеп-басқарып келе жатқан мемлекет пен

құқық. Мәдениеттің, құқықтың даму процесінде заңдылықпен құқықтық тәртіп қалыптасып, қоғамның прогрестік жолмен дамуына мүмкіншілік жасады.

Қоғамның мәдениет саласындағы қатынастардың басым көпшілігі заң арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Заң мәдениеттің негізгі мүдде-мақсатын анықтап, оның орындалу бағыттарын көрсетіп реттеп отырады. Заң мәдениеттің жаңа бағытын, жаңа мақсатын болжап, алдын-ала заңға тәуелді нормативтік актілердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Заң құқықтық мәдениетті басқаратын, дамытатын аппараттарды құрып, нығайтып отырады.

Заңның дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ететін – заңға тәуелді нормативтік актілер. Сондықтан, құқықтық мәдениетті дамыту үшін мемлекет барлық басқарушы аппараттардың (үкімет, министрлік-ведомстволық, жергілікті органдардың) жұмысын жақсартып, олардың нормалары мен құжаттары дұрыс, сапалы, уақытында қабылданып қоғамдағы мәдениет процесін реттеуді, басқаруды тиісті дәрежеде ұстауды қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: халықтық рухани сана-сезімін дамыту; мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекет қалыптастыру.

Бұл шарттарды орындау үшін біріншіден – қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік даму процесін күшейту; екіншіден – мәдениеттік аппараттағы қызметкерлердің сапасын жақсартып, білімін, тәжірибесін көтеру; үшіншіден – демократияны дамыту керек.

Құқықтық мәдениеттің ең жоғары деңгейдегі түрі – профессионал-заңгерлер. Бұл топқа жататындар: мемлекеттің заңды қорғайтын органдарында қызмет атқаратын азаматтар және заңгерлердің кәсіпқойлық ғылыми ұйымдарында жұмыс істейтін мамандар. Олардың көпшілігінің құқықтық сана-сезімі, білімі, тәжірибесі өте жоғары дәрежеде болады. Сондықтан, олар нормативтік актілерді қабылдауға, қорғауға, орындауға өте зор үлес қосады, қателікке, кемшілікке жол бермейді. Бұл бағытта әсіресе маман заңгерлердің рөлі өте жоғары дәрежеде болады. Олар құқық теориясын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, дамытып отырады, нормативтік актілердің сапалы болып шығуына, орындалуына көп үлес қосады.

Мемлекеттік профессионал заңгерлердің құқықтық білімін, сана-сезімін, мамандық тәжірибесін үздіксіз жетілдіріп отыруға көңіл бөліп

көптеген істер атқарады, шаралар қолданады. Сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті дамытуға, нығайтуға мүмкіншілік жасап отырады. Професионал заңгерлердің басым көпшілігі адал, жақсы қызмет атқарады, демократияны, әділдікті, теңдікті, бостандықты дамытуға, нығайтуға зор үлес қосады.

Сонымен бірге көп мемлекеттердің өмір тәжірибесі көрсеткендей заңгерлердің ішінен азшылық болса да заңдылықты, құқықтық тәртіпті бұзатындар кездесіп жатады. Оның себебі сана-сезім, мәдениетінің, білімінің деңгейі төмен, нашар болуынан. Ондай адамдар әшкереленіп, құқық қорғау органдарынан қуылады.

Қоғамның құқықтық мәдениетін жетілдіруге заңгерлердің ғылыми және кәсіпқойлық қоғамдастарының ұйымдарының маңызы өте зор. Олар нормативтік актілердің сапасын көтеруге, нормалардың қателіктерін түзеуге, кемшіліктерін жетілдіруге, құқық теориясын дамытуға көп үлес қосады.

Құқықтық мәдениет екі деңгейден тұрады: адамдардың сана-сезімінің деңгейі және олардың мамандығының деңгейі. Құқықтық мәдениеттің сапалы немесе сапасыз екенін қоғамдағы бостандықтың, әділеттіктің, демократияның, заңдылықтың, құқықтық тәртіптің деңгейінен білуге толық болады. Құқықтық мәдениеттің сапасы жоғары дәрежеде болса құқықтық мемлекетті қалыптастыруға зор әсер етеді.

2. Құқықтық нигилизм, оның мазмұны

Құқықтық мәдениетке қарама-қарсы бағыт – құқықтық нигилизм. Нигилизм қоғамда қабылданған, бүкіл адамға пайдалы, жағымды мұраларды, ғылым заңдарын, мәдени және моралдық қағидалар мен нормаларын, қоғамдық өмірдің нысандарын т.б. жоққа шығарып мойындамау. Ресейде, Германияда, Испанияда т.б. еуропалық елдерде нигилизм ХІХ ғасырда қалыптасқан саяси реакцияшыл ағым. Болашақта құқықтық мемлекетте қоғамды әкімшілік органдар басқарады. Қазіргі заманда саясатшылар, заңгерлер, ғалымдар құқық пен мемлекет адам қоғамымен бірге өмір сүреді дейді.

Нигилизм әлеуметтік құбылыс, оның аз да болса дұрыс бағыты болады. Мысалы, Ресейдегі патшалық саяси-экономикалық режимге демократтардың қарсы күресі (ХІХ ғ.). Кенестік дәуірде тоталитарлық саяси басқару жүйесіне еліміздегі қарсы күрес. Бұл саяси күрестердің стратегиясы дұрыс, тактикасы – күресті жүргізу нысаны реакцияшыл

бағытта болды – террор, төңкеріс т.б. Бірақ бұл саяси ағымдарды нигилизмге толық жатқызуға болмайды.

Нигилизмнің өзіне тән белгі-нышандары: субъективизм, волонтаризм, үстемділік, асыра сілтеу, террор, төңкеріс, контрреволюциондық т.б. Нигилизмдік саяси бағыттағы қозғалыстар әр елдерде әр түрлі нысанда үзіліссіз жүріп жатады. Постсоветтік республикаларда нигилизмнің түрлері, нысандары көбеюде. Олар әртүрлі саяси бағыттағы қозғалыстар, монархистер, социалистер, большевиктер т.б.

Бұл қозғалыстар қоғамның, халықтың өміріне көп зияндар келтіруде: рухани, моралдық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерді жоюда, енбексіз баю жолында, ар-ұятты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді аяқ-асты қылуда.

Бұл топтың біразы мемлекеттің ең жоғары басқару аппаратына орналасып алған. Қазіргі кезде постсоветтік республикаларда нигилизмнің көріністері жоғары мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекетінен байқала бастады. Социалистік жүйеден нарықты экономикалық жүйеге көшеміз деп еліміздің экономикалық, әлеуметтік байлығын талан-таражға салып, өздері байып, жұртты қутақырға отырғызды.

Құқықтық нигилизмнің түрлері: – нигилизм санқырлы, өте қауіпті саяси ағым. Ол өзінің реакцияшыл тактикасын неше түрлі шым-шырақай өзгерістерге айналдырып халықты алдауға өте шебер. Осы реакцияшыл тактиканың негізгі түрлері:

1) Қоғамдағы құқықтық нормалардың талаптарын қасақана орындамау іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі. Бұл құқық бұзушылық қылмыс немесе теріс қылық, қоғамға, ұжымдарға, адамдарға моралдық, материалдық, зиян келтіретін, адамдардың өміріне қауіп төндіретін қоғамға жат қылықтар.

2) Адамдардың жаппай заңды нұсқауларды орындамай, өздерінің ойдан шығарған нормасымен жүріп қоғамдағы азаматтық, әкімшілік тәртіпті бұзу. Бұл мемлекеттің әлсіздігі.

3) Заңдардың арасындағы күрес нормативтік актілердің арасындағы қайшылықтар. Кейде заңға тәуелді нормалар заңнан жоғары болып кетуі де кездесіп жатады. Бұл нигилистік асыра сілтеу... Заңдардың, биліктің күресі – соғысы қоғамға өте қауіпті нигилистік іс-әрекет.

4) Заңдылықты субъективтік, прагматикалық саясатпен ауыстыруға талаптанған ағымдар да өмірде кездесіп жатады. Олар қоғамның объективті дамуына көп зиян келтіреді.

5) Мемлекеттің билік және басқару органдарының арасындағы күрес-қайшылықтар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметтің арасындағы келіспеушіліктер.

6) Қоғамда адамдардың бостандығы, құқықтары, теңдігі толық қамтамасыз етілмесе саяси нигилизмнің негізіне айналып көп зиян келтіруі, соғысқа апаруы мүмкін. Мысалы, Россиядағы чечен халқына қарсы соғыс.

7) Әртүрлі теориялардың арасындағы қайшылықтар, күрестер. Мысалы, марксистік және буржуазиялық идеологияның күресі 50 жыл атом қаруын себепсіз дамытып дүние жүзіндегі халыққа қауіп төндірді.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, қазіргі замандағы нигилизмнің негізгі нышандарына тоқтайық:

- нигилизмнің идеологиясымен уланған адамдардың мемлекеттік аппараттың барлық деңгейінде, қоғамдық ұйымдарда барлығы ақиқат – шындық;

- нигилизмнің санқырлы сипаттарының түрлері парламентте, Президенттік аппаратта, үкіметте, министрліктерде, заңды қорғау органдарында көрініп қалып жүр;

- нигилистер жамандықтың ең сорақы, қайырымсыз түрлерін қолдануға құмар. Олар керегінде өтірік саяси, оппозициялық ұйым бола қалады. Сөйтіп өздерінің антидемократиялық, қастандық іс-әрекеттерін жасай береді;

- олар мемлекеттік, саяси, моралдық, рухани, экономикалық, діни органдардағы нигилистермен бірлесіп қоғамда жартылай ашық реакцияшыл күшке айналады;

- Кеңес кезінде нигилистер қазіргі нигилистермен топтасып бірте-бірте ашық (демонстративно) жауынгер, агрессивтік бақылауға болмайтын реакцияшыл мафияға айналып отыр.

Бұл “күш”, бұл мафия Кеңес Одағын талқандап, посткеңестік республикаларды талан-таражға салып, олардың байлығын ашық түрде өзара бөлісуде.

Құқықтық нигилизмнен құтылу жолы:

- халықтың жалпы және құқықтық мәдениетін жақсарту;
- олардың моралдық және құқықтық санасын күшейту;
- заң шығарушылықтың сапасын көтеру;
- саяси-экономикалық дағдарыстан тезірек шығу.

Қоғамға халыққа зияндығы жағынан құқықтық нигилизммен теңдес екінші реакцияшыл саяси ағым – **құқықтық идеализм**. Идеализм құқықтың маңызын шексіз мазақтайды. Олардың ұсынысы қанаушы таптың мүддесін қорғайтын құқықтық нормаларды жойып жаңа демократиялық нормаларды қабылдаса бәрі дұрысталады – дейді. Бұл жәй қиял...?!

3. Қазақстан Республикасының мәдениеті, оны құқықтық реттеу

Бұл күнде ұлт тағдыры барша халықты ойланта бастаған секілді. Осыған қарағанда саны аз ұлттардың өз ертеңіне қобалжи қарап, болашағымыз не болады, алда бізді не күтіп тұр, деген ойлардың құшағына берілуі әбден заңды да. Ерте өмір сүрген талай халықтардың бұл күнде тарих таңының астында қалғанынан әркім-ақ хабардар. Сондықтан да қазіргі кезде ертеңін ойламайтын халық кемде-кем.

Тәуелсіз мемлекеттің тағдыры, оның ертеңі болашағы, қазақ ұлтының өркениетті әлемде тұрақты өз орнын иемденуге деген ынтасы жылдан-жылға күшейіп өткен кезеңде жақсы көрініс тапты.

Көп ұлтты тәуелсіз мемлекеттілікті нығайту – бүгінгі сара бағытымыз, ашық та айқын саясатымыз. Мұның өзі ұлтымыздың мүддесін қорғаудан ауытқу деген сөз емес. Көп ұлтты Қазақстан тарихи, ежелгі топырағында шаңырақ көтеріп отырған бірден-бір мемлекет болғандықтан, ол қазақтардың ұлттық, түбегейлі мүдделерін қорғауға, қастерлеуге міндетті. Осы қажеттіліктің өзі оны XX ғасырдың соңында дүниеге қайта оралтып, өмірге әкеп отырғаны белгілі.

Сондықтан да Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақтармен қоян-қолтық бірлесіп, ынтымағы жарасып өмір сүре отырып, қазақтардың ұлттық өсіп-өнуіне жағдай жасайтын тек Қазақстан екенін, оның басқа Отаны, елі жоқ екенін терең сезініп, оған түсіністікпен қарауы бірлесіп ынтымақтасып өмір сүрудің нақты кепілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында барлық азаматтардың, ұлттардың, халықтардың бостандығын, құқықтарын, мәдениетін, тілін қорғауға мемлекет кепілдік береді – деген. Міне, осы саясатты іске асыруға Ұлттар Ассамблеясы құрылды, оның жұмысын басқаратын комитеттің құрамында барлық ұлттардың өкілдері бар.

Мемлекеттің өкілетті органдарында, құқықтық нормаларда мәдени – ағарту мекемелерінің, көркемөнерпаздар ұжымдарының, халық театрлары мен эн-би ансамбльдерінің, мәдениет мектептерінің жұмысы, тілекталаптары жиі талқыланып, мемлекетіміздің мүмкіншілігіне сәйкес іс-әрекеттер жасалып, тиісті нормативтік нормалар қабылдануда. Еліміз экономикалық дағдарыстан шығып, нарықты экономикалық жүйені толық қалыптастыру процесі аяқталса, мәдениет мәселесі мемлекет пен құқық қызметінің негізгі бағытына айналады. Өйткені мәдениеті төмен дәрежедегі елдер өркениетті елдер қатарына кіре алмайды. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Конституциясында ашық айтылған.

19 – тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қоғамдық қатынастар – белгілі бір өндіріс тәсілі негізінде өндірісте және өмірде адамдар арасында қалыптасатын күрделі де сан қилы қатынастар. Философия тарихты материалистік тұрғыдан қоғамдық қатынастарды материалдық және идеологиялық деп екіге жіктеді. Материалдық қоғамдық қатынас объективті, адамдардың санасы мен еркіне байланысты емес. Материалдық қоғамдық қатынас ішіндегі ең бастысы әрі айқындаушысы адамдардың өндірістік қатынастары болып табылады. Өндірістік қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы материалдық экономикалық қатынастардың жиынтығы. Өндірістік қатынас – қоғамдық өндірістің қажетті жағы. Жеке адам материалдық игіліктерді өндіре алмайды. Өндіру үшін адамдар белгілі байланыстар мен қатынастар жасайды, сөйтіп осы қоғамдық байланыстар мен қатынастар арқылы ғана олардың табиғатқа қатынасы болады, өндіріс орын алады.

Идеологиялық қатынастар адамның санасына байланысты болады. Оның ең маңыздылары – саяси, құқықтық, моралдық, ұлттық, діни т.б. қатынастар. Қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы – өзара заңды байланыста реттелген бұлжымас бірізді жүйе. Қоғамдық қатынастардың жиынтығынан белгілі бірізділікті табу, оның ең басты, негізін анықтау. Қоғамдық қатынастардың өзара байланысын сипаттайтын заңдылықтарды ашу – ғылымның зор еңбегі. Қоғамдық өмірде қарым-қатынастар әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар ретінде және сол ұжым ішіндегі қатынастар ретінде де өмір сүреді. Қоғамдық қатынастардың жиынтығы адамдар ұжымдары үшін олардың өмір сүретін белгілі бір әлеуметтік ортасы болып табылады.

Қоғамдық қатынас антагонистік және антагонистік емес болып екіге бөлінеді. Қоғамдық қатынастар жеке меншікке және адамды қанауға негізделген қоғамдық-экономикалық формацияда болады. Қоғамда қанаушылық бірте-бірте азаяды. Антогонистік мемлекет либеральды-демократиялық мемлекетке айналады. XX ғ. аяғында дамыған капиталистік елдер осы бағытқа көшті.

Қоғамдық қатынастардың басым көпшілігі әлеуметтік нормалар арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Қоғамның мүдде-мақсаттары, саясат, мемлекеттік билік т.б. күрделі мәселелер құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылады. Өйткені бұл бағытта қоғамдық қатынастардың ең маңыздысы, ең күрделі түрлері топтасып мемлекет пен құқықтың ең жауапты қызметіне айналады.

Сонымен құқықтық қатынастар – адамдардың өзара әлеуметтік байланысы, қарым-қатынасы. Адамдар өмір сүру үшін, ұрпақты жалғастыру үшін т.б. басқа себептермен бір-бірімен қарым-қатынаста болады. Бұл объективтік процесс. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес қарым-қатынастар да ескіріп, жаңарып жатады. Бұл процесс әртүрлі жолмен дамиды, адамдардың бостандығының, іс-әрекетінің шеңбері кеңиді. Ғылым мен техниканың дамуы қоғамдағы қарым-қатынастардың түрін шексіз көбейтіп, қарқынды деңгейде дамытты. Бірақ бұл қарқынды даму процесі адамды қоршаған ортаның экологиясын нашарлатты, табиғи ресурстарды, байлықтарды азайтты. Сондықтан, адамдардың және қоғамның мүдде-мақсаттары тұрғысынан бостандықты дамыта отырып кейбір қарым-қатынастарға шектеу қойылды.

Қоғамдық қатынастар әртүрлі болады: саяси, моральдық, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, діни т.б. байланыстар. Бұл байланыс – қатынастар моральдық, әдет-ғұрып, діни, құқықтық нормалармен реттеледі. Мысалы, отбасы қатынастарының көпшілігі дәстүр, діни нормалармен реттеліп жатады.

Сонымен, қоғамдағы барлық қатынастар құқықтық нормалармен реттелмейді, тек әлеуметтік, қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтитын қатынастарды реттеп, басқарып отырады.

Құқықтық қатынастар дегеніміз – мемлекеттік кепілдіктегі екі жақты құқықтары мен міндеттері бар қоғамдық қатынас. Құқықтық қатынастардың нышан-белгілері:

Бірінші – құқықтық қатынастар тек нормативтік актілер арқылы реттеліп отыратын қарым-қатынастарды біріктіреді. Нормативтік актілерде қатынастың мазмұны, субъектілердің құқықтары мен міндеттері, дұрыс орындалмаса жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастар арқылы нормативтік актілер іске асады, орындалады.

Екінші – қатынастың субъектілерінің екі жақты құқықтары мен міндеттерінің толық көрсетілуі. Бір жағының құқығы екінші жағының міндеттеріне сәйкес, тең келеді. Субъектілердің бостандығы тең болады.

Үшінші – субъектілер өз еріктерімен, өз мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін құқықтық қатынас жасайды.

Төртінші – егер қатынаста нормативтік актінің мазмұны бұзылса немесе субъектілер өз міндеттерін дұрыс, толық орындамаса, мемлекеттің қатынасуымен бұл кемшіліктер түзетіліп, жауапкершіліктің түрін анықтауға тиіс.

Құқықтық қатынастардың түрлері:

1. Қоғамдағы барлық қатынастар және нормативтік актілер құқықтың жүйе-саласына сәйкес бірнеше түрге бөлінеді: мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, азаматтық-процессуалдық, т.б. құқықтар.

2. Құқықтық норманың атқаратын ісіне қарай қатынастар екіге бөлінеді: реттеуші және қорғаушы. Реттеуші нормалар қатынастарды реттеп-басқарып, дамытып отырады. Қорғаушы нормалар қарым-қатынастардың дұрыс, заңға сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді.

3. Құқықтық қатынастар мазмұнына қарай екіге бөлінеді: жалпылық және нақты. Жалпылық түрде құқықтық қатынас мемлекет пен жеке азаматтардың арасында болады. Нақты түрдегі қатынастар заңды себептер, фактілер болғанда басталады. Мысалы, сауда-сату шарты, біріккен фирма құрылысы т.б. себептер.

4. Құқықтық қатынастардың субъектілерінің жағдайларына қарай екіге бөлінеді: абсолюттік және салыстырмалы. Абсолюттік түрде қатынастан туатын құқық бір жағындағы субъектіде болады, ал екінші жағындағы субъектісінде тек міндеттер болады. Бұл жағдай нормативтік актіде анық көрсетіледі. Мысалы, жеке меншіктің иесі құқықтық қатынаста болса, оның құқығын ешкім бұза алмайды және ол меншікке қатынастың субъектілері нышан келтірмеуге міндетті. Салыстырмалы түрдегі қатынастардың субъектілерінің құқығы мен міндеттері бірдей болады.

Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жолмен дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық қатынастар – құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қоғамдық байланыстар. Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық қатынас – бұл субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті де жақсартуға мүмкіншілік жасайды.

Құқықтық қатынастың құрылымы төрт элементтен тұрады: субъект, объект, субъективтік құқық, заңды міндеттер.

1. Құқықтық қатынастың субъектісі – жеке адам мен заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасының және басқа елдердің азаматтары сондай-ақ

азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады (ҚР АҚ, 12 б.). Қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеті және әрекеттілігі қалыптасуы керек. **Құқықтық қабілет** – құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Құқықтық қабілет адам туған сәттен басталып, өлгенде аяқталады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтардың құқықтық қабілетінің негізгі мазмұнын анықтайды: меншігінде мүлік, оның ішінде шетелдік валютаны ұстауға ие болу; мүлікті мұрагерлікке не өсиет етіп қалдыру; тұратын жерін өзі таңдап алу; шет елдерге кетуге, қайтып келуге ерікті; шаруашылық құруға, қарым-қатынас жасауға т.б. құқықтары бар (кодекстің 14–бабы).

Әрекеттілік (дееспособность) – адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілеті. Әрекеттіктің басты шарты кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады.

Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) адамның тәртіп бұзғаны үшін заңдылық жауапқа тартылу жағдайына байланысты бөлігі: **құқықтық жауаптылық мүмкіндігі** (деликтоспособность) деп аталады. Бұл мүмкіндік Республиканың қылмысты істер заңы бойынша он алты жасқа толғаннан басталады. Ал, ауыр қылмыстар (кісі өлтіру, зорлау...) жасаған жағдайда он төрт жастан басталады.

Құқықтық субъектіліктің (әрекеттіліктің) шарттар жасап басқа да келісімдер жүргізуге негіз болатын мүмкіндігі келісім қабілеттілігі деп аталады. Толық әрекеттілігі жоқ адамдар шектеулі келісім қабілетіне ие болады. Кәмелетке толмаған он төрт жасқа дейінгілер үшін келісімді олардың атынан ата-аналары, асырап алушылары, не қамқоршылары жасайды.

Құқықтық қабілеттілік пен әрекеттілікке заң актілерінде қарастырылған тәртіп пен жағдайларда ғана болмаса, ешкімге шектеу қойылмайды. Адамдардың әрекеттілігіне бірнеше шектеулер қойылады:

– кәмелеттік жасқа толмаса адамдардың саяси құқығы болмауы, үйленуге (жанұя құруға), қылмыстық... жауапкершілікке тартуға, жұмысқа орналасуға, әскер қатарына шақыруға шектеулер бар. Оларды бұзуға тыйым салынған (шектеудің түрлері):

- адамдардың денсаулығының нашар болуы;
- туыскандық-қандас болу;
- егерде азамат сотталған болса;
- діни нормаларға шектеу.

Шет елдің азаматтары толық, құқықты, тек олар сайлауға қатысуға, сайлануға, әскер қатарына шақырылуға құқығы жоқ,

Занды тұлғалар: мемлекет, мемлекеттік аппарат-мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар заңды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық қабілеті мен әрекеттілігі бар деп саналады, оның шеңбері олардың ережелері мен Уставында толық көрсетілуге тиіс. Соған сәйкес олар жұмыс жасайды. “Оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болатын оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады” (АК –33 б.).

Құқықтық қатынастың объектісі – қоғамдағы көп түрлі, көп салалы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, азаматтық, қылмыстық әкімшілік, еңбектік, т.б. қарым-қатынастар. Материалдық дүние-заттар, рухани-шығармашылықтың өнімдері, жеке мүліктік емес игіліктер, құқық субъектілердің іс-әрекеті және құқық қатынастарының нәтижелері – құқық қатынастарының объектілері. Құқық, қатынастың объектісі – тек қоғамдық және жеке тұлғалар мүдде-мақсатын реттеп-басқарып отыратын қарым-қатынастарды қамтиды. Осы мүдде-мақсаттарды орындаудағы субъектілердің іс-әрекеті, атқаратын жұмыстары құқықтық қатынастың объектісі болады.

Субъективтік құқық – құқықтық қатынастардағы субъектілердің екі жақты мүдде-мақсаттарының орындалуы. Субъективтік құқық пен заңды міндеттер құқықтық қатынастың, ең негізгі мазмұнын құрайды.

Субъективтік құқықтың алдындағы негізгі мүдде-мақсаттар: бірінші – қатынастың күрделі мақсатын толық орындау; екінші – көрсетілген іс-әрекетті дұрыс орындау; үшінші – көрсетілген міндеттердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету; төртінші – егерде дұрыс орындалмаса сот арқылы орындату. Бұл әрекет екі жақты субъектілердің құқығы. Оған ешкім кірісе алмайды. Субъективтік құқықтың орындалу әдіс-тәсілдері: 1) құқықтың алдында қойылатын өз мүдде-мақсатын анықтау; 2) құқықтық норманы дұрыс пайдалану; 3) құқықтық тәртіпті қатаң орындау.

Занды міндеттер. Субъективтік құқық бар жерде сонымен бірге заңды міндеттер болады. Бұл екеуі бір-біріне қайшы болмайды. Себебі қатынастардың көпшілігінде екі жақты субъектілердің құқықтары бар және соған сәйкес екі жақты субъектілердің міндеттері бар. Олардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету субъектілердің өздерінің іс-әрекетіне, жұмысына байланысты. Егерде әр субъект өзінің тиісті міндеттерін дұрыс,

уақытында орындаса, онда сөз жоқ құқықта дұрыс уақытында орындалады деуге болады.

Құқықтық қатынастың заңды міндеттерінің орындалуының екі түрі болады: бірінші – қатынастағы бір субъект басқа субъектілердің мүдде-мақсаты үшін міндетті түрде іс-әрекет немесе бір белгілі жұмыс жасауға тиіс; екінші – оның іс-әрекетіне шектеу қою. Сонда ғана қатынас дұрыс орындалып, нәтижелі болады.

Заңды себептер. Қоғамдағы толып жатқан неше түрлі, неше салалы құқықтық қатынастар өмірге келіп, ескіріп, жаңарып жатады. Оның заңды себептері мен негіздері бар. Бұл объективтік процесс. Заңды себептер құқықтық қатынастардың, пайда болуы өзгеруі, ескіруі және жаңаруының негізі болады. Заңды себептердің екі түрі болады: оқиғалар және іс-әрекеттер.

Оқиғалы себептер – табиғаттың объективтік даму процесінен пайда болатын жағдайлар (өрт, жер сілкінуі, су тасқыны т.б.). Оқиға құқықта – азаматтық құқықтар мен міндеттің пайда болу негіздерінің бір түрі. Оқиға деп – адамның туын, өлуін, стихиялық апатты, уақыттың өтуін т.б. табиғи құбылыстарды айтпайды. Азаматтық құқық пен міндеттемелер оқиға тек заңда көрсетілген реттерде ғана негіз бола алады. Мысалы, қауіпсіздендіруші ұйым (госстрах) қауіпсізденушіге тиісті ақшаны оның мүлкі заңда көрсетілген оқиғадан (жер сілкіну, өрт) апатқа ұшыраса ғана төлеуге міндетті. Азаматтың немесе заңды ұйымның кінәсіз пайда болатын кейбір оқиғаларға арнаулы мән беріледі. Мысалы жұмыс әрекеттері төңірегіндегілерге қатерлі қауіп туғызатын ұйымдар мен заттар (транспорт ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, автомобиль иелері т.б.) егер зиянның келтірілуі бой бермейтін күштің салдарынан немесе жәбірленушінің қасақана іс-әрекеттен болмағаны дәлелденсе, зиянды өтеуге міндетті. Азаматтық құқықта мүліктің кездейсоқ апатқа ұшырауы немесе бүліну тәуекелін (риск) тиісті мерзімді өткізген жақ көтереді. Адамдардың және заңды тұлғалардың **іс-әрекеттері арқылы қалыптасатын себептер** – адамның өзінің жұмыстарының нәтижесінде пайда болатын жағдайлар. Бұл себептер заңды және заңсыз іс-әрекеттер болып екіге бөлінеді. Заңсыз іс-әрекеттер тоқтатылуға немесе жауапкершілігі анықталуға тиіс.

Құқықтық қатынастардың өмірге келуінің, өзгеруінің, ескіруінің, жаңаруының, дамуының заңды себептерінен басқа үш бөлімнен тұратын негізі болады: нормативтік актілер, заңды себептер, субъективтік құқық. Осы күрделі үш негіздер арқылы құқықтық қатынастар дамып, нығайып қоғамның объективтік даму процесін реттеп-басқарып отырады.

20 – тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Құқықтық нормалар қоғамдағы сан-алуан қатынастарды реттеп-басқару үшін өмірге келіп, өзгеріп, ескіріп, жаңарып, дамып жатады. Ол нормалар адамдардың, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, ұйымдардың іс-әрекеттеріне, жұмысына дұрыс ықпал жасап, қоғамдағы құқықтың жақсы іске асуына, орындалуына зор әсер етеді. Олардың барлығының жұмысын нормаларға сәйкес қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға, адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет. Құқықтық нормалар іс жүзіне асырылмаса, оның әлеуметтік маңызы болмайды.

Құқықтық нормалардың орындалуы адамдардың тек заңды іс-әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен (заңда тыйым салынған істерді жасамау) байланысты. Құқықтық нормаларды іске асыруда субъектілер екі топқа бөлінеді: мемлекет, оның органдары және халық, олардың ұйымдары. Құқықтың іске асуы нормативтік актілерді қабылдаудан, бекітуден басталады. Мемлекеттің жоғарғы органдары (парламент, президент) заң қабылдайды; үкімет, министрлік-ведомстволар, сот және жергілікті басқарушы мемлекеттік органдар заңға тәуелді нормалар қабылдайды. Осы мемлекеттік органдардың бәрі де құқықтық нормаларды іске асыруға, орындауға зор үлестерін қосады.

Заңдарды, заңға тәуелді нормаларды қабылдау, бекіту үлкен істің басталуы ғана. Бұл істің негізгі міндеті – сол қабылданған нормативтік актілерді іс жүзіне асыру, олардың мазмұнын шындыққа, ақиқатқа айналдыру. Өйткені бұл нормаларда қоғамның мүдде-мақсаты соған сәйкес мемлекеттің билік-бұйрығы басым орын алады. Бұл процесс құқықтық нормаларды объективтік тұрғыдан іске асыру. Ал, қатынастағы субъектілердің құқығы мен міндеттерінің орындалуын – субъективтік тұрғыдан іске асыру деп түсіну керек.

Құқықтық нормаларды орындаудың нысандары әр түрлі болады. Өйткені нысандардың өмірге келу себептері әртүрлі болады: а) қоғамдағы қатынастардың мазмұны әртүрлі болуы; б) нормативтік актілердің адамдарға әртүрлі әсер етуі; в) норманың ерекше мазмұнының әсері; г) құқықты іске асырудағы субъектілердің; құзыреті мен өкілеттігінің әр түрлі болуы; д) субъектілердің құқықтық тәртібінің әр түрлі деңгейде болуы.

Құқықтық нормалардың негізгі мақсаты – қоғамдағы қатынастарды дұрыс, уақытында реттеп, басқарып іске асыру. Қоғамдағы барлық қарым-

катынастарға құқықтың ықпалы, әсері болуға тиіс, сол арқылы жақсы дәрежеде жалпы қоғамдық тәртіп, заңдылық қалыптасады. Егер құқықтық нормада бір іс-әрекетке тыйым салынса, ол норма іс жүзінде орындалса құқықтың мақсаты орындалды деуге болады. Егер құқықтық нормада бір іс-әрекетті жасауға нұсқау берілсе, ол орындалса құқық өз мақсатына жетті деуге болады.

Сонымен, құқықтық нормалар мемлекеттік органдардың, адамдардың, қоғамдық ұйымдардың қарым-қатынастары, іс-әрекеттері арқылы орындалып жатады. **Құқықтық нормаларды іске асырудың ерекшеліктері:**

а) Құқықтың әлеуметтік мазмұнына сәйкес қоғамның даму процесін дұрыс реттеп, дұрыс басқаруға мүмкіншілігінің барлығы. ә) Нормативтік актілерде көрсетілген іс-әрекеттерді дұрыс, уақытында орындауды қамтамасыз ету механизмнің барлығы. Механизм кезеңдері:

1. Заңды нормаларды белгілеу, анықтау құқықтық реттеудің негізі.
2. Құқықтық қатынастың мазмұнын және субъектілерін анықтау.
3. Субъективтік құқық пен заңды міндеттердің дұрыс орындалуы туралы акті жасау.

Құқықтық нормаларды іске асыру түрлері:

1. Норманың мазмұнына қарай орындау үшке бөлінеді: норманың мүдде-мақсатын орындау; жалпы міндет – қағидаларын орындау; қатынастағы нақты норманы орындау.

2. Норманы іске асырудағы қатынастың субъектілеріне сәйкес орындау түрі екіге бөлінеді: жекелік және топтық субъектілердің өз құқығын іске асыру. Құқықтық норманы субъектілердің өз мүдде-мақсатын іске асыру, пайдалану.

3. Нормативтік актілер ерікті түрде орындалмаса, қоғамдық мүдде-мақсат үшін еріксіз іске асыру. Оның **екі түрі** болады: әкімшілік-тәртіпшілік және қылмыстық жауапкершілік.

4. Құқықтық нормаларды іске асыруды саяси және идеологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. Құқықтық нормалардың басым көпшілігінің орындалуы құқықтық қатынас арқылы реттеліп жатады. Бұл нормативтік актілерді іске асырудағы, ең көлемді, ең күрделі түрі. Құқықты іске асырудың **әдіс-тәсілдері:**

- нормативтік актілердің басым көпшілігінің ерікті түрде орындалуы (бұл заңның сапалы шығуының және жақсы тәрбиенің, білімнің нәтижесі);
- мемлекеттік аппараттың бақылауы арқылы орындалуы;
- үгіт-насихат арқылы нормалардың іске асуы;

– рухани сана-сезімді көтеру арқылы нормалардың орындалуын жақсарту.

5. Субъектілердің норманы іс жүзіне асыру іс-әрекеттері төрт түрге бөлінеді: сақтау, орындау, пайдалану, қолдану.

Сақтау – нормаларда тыйым салған іс-әрекеттерді субъектілер бұлжытпай орындауға міндетті. Бұл құқықтық қатынастарды реттеп-орындауда субъектілердің пассивтік тәртібі немесе заңды әрекетсіздігі. Мұны тыйым салынған нормалардың бұлжытпай сақтау нысаны деп атайды.

Орындау – субъектілердің нормада көрсетілген міндеттерді толық орындауды қамтамасыз етуі. Мұнда субъектілер белсенді түрде іс-әрекет жасауға міндетті. Мұндай іс-әрекеттерді норманың орындалуының міндетті нысаны деп атайды.

Пайдалану – субъектілердің ерікті түрде нормативтік актілер арқылы өз мүдде-мақсаттарын іске асуын қамтамасыз етуі. Бұл заңда тыйым салынбаған барлық іс-әрекетті жасауға адамдардың еріктілігі.

Осы көрсетілген үш түрде нормативтік актілер қатынастағы субъектілердің өздерінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен орындалып жатады. Бұл процесті құқықтық норманың тікелей іс жүзіне асырылуы, орындалуы деп атайды. Осы нысан арқылы нормативтік актілердің көпшілігі орындалып жатады. Бірақ та, өмірде қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп-басқаруға жоғарыда көрсетілген үш түрі жеткіліксіз. Себебі қоғамдағы қатынастардың субъектілерінің өзара байланысында қайшылықтар, келіспеушіліктер болып жатады. Соларды заңды түрде реттеу үшін мемлекеттің өкілетті органдарының қатысуы объективтік тұрғыдан қажет болады және қоғамдық мүдде-мақсатты, саясатты, билікті іс-жүзіне асыру, орындау мемлекеттің міндеті.

Құқықтық нормаларды қолдану және нормативтік актілердің дұрыс орындалуын, іске асуын бақылау міндеті тек мемлекеттік органдардың құзыретіндегі іс-әрекет.

Құқықты қолданудың жоғарыда көрсетілген үш түрден айырмашылығы: 1) қолдану мемлекеттік биліктің басқару, ұйымдастыру күшіне сүйене отырып жүргізіледі; 2) қатынастағы субъектілердің біреуі – мемлекеттік өкілеттігі бар органның болуы; 3) мемлекеттік органның қатысуы заңдылықты, тәртіпті жақсартуға мүмкіншілік жасайды; 4) кейбір қатынастарда қолдану нормативтік актілерді пайдалану, орындау, сақтау түрлерінің процесіне бірлесіп, ол қатынастардың заңды сапалы аяқталуына үлес қосуы; 5) құқықтық нормаларды қолдану міндетті түрде нормативтік акті жасалумен аяқталуы, оның заңды күшінің болуы.

Құқықтық нормаларды қолдану тек мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың жұмысы. Олар өз құзырының көлемінде ғана реттеп-басқаруға құқықты. Қоғамдық ұйымдар мемлекет рұқсат берсе ғана құқықтық нормаларды қолдануларына болады. Мысалы, кәсіпшілер одағы өз жұмысында еңбек туралы заңның баптарын қолданады.

Демократиялық мемлекетте нормативтік актілерді қолдануда қатаң тәртіп болады: кім қандай заң қолданады, неге, себебі, уақыты, орны толық көрсетілуге тиіс. Осы мәселелердің, сұрақтардың бәрі мемлекеттің бақылауында болады. Мемлекеттік органдар жеке адамдардың және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарына кіріспейді, оларға толық бостандық беріледі.

Мемлекеттік органдар бұл қатынастарға кірісуге болатын жағдайлар: егерде қатынасты орындау барысында субъектілердің бірін-бірі түсінбеушілік болса; екі жақты құқықтары мен міндеттерінің дұрыс орындалуын тексеру керек болса.

Құқықтық нормаларды қолдану кезеңдері:

1. Істің нақты мазмұнымен және жағдайымен танысу, қарым-қатынастың басталуын, субъектілерін анықтау.

2. Қатынастың заңды негізін анықтау, анализ жасау, іске заңды баға беру.

3. Іс бойынша шешім қабылдау, құқықты қолдануды, тиімділігін анықтау, және осы рәсімдеу шешімді мүдделі тұлғаларға жеткізу.

4. Шешімді жүзеге асыру.

Міне, құқықты қолданудың кезеңдері осылай басталып, реттеліп аяқталады. Осы процесс толығымен мемлекеттік ресми органның бақылауында болады.

Мемлекеттік органның құқықтық норманы қолдануда үш функциясы болады:

– нормативтік актілерді қолдану арқылы қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқару;

– нормалардың орындалуын қамтамасыз ету;

– нормалардың дұрыс уақытында іске асуын бақылау.

Құқықтық нормаларды қолданудың ең негізгі, ең күрделі түрі мемлекеттің билігімен нормативтік актілерді іске асыру, орындау. Оның негізгі ерекшеліктері:

Бірінші – тек мемлекеттік билігі бар аппараттың нормаларды іске асыруы.

Екінші – бұл аппараттардың нормативтік актілерді қолдану туралы нұсқауының мемлекеттік күші болады.

Үшінші – олар өздерінің нұсқауын қағаз жүзінде, орындайтын субъектілерді нақты көрсетіп береді.

Төртінші – нормаларды қолдануды тиісті заңға сүйене отырып береді. Ерікті орындалмаса, еріксіз орындалады.

Мемлекеттік аппараттың құқықты іске асыру процесіне кірісуге төрт себептері бар:

- егерде қатынастағы субъектілердің құқығы мен міндеттерін орындау барысында кедергі пайда болса. Мысалы, жұмыстан заңсыз шығару;

- егерде қатынастың бір субъектісі өз міндеттерін ерікті түрде орындамаса. Мысалы, мәмілелі қатынаста міндеттердің орындалмауы;

- егерде мемлекеттік ресми орган кіріспей субъектілердің қарым-қатынасы басталмайтын болса. Мысалы, оқуға түсу, қызметке алыну, пенсияға шығу;

- егерде субъектілердің арақатынасы, дұрыс заңды түрде аяқталмаса. Оның себептерін анықтау үшін және жауапкершілік түрлерін белгілеу үшін мемлекеттік ресми аппарат міндетті түрде қатысады.

Құқықты дұрыс қолдануда, уақытында, жақсы орындалуында мемлекеттік билігі бар органның, маңызы өте зор.

Сонымен, құқықты қолданудың негізгі субъектілері: мемлекет, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, рұқсаты болса қоғамдық ұжымдар мен ұйымдар. Олардың құқықтары мен міндеттерінің шеңбері Уставы мен ережелерінде толық көрсетілуге тиіс.

Құқықты қолдануда, іске асыруда міндетті түрде акт жасалуға тиіс. Онда қандай норма, қашан не үшін қолдануға тиіс, субъектілердің аты-жөні болу керек. Құқықты қолдану туралы актінің негізгі сипаттары:

- актінің мемлекеттік билік күшінің болуы; оны орындауға барлық қоғамдағы азаматтар, бірлестіктер міндетті;

- акті нақты бір іс, бір қатынас туралы жасалады, оны орындайтын субъект анық көрсетіледі;

- құқықты қолдану актісі заңдылықты қатаң сақтауға тиіс, ешқандай бостандыққа жол берілмейді;

- қолдану актісі мемлекеттің бекіткен форма-бланкаға жазылады. Ол форманы толтырудың қатаң ережесі бар. Қолдану актісі үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлімі, негізгі бөлімі, қорытынды бөлімі.

Қолдану актілер **төрт түрге бөлінеді**:

- мемлекеттің халық өкілді органдарының актісі;

- мемлекеттің атқарушы органдарының актісі;
- қоғамдағы тәртіпті қорғайтын органдардың актісі;
- конституциялық кеңестің актілері.

Сонымен, құқықты қолдану процесінде заңды айғақтар және заңды құрам анықталуы керек. Сол арқылы басты айғақ немесе айғақты анықтайтын мүмкіншіліктер туады. Бұл айғақтар тиісті заңды шешуге жеткілікті болуы қажет. Жүзеге асырылатын істің негізі анықталуы керек: қажетті құқықтық норманы табу; оның тексінің дұрыстығын тексеру; норманың түп нұсқасы екендігін анықтау; оның кеңістіктегі, мерзімді күшін және субъектілерге қатыстығын анықтау; норманың мазмұнын айқындау. Осы көрсетілген әрекеттердің барлығы заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайту үшін қызмет істейді.

Қаралған іс бойынша құқық қолдану актісінің маңызы өте зор. Мұндай акт істің тағдырын шешеді. Өйткені ол акт заңға негізделіп, заң бойынша мемлекеттің атынан жасалады. Бұл акт нақтылы заң бойынша қарауға құзыреті бар, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бары-жоғын анықтайтын, соған сәйкес шараларды белгілейтін органның актісі.

Қолдану актілері мазмұнына қарай үшке бөлінеді: реттеуші, орындаушы және қорғаушы. Қатысушы субъектілер нормативтік актілерде көрсетілген өздерінің міндеттері мен құқықтарын дұрыс, уақытында орындауға тиіс. Сонымен, олар құқықтық нормалардың реттеуші, басқарушы рөлін жақсартуға үлес қосады.

21 –тақырып. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ

Құқықтық нормаларды қолдану үшін оның мазмұнын азаматтар, бірлестіктер, органдар жақсы білу керек. Егерде қоғамның құқықтық сана-сезімі төменгі дәрежеде болса, нормативтік актілер дұрыс қолданылмайды, заңсыздыққа жол береді. Құқық нормаларының маңызды ерекшеліктерінің бірі – олардың жалпылама қиялдық (абстрактылы) сипаты. Бұл нормаларды қолдану барысында нақтыландыру, талқылау, түсінік беру қажеттігі туады.

Сондықтан, мемлекеттік органдар жаңа құжатты бекітсе қабылдаса оған жан-жақты түсінік беріп отырады. Түсінік берудің негізгі мақсаты – жаңа норманы халық оқып, біліп сол арқылы оның дұрыс қолдануын, іске асуын қамтамасыз ету. Түсінік бергенде норманың өмірге келу себебі, оның қолдану тәсілі, жолдары, ондағы құқық пен міндеттердің орындалуы, жауапкершіктің түрлері көрсетіледі.

Құқықтық нормаларға түсінік берудің екі бағыты болады: біріншісі – жеке адамдардың норманы өздері оқып, білуін қамтамасыз ету; екіншісі – үгіт, насихат арқылы халыққа жаңа норманың мазмұнын, мақсатын түсіндіру. Түсінік беретін мемлекеттік органдардың қызметкерлері өте сауатты, тәжірибелері мол болу керек. Сонда ғана олар түсінікті жоғары дәрежеде бере алады.

Құқықтық нормаларға түсінік берудің тәсілдері:

1. Грамматикалық (филологиялық) түсінік беру – нормалардың, оның сөйлемдерінің, мазмұнының құрылуын тексеру, гипотеза, диспозиция, санкцияны анықтау.

2. Жүйелік талқылау – нормаларды жүйе-жүйеге, сала-салаға бөліп, салыстырмалы түрде түсінік беру. Негізгі заңды анықтау, қосалқы нормаларды салыстыру. Мысалы: жол ережесін бұзуда қандай негізгі норма, қандай қосалқы нормалар бар соны жан-жақты оқып, түсініп барып қолдану керек.

3. Саяси-тарихи талқылау – норманың өмірге келуінің уақыты, ол кездегі саясаттың мазмұны оның алдына қойған мүдде-мақсаты. Оның бәрі жан-жақты талқыланып, қорытынды жасалу керек.

4. Логикалық талқылау өте күрделі, өте дұрыс қорытынды беретін тәсіл. Түсінік берудің барлық тәсілдерінің нәтижелерін біріктіріп қорытынды жасау.

Құқыққа түсінік беру субъектілері: Конституциялық кеңес, жоғарғы

соттың Пленумы, нормативтік актілер шығаратын мемлекеттік органдар, заңгерлер, ғылыми ұйымдар мен ғылыми қызметкерлер.

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі 72-баптың 1-тармағының 2–3 тармақшалары негізінде Парламент қабылданған заңдардың немесе халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкестігін қарап түсінік береді. 72-баптың 2-тармағының негізінде, егер 78-бапқа сәйкес сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік-құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық кеңеске жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының жоғарғы соты барлық соттардың заңдарды қолдану практикасын зерделейді және оны қолдану мәселелері бойынша Республика соттарына басшылық түсінік береді.

Парламент қабылдаған заңдар он күннің ішінде Республика Президентінің қол қоюына беріледі. Президент ұсынылған заңға он бес жұмыс күн ішінде қол қойып, оны жариялайды немесе қате болса оны қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады. Мәжілістің тұрақты комитетінде қарсылықты қараудың қорытындысы бойынша Республика Президенті депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, заңның тұтас не оның тиісті жекелеген баптарының редакциясы туралы өзі білдірген қарсылығын өзгертуге хақылы.

Егер Парламент әр Палата депутаттары жалпы соның үштен екісінің көпшілік даусымен заң тұтас немесе оның тиісті жекелеген баптары бойынша бұрын қабылданған шешімді қуаттайтын болса, Республика Президентінің қарсылығы ескерілген болып есептеледі. Президент оған жеті күн ішінде қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы ескерілмесе, сол Президент ұсынған редакцияда қабылданады деп есептеледі.

Құқық нормаларын талқылаудың, түсінік берудің қажеттілігі олардың белгілерінің, сырт көріністерінің ерекшеліктеріне байланысты. Әрбір құқықтық жүйе қоғамдағы қатынастардың белгілі бір саласын реттейді. Бұл жүйе-салалардың өзіндік ерекшелігі болады. Құқықтық норманы нақтылы қатынасқа қолданғанда оның ерекшеліктеріне байланысты кейбір жағдайларды анықтау қажеттілігі қолданылатын құқықтық норманың мағынасы қандай екені туралы сауалдар туады. Сол сауалдарға құқықтық норманы талқылау, түсінік беру арқылы дұрыс жауап беріп, нормативтік актілердің дұрыс қолдануын, орындалуын қамтамасыз етуге болады.

Қоғамдық өмірде жаңа қатынастар пайда болып отырады. Оларды

заң дер кезінде реттеп үлгермеуі де мүмкін. Бірақ мұндай қатынастарды қолданылып жүрген заңның мазмұны қамтуы ықтимал. Бұл жағдайды да құқықтық норманың мазмұнын талдау, түсінік беру арқылы анықтауға болады. Демек, заң ұқсастығы бойынша тікелей көрсетілмеген қоғамдық қатынастарға қолданылуы мүмкін.

Түсінік беру қажеттілігі құқықтық норманың сыртқы ресмилендірілуінің, тілінің ерекшелігіне байланысты да тууы мүмкін. Кейде қолданылған сөздің, бірнеше мағынасы болады. Мысалы, “міндет”, “қажет”, “солай істеу керек”, “тыйым салу”, “қақылы”, “істей алады” т.с.с. Құқықтық норманы нақтылы қатынасқа қолданғанда осы жағдайды да ескеру керек болады.

Өмірде халықтың көпшілігі нормативтік актілерді толық түсіне бермейді. Сондықтан, мемлекеттің тиісті органдары қабылданған нормаларды халықтың түсінуін қамтамасыз ету үшін үгіт-насихат жұмысын жүргізіп норманы әртүрлі түсінуге жол бермеуге тырысады. Түсінік берудің екі түрі болады: ресми түсінік беру, бейресми түсінік беру. Ресми түсінікті мемлекеттік орган береді, оның түрлері:

1. Нормативтік түсінік беру – бұл түсініктің қорытындысы қаулы, инструкция түрінде шығады, оның мемлекеттік заңды күші болады. Бұл қаулы – инструкцияларды көп жағдайда қолдануға болады.

2. Казуалдық түсінік беру – бұл түсінік беру тек бір мәселенің көлемінде ғана беріледі. Басқа істерге оның заңды күші болмайды.

3. Сот органдарының ресми түсінік беруі – азаматтық, қылмыстық т.б. істерді қарағанда нормативтік актілерді қалай қолдану туралы түсінік береді. Жоғарғы соттың ресми түсінігі барлық соттарға заңды күші болады.

4. Үкімшілік органдардың түсінігі – өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша заң күші бар түсінік бере алады. Олар өздерінің түсінігін нормативтік акті ретінде бланкаға жазып шығарады. Нормативтік актілердің кемшілігі болса немесе қатерлі болса соны түзеп жаңартады.

5. Дәлме-дәл, сөзбе-сөз түсінік беру – заңның мазмұны мен нысанының бір-біріне дәл түсу, тура келу.

6. Шектеулі түсінік беру – норманың мазмұнында бір шектеудің болуы. Мысалы: жұмыстан шығару үшін соттың немесе кәсіпшілер ұйымының шешімдерінің керек болуы.

7. Кеңірек (кеңейтілген) түсінік беру – норманың мазмұнын кеңейтіп түсінік беру. Мысалы: Конституцияның көптеген баптары жалпылама түрде беріледі. Ол баптарға қосымша заңдар қабылдану керек. Сонда ғана мәселе, толық, дұрыс шешіледі.

8. Аутентакалық түсінік беру – нормативтік актіні қабылдаған мемлекеттік органның өзінің түсінік беруі.

9. Құқыққа легальдық түсінік беру – норманы белгілі мемлекеттің органы қабылдайды, ал оған түсінікті басқа орган береді.

10. Арнаулы – заңды түсінік беру – нормативтік актілердегі түсініксіз сөздерге – терминдерге мамандардың немесе мекемелердің толық дұрыс түсінік беруі.

Ресми түсініктер арнаулы бланкаға жазылып беріледі, оның мемлекеттік заңды күші болады. Оны орындау міндетті.

Бейресми түсініктерді лауазымды тұлға емес заңгерлер, мамандар, ғылыми ұйымдар береді. Бұл түсініктердің заңды күші болмайды, оларға сілтеме жасауға болмайды. Бірақ қоғамның жақсы дамуына, құқықтың сапасын көтеруге, нормативтік актілердің дұрыс іске асуына ресми емес түсініктердің маңызы өте зор. Мысалы, ғалым-заңгерлердің заңдарға, кодекстерге, ережелерге берген түсініктемелері бұл нормативтік актілердің орындалуын көп жеңілдетеді.

Бейресми түсініктердің екі түрі болады: доктриналық және жалпылама түсініктер. Доктриналық түсініктерді ғалым-заңгерлер, тәжірибелі заң мамандары береді. Олардың құқық туралы ғылыми статьялары, кітапшалары, монографиялары нормативтік актілерді түсінуге, орындауға көп әсер етеді. Және құқықтың сапасын жақсартуға, қоғамдағы тәртіпті, заңдылықты күшейтуге айтарлықтай үлес қосады.

Жалпылама түсініктерді заңгерлерден, басқа тәжірбиелі мамандар береді. Олар үгіт-насихат арқылы қалың бұқараның құқықтық нормаларды түсінуін, орындауын жеңілдетеді.

Қазіргі демократиялық мемлекет құру кезінде бұл ресми емес түсініктердің маңызы өте зор. Өйткені бұл іске қоғамның сауатты азаматтарының қатысуына мүмкіншілік туады. Сонымен, ресми емес түсініктердің де мемлекет және құқық теориясын дамытуда рөлі өте зор.

22 –тақырып. ҚҰҚЫҚТЫ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ

Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі; ол көп салалы, көп жүйелі процесс. Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықпалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда – қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді.

Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері: құқықтық норма, құқықтық қатынас және заңды құқық пен міндеттің орындалу туралы акті.

1) Құқықтық норма арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

2) Құқықтық қатынас арқылы субъектілердің ара-байланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап, біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі.

3) Заңды құқық пен міндеттің орындалуы туралы актіде – қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса – кім кінәлі себептері көрсетіледі, оны түзеу, орындау жолдары анықталады.

Осы үш элементтерге сәйкес қатынасты реттеу механизмі үш кезеңге бөлінеді: қатынастың басталуы, ол қатынасты реттеу үшін жаңа норманың өмірге келуі, субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалуы.

Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмнің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дережеде болуы қажет. Құқықтық сапасы да жақсы, халыққа түсінікті болуы керек.

Құқық шығармашылық процесі жақсы жүргізілсе, құқықтық нормалардың да сапасы жақсы болады. Сапалы нормаларды түсіну де жеңіл, орындалуы да оңай. Сондықтан, осы сапалы процестер құқықтық реттеу механизмнің жұмысын жақсартуға көп үлес қосады. Құқық қоғамда зор қызмет атқарады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларына, және адамның өміріне өзіне тән әдістермен жағымды әсер етеді. Құқықтық саяси қызметі қоғамның барлық саласынан байқалады. Құқықтық экономикалық әлеуметтік, тәрбиелік, мәдени жұмыстарының әсері өте мол. Осыларға қоса құқық мемлекетті, қоғамды және азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады.

Заңи мінез-құлық арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Заңи мінез-құлық дегеніміз – құқықтық нормалардың нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы.

Құқықтың әлеуметтік мақсаты оның атқаратын қызметінен байқалады. Оның қызметі қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне әсер етуге бағытталады. Құқықтың қызметінің мәні, біріншіден, қоғамдық қатынастарды баянды ету, тұрақтандыру; екіншіден, жеке адамның, қоғамның, мемлекет органының зиянды іс-әрекетіне тыйым салу; үшіншіден – мемлекет адамдардың құқықтары мен бостандықтарын паш етумен қатар, оларды қорғау жолдарын, әдістерін, мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырады.

Құқықтық реттеу механизмнің сапасын жақсартуға құқықтық сана мен құқықтық мәдениет көп үлес қосады. Құқықтық сана еліміздің азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, басқа да құқықтық құбылыстарға сана-сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық мәдениет (кең мағынада) – нақты жүйесі мәдени іс-қимылы, әрекет жасау, оларды жүзеге асыру және мемлекет органдарының, лауазым иелерінің іс-әрекеттері жөнінде адамдардың жалпы түсінігі мен пайымдаулары, Құқықтық мәдениет (тар мағынада) – тұлғалардың құқық туралы ой-пікірлері, сезімдері мен пайымдаулары және де сапалы түрдегі қажеттіліктері. Осы қажеттіліктер тұлғаның құқыққа сай мінездерінен, жүріс-тұрыстарынан көрініс табады.

Әр дәуір, әр ұрпақ өз талап-талғамына сәйкес мәдениетті қажет етеді және сондай мәдениетті жасайды. Ендеше, біз бүгінгі жастарға тек бұрынғы дүниені ғана орында және тек сол дәстүрде, сол қалпында орында деп талап қоймауымыз керек. Жастарға – мәдени мұраны жақсы біл, меңгер және оны өз дәуіріне сай етіп пайдалана біл, жетілдір, алға дамыт деп талап қоя білу қажет. Егер жас буын мәдени мұрамызды жетік білсе, оны шығармашылықпен пайдаланып, жаңа ұлттық мәдениет жасаса, қазақ халқының рухы да мәдениеті де зиянды жаһанданудың шылауында кетпесі анық.

Республикамыз егемендік алып, мемлекеттік тәуелсіздігіміз өмір ақиқатына айналды, шамамыз келгенше оны жаңғырту және пайдалану күн тәртібіне қосылды. Өзіне ғана тән құқықтық сезімі, құқықтық ұғымы және танымы халқымыздың жанында. Енді өзінің осы бір ерекшелігін – ұлттық құқықтық мәдениетін – ескеруді және соған назар аударуды талап етуде.

Қазір Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы орны өзгеше. Дербес мемлекет есебіндегі оның дүниежүзілік мемлекетаралық қатынастағы салмағы айырықша. Еліміздің осы жаңа орнын баянды етудің негізгі жолы, оның егемендігін нығайтып, тәуелсіздігін арттыра түсу, сөйтіп, бұл құндылықты халқымыздың мақсат-мүддесіне және игілігіне қызмет еткізу екендігі даусыз.

Қазіргі таңдағы республика ғылымының даму бағыт-бағдары да осы айтылған жәйттерден туындайды. Заң ғылымын, оның ішінде дәстүрлі ұлттық, құқықтық мәдениетті зерттеуге арналған ізденістердің алдында да тың көкжиектер ашылуда. Оларға жаңа талаптар қойылуда, жаңа тұғырлар, көзқарастар айтылуда. Ұлттық сананың қайта түлеуі, соған сай ұлттық құқықтық сана-сезімнің де оянуы, билер институттарының жандануы айтылған ойыңызды қуаттай түседі.

Әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық жүйе мемлекет заңдарымен түзелген құқықтық жүйеден өзгеше құбылыс. Бұл өзгешелік әдет-ғұрып құқығының тарихи контекстінде, әлеуметтік-саяси астарында, рухани бастауларында, принцип-қағидаларында, өмірнамалық құндылықтарында, адамға әсер ету ерекшеліктерінде, әдет құқығы өзінің ішкі мәні және мазмұны, сыртқы түр-сипаты, іс-қимылды реттеу және оған әсер ету мүмкіншіліктері, жалпы болмысы, яғни, қандай параметрлері тұрғысынан алса да адамзат мәдениетінің ерекше туындысы екендігіне шүбә келтірмейді. Сондықтан, бұл құқықтық жүйеге, оның тарихтағы орнына сай көзқарас, соған лайық зерттеу әдісі және ұғым-түсініктер қажет.

Құқықтың үш “алтын” тірегі бар: имандылық, өмірдің материалдық жағдайлары және мемлекет. Құқықтық түсінігі имандылыққа әдептілікке тіреледі. Құқық имандылық, негізінде пайда болады. Имандылықтың өзі де адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін күш. Әрине, имандылықтың талаптары заң емес, тек адамгершілікке негізделеді. Имандылық тек арға, ұятқа арқа сүйенеді. Құқық, имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абыройы да жоғары болады. Имандылықтың ең күшті құралы – жұртшылықтың пікірі.

Құқықтың тағы бір тірегі – адамдардың өмір сүру жағдайлары, олардың шаруашылығы. Адамзаттың өмір сүруі өндіріске байланысты. Өндіріс тиімді, нәтижелі болу үшін оны ұйымдастыру, оның дамуына қажетті жағдай туғызу керек. Бұл тек мемлекеттің қолынан келеді. Мемлекеттің өндіріске, шаруашылыққа әсер ету дәрежесі қоғамда қалыптасқан меншік: түрлеріне байланысты.

Мемлекеттің қызметі құқық нормаларын қалыптастырумен аяқталмайды, қайта оның қызметі сол сәтте басталады деуге болады. Құқық нормаларының талаптары өздігінен жүзеге аспайды. Оларды жүзеге асыру үшін, талаптарын орындату үшін мемлекет түрлі әдістермен сан алуан қызмет атқарады. Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі адамдарға тиісті шаралар қолдана алады. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы – мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық, беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция Қазақстан Республикасының, президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігін айқындап берді. Ата Заң бойынша мемлекеттік билік: заң шығару, заңды іске асыру, заңды қорғау үш тармағы мемлекеттің біртұтастығына, бүкіл дамуына бірдей жауапты.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес бірнеше Президенттің Заң күші бар жарлықтары өмірге келді:

- Қазақстан Республикасының Президенті туралы – 26 XII 1995 ж;
- Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы – 16 X 1995 ж;
- Қазақстан Республикасының үкіметі туралы – 8 XII 1995 ж.

Осы заңдар арқылы елімізде демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті құрып, басқарудың қазіргі заманның негіздерін жасады. Сондай-ақ республикада сот-құқық реформасын кезең-кезеңмен жүзеге асыру мақсатында Президенттің 1995 ж. желтоқсанда қабылдаған “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы”, “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы” заң күші бар жарлықтары сот-құқық жүйесін нарықтық экономика жағдайында жетілдіруге айрықша ықпал етті. Прокуратура органдарында бұрынғыдай жоспарлы тексеріске жол берілмейді. Заңдардың қолдануына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріп жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін, Республика Президентінің тапсыруына, заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге, заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына, жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

Құқықтық реттеу механизмі үш элементтен тұрады: құқықтық нормалар, құқықтық қатынастар және заңды құқықтар мен міндеттердің орындалуы туралы актілер.

1. Құқықтық нормалар – қоғамдағы адамдардың өзара қатынастарын, байланыстарын шешу ережелерін, әдіс-тәсілдерін көрсетіп, реттеп-басқару үшін өмірге келеді. Бұл нормалардың заңды күші әр-түрлі, әр деңгейде болады. Ол нормаларды бұлжытпай орындау міндетті. Құқықтық нормаларды іске асыру түрлері: пайдалану, сақтау орындау, қолдану, бұлардың түсінігі “Құқықты іске асыру” тақырыбында анық көрсетілген. Заң ғылымында және практикада құқықтық реттеу механизмінің негізін құрайтын нормативтік актілер – заңдар, нормалар. Субъектілердің құқықтық тәртібінің мазмұны, шеңбері, орындалуы, жауапкершілігі нормаларда толық көрсетілуге тиіс.

2. Құқықтық қатынас – бұл құқық механизмінің ең маңызды, ең қажетті элементі. Себебі қатынастағы субъектілердің; құқықтары мен міндеттері, олардың орындалуы сапалы, дұрыс орындалмаса жауапкершілік түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастың субъектілеріне нормативтік актілердің шеңберінде толық бостандық беріледі.

3. Субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалу туралы актілері. Бұл актілер арқылы құқықтық реттеу механизмнің орындалу және субъектілердің өздерінің алдына қойған мақсаттарын орындау дәрежесін, деңгейін білу болады. Егерде субъектілер орындалу дәрежесіне қанағаттанбаса мемлекеттік органдар көмек көрсетуге тиіс. Құқықты реттеу механизмнің сапасы жұмыс жасауы екі мәселеге байланысты: бірінші – құқықтық үгіт-насихатты жақсы жүргізу, екінші – халықтық құқықтық сауаттылығы жақсы дәрежеде болу. Құқықтық реттеу механизмнің кезеңдері екі топқа бөлінеді: Заңды іске асыру органдардың және заңды қорғау органдарының актілері. Атқару органдардың актілері екі кезеңнен тұрады: 1) жарлық, қаулы, шешім, бұйрық қабылдау; 2) сол документтердің орындалу барысын бақылап отыру. Заңды қорғау органдарының актілері үш кезеңнен тұрады: 1) істің мазмұнымен танысу; 2) сол істі қандай нормаларға сәйкес шешуді анықтау; 3) істі қарап шешуді аяқтау.

Республикада жүріп жатқан мемлекеттік құрылыс және құқықтық саладағы қайта құруларға халықтық ұлттық, сипат, адами ажар және рухани нұр жетіспейді. Ал, бұл факторлерді реформалардың айнымас өзегі етпей олардың өміршеңдігін қамтамасыз ету өте қиын.

Егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді баянды етер саяси және құқықтық жаңартулар енгізу барысында біз негізінен тұрмысы алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің тәжірибесі және үлгісіне көп еліктедік, соларға арқа сүйедік. Бұл, бастапқы кезде бір жағынан, дұрыс та еді. Өйткені өркениетті елдердің тарихынан, тағылымынан үйрену ешқашан да ар-

тықтық етпейді. Дегенмен, осы “еліктеу кезеңі” ұзаққа созылып кеткендей, ал кейінгі кездері ол жалтақтауға, жарамсақтануға айналып бара жатқандай. Қанша құнды болғанымен шетел тәжірибесі ол – шетел тәжірибесі. Оны тұтасымен өз елімізге көшіріп алу мүмкін емес. Әсіресе, мемлекет құрылысы және құқық жүйесі саласында. Сондықтан, қазіргі таңдағы басты міндет өз халқымыздың мемлекеттік және құқықтық тарихына, табиғатына және болмысына назар аудару, соны танып-біліп, олардың жаңа дәуірде жаңа деңгейде дамуына жол ашып, жағдай жасау. Себебі өркениетті елдердің өнегесінен үйренеміз деп жүріп біз өз халқымыздың өзіндік саяси болмысы, құқықтық жаратылысы бар екенін ұмытпауымыз керек. Тәуелсіз жаңа мемлекетіміздің және құқықтық жүйеміздің негізінде солар жатуы керек екенін естен шығармау абзал. Тіптен, өзіміз үлгі тұтып жүрген батыс Европа мемлекеттері, Америка елі құқықтық өмірлерінің саласында жүргізілер өзгерістерге ең бірінші тарихи тұрғыдан келеді. Олардың мемлекеттік құрылым, құқық, сот жүйелерінде дәстүр, тарих сабақтастығы үлкен рөл атқарады. Ағылшындар әлі күнге дейін өз елдерінде 1215 ж. қабылданған “Еркіндік жайлы партияның” қолданатындығын мақтаныш етеді.

Демек, біз де өз тарихымызды, дәстүрімізді қазіргі күн талабына лайықтап қолдана білуге үйренуіміз керек. Өйткені мемлекеттік, құқықтық жүйе бейбіт өмірдің, теңдіктің және әділеттіліктің тірегі, қайнар көздері болуы керек. Ал, теңдік, әділеттілік ұғымдары және құбылыстары әр халықтың дүниені қабылдау, түйсінуге, қорыту ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Яғни олардың тарихи түп-тамырларынан бастау алып жатады және имандылық, ар-намыс, ұят секілді жанды да тұнық сезімдеріне, ұғымдарына барып тіреледі. Ал, бұл түсініктер, ұғымдар қайта-қайта өзгере бергенді қабылдамайтын ұлт жанының берік қамалдары. Мемлекет, заң жүйесі түптеп келгенде адам жанының осы бір мөлдір тұнықтарының қорғаны болуы үшін жаратылады. Сондықтан да, олар өз міндеттерін тиісті деңгейде атқаруы үшін сол халықтың жан дүниесінің тарихи болмысынан, ерекшелігінен айрылмауы керек, әркез өз құрылымын, сипатын соларға сай түзетіп отыруға тиіс.

Олай болмаған жағдайда елдегі құқықтық нормалар дұрыс орындалмай, құқықтық реттеу механизмі қызметі нашарлап, қоғамдық қатынастардың орындалуына нұқсан келіп, теңдік, әділдік сезімі мен ұғымы көмескіленіп, тасалануы мүмкін. Ал, бұл қоғамдағы рухани өмір тегеурінінің әлсіреп, оның интеграциялық мүмкіндігінің бейтараптануына жол береді.

23 – тақырып. ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Құқық бұзушылықтың себептері, түрлері

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған.

Осыдан келіп – құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл объективтік құбылыс.

Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Әрекет – бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Құқық бұзушылық құқықтық нормалар қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп қоғамның, жеке адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады, құқықтық нормалардың талаптарын орындамау нәтижесінде тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастарға нұқсан келеді, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамның өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді.

Азамат өзіне жүктелген міндеттерді орындаса немесе құқықтары мен бостандықтарын пайдалана алса, мұндай іс-әрекет азаматқа да, қоғамға да пайдасын тигізетіні сөзсіз. Азаматтар заңда белгіленген міндеттерін бұлжытпай орындаса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық тәртіп сақталады. Азаматтар өз құқықтары мен бостандықтарын тиімді пайдалана

алса қоғамның жан-жақты дамуына, адамдардың тұрмыс жағдайларының жақсаруына, халық мәдениетінің өркендеуіне тиісті жағдай туады.

Құқық бұзушылықтың мәні – оның субъектісінің өзіне ғана тән ерекшеліктерінен тұрады. Ең алдымен барлық құқық бұзушылықтың мәні қоғамдық құрылыстың, қоғамдық қатынастар жүйесіне келтіретін қауіптілігі, зияндылығы. Яғни, тек бір ғана әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен зияндылығы емес, оның таралуы қоғамдық қатынастарға айтарлықтай залал келтіретін адам әрекетінің белгілі бір түрі ескеріледі. Ал жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамдық өмірдің бекітілген тәртібін, олар қоғамда кең таралған жағдайда ғана қоғамдық тәртіптің қауіпіне айналады. Тиісінше, жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп бағалануы мүмкін. Ол және өзі зиян келтіретіндіктен емес, өзі тектес әрекет-әрекетсіздіктің көптеп орын алуына байланысты. Олар өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзады, сондықтан да құқық бұзушылықпен күресудің мемлекеттік ұйымдасқан қызметін қажет етеді.

Құқық бұзушылықты сипаттайтын белгі – нышандар:

1. Құқық бұзушылық құқықты, оның қағидаларын, құқық жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Яғни бұл адамдардың іс-әрекеті, қылығы немесе әрекетсіздігі. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғамымен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Демек, құқық бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы көрінбеген адамның ой-тұлғасы, сезімдері құқық бұзушылық болып табылмайды. Мәселен, адам өзінің ойын, сенімін күнделікке, таспаға жазып, суретке түсіруі мүмкін. Адамның ой желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатысуынсыз жасалмайды. Олар қашан да ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Бұл дегеніміз, ақыл-есі дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады деген сөз. Яғни құқық бұзушылық саналы түрде жасалатын ерікті іс-әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

2. Құқық бұзушылық құқық нормалары қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп, қоғамның және адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқық нормаларының талаптарын орындамау нәтижесінде құқықтық тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастарға кесел келеді, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамның құқықтарына, өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді. Зиянның көлемі, мөлшері түрлі болуы мүмкін.

Қоғамдық зиянды анықтаудың мынадай тәсілдері белгілі:

1. Зандылықты бұзудың объектісі адамдардың өміріне, денсаулығына, қоғамдағы негізгі қарым-қатынасқа зиян келтіруді анықтау.

2. Зиянның түрін, мөлшерін анықтау.

3. Қылмысты жасаған әдісін, уақытын, орнын анықтау.

4. Қылмысты жасаған адамның өзінен және осы іске тиісті материалды, фактілерді жинастыру, толық мінездеме беру.

Қалай болса да заң бұзушылық қоғам үшін зиянды іс-әрекет, өйткені жоғарыда айтылғандай жеке адамға (өміріне, денсаулығына, ар-намысына, бас бостандығына), мүлікке, қоғамдық тәртіпке нұқсан келеді. Кейбір жағдайда келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін болмайды. Мәселен, кісі өлтіру, мүгедектікке душар ету, жазылмайтын ауруға соқтыру т.б.

5. Құқық бұзушылық әрқашан да құқық нормаларының талаптарына қайшы келеді. Сондықтан да оның құқық нормаларымен реттеліп және қорғалатын қоғамдық қатынастарға қарсы бағытталғандықтан, құқыққа қайшы әрекет деуге болады. Құқыққа келісті және ол рұқсат берген әрекет, ешқашан құқық бұзушылық ретінде бағаланбайды.

Құқық бұзушылық ең алдымен неге қауіп төндіреді? Заңның қорғауына алынған өзге тұлғалардың мүддесіне. Дегенмен адамның барлық мүддесі заңмен қорғала бермейді, сондықтан да оларға нұқсан келтіру әр уақытта да құқыққа қайшы болып саналмайды, тиісінше құқық бұзушылық ретінде бағаланбайды. Мәселен, бәсекелестік, біреудің жеке экономикалық мүддесіне залал келтіруі мүмкін, бірақ бұл құқық бұзушылыққа жатпайды. Яғни, құқық бұзушылықтың мәні мемлекет шығарған құқық нормаларына қайшы әрекеттермен байланысты болады.

6. Құқық бұзушылық құқық субъектісінің кінәлі әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Кінәлі деп танылу үшін заңды бұзған адамның ақыл-есі дұрыс болу керек. Есі дұрыс емес немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адам (әрекет қабілеттілігінің жоқтығы соттың шешімімен анықталады) құқық нормаларының талаптарын қалай бұзса да жауапқа тартылмайды, себебі, ол өз әрекетінің мәнін түсінбейді, одан басқаға зиян келетінін болжай алмайды. Кінәлі болу үшін адамның есі дұрыс және әрекет қабілеттілігі шектелмеген болуы шартты жағдай. Әрекет қабілеттілік деген адамның өз еркімен саналы түрде іс-әрекет жасап, сол үшін жауап беру мүмкінділігінің болуы. Кінә – құқық бұзушының өзінің құқыққа қайшы әрекетіне қатысты психикалық қарым-қатынасы. Кінәнің екі түрі белгілі:

1. Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған қасақаналық. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын-ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, әрекет тікелей ниетпен жасалған қасақаналық деп танылады.

Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін алдын-ала білсе, осы зардаптардың болуын тілемесе де оған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, әрекет жанама ниетпен жасалған деп танылады.

2. Абайсыздық. Ол менмендік және немқұрайдылықпен жасалады.

Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын-ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе бұл менменшілдік деп танылады. Мәселен, жүргізуші көлігінің техникалық ақаулықтарын біле отырып жолға шығады, жеңілтектікпен жол апатын болдырмаймын деп ойлайды, ал нәтижесінде жол апатына кезігеді.

Егер адам қажетті ұқыптылықпен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, әрекет немқұрайдылықпен сипатталады. Мәселен, жүргізуші жолға шығар алдында көлігінің техникалық жағдайын тексермейді. Ал ол көліктің техникалық ақаулығы болған еді. Осының салдарынан жол апаты орын алады.

Құқық бұзушылық өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзатындықтан, оған мемлекет атынан шара қолданылып, жауаптылық тағайындалады. Құқықтық жауаптылық үш белгісімен сипатталады:

- мемлекеттік мәжбүрлеу,
- құқық бұзушыны жауапқа тарту,
- құқық бұзушының өзіне жағымсыз жағдай тудыру.

Мәжбүрлеу шарасын мемлекет белгілейді. Құқық нормаларының қағидаларын бір ауыздан қорғау қажет болған жағдайда олардың сақталуы мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етіледі. Егер құқықтық норманың қағидалары бұзылатын болса, мемлекет органдары тиісті шаралар қолдануға құқылы.

Заң бұзушыны мемлекет жауапқа тартады. Мемлекет органдары заңсыз әрекетті айқындап, әшкерелеу үшін тиісті шаралар қолданады – тер-

геу жүргізеді, адамның кінәсі бары-жоғын анықтайтын дәлелдер, құжаттар жинайды. Жиналған деректердің барлығын жан-жақты тексеріп соның нәтижесінде шешім қабылдайды.

Әркез құқық бұзушының өзіне қатысты жағымсыз жағдай жүзеге асырылады. Ол оның мүлкіне немесе өз басының бостандығына келетін нұқсан. Яғни, кінәлі адам біреудің мүлкіне келтіретін зиянды төлейді немесе оның орнын толтырады. Көп жағдайда шара кінәлі адамның жеке басына қолданылады: оны бас бостандығынан айырады, жүріп-тұру еркіндігін шектейді.

Әрекет-әрекетсіздіктің қоғамға зияндылығы және құқыққа қайшылығын анықтау оны құқыққа сай әрекеттен бөліп қарауға негіз болады. Алайда, бұл ерекшеліктер құқық бұзушылықты түсінуге мүмкіндік бергенмен де, оның мазмұнды белгілерін нақтылау қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта заң ғылымында құқыққа қайшы әрекет-әрекетсіздікті құқық бұзушылық ретінде саралауға негіз болатын элементтердің жиынтығы, яғни **құқық бұзушылықтың заңды құрамы болады:** объективтік жағы, объект, субъективтік жағы, субъект.

1. Құқық бұзушылықтың объективтік жағының элементіне әрекет-әрекетсіздікпен келтіретін зиянның арасындағы себепті байланыс және келтірілген залал жатады. Заң теориясында себепті байланыс дегеніміз келтірілген зиянның басты және тікелей себебі құқыққа қайшы әрекет-әрекетсіздік болып табылатын, зиянды әрекет-әрекетсіздікпен пайда болған нәтиже арасындағы объективтік байланыс болып табылады. Мұнда зиян құқық бұзушылықтың теріс нәтижелерінің жиынтығы ретінде көрінеді. Қандай да бір игіліктің немесе құндылықтың жойылуы, оларды пайдалануға шек қою, азаматтардың бостандығына қол сұғу, олардың субъективті құқықтарын бұзу т.с.с.

Зиян материалдық, физикалық басқа да қасиеттерге ие болады, жеке мүддеге, сондай-ақ жалпы қоғамдық мүддеге де қауіп төндіреді. Ис-әрекеттің сипаты және одан келген зиян қоғамға қауіпшіліктің деңгейін анықтап, құқық бұзушылықты басқа құқық тәртібін бұзудан айырудың объективтік негізін қалайды.

2. Объект – құқық нормалары қорғайтын бұзылған мүлдіктік немесе мүлдіктік емес игілік. Яғни, құқықпен реттеліп және қорғалатын қоғамдық қатынастар. Құқық бұзушылық өз іс-әрекетінде құқық тәртібіне қарсы бағытталып, қандай да бір зиян келтіреді.

Қоғамдық қатынастың, оның субъектілерінің құқықтары мен мүдделері көптүрлі болуына сәйкес нақтылы құқық бұзушылықтың объектілері де бірнеше болуы мүмкін.

3. Құқық бұзушылықтың субъективтік жағын адамның құқық бұзушылықты жасауға жол берген әлеуметтік-психологиялық механизмін сипаттайтын, элементтерді құрайды. Субъективтік жағынан алып қарағанда барлық құқық бұзушылық, ең алдымен кінәнің болуымен байланысты болады. Бұл тұрғыдан қарағанда құқық бұзушылық – құқық бұзушының еркі және санасы арқылы жол берген кінәлі әрекет болып табылады.

Дегенмен, мұнда құқық бұзушылыққа жол берген психологиялық факторлар да ескеріледі. Барлық ерікті әрекет іштей реттелген және белгілі бір мақсатты көздейді. Осыған байланысты құқық бұзушылықтың субъективтік жағына әрекет–әрекетсіздіктің ниеті мен мақсаты да кіреді.

4. Субъект – әрекет қабілеттігі бар заңды бұзушы тұлға. Егерде субъект құқық бұзушылық кезінде өзге құқыққа сай жолды таңдау мүмкіндігіне адам-есінің кемдігі, жасының толмауы, физикалық немесе психикалық жетіспеушілігінің салдарынан жол берсе, әрекет-әрекетсіздік зиянды нәтижеге әкеліп сокса да құқық бұзушылық деп саналмайды. Құқыққа қарсы әрекеттерді құқық бұзушылық деп тану үшін заң оның субъектісіне белгілі бір талаптар қояды. Ең алдымен белгілі бір жасқа толу керек. Айталық, қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады, кейбір қылмыс түрлері үшін 14 жас, әкімшілік жауапкершілік 16 жас, азаматтық жауапкершілік 15 жастан есептеледі.

Сонымен құқық бұзушылық – әрекет қабілеттілігі иеленуші субъектінің заңды жауапкершілікке тартылатын қоғамға зиянды немесе қауіпті құқыққа қайшы және кінәлі әрекет-әрекетсіздігі.

Құқық бұзушылықтың түрлері: Барлық құқық бұзушылық қоғамға қауіпшілігінің сипаты мен деңгейіне байланысты екі топқа бөлінеді. 1) Қылмыс, 2) Теріс қылық.

Объектінің құндылығы, құқыққа қайшы әрекеттің мазмұны, жағдайы, уақыты, әдісі, келтірілген зиянның көлемі мен сипаты, кінәнің нысаны құқыққа қайшы әрекеттің күшейе түскендігі, оның себебі, құқық бұзушының жеке мінездемесі арқылы анықталатын қоғамға зияндылықтың сипаты мен деңгейі негіз болады. Әрекет-әрекетсіздікті құқыққа қайшы деп тануға ықпал етуші субъекті фактор негіз болады.

Қылмыс қоғамға қауіпті және заңмен жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты әрекет-әрекетсіздік. Ол қоғамның қалыпты өмір немесе мемлекеттік құрылыс, шаруашылық жүйе, меншік және азаматтардың саяси, еңбектік, мүліктік және басқа да құқықтары. Қылмыстың заңды сипаты – оларға қылмыстық заңмен тыйым салу мен жазалау шарала-

рын қолдану болып табылады. Қылмысты заңда көрсетілген, қылмыстың барлық нысандық белгілерін иеленуші құқық бұзушылық өзінің жеңіл мәнділігіне байланысты қоғамға қауіпті болмаса, қылмыс болып саналмайды.

Теріс қылық дегеніміз – қылмыспен салыстырғанда қоғамға қауіптілігі біршама төмен және қоғамдағы құқықтық тәртіптің жекелеген жақтарына нұқсан келтіруші құқық бұзушылық.

Теріс қылық қоғамға зиян келтіргендіктен, әлеуметтік қауіпті болып табылады. Теріс қылық қоғам өмірінің қай саласында жасалуы, келтірген зиянының сипаты және тиісті құқықтық санкциясының ерекшеліктеріне байланысты әкімшілік, тәртіптік, азаматтық құқық бұзушылықтарға жіктелінеді.

1. Үкімшілік құқық бұзушылық – мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін әкімшілік, қаржылық, жер және басқа құқық салаларының нормаларымен реттелетін, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік.

Мұндай құқық бұзушылықтар атқару және билік етудің қалыпты қызметіне кедергі келтіреді, жалпы қоғамдық тәртіпті бұзады (жол ережесін бұзу, өндірістегі қауіпсіздік ережесін бұзу және т.б.), азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіреді.

Үкімшілік құқық бұзушылықтар тек объектілерінің жалпы сипаты және мемлекеттік басқарудың құқық тәртібіне қарсы бағытталғандығымен ғана емес, жазалау сипатында қолданылатын санкциялармен де ерекшеленеді. Мәселен ескерту, айыппұл, жүргізу куәлігін алып қою және т.б.

2. Тәртіптік құқықбұзушылық қызметтік қатынас саласында бағынушылық тәртібін бұзуға бағытталатын, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік. Ол өндірістің қызметтік, әскери және оқу тәртібін бұзып, олардың алдында тұрған шаруашылық, әлеуметтік-мәдени, басқару және де мақсаттар мен міндеттерді орындауға кедергі болады. Бұл үшін мынадай санкциялар қолданылуы мүмкін: ескеру, сөгіс, жұмыстан шығару, оқу орнынан шығару және т.б.

3. Азаматтық құқықбұзушылық азаматтық құқық нормаларымен реттелетін мүліктік және онымен байланысты жекелеген қатынастарға зиян келтіретін, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік. Ол шарттық және шартсыз деп екіге бөлінеді. Шартты – азаматтық құқықтың шартқа қатысушы субъектілердің, әрекетінен туындаса, шартсыз азаматтық құқықтың нормаларының талаптарын сақтамау және орындамаумен байланысты болады.

Азаматтық құқық бұзушылықтың қылмыстық әрекеттерден айырмашылығы олардың заңда тізімі берілмеген. Яғни, азаматтық құқық бұзушылыққа тән ерекшелік оларға мүліктік және мүліктік емес санкциялармен тыйым салынуы болып табылады. Мұнда және бұзылған құқықтың қалпына келтірілуі көзге түседі: заңға қайшы келетін мәмілені өзгерту, келтірілген мүліктік зиянның орнын толтыру және т.б. құқықты қалпына келтіруші санкциялар азаматтық құқық бұзушылық келтірілген зиянды салдарын бағалау және азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерінің қалпына келтіруін көздейді.

Құқық бұзушылықтың себептері төңірегінде ежелден осы күнге дейін сан түрлі пікірлер айтылуда. Айтылған ойларды тұжырымдасақ адамдардың құқықтық нормаларды бұзуына, ең алдымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқаймыз.

Әлеуметтік жағдайлар – отбасы, мектеп, қызмет істейтін ұжым, жалпы қоғам өмірінің әсері. Бірақ бұлар әр адамға әртүрлі ықпал етеді. Тұрмысы ауыр, қиын жағдайда тәрбиеленіп, өмір сүретіндер де, сонымен біреуге уайымсыз, тоқтықта өскендер де заңды бұзуы мүмкін. Бұл жағдайды бабаларымыз ежелден-ақ байқаған. “Жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бір ауыз сөзге алғысыз” — деген мақал айғағы болса керек.

Биологиялық жағдайлар. Бір отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленіп, өскен балалардың ой-өрісінің сапасы әртүрлі болатыны белгілі. Біреуі мейірімді, салмақты, жігерлі болса, екіншісі қатыгез, жеңілтек, жігерсіз болуы мүмкін. Әрине балалардың жаратылысынан әртүрлі болуы, бұзақылық, адамның тегіне байланысты деген сөз емес. Бұзақылық тұқым қуаламайды, бірақ, адамның жаратылысына тән жаман мінездерді өсіп-өнетін кезеңге тап болса, адам әдепсіздік заң бұзушылық қылықтан тайынбайды.

Маңызды мәселенің бірі заңдар туралы мәліметтердің жеткіліксіз болуы да олардың талаптарын орындамауға себебін тигізетіні сөзсіз. Шынында да мемлекетімізде жүздеген заңдар қабылданған. Оларда азаматтарға сан алуан құқықтар беріліп, көптеген міндеттер жүктелген. Азаматтар ол заңдардың бәрін біле бермейді. Әрине заңды білмей бұзғанмен, біле тұрып қасақана немесе абайсызда бұзғанның салдары арасында өте үлкен айырмашылық бар. Конституция бойынша қандай да болмасын қабылданған заңды құжаттар баспасөз бетінде жариялануы қажет. Егер жарияланбаса, оның күші болмайды. Ондай құжаттың талаптарын орындамаған адам жауапқа тартылмайды (ҚР Конституциясы, 39–6).

Құқық бұзушылықтың субъективтік себебі бұл, мемлекеттік идеологияға, адами құндылықтар мен қоғамдық мүддеге қарама-қайшы құқықтық сананың төмен деңгейлігі.

Ал объективтік себебі – өмірдегі, экономикалық және әлеуметтік қатынас саласындағы нақтылы қайшылықтар. Құқық бұзушылықты тудырушы объективтік жағдайға оның субъективтік және объективтік себептерінің орын алуына жол беретін, ұйымдастырушылық және техникалық тәртіптің жеткіліксіздігін айтуға болады.

Құқық бұзушылық қашан да жекелік сипатта болады. Жеке тұлғаның қабылдаған және оның қажеттілік мақсаты арқылы анықталатын құқыққа қайшы шешім, құқық бұзушылықтың тікелей себебі болып табылады. Бірақ құқық бұзушылық себебін белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру жеткіліксіз.

К.Маркс былай деген болатын: қоғам тек адамдардан ғана тұрмайды, олардың ара байланысы мен қарым-қатынасын бейнелейді (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығ. жинағы, 3–т, 3–б.). Сондықтан да, құқық бұзушылықтың себебін жекелеген құқыққа қайшы әрекеттер арқылы түсіну мүмкін емес.

Ғылыми зерттеу нәтижесі құқық бұзушылықтың себебі жеке адамның қажеттіліктері мен оны қанағаттандырудың әлеуметтік мүмкіндігінің арасындағы қайшылықта деп түсіндіреді. Яғни, бұл өз кезегінде қоғамдық жағдайдың сипатына тәуелді болады. Бұл дегеніміз қоғамдық қатынастар жүйесінде өндіріс, саясат, мәдениет, шаруашылық, тұтыну салаларында белгілі бір орынға ие болу. Ал қалыпты өмір сүру жағдайында бұлар бір-бірімен сәйкес келіп отыруы тиіс. Қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі белгілі бір орынды иелену адамның кәсіпқойлық дәрежесін, білімін және мәдени мәртебелігін айқындайды.

Жеке адамның әлеуметтік мәртебелерінің бір-біріне сәйкес келмеуі оны қоғамдық тәртіпті бұзуға итермелейді. Яғни саяси-экономикалық үстемдікке әлеуметтік саладағы жағдай сәйкес келмеуі, жеке адамдардың білім мәртебесіне экономика, мәдениет саласында тиісті орынды қамтамасыз етпеген жағдайда, олар заңсыз әрекеттерге барады. Кейбір саяси қызметкер өзінің жағдайын мемлекеттегі рөлімен теңестіру үшін, билікті теріс мақсатта пайдаланады. Ең арысы жалданбалы жұмысшы да, сатқын жұмыс күшінің ақысы оның қоғамдық қажеттігін өтемесе қолайсыз мүмкіндіктерді пайдалануға бет бұрады.

Жоғарыда айтып өткен құқық бұзушылықтың негізгі себептерін тұжырымдай келе байқайтынымыз заңды мінез-құлық, құқықтық сана, құқықтық мәдениеттің бұл тұрғыда алатын орны ерекше.

Занды мінез-құлық құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы. Ол арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Азаматтар құқық нормаларының талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес мінез-құлық екіге бөлінеді:

1) Белсенді заңды мінез-құлық лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасымен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері оның түрлері сан алуан.

2) Енжарлы мінез-құлықтың көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді салақтықпен сапалы орындамайды, өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайлықпен қарайды. Әрине мұндай мінез-құлық, құқық нормаларына қайшы келмесе де адамның ең алдымен өзіне зиян келтіреді, себебі адамның игілігі үшін берілетін заңды мүмкіндіктер іске аспай қалады. Мұндай мінез-құлықтан қоғам да ештеңе ұтпайды. Демек, екі тарапта ұтылыста болады. Мұндайда енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке зиян келеді. Азаматтардың енжарлығын немқұрайлығын пайдаланып, теріс ниетті лауазымды тұлғалар мемлекет органының қызметін халықтың бақылауынан тыс қоюға әрекет жасауы мүмкін.

Міне, осындай енжарлықты белсенділікке айналдыру қажет. Оның негізгі шарты еңбекке баулу. Құқық нормаларын адал, ақ ниетпен іс жүзіне асырған азаматтарға көтермелеу шараларын белгілесе, ол нормалар белсенділікке негіз болары сөзсіз.

2. Занды жауапкершіліктің түсінігі, оның түрлері

Занды жауапкершілік – жеке адам, қоғам, мемлекеттің мүддесін қорғайтын бірден-бір жол болып табылады. Ол құқықтық нормалардың бұзылуы нәтижесінде пайда болып, құқық бұзуға мемлекеттік күштеу шарасын қолдану нысанымен сипатталады. Құқық бұзушыға жауапкершіліктің белгілі бір шарасы көзделген құқықтық норманың санкциясын қолданудан тұрады.

Занды жауапкершіліктің заңды негізі – құқық бұзушылық болып табылады. Егерде субъектінің іс-әрекеті құқық бұзушылықтың белгілеріне сәйкес келмесе онда ол заңды жауапкершілікке тартылмайды.

Занды жауапкершілік күрделі әлеуметтік құбылыс. Мұнда кем дегенде екі жақ қатысады: мемлекет және құқық бұзушы. Олардың ара-

сында құқық қорғаушы қатынас қалыптасады және екі жақта заң шеңберінде, қолданылып отырған жауапкершіліктің құқықтық нормаларының нақты санкциясының негізінде жүзеге асады.

Заңды жауапкершілік құқықтық жүйенің құрам бөлігі бола отырып, оған қатысты маңызды міндет атқарады. Кең мағынада жауапкершіліктің түсінігі – тұлғаның қоғам мен мемлекетке қатысты өз міндетін мойындап, оны орындауы болып табылады. Тар мағынада мемлекеттің жасалған құқық бұзушылыққа қарсы жауабы болып саналады.

Заңды жауапкершілік тарихи құбылыс. Мәселен, қылмыстық құқықтың атышулы жазаларының түрлері мен олардың дамуы, тарихтың күрделі кезеңдерінің ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Қылмыстың көпшілік белгісі танылмай тұрған кезде және ол жеке адаммен оның мүддесіне қауіп төндіру деп саналған уақытта жаза өзінің сыртқы нысаны бойынша, құқық бұзушы келтірген зиянның орнын толтыру және оның өзіне жәбірленуші шеккен зиянды келтіруден тұрады.

Заңды жауапкершіліктің қай түрі болмасын ол ең алдымен құқық бұзушылыққа санкция ретінде, яғни құқық нормаларының талаптарын орындау үшін мемлекеттік күштеу ретінде көрінеді. Мемлекеттік күштеу мен заңды жауапкершілік қашанда екеуі байланысты болады. Заңды жауапкершіліктің бұл белгісі әр құқық саласында түрліше сипатталады. Айталық, азаматтық, шаруашылық, еңбектік заңдар міндеттемені ерікті түрде орындау мүмкіндігін қарастырады.

Шарттың міндетін бұзған азамат немесе кәсіпорын өз еркімен заңда көрсетілген айыппұлды төлеп, шығынды қалпына келтіре алады. Ерікті орындау жүзеге асырылмаған кезде ғана, жауапкершілік сот арқылы белгіленеді. Қылмыстық және әкімшілік құқықта мемлекеттік күштеу анағұрлым анық көрінеді және мемлекеттің арнайы органдарының әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Заңды жауапкершілік тек қана құқықтық нормалар бұзылған кезде пайда болып қоймай, оларды қатаң сақтау арқылы да орындалады. Басқаша айтқанда құқық бұзушының заңды жауапкершілікті орындауы құқықтық нормалар бойынша бекітілген белгілі бір процедуралық іс жүргізу тәртібін бұзған кезде ғана мүмкін болмақ. Сонымен, заңды жауапкершіліктің белгілері мыналар болып табылады.

1. Мемлекеттік күштеу арқылы жүзеге асады.
2. Кінәліні белгілі бір шектеуге міндеттейді.
3. Тек қана жасалған құқық бұзушылықтың негізінде пайда болады.

Заңды жауапкершілік бірқатар қағидалардың негізінде жүзеге асырылады:

Кінәлі әрекет үшін ғана жауаптылық қағидасы. Бұл қағида, негізінен, заң шығарушыға арналады. Оның тек қоғамға зиянды құлдақтық табиғаты мен қоғам құндылығына қайшы келетін әрекеттерге ғана заңды жауапкершілікті бекітуін талап етеді. Егер де субъект құқық бұзуға жол беру кезінде өз еркі болмаса, іс-әрекетінің нәтижесін болжай алмаса, болжауға тиісті болмаса, оның болуын тілемесе және өзін басқара алмаса, ол жауаптылыққа негіз бола алмайды.

Зандылық қағидасы. Бұл қағида бойынша жауапкершілік құқықтық нормамен тыйым салынған әрекет және де тиісті норманың санкция шегінде пайда болады. Сонымен қатар барлық, процессуалдық ережелер сақталынып отырып, бекітілген құқық бұзушылық туралы факті нәтижесінде ғана пайда болған жауапкершілік заңды пайда болып табылады.

Әділеттілік қағидасы. Ол өз мазмұны бойынша келесі талаптарды қояды:

- теріс қылық үшін қылмыстық жазалауға болмайды;
- адамның намысын түсіретін жазаны енгізуге жол берілмейді;
- жауапкершілікті бекітуші және оны күшейтуші заңның кері күші болмайды;
- бір құқық бұзушылық үшін жауапкершілік тағайындалады;
- жауапкершіліктің деңгейі жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына сәйкес келуі тиіс;
- жауапкершілік бұзылған құқық пен келтірілген зиянның орнын толтыруы тиіс.

Мақсатқа сәйкестілік қағидасы. Ол құқық бұзушыға қатысты алынған шараның заңды жауапкершіліктің мақсатына сәйкес келуін талап етеді:

– Құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты мемлекеттік күштеу шарасын іріктеу;

– Егер жазалау мақсаты орындалған жағдайда, жауапкершілікті жеңілдету немесе шартты, шартсыз түрде босату;

– Егер заңды жауапкершіліктің мақсаты онсыз да орындалуға жатса заңды жауапкершілікті өзге жауапкершілікпен ауыстыру. **Жауаптылық қағидасы:**

- Бірде-бір құқық бұзушылық мемлекет үшін елеусіз қалмауға тиіс;
 - құқық, бұзушы міндетті түрде заң алдында жауапты;
 - құқық қорғау органдардың қызметкерлерінің жоғары кәсіпқойлығы.
- Занды жауапкершіліктің өз уақытында орындалуы. Кері жағдайда ол

өзінің мәнін жойып, құқық бұзушылық жасалған уақыттағы әлеуметтік жағдайға байланысты сәйкестілігін жояды.

Жалпы құқық теориясы тұрғысынан құқықтық реттеу механизмінде құқық бұзушылық жаңа қатынасты тудырып өзгертіп, тоқтататын заңды себептің рөлін атқарады. Бұл жағдайда құқық бұзушы мен мемлекет арасында әрекет жасалғаннан бастап қорғаушы құқық қатынасы орын алады. Бұл құқық қатынасының заңды мазмұны оның қатысушыларының субъективтік құқықтары мен міндеттерін құрайды. Мемлекет құқық бұзушылық фактісін бекіткеннен кейін, кінәліге күштеу қолдануға құқылы. Бірақ, жасалған әрекетті қылмыс, азаматтық құқық бұзушылық, әкімшілік немесе тәртіптік теріс қылық деп бағалайтын құқық нормасының санкциясы бойынша жүзеге асады. Құқық бұзушы ресми түрде кінәлі деп табылса жасалған әрекеті үшін құзыретті органның тағайындаған жазасын орындайды және ол жазаның тиісті құқық нормасының шегінен шығып кетпеуін талап етуге құқылы.

Мемлекет қоғамдық өмірде тәртіпті қамтамасыз ету барысында, заңның шегінде және заңның негізінде әрекет етеді. Заңдылық режимі құқық тәртібін қалыптастырады, олай болса, құқықтық жауапкершілік адамдардың әрекетін құқықтық реттеудің нәтижесі болып табылады.

Сонымен заңды жауапкершіліктің функциялары:

1. Жазалау – құқық бұзушыға, қоғамның басқа да мүшелеріне, келешекте құқық бұзушылыққа жол бермеуін ескертеді.

2. Бұзылған құқықты қалпына келтіру азаматтық құқық пен реттелетін қоғамдық қатынастарға сәйкес, бұзылған құқықты қалпына келтіреді.

3. Тәрбиелік азаматтық заңды сақтап, өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге баулиды.

Заңды жауапкершіліктің жасалу сипатына байланысты тәртіптік, әкімшілік, материалдық, азаматтық және қылмыстық деп бөледі. Жауапкершіліктің әрбіріне өзіндік жазалау шарасы мен ерекше қолдану тәртібі жөн болады.

1) Тәртіптік жауапкершілік. Тәртіптік жауапкершілікті бұзу салдарынан жауапкершілік пайда болады. Оның үш түрі кездеседі:

- ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес;
- бағыну тәртібіне байланысты салалардағы ережелерге байланысты қорғаныс;
- темір жол, су, әуе транспортының ережелеріне сәйкес.

2) Қылмыстық және әкімшілік құқықтық; жауапкершілік заң нормаларында көрсетілген құқық бұзушылықтар үшін қолданылады. Қылмы-

стық және әкімшілік, жауапкершілікке тартушы субъект болып табылады қылмыстық жауапкершілік әр кез жекелік сипатқа ие болады. Яғни, қылмыстық жауапкершілікке қылмыс жасаған адам ғана тартылады. Әкімшілік жауапкершіліктің түрлері: ескерту, айыппұл, қатаң сөгіс.

3) Азаматтық құқықтық жауапкершілік құқық бұзушының өзге тұлғаның мүддесіне байланысты келтірілген шығынды өтеу үшін заңда немесе шартта көрсетілген төлемді төлеу немесе зиянның орнын толтыруға байланысты орындалады. Азаматтық құқықтық жауапкершіліктің мақсаты – тиісті субъект бұзылған мүліктік құқықты қалпына келтіру болып табылады. Бұл жауапкершілікке келтірілген шығынды толығымен өтеу қағидасы тән.

Жауапкершіліктің қай түрі болмасын құқық тәртібін қорғау, азаматтарды құқық нормаларын өз еріктерімен орындауға тәрбиелеу, олардың құқыққа сай тәртіптің қажеттігін түсінуге баулуға негізделген. Мемлекетте заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің бірден-бір әдісі азаматтарды шынайы түрде мемлекеттің алдынғандығы, құқықтары мен міндеттерінің қамтамасыз етілгендігі жөнінде сендіре білу болып табылады.

Заңды жауапкершіліктің тәрбиелік ықпалының тиімділігінің алғы шарты құқық бұзушыны қоғам, ұжым болып жазалау. Сендіру тек күштеу әдістерінің орынды үйлесімділігі ғана заңды жауапкершіліктің жоғарғы деңгейде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Заңды жауапкершіліктің түрлерін, оның жүзеге асырылу тәртібін, нысанымен шатастырмау керек. Заңды жауапкершілік түрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін. Мәселен, азаматтық құқықтық жауапкершілік соттық, әкімшілік тәртіпте жүзеге асырылады. Ал жауапкершіліктің кейбір түрлері, мәселен, қылмыстық тек соттық тәртіпте іске асады.

Сонымен, құқық бұзушылықты – құқық нормаларын, оның қағидаларын, ол жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау және оған жол берген адам міндетті түрде заңды жауапкершілікке тартылады. Тура жауаптан босататын мән жайларында орын алатынын ескерген жөн.

1. Қажетті қорғану. Әркімнің жеке өміріне өзінің және от басының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғауына құқығы бар (ҚР Конституциясы 10–6). қажетті қорғану деп заң қорғайтын мүддені қылмыскердің қол сұғуына оған зиян келтіру арқылы қорғануды айтамыз. Қажетті қорғану қылмыскердің озбырлығына қарсы қолданылатын әрекет. Осындай әрекеттің нәтижесінде қылмыскердің денесіне

жарақат түсуі мүмкін. Ол тіпті өлуі де мүмкін. Адам қылмыскердің зорлығынан қашып құтылуы мүмкін. Алайда, қылмыстың объектісі болған адам, қылмыскерден қашпай, оған бар күшімен қарсылық көрсетсе бұл қажеттік қорғану болып табылады. Ол заңды болуы үшін заң қорғайтын мүддеге төнген қауіпті әрекетке тойтарыс беруге бағытталуы керек. Қажетті қорғану арқылы азамат өзінің жеке басын, өмірін, денсаулығын, мүлкін, саяси әлеуметтік басқа да құқықтарын қорғай алады. Қажеттік қорғану арқылы қылмыстық жауапқа тарту жасына толмаған баланың да әрекетінен қорғануға жол беріледі.

Заңды қызмет міндеттерін атқарып жүрген лауазым иесіне өз өміріне қауіп төнсе ғана қорғануды қолданады, басқа жағдайда қажетті қорғануды қолдануға болмайды. Егерде лауазым иесінің әрекеті заңсыз болып көрінсе (қамап қою, ұстап тұру, т.с.с.) азамат оған қарсыласпай заңсыз деген әрекетке шағым бере алады. Лауазым иесінің заң қорғайтын мүддеге қылмыстық қол сұғуына қана қарсыласуға болады, мәселен, милиция қызметкері мас күйінде бұзақылық жасап, біреудің өміріне, денсаулығына қауіп төнген жағдайда қажетті қорғану мүмкіндігі пайда болады (милиционер қажетсіз жағдайда құралын пайдаланса кісілерді қорқытса т.с.с.). Қажетті қорғану болуы үшін қылмыс басталуы (тонай бастау, ұра бастау) немесе қылмыс қаупі тікелей төну керек. Егер қылмыс жасалып болса, қылмыс қаупі өтіп кетсе, қажетті қорғануды қолдануға болмайды.

Қорғану қылмыстың түріне және қауіптілігіне сәйкес келсе ғана заңды деп танылады. Қорғану тәсілінің қылмыстық әрекетке сәйкестігі туралы мәселені сот қарап, шешеді. Жәбірленуші қорғану әрекетін қолданғанда оның шегінен шығып кетуі мүмкін әрине, қажетті қорғанудың шегі өте жұқа әрі уақыты байқала бермейді. Әсіресе, қылмыс қаупі төнгенде оны ойлап, білу қиын, өйткені шабуылға тап болған адам сасқалақтайды, үрейленеді. Осының салдарынан ол қылмыскердің әрекетіне сәйкес емес тәсілдер қолданып, оның қылмысына лайықсыз зиян келтіруі мүмкін. Кейбір жағдайда қажетті қорғаныстың шегінен шығуға жол беріледі (абыройына қол сұққан қылмыскерді әйелдің өлтіруі, тонаушыға қарсы қару қолдану т.с.с.). Болған жағдайлардың барлығын жан-жақты тергеп мәселені шешетін сот.

2. Мәжбүрлі қажеттілік күйінде жасалған әрекет заңды және қоғамға қауіпті емес деп табылады. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайында заң қорғайтын екі мүдде бірімен-бірі айқасады. Осы айқасудың нәтижесінде тек біреуінің сақталуы мүмкін болғандықтан, екіншісі құрбан

болады. Заң қорғайтын мүддеге қауіп адамның әрекетінен, сәтсіз жағдайдан (көшеде тайып құлап, аяқ-қолын мертіктіру), табиғи апаттан (жер сілкіну, су тасу, өрт, т.с.с.) болуы мүмкін. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайында қауіп нағыз анық болуы керек. Мәселен, сүзеген сиыр адамға тура ұмтылғанда оны атып өлтірді делік. Бұл мәжбүрлі қажеттілік адамға жануарды өлтіріп зиян келтіргені үшін мүлктік жауапқа тартуға болмайды.

Мәжбүрлі қажеттілік жағдайда келтірілген зиян заңды деп танылады:

– Егер төнген қауіптен сол сәтте қорғайтын мүддеге зиян келтірмей бетін қайтаруға болмаса.

– Егер келтірілген зиян бетін қайтарған зияннан әлдеқайда кем болса (үлкен үйді, өрттен сақтап қалу үшін жанып жатқан төбесін қирату, жараланған адамды жедел емханаға жеткізу үшін біреудің көлігін рұқсатсыз айдап кету т.с.с.).

Әдетте жасалған құқық бұзушылыққа байланысты жауапкершілікті тағайындау барысында істелген әрекеттің түрі, ауырлығы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Сонымен құқық бұзушылық жайында қандай ой қорытуға болады?

Құқық бұзушылықты болдырмаудың бірден-бір шарты құқықтық және қоғамдық тәртібінің сақталуына келіп тірелмек. Қоғам құқықтық тәртібіне негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады деген сөз. Өйткені қоғамдағы толып жатқан қарым-қатынастың басым көпшілігі құқық арқылы басқарылып, құқықтық іс-әрекет арқылы реттеліп отырады. Яғни, әрбір азамат өз мүддесін, мақсатын, тәртіпке сәйкес дамытады. Сол арқылы іске асыруға тырысады. Осы шарт орындалғанда ғана қоғамда құқықтық тәртіп қалыптасып, нығаяды. Толығымен құқықтық тәртіп орнайды: Жеке адамның бостандығы, құқығы толық түрде қорғалады. Қоғамдағы тәртіптің жағдайы жақсарады, нығаяды. Қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-идеологиялық негізі дамып нығая түседі. Демократия дамып, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құруға мүмкіндік туады.

Ендеше, қоғамдық тәртіп орнатудың басты жолы – түрлі әлеуметтік нормалардың, былайша айтқанда, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың орын алуы. Қоғамдық тәртіптің бір бөлігі бұл дәстүрлік тәртіп. Әлеуметтік нормалардың ең негізгісі, алғашқы пайда болғаны әдет-ғұрып, дәстүр қағидалары. Әр халықта олар ежелден-ақ қалыптасқан. Мәселен, қазақ халқының әдеттерінің заң сияқты күші болған. Қасым ханның “Қасқа жолы”, Есім ханның “Ескі жолы”, Тәуке ханның “Жеті жарғысы”. Осындай әдеттердің күшімен қоғамда тәртіп орнатылған.

Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі әдептік нормалар. Ол әдептік тәртіпті реттейді. Әдептік нормалардың құқық сипаты болмайды. Олар адамға құқық бермейді, міндет жүктемейді. Негізінен адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға ұйытқы болады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға түрткі негіз болып отырған. Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әлеуметтік, адамгершілік мәні жоғары болады.

Қоғамдық ұйымдардағы тәртіп те қоғам бірлестіктерінің нормаларымен қамтамасыз етіледі. Жоғарыда айтып өткен қоғамдық тәртіптің әрбір бөлігі өзіне тән ережелермен реттеле келіп, нәтижесінде толыққанды қоғамдық тәртіп орнап, құқық бұзушылыққа қарсы үлкен тосқауыл орнатады. Заңның үстемдігі келесі нышандармен ерекшеленеді.

24 –тақырып. ЗАҢДЫЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТӘЖІРИБЕ

Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеудің жақсы дамуы мемлекеттің, бірлестіктердің, саяси ұйымдардың, дұрыс әділетті жұмыс жасауының сипаттамасы; халықтың бостандығы, теңдігі дамып, жеке адамның, қоғамның мүдде-мақсаттары бірігіп қалыптасуының сипаттамасы.

Заңдылық дегеніміз – құқық субъектілерінің мемлекеттің заңдарын дәл және қатаң орындау мен қадағалау, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Заңдылықтың мазмұны үш талаптан құрылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы.

1. Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты т.б. жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқаруы.

2. Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. “Сөз бен іс бір жерден” шығу.

3. Конституция мен заңда халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.

Міне, осы талаптар, іс жүзінде бірігіп, қалыптасса қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады.

Заңдылықты қорғау субъектілері: мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар егерде заңды рұқсаты болса. Жеке тұлғалар-азаматтар заңдылықты қорғаудың субъектісі болмайды. Олар заңды бұзса құқықтық тәртіпті бұзған болып саналады.

Заңдылық дамыған елдердің саяси, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік құрылысының негізі. Қатаң заңдылық қоғамның барлық саласына өзінің әсерін, ықпалын тигізеді. Заңдылықтың **өзіне тән ерекшеліктері**:

– заңдылық барлық қоғам көлемінде дамиды; оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмысты қамтамасыз ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұйымдардың, саяси партиялардың міндеті, бақылау мемлекеттік органның жұмысы.

– заңдылық нормативтік актілер мен тығыз байланыста дамиды. Олар бір-біріне зор әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса, екіншісі де жақсы дамиды, нашар дамыса екеуінің де деңгейі төмен болады.

Сондықтан, заңдылық пен мемлекеттің бір-бірімен **тығыз байланыста** атқаратын қызметтері:

- заң шығаруды сапалы дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу, заңды бұлжытпай, уақытында орындау;

- заңның үстемдігін орнату;

- адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті;

- құқықты бұзушылықпен қатаң күрес жүргізу.

Құқықтық тәртіптің жоғары дәрежеде болуы заңдылықтың деңгейіне байланысты. Заңдылық жақсы болса тәртіп те жақсы болады. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Азаматтарды тәрбиелеудің әр мемлекетте тиісті жүйелері болады, оның түрлері: саяси, құқықтық, моралдық, эстетикалық т.б. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Бірақ бәрі бірігіп бір мүдде–мақсатты іске асыруға, орындауға үлес қосады. Ол мақсатта – азаматтардың рухани сана-сезімін, психикасын, білімін, өмірлік тәжірибесін, тәртібін, адамгершілігін көтеріп жақсарту. Құқықтық нормалардың басымы көпшілігі әдептілік нормалардан нәр алады – соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептілік моралдық нормаларлар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары болады.

Осы жүйенің негізгі түрлерінің бірі – **құқықтық тәрбиелеу**. Бұл жұмыс екі бағытта жүргізіледі: бірінші бағыты – азаматтарға құқықтық білім беру; екінші бағыты – олардың құқықтық мәдениетін, сана-сезімін жақсарту. Құқықтық тәрбиенің негізгі **мақсаты**:

- адамдардың құқықтық сауаттылығын оның мазмұнын жақсы біліп, жақсы түсінуін қамтамасыз ету;

- адамдардың заңға, құқықтық тәртіпке деген мінез-құлқын, іс-әрекетін жақсарту;

- адамдардың құқықтық нормаларды дұрыс қолдану, қатаң орындау тәжірибесін жақсарту.

Құқықтық тәрбиелеу жүйесі жүргізетін жауапты субъектілері: мемлекет, органдар, лауазымды тұлғалар, адамдар, заңды ұйымдар, саяси партиялар.

Бұл қызметтің объектісі: адамдармен қоғамдық ұғымдар.

Құқықтық тәрбиені іске асыру, орындау механизмі төрт бөлімнен тұрады:

- 1) қоғамдық рухани сана;
- 2) құқықтық норма жүйесі; оның сапасы;

- 3) құқықтық тәрбие жұмысының нысаны және әдіс-тәсілдері;
- 4) тәрбие жұмысы жүргізу деңгейі, сапасы.

Міне, осы құқықтық тәрбиенің механизмі арқылы қоғамдағы заңдылықты, құқықтық тәртіпті дамытып, жақсартуға мүмкіншілік қалыптасады. Құқықтық тәртіптің мазмұны – субъектілердің дұрыс тәртібі, нормативтік актінің талабына сәйкес жұмыс жасау, іс-әрекетте қателікке жол бермеу. Құқықтық тәртіптің құрылымы – қоғамның санасымен байланысты тұрғыда іс-әрекет жасап, қатынас арқылы өздерінің мүдде-мақсатын іске асыру. Құқықтық тәртіптің ерекшелігі – бұл қарым-қатынас құқықтық норма арқылы өмірге келіп, мемлекеттің бақылауында болады. Егерде қарым-қатынаста қателіктер кетсе, оны мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Әскери құқықтық тәртіптің өзіне тән ерекшеліктері болады: өздерінің жеке арнаулы заңдары, ережелері болады. Барлық қарым-қатынас сол заңдармен реттеліп, басқарылады. Жалпы саясатта ешқандай айырмашылық жоқ. Тек реттеуде, басқаруда өзгешеліктер болады.

Сонымен **құқықтық тәртіп** дегеніміз – қоғамдағы қатынастардың нормативтік актілер арқылы дұрыс, қатаң уақытында реттеліп, орындалуы.

Зандылықпен құқықтық тәртіптің кепілдіктері:

1. Материалдық кепілдік – егерде субъектілер өзара қателіктер жіберсе, өздері келісімге келіп нормативтік актіні дұрыс орындауға тиіс.

2. Саяси кепілдік – қоғамның саяси тұрақтылығы заңдылыққа, тәртіпке көп әсер етеді. Қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси партиялар дұрыс, жақсы жұмыс жасауы көп әсер етеді.

3. Моральдық кепілдік – қоғамның инабаттылық, парасаттылық деңгейі жақсы болса заңдылық, тәртіп те жақсы болуға тиіс.

4. Заңды кепілдік – мемлекеттің заңдылықты, тәртіпті бақылап отыратын арнаулы органдарының рөлі, маңызы, әсері өте зор.

Қоғамдағы заңдылық, бостандық, құқықтық тәртіп, демократия бір-бірімен тығыз байланыста дамиды, бір-біріне зор әсер, ықпал жасайды.

Әр мемлекетте қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіп болады. Қоғамдағы қабылданған барлық әлеуметтік нормаларды мемлекеттік органдар, бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар, азаматтар дұрыс, уақытында орындау – **қоғамдық тәртіп**. Қоғамдық қатынастардың жағдайы құқық нормалардың талабына сәйкес болса – **құқықтық тәртіп**. Екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің әлеуметтік маңызы: 1) қоғамдық өмір бірқалыпты жақсы дами-

ды; 2) мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдармен органдар жақсы жұмыс жасайды; 3) барлық адамдардың құқығын, бостандығының, барлық ұйымдардың, ұжымдардың мүдде-мақсатын дұрыс орындап, дамытуға мүмкіншілік туады.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті жақсы дамыту әдіс-тәсілдері:

- құқықты бұлжытпау шараларының жүйесінің сапасын жақсарту;
- кінәға сәйкес заңды жауапкершіліктің түрін анықтау, әділетті жаза қолдану;
- еріксіз жауапкершілікті қолдануды дұрыс пайдалану;
- заңдылыққа, құқықтық тәртіпке мемлекеттік бақылауды әділетті жүргізу.

Сонымен құқықтық тәртіп – заңдылықтың дәйекті, нақтылы толық орындалуы. Заңдылық – құқықтық тәртіптің мазмұны мен мақсаты, мұраты мен қағидалары. Заңдылықпен құқықтық тәртіп тығыз байланысты. Құқықтық тәртіп – заңдылықтың мазмұны мен мүдде-мақсаты. Осы екі ұғым бірлесіп орындалып жатады.

2. Заңды процесс және заңды тәжірибе түсінігі мен мазмұны

Мемлекеттік аппараттың жақсы, сапалы қызмет атқаруы үшін қоғамның барлық саласында қатаң тәртіп болу қажет. Оны әр мемлекет өздерінің заңдары, қаулылары, ережелері, нұсқаулары арқылы реттеп, тиісті тәртіп қалыптастырып отырады. Мысалы, халықтың өкілдік органдарының жұмыс регламенті, мемлекеттік органдардың қызметінің ережелері, жалпы халықтық сайлау жүргізу ережелері, мұрагерлік мәселелерін шешу ережелері т.б. нұсқау-құжаттар. Осы нормативтік актілер, нұсқауларға сәйкес әр мемлекеттік аппарат өз жүйесіндегі органдардың қызметінің жоспарын, бағдарламасын жасап отырады. Сол арқылы әкімшілік, мемлекеттік тәртіпті үнемі бақылауға алып, сапасын жақсартуға мүмкіншілік жасап отырады.

Мемлекеттік аппараттың қызметтері санқырлы болады. Оның жеңіл және күрделі түрлері болады. Мысалы, азаматтық актілер беру, (адамның тууы, өлуі, үйленуі туралы құжаттар), нотариалдық кеңседе әртүрлі құжаттар растап – бекіту т.б. Бұл қызметтер жеңіл іс-әрекеттер. Ал, азаматтық, қылмыстық құқықтағы істерді жан-жақты объективтік тұрғыдан тексеру, ол істерді сотта қарап, әділетті үкім немесе шешім шығару өте күрделі процесс. Сондықтан, мемлекет күрделі қызметтер мен істер туралы арнаулы ережелер, кодекстер, заңдар қабылдап отырады. Мысалы, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық, кодекстер. Мемлекеттік аппараттың қызметтерінің жеңіл-ауыр, күрделі түрлеріне

карамай, бәрі де іс-әрекетпен дұрыс, сапалы шешілуі қажет. Егерде мемлекеттік орган кәте жіберіп істі сапалы қарауды қамтамасыз етпесе онда тиісті мемлекеттің органы іске араласып, заңдылықты, құқықтық тәртіпті реттеуге және кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тартуға міндетті.

Заңды қызметтердің іс-әрекеттердің атқаруының мемлекеттің бекіткен заңды ережелері болады, оны бұлжытпай орындау барлық органның, лауазымды тұлғаның міндеті. Бұл міндеттерді орындауға барлық азаматтар, ұйымдар, ұжымдар, партиялар тиісті, сапалы үлес қосулары өте қажет. Себебі қоғамдағы заңдылықты, құқықтық тәртіпті тұрақты, сапалы процеске айналдыру барлық жеке және заңды тұлғалардың міндеті.

Мемлекеттік органдардың қызметінің заңды нысандары екі топқа бөлінеді: 1) азаматтардың, қоғамдық ұйымдардың, ұжымдардың, партиялардың құқықтық іс-әрекеттері; 2) сол іс-әрекеттерді заңды құжаттармен реттеп-басқару. Бұларды заңды іс-әрекеттер нысаны және заңды құжаттар нысаны деп атайды.

Сонымен заңды процесс дегеніміз – қоғамдағы барлық заңды іс-әрекеттерді нормативтік актілер арқылы реттеп-басқарудың нысандарының топтасқан түрі. Заңды процесс бірнеше кезеңдерге бөлініп, әр кезеңнің өзіне тән іс-әрекеттері болады. Мысалы, азаматтық құқық процесінде жеті кезең болады: 1) сот процесін қозғау; 2) істі соттың қарауына дайындау; 3) сотта істі қарау; 4) істі кассациялық инстанцияда қарау; 5) істі бақылау – қадағалау инстанцияда қарау; 6) жаңадан белгілі болған жағдайға сәйкес істі қайтадан қарау; 7) соттың шешімін – үкімін міндетті түрде орындау. Осы кезеңдердің әрқайсысында міндетті түрде үш элемент болуы қажет: а) кезеңнің міндет-мақсаты; б) ол мақсатты орындау үшін іс-әрекеттің ерекшеліктерінің болуы; в) заңды құжаттардың ерекшеліктері.

Заңды процестің объективтік басталу негіздері, себептері болады. Мысалы, барлық кодекстерде, ережелерде, заңдарда кіріспе бөлімі болады. Онда сол нормативтік актілердің мақсаты, мазмұны, нысандары көрсетіледі. Соған сәйкес мемлекеттік органдардың, азаматтардың, ұйымдардың, ұжымдардың, партиялардың іс-әрекеттері реттеліп-басқарылып жатады.

Заңды процесс әр қоғамның іс-әрекеттерінің екі бағытын біріктіреді: 1) құқықтық (процедураларды) дәстүрлерді; заң шығару, жалпы халықтық сайлау жүргізу, қызметке тағайындау, босату т.б. дәстүрлері іс-әрекеттері; 2) сот процесі арқылы қоғамда мемлекеттің сот билігі орын-

далып жатады. Сот процесі төрт түрге бөлінеді: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, конституциялық.

Қоғамның объективтік даму процесінде тәжірибенің атқаратын қызметі өте зор. Онсыз қоғамның прогрестік жолмен дамуы мүмкін емес. Адам қоғамының салаларына сәйкес тәжірибе қалыптасады. Сол көп салалы тәжірибенің күрделі бағыты құқық тәжірибесі. **Заңды тәжірибе** – мемлекеттік органның әлеуметтік-құқықтық тәжірибелерді жинақтап-сараптап қорытынды ресми заңды тұжырымдар жасау қызметі. Заң тәжірибесінің белгі-нышандары:

- қоғамды құқықтық басқару процесінде әлеуметтік тәжірибе бірте-бірте заң тәжірибесіне айналуы;

- заң тәжірибесі адам қоғамының даму процесінде мәдениеттің негізгі салаларының күрделі бағыты болып қалыптасуы. Мысалы, көне Рим республикасының заң тәжірибесі кейінгі дәуірде мемлекеттерге көп әсер етуі;

- заң тәжірибесі қоғамдық, ұжымдық, ұйымдық іс-әрекеттің нәтижесінде тексеріліп, анықталып өмірге келеді;

- заң тәжірибесінің даму процесінде қоғамда материалдық, саяси, әлеуметтік құбылыстар, өзгерістер болып соған сәйкес заңды нәтижелі қарым-қатынастар туып нормативтік актілердің, өмірге келу, іске асу процесінің сапасын жақсартады;

- заң тәжірибесі қоғамның барлық саласына әсер етіп оның даму процесін шапшаңдатады немесе бәсеңдетеді.

Сонымен, заң тәжірибесінің қоғамның құқық жүйесінде атқаратын қызметі өте күрделі, көп салалы.

Қоғамдағы барлық нормативтік актілерді қолдануда, іске асыруда орындалуында көптеген жақсы-жақсы тәжірибелер қалыптасады, сонымен бірге кемшіліктер де анықталып жатады. Өмірде оларды сараптап, кемшіліктерді түзеп, жақсы тәжірибелерді пайдалану заңды процесс. Сөйтіп заңға тәуелді актілерді шығару, қабылдау, бекіту жұмыстарын жақсартып, құқықтық нормалардың сапасын жақсартып отырады. Бұл істің маңызы өте зор.

Заңды тәжірибелердің түрлері:

- заңды, заңға тәуелді актілерді шығарудағы тәжірибе;
- нормативтік актілерді қолданудағы тәжірибе;
- нормативтік актілерді іске асырудағы, орындалуындағы тәжірибе;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті реттеудегі, бақылаудағы тәжірибе;
- субъектілеріне сәйкес заңды тәжірибенің түрлері: парламенттік тәжірибе, соттың тәжірибесі, нотариалдық органның тәжірибесі т.б.

Заңды тәжірибенің маңызы:

1) қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық, демографиялық, рухани, мәдени т.б. жұмыстарын жақсартуға зор әсер етеді.

2) норманы шығару, қолдану, түсіндіру, қорғау жұмыстарының сапасын жақсартуға үлес қосады.

3) норманың нақты жағдайға тигізетін әсеріне қарай заңды тәжірибенің екі түрі болады: тіркелу-қуәландыру — субъектілердің өзара қатынасын мемлекеттік органның тіркеп-қуәландыру; (көбінесе бұл жұмысты нотариалдық органдар жүргізеді). Екінші түрі — реттеп бейімдеу — қоғамдағы қатынастарды бір орталықтан, өлкелік нормативтік және жекелік реттеу-басқару.

4) нормативтік актінің уақытына сәйкес тәжірибенің функциясы төртке бөлінеді: түпкілікті, уақытша, негізгі, арнаулы. Сонымен заңды тәжірибенің қоғамдағы маңызы өте зор:

— заңды тәжірибелерді іріктеп, топтастыру арқылы құқықтық нормаларды шығарудағы, қабылдаудағы, бекітудегі, іске асырудағы, орындаудағы, қорғаудағы кемшіліктер түзетіледі;

— заңдардың, құқықтық нормалардың сапасын жақсартып, олардың дұрыс, уақытында орындалуына мүмкіншілік жасап қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару дамып, нығаяды.

— жақсы тәжірибелер заң ғылымының дұрыс дамуына зор әсер етеді.

Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес құқықтық нормалар да өзгеріп, ескіріп жаңарып, дамып жатады. Бұл өте күрделі процесс. Сондықтан өмірде құқықтың дамуында кемістіктер кездесіп жатады. Ол кемшіліктердің түрлері:

— нормативтік актілердегі кемістіктер;

— заң шығарудағы кемістіктер;

— құқықтағы кемістіктер.

Бұл кемшіліктер норманың грамматикалық қателіктері емес немесе құқықтың жүйе салаға бөлінуінің кемістігі емес. Бұл қоғамның объективтік даму процесі арқылы қатынастардың сан алуан өзгеріп, ескіріп, жаңарып, дамып жатуынан жаңа қатынас қалыптасып оны реттейтін, басқаратын жаңа құжаттың болмауы. Өйткені қоғамның дамуы қатынастарға әсер етеді. Қатынастардың дамуы құқықтың сапасын жақсартады. Құқықтың дамуы нормативтік актілерді сала-салаға, жүйе-жүйеге бөліп дамытады. Міне, осы даму процесінде қоғамдағы көп салалы қатынастар бәрі бірдей жақсы дамымайды. Осы кемістіктерді көпке созбай, тезірек жаңа нормалар қабылдап, олқылықтарды жою — мемлекеттің негізгі міндеттерінің

бірі. Бұл мәселе мемлекеттің нормативтік актілер шығаратын органдарының бақылауында болады. Мұндай кемістіктер ешқашан толастамайды. Өйткені қоғам бір орында тұрмайды. Бір кемшілікті бүгін жойсаң, ертең екінші кемістік өмірге келеді. Сондықтан, нормативтік актілерді шығаратын органдардың қызметкерлері өте сауатты, білімді, тәжірибелі болулары керек. Сонда ғана олар өмірдің даму процесіне сәйкес нормативтік актілерді дамытып, жаңартып отырады.

Құқықтың дамуында кемшіліктердің болуы объективтік процесс. Сол объективтік кемістікті субъективтік қателікке айналуына жол бермеу керек. Егерде ол субъективтік қателікке айналса, онда ешкімге кешірім жасауға болмайды. Барлық күшті, мүмкіншілікті сол субъективтік қателікті тезірек жоюға бағыттау керек.

Өмірде құқықтың дамуындағы кемшіліктерді білу, байқау өте қиынға соғады. Оны тек заң мамандары, заң ұйымдары, көп тәжірибелі мамандар ғана байқай алады. Олар осы бағытта өздерінің жұмысын ешқашан тоқтатпайды. Егерде кемістік байқалса, оны жан-жақты ғылыми тексерістен өткізулері керек. Тексерісте төмендегі сұрақтарға нақты жауап алулары керек.

– Кемістік шын ба, әлде жалған ба?

– Ол кемістікті бар нормативтік актілермен реттеуге, басқаруға бола ма?

– Жаңа норма қабылдау керек пе?

Осы сұрақтарға ғылыми тұрғыдан толық жауап алғаннан кейін қорытынды шығару керек болса, онда жұмысты осы бағытта тездету керек. Ол үшін атқаратын жұмыстар:

– құқықтың кемістігі бар жүйе-саласын анықтау;

– жаңа норма жобасын жасау; мазмұнын, материалдық шығынын, уақытын анықтау;

– тиісті мемлекеттік органға жобаны тапсыру. Мемлекеттің нормативтік актілерді шығаратын орындары жаңа жобамен танысып мына сұрақтарға толық жауап алу керек:

– қандай кемістікті жоюға керектігі;

– кемістікке сәйкес жаңа норманың шеңберін, мазмұнын анықтау;

– жаңа норманы орындау бағытын анықтау;

– оны орындайтын жауапты адамдарды белгілеу.

Жаңа норманы тек тиісті мемлекеттің органы қабылдайды. Кемшілікті жоюдағы норманың заңды күші жай нормалармен бірдей.

Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес егерде бір істі қарап, шешуге тиісті нақты норма болмаса, оны ұқсастық жолмен қарауға рұқсат беріледі.

Құқықтағы кемшілікті жойып, жаңа норма қабылдау үшін көп уақыт керек. Сондықтан тиісті органдар өздері шешуге міндетті.

Ұқсастықтың екі түрі болады: заңды ұқсастық және құқықтық ұқсастық.

Заңды ұқсастық – мәселені ұқсас заңға, ұқсас нормаға сүйене отырып шешу.

Құқықтық ұқсастық – мәселені құқықтық саясатқа сүйене отырып шешу.

Дамыған елдердің құқығы да өте жақсы дамиды. Сондықтан бұл елдерде аналогияны өте сирек қолданады.

Біздің мемлекетте ұқсастық жолмен мәселені шешу көп деуге болады. Себебі нарықты экономикаға әлі толық көшіп болғамыз жоқ. Құқық өте жақсы дамыған жоқ нормативтік актілердің кемшіліктері жеткілікті.

Норманы ұқсастық әдіспен қолдану үшін тиісті шарттар болу керек:

- егерде құқық жүйесінде норма анық болмаса;
- егерде істің ұқсастығы айқын болса;
- егерде қаралатын іс төтенше жағдайда өмірге келсе, кейінге қалдырып болмайтын болса;
- егерде мемлекеттің саясатына қарсы келмейтін болса.

Заңның үстемдігі өркениетті қоғамның, оның саяси жүйесінің қалыпты өмір сүруінің негізі болып табылады. Адам қоғамының анағұрлым маңызды салаларын қамти отырып заң үстемдігі мүдделерінің әділетті дифференциясын қамтамасыз етеді.

Мемлекет шығарған заңдарды орындау талабы ерте кезден-ақ қалыптаса бастады. Сонау Рим заңгерлерінің (юристерінің) өздері заң талаптарын сақтау қажеттілігін: “Заң катал, бірақ ол заң”, – деп атап көрсетті.

Заң үстемдігі адам қоғамының үйлесімділікке әрекет етуінің қажеттілігі ретінде уақыт өте өз күшіне енеді. Өйткені уақыт өте келе қоғамдық қатынастар жаңа сипатқа ие болады, тәуелділік сипатынан, материалдық игілікті өндірушілердің тәуелсіз, ерікті қатынасына айналды. Осыдан келіп қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін бірдей негізде қорғайтын әділетті заңдардың базасын құру қажеттілігі туындайды.

Заңның үстемдігі барынша орын алған қоғамда заң шығару, атқару және сот биліктерінің бөлініп, үйлесімділік тепе-теңдікте қызмет жасауы орын алады. Мәселен, Руссо заңның үстемдігінің негізгі міндеті барлық азаматтарды бақытты ету, олардың игіліктерін қамтамасыз ету, заң алдында баршаға тең бостандық пен теңдікті орнату деп білді. Бұл идеялар тек Руссо ғана емес көптеген ойшылдардың да назарынан тыс қалған жоқ. Қазіргі алдыңғы қатарлы өркениетті елдерде де өз орнын тауып отыр.

Заңның үстемдігі дегеніміз не?

Заңның үстемдігі дегеніміз – барлық құқық субъектілерінің заңдар және заңға сәйкес актілерді қатаң және мүлтіксіз орындауы болып табылады. Осыған сәйкес құқық нормаларында бекітілген адам бостандығының жүзеге асырылуы. Түрлі экономикалық, саяси және жеке құқықтар, бостандықтар мен міндеттер заңның негізінде ғана қоғамдық өмірдің шынайы сипатына ие болады. Барлық құқық субъектілеріне заң тыйым салмаған кез келген әрекеттерді орындау мүмкіндігінің тууы. Басқаша айтқанда заңды көрсетілген қоғамдық дамудың объективті шарттарымен белгіленген бостандық деп көрсетуге болады.

Заңның үстемдігінің болуы үшін негізгі екі талап орындалуы тиіс.

1. Құқықтық әділетті ғылыми негізделген заңдардың орын алуы.
2. Заңдардың орындалуы, егер іс жүзінде орындалмаған жағдайда жоғары сипаттағы заңдардың өзі жеткіліксіз болып табылады.

1. Жалпыға ортақтық. Заң нормаларын сақтау талабы бәріне ортақ деген сөз. Мемлекет бекіткен тәртіптен ешкім де бас тарта алмайды, сондай-ақ мемлекет те тұлғаның заң бекіткен құқықтарын қамтамасыз ету және қорғаудан бас тарта алмайды. Жалпыға ортақтық заңның үстемдігінің маңызды нышаны ретінде мемлекет пен оның азаматтарына бірдей қатысты болып табылады. Мемлекет азамат алдында, ал азамат мемлекет алдында жауапты деген сөз.

Жалпыға ортақтықтың барлық мемлекеттік органдары, қоғамдық, шаруашылық ұйымдар мен азаматтардың қызмет аясының негізгі, жалпы қағидасы болып табылады.

2. Заңның үстемдігінің құқықпен тығыз байланыста болуы. Бірақ заңдылық режимнің жағдайы, мемлекеттің заңдары қоғамдық дамудың объективті қажеттіліктерін қаншалықты бейнелей алатындығы арқылы бағаланады. Егер мемлекет шығарған құқықтық нормалар барлық халықтың жалпы және жеке мүдделерін ескерместен, тек жекелеген тұлғалар мен әлеуметтік топтарға ғана қатысты қорғайтын болса заңның үстемдігі жоқ деген сөз. Егер де құқықтық нормалар халықтың мүддесін формальды түрде ғана бейнелеп, бірақ оған кепілдеме бере алмаса, онда бұл жерде заңның үстемдігі жөнінде сөз де болуға тиісті емес. Тарихта, мемлекеттің қоғамдық өмірді жан-жақты бейнелеп, бірақ ол азаматтық мүддемен ешқандай байланысы жоқ, құқыққа жат заңдармен жүзеге асырылғандығы жөніндегі кезеңдер белгілі. Сондықтан да заңның үстемдігінің нормативті негізі болып, қоғамдық қатынастың барлық қаты-

сушыларының жалпы және жеке мүдделерін бейнелейтін құқықтық заңдар қалыптасу қажет. Оны екі негізде көрсетуге болады:

а) Қоғамдық прогрестің қажеттілігіне жауап беруші, жан-жақты көзделген заңдар.

ә) Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар мен түрлі бірлестіктердің заңдар мен заңға сәйкес нормативті актілерді қатаң және мүлтіксіз орындауы.

Сөйтіп, заңның үстемдігінің құқық жүйесіне әсері – құқықтық қатынасқа қатысушылардың еріктері арқылы жүзеге асырылатын заңдылықтың нәтижесі. Ал бұл нәтиже арқылы ерікті түрде пайда болатын құқық, бостандық, міндет, демократиялық, өркениетті қоғамның алғышарты болып табылады. Заң үстемдігінің талаптары бірлікте және өзара әрекет ете отырып, қоғам өмірінің тұрақтылығын, үйлесімділігін қамтамасыз етіп, азаматтық қоғамның, тарихи прогрестің объективті заңдарына сәйкес дамуына мүмкіндік береді және құқық жүйесін құрудың негізгі қағида-сы ретінде орын алады.

Құқық жүйесі — қоғам өміріндегі жалпы заң үстемдігінің негізінде құралатын объективті құқықтық құбылыс болып табылады. Қоғамда шын мәнінде орын алып отырған қоғамдық қатынастардың бейнелеушісі ретінде объективті шындық негізінде құралады.

Бір жағынан құқық нормалары заң шығару органының субъективті саралы ерікті қызметінің жемісі болып табылады, екінші жағынан, құқық нормалары әлеуметтік қарым-қатынастар шеңберінде бостандық пен әділеттіліктің жоғарғы шегін анықтай отырып, қоғамдық өмірдің қажеттіліктерін объективті тұрғыда бейнелей алса ғана, құқық жүйесінің шынайы элементі болып табылады. Осыдан келіп қоғам өмірінің түрлі саласында пайда болатын сан алуан қоғамдық қатынастарды жалпы құқықтық реттеумен қамтамасыз етуді көздейтін практикалық қажеттілік туындайды. Бұл қажеттіліктің негізі заңның үстемдігінен бастау алады. Әр кезде де құқықтық нормалар, құқық жүйесі жалпы объективтік заңдылықтардың негізінде құралып, жұмыс істейді. Құқық жүйесі қоғамдық өмірдің заңдылықтарын бейнелеуші әрі бекітуші сипатқа ие болғандықтан, міндетті түрде заңның үстемдігінен асып кете алмайды. Құқық жүйесі субъективті жасанды жүйе емес, қоғамдық даму барысында жаңа қарым-қатынастармен бірге өмірге келетіндігі жөнінде айтып өткен болатынбыз. Ал жаңа қарым-қатынастардың өзі жаңа заңдармен реттеліп отырады. Реттеу үшін ол заңдардың, әрине, міндетті түрде үстемдік сипаты орын алуы тиіс. Демек, қалай алғанда да құқық жүйесі заң үстемдігін

басшылыққа ала отырып, қағидалық маңызын ұстана отырып қана өмірге келеді.

Біз жұмыстың негізгі бөлімінде біраз мәліметтер арқылы бірқатар мәселелерді қарап өттік. Сол мәселелердің қай-қайсысы да біздің тақырыбымыз — заң, заңдылық, заңның үстемдігі жайлы сөз етеді. Сонымен бірге біз Кеңес дәуірі мен бүгінгі күнді салыстырып қарап, біраз нәрсені ұғындық. Осыған дейінгі қазақ халқы тоталитарлық-бюрократтық орталықтандыру жағдайындағы ұлттың қағаз жүзіндегі мемлекеттік басқаруы мен өзін-өзі билеуі айқын көрініс табады. Мұндай жағдайда заңдылық, құқықтық тәртіптің қандай сарында болғандығын байқау қиын емес. Қоғамдық өмірдің осы бір бөлімі еліміздің өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алғаннан кейін ғана өзгеше сипат ала бастады. Әрине, мемлекетте жоғарғы заңдылық толығымен орнап, құқықтық тәртіп мықтап орын алды деп айтуға ертерек. Әлі ол жетістікке жете қойған жоқпыз. Яғни, бүгінгі күні Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіптің тек алғашқы қағидалары мен демократияның нышандары жасалуда. Бұл жетістікке қол жеткізудің бірден-бір сара жолы құқықтық мемлекет құру арқылы жету болып табылады.

Құқықтық мемлекетті құру, бұл Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты мақсат. Бұл мақсатты іске асыру үшін әлі көптеген жұмыс жасап, бірқатар істер атқаруға тура келеді.

25 – тақырып. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

1. Жеке тұлғаның құқықтық статусы: түсінігі, құрылымы, түрлері

Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы – сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар.

Біз осы тарихқа, осы мол тәжірибеге сүйене отырып, әлеуметтік нормалардың диалектикалық объективтік даму процесімен танысамыз. Адам қоғамының әр формациясында азаматтардың қандай құқығы, қандай бостандығы болғанын білеміз.

Адам құқығы — тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан, әлеуметтік норма әр уақытта даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғамдағы жүздеген, мыңдаған қарым-қатынасты реттейтін, басқаратын әлеуметтік норма. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді.

Жеке адамның құқығы қоғамдағы құқықпен тығыз байланысты. Бірі болса екіншісі де болады. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды.

Сонымен адамның құқығы, бостандығы олардың мазмұндық дәрежесі қоғамның даму деңгейімен байланысты.

Мысалы: Алғашқы қоғамдағы бостандық:

- құл иелену қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- феодалдық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- буржуазиялық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- қазіргі замандағы бостандық түсінігі мен мазмұны.

Құқық пен жеке тұлғаның өзара байланысын тек құқықтық статус арқылы толық түсінуге, білуге болады. Онда олардың санқырлы байланысының түсінігі, мазмұны, құрылымы, мақсаты, талаптары, мемлекет пен қоғамдық ұйымдармен арақатынасы көрсетіледі.

Құқықтық, статус – жеке тұлғаның қоғамда заңды түрде қалыптасқан бостандығы, табиғи және саяси құқықтары, әлеуметтік кемеліне келген жағдайы, рухани, мәдени білімі. Бұл статустың мазмұны адамның қоғамның әлеуметтік құрылысындағы алатын орны, ал статустың

нысаны – сол адамның қоғамдағы алатын орнын заңды түрде сипаттауы. «Статус» латын тілінен аударғанда «положение – жағдай» – деген ұғымды көрсетеді.

Сонымен, құқықтық статус – “құқықтық жағдай” – бір мағынадағы ұғым. Оның негізгі мазмұны мемлекеттің Конституциясында бекітілген жеке тұлғаның бостандығы, құқықтары мен міндеттері.

Құқықтық статус объективтік тұрғыдан бостандықтың, демократияның жетістіктері мен кемшілігінің көрінісінің айнасы деуге болады. Адам қоғамының көне дәуірден даму кезеңдерінде құқықтық статус әртүрлі болды. Бірақ бұл процесс үнемі прогрестік жолмен дамыды.

Сонымен құқықтық статус – кешенді, интеграциялық категория. Ол адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, жеке тұлға мен еңбек ұжымының ара байланысының көрініс – айнасы.

Құқықтық статустың негізгі түрлері:

1) Жалпылама құқықтық статус – бұл азаматтық статус, қоғамның мүшесі, Конституциялық статус.

2) Арнаулы құқықтық статус – студенттер, зейнеткерлер, шахтерлер т.б. статус.

3) Жеке тұлғаның құқықтық статусы – бір адамның өмірбаянының реквизиттері: білімі, қызметі, отбасы, аты-жөні т.б. Олардың қоғамның қай саласында қызмет атқаруы, соған сәйкес саяси және арнаулы жеңілдіктер болуы.

4) Жеке тұлға және заңды тұлғалар статусы.

5) Шет елдердің азаматтарының статусы.

6) Қазақстан Республикасының шет елдердегі азаматтарының статусы.

7) Жүйелік статустар: азаматтық, әкімшілік т.б.

8) Кәсіпқойлық, лауазымды тұлғалар статусы.

9) Статус – қиын жағдайда жұмыс атқаратын адамдар (солтүстікте, қиыр-шығыста, қорғаныс өндірісінде, құпия өндірісте т.б.)

Қазіргі заманда жеке тұлғаның құқықтық статусы заң ғылымының бір саласына айналды және жалпы теорияның жеке тақырыбы болып отыр.

Адамдар тек құқықтық жүйедегі қоғамда өмір сүре алады. Бұл объективтік тұжырымға адамдар мыңдаған жылдар өмір тәжірибесінен сезініп білді. Біздің заманымыздан бұрынғы V–IV мыңжылдықтан бастап адам қоғамы әлеуметтік нормасыз өмір сүре алмайды. Норма объективтік тұрғыдан қоғамның өмір сүруінің ең қажетті құралы болды. Осы тәжірибеге сүйене отырып гректің ойшыл-ғалымдары Ликофрон,

Антифон (V–IV мың жылдықта) адамның табиғи бостандығы, құқықтары бар, оны ешкім жоя алмайды – деген. Бұл пікірді кейін Аристотель, Локк, Монтескье, Руссо, Канттар да қостаған. **Сөйтіп “Табиғи құқықтық теория” өмірге келген.**

Бұл теория Англияның 1215 ж. бостандық партиясында, 1689 ж. құқық петициясында; США 1776 ж. декларациясында, 1791 ж. Конституциясында, Францияның 1789 ж. Конституциясында мемлекеттік заңға айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1948 ж. — Декларациясында адамның “Табиғи құқық теориясы” қабылданып, әр мемлекеттің құқығының негізі болсын деп қаулы қабылдады. 1966 ж. БҰҰ Халықаралық пакт атты қаулы қабылдап, онда адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын әлем көлемінде дамытуды, жақсартуды міндеттеді.

Қазіргі заманда адамдардың бостандығы мен құқықтары барлық мемлекеттердің Конституциясына, Декларациясына енгізіліп, ең негізгі ресми саясатқа айналды. Қазақстан Республикасының 1993–1995 жж. Конституциялары адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім беріліп бұл мәселені жан-жақты дамыту, жақсарту өзінің мемлекеттік міндеті деп жариялады.

Сонымен, адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік және құқықтық нормалар арқылы басқарылып келеді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар. Оның даму мазмұны, шеңбері қоғамының даму деңгейімен байланысты. Әр формацияда адам бостандығы мен құқығы әр түрлі болады. Бірақ оның дамуы объективтік прогрестік жолмен дамыды. Қоғам дамып, нығайып жақсарған сайын құқық та, бостандық та нығайып жақсарады, оның әділеттік, демократиялық мазмұны да, кеңістігі де күрделенеді, жақсарады. Егерде бұл бостандыққа, құқыққа шектеу қойылса оны іске асыруға кедергілер жасалса, адамдардың табиғи бостандықтарына мән берілмесе ондай қоғамда антидемократиялық (фашизм, тоталитаризм, деспотизм) мемлекет орнап саяси, экономикалық дағдарысқа ұшырайды. Адам қоғамының тарихында бұған мысал жеткілікті. Осы XX ғасырдың өзінде осындай дағдарыс екі дүниежүзілік соғысты өмірге әкелді.

Сонымен, адам құқығы – жеке тұлғаның табиғи мүмкіншіліктері арқылы қоғамның барлық саласында іс-әрекет жасап өздерінің қадір-қасиетін, ар-намысын, абырой беделін қорғап, жақсы өмір сүруін қамтамасыз етуі.

Заң ғылымында адам құқығы, азамат құқығы, жеке тұлға құқығы деген ұғым бар. Оларға қысқаша түсінік берейік.

Адам құқығы – табиғи құқық, табиғи бостандықтар субъектілері оған мемлекеттің ешқандай қатысы жоқ. Егерде ол табиғи құқықтарды мемлекет бекітсе онда ол адам сол мемлекеттің адамы болады.

Азамат құқығы – табиғи құқықтар жинақталып, жүйеге келтіріліп мемлекеттің заңдарында, нормативтік актілерде көрсетіліп, мемлекеттің қорғауында болып адамдар сол қоғамның азаматы болу.

Жеке тұлғаның құқығы – жеке адамның құзыреті, іс-әрекет жасау мүмкіншілігі. Оның шеңбері жеке тұлғаның саяси-қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық статусының шеңберіне байланысты. Жеке тұлғаға жататындар: адам, азамат, шет елдердің азаматы, азаматтығы жоқ адамдар, саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан қашқындар.

Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігі бұл үш ұғымды бір мағынада қолдана береді. Жеке адамдардың құқықтарында объективтік және субъективтік деген түсініктер бар. Енді солардың мазмұнына тоқтайық.

Объективтік құқық – заңды нормалардың бір жүйесі, оның мазмұны, нормалардың өмірге келуі жеке адамдармен қатысы жоқ. **Субъективтік құқық** – субъектілердің бостандығы мен құқықтары объективтік құқықтағы іс-әрекеттерді орындауға байланысты.

Азаматтардың, адамдардың негізгі құқықтары мен бостандығы халықаралық актіде және әр мемлекеттің Конституциясында толық көрсетіледі. Оның түрлері: азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, ақпараттық құқықтар. Енді оларға қысқаша түсінік берейік.

Азаматтық құқық – адамның табиғи бостандығы мен құқықтары. Адам не істесе де ерікті. Тек қоғамға жеке азаматтарға зиян келтірмеуге міндетті.

Экономикалық құқық – табиғи бостандық пен құқықтың экономикалық талаптары – жеке меншік құқығы кооперацияға мүше болу, акционерлік ұйымдарға қатысу, жұмыс істеу, бизнеске қатысу т.б.

Саяси құқық, – қоғамды, мемлекетті, өндірісті, шаруашылықты басқару, қоғамдық ұйымдар, партия құру, жиналыс, митинг, демонстрация өткізу, сайлауға қатысу, сайлану т.б.

Әлеуметтік құқық – қоғамның экономикалық, материалдық дамуы сол арқылы адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбек, үй құқығы, денсаулықты жақсарту т.б.

Мәдени құқықтар – білім алу, рухани сананы жақсарту; әдебиет, өнермен шұғылдану; тіл, дін құқықтары т.б.

Экологиялық құқық – адамды қоршаған ортаны, табиғатты жақсарту, ол туралы мәліметтер алу, зиянға ұшыраса төлету т.б.

Ақпараттық құқық – ойлау, сөйлеу бостандығы, газет-журнал шығару, мақалалар жазу т.б. құқықтар.

Халықаралық құқықтар – жоғарыда көрсетілген құқықтардың көпшілігі адамдар басқа елдерге барғанда да пайдаланады. Адамдардың саяхат жасауына, жүріп тұруына шектеу қойылмайды.

Адамдардың негізгі міндеттері – адамдардың құқықтары мен міндеттері тығыз байланыста болады. **Мысалы:** сөз, ойлау бостандығы мен қате, бұрыс ойламау, сөйлемей міндеттері. Адамдардың міндеттерін **екі топқа бөледі:** табиғи және заңды міндеттер.

Табиғи міндеттер табиғи құқықтар мен сәйкес болады. **Заңды міндеттер** – нормативтік актілер арқылы қалыптасқан міндеттер. **Мысалы:** азаматтардың табиғатты жақсарту, қоғамдық тәртіпті сақтау т.б.

Азаматтардың негізгі міндеттерінің көпшілігі Конституцияда көрсетіледі. Адамдар құқықты қалай талап етсе, олар сол дәрежеде міндеттерді орындауы қажет. Құқықпен міндет бірге қалыптасады, өмірге бірге келеді, бірге дамиды. Бұл объективтік процесс. Адамдар өз міндеттерін дұрыс, уақытында жақсы орындаса құқықтары да кедергісіз орындалуға тиісті.

2. Адам құқығы — азаматтың басты игілігі

Қазіргі заманда өркениеттің басты жетістігі адам құқығы мен бостандығын нақты қалыптастыру болып табылса, барлық мемлекет оны қорғап, оған кепіл болуы тиіс. Осындай ізгілікті үрдістен тәуелсіз Қазақстан да шет қалып отырған жоқ.

Қазақстан Ата заңының 1-бабында: “Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары”, – деп атап көрсетілген. Осы заң сөздері Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моралдік құқық береді.

Адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады. Соның бір айғағы ҚР Президентінің жарлығымен Президент жанында елдегі адам құқығы мен бостандығын сақтауға бақылау жасайтын, өкілеттік қызмет жөніндегі комиссияның құрылуы. Қоғамның өтпелі кезеңінде еліміздегі адам құқықтары жөніндегі заңдар қызметін үйлестіріп, олардың осал тұстарын ретке келтіріп, қалпына келтіруде қазақстандық-

тар комиссияға зор үміт артады. Бұрынғы кеңестік дәуірде азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін жоғары билік орындарына, тіпті Коммунистік партияның Бас хатшысына жүгінетін. Қазіргі уақытта адамдар өздерінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін құқық қорғау орындарына, сотқа, Адам құқығы жөніндегі комиссияға шағымданатын болды. Бұл біздің қоғамның құқықтық мемлекет құруға бет бұрғандығымызды көрсетеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік қауымдас-тық қатарына қосылғаннан бері адам құқығына қатысты бірнеше халықара-лық конвенцияларға қосылды. Қазақстан ең алдымен 1949 жылы қабыл-данған Женева конвенциясына (Конвенцияға қосылу ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31-ші наурызындағы қаулысымен бекітілді), 1989 жылы қабылданған Сәби құқығы туралы конвенцияға (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8-ші наурызындағы қаулысы) қосылды. Осы халықаралық конвенцияларға қосылып, Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтары басты қазынасы болып саналатын, демократиялық ел болуға деген ұмтылысын бекіте түсті.

Адам құқығын қорғау бүгінімізге ғана емес, өткенімізге де қатысты. Халқымыздың басынан өткен саяси қуғын-сүргіндер, ашаршылық, зұлмат жылдары тек қазақстандықтардың ғана емес, республиканың басқа да ұлт өкілдеріне қиянат, қайғы-қасірет әкелгені белгілі. 1993 жылдың 14-ші сәуірінде осындай келеңсіз жағдайлардың салдарына душар болған азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы-ның “Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” заңы қабылданды. Бұл заң кезінде мемлекет саясатының нәтижесінде құқығы бұзылған азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге, оларды аттауға кепілдік беретін құжат болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанға жер аударылған және онан қуылған 1 миллионнан астам қазақстандықтарды ақтау әлі жүзеге асырылмады. Бұған құқылық негіздердің жеткілікті дәре-жеде қалыптастырылмауы өзіндік қиындықтар туғызып отыр. Бас бос-тандығынан айрылғандар да біздің қоғамымыздың толық заңды мүшелері, сондықтан олардың азаматтық құқықтарын қорғау – маңыз-ды мәселе. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және ардақтау БҰҰ-ның 1945 жылы қабылданған Жарғысында қатталды. Осы құжат шын мәнінде тәуелсіз мемлекеттердің халықаралық құқық шеңберінде ынтымақ ұластырып, жарасымдылыққа жетуіне тұңғыш рет саяси, заңдық негіз қалаған еді. 1992 жылы тәуелсіздіктің аспан-көк туын көтеріп, өзге мемлекеттермен терезесі тең мүше ретінде табалдырығы-нан аттаған БҰҰ-ның жарғылық қағидаларына адам құқығы – адамзат-

тың басты игілігі екендігі, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің тең құқықтылығы, үлкен және ұсақ ұлттардың теңдігі, бейбітшілік пен қауіпсіздік сақтау үшін күш біріктіру ұстаны алатын арқау болып тартылған. Міне, сондықтан да Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10-шы желтоқсанда қабылданған Жарлығы бірдей адам құқықтарының декларациясы негізінде мемлекеттердің ынтымақтастығын қалыптастыруда халықаралық әдіске сай заңды міндетті сипатқа ие болып келеді. Осы Декларация кейіннен тармақтала қосылып, жүйелене дамытылған, әрі сан-салалы мәселені, атап айтқанда, босқындардың мәртебесі (1951 ж.), апартейд (1954 ж.), нәсілдік кемсітушілікті жою туралы (1965 ж.) және басқа да халықаралық пактілерді қамтитын қайнар бастау іспетті. Осы құжаттарда Адам құқығы жөніндегі декларацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттерде әрбір адам өзінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, сонымен қатар өзінің саяси-азаматтық құқықтарын емін-еркін пайдалана алатындай жағдай жасауға тиістігі ерекше аталып өткен.

БҰҰ Жарғысының аса маңызды ережесі дүниежүзілік қауымдастыққа адам құқықтарына басым көңіл бөлуді мойындауды және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын барша адамның нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне карамастан құрметтеуді, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды міндеттеуі болып табылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 200 тілге аударылып, көптеген елдердің Конституцияларына енгізілген. Декларацияның басты мақсаты Қазақстан Конституциясынан да кең орын алған. Әсіресе декларациядағы: “Барлық адам болмысынан тең құқылы және азат болып туады. Барлық адамға ақыл-ой берілген, сондықтан бір-бірімен бауырмалдық қарым-қатынас жасуалары тиіс”, – деген қағиданың біздің мемлекетімізде қолдау тапқандығының бір айғағы – жүзден астам ұлт өкілдерінің тіл табысып, татутәтті өмір сүруінде. Бүкіл әлемнің миллиондаған жұртшылығы – үлкендері де, кішілері де осы құжаттан демеу тауып, көмек алатын болды. Күні бүгінге дейін дүние жүзіндегі барлық елдер бұл құжатты адам құқығын қастерлеудің ең жоғарғы эталоны ретінде бағалап, оны үлгі етіп келеді.

ҚР-ның әділет министрлігінде әйелдер мен балалар мәселелерімен айналысатын 30-дан астам әртүрлі республикалық ұйым тіркелген. БҰҰ-ның Баланың құқықтары туралы конвенциясын іске асыру үшін мемлекет бірқатар заңды құжат қабылдады. Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғау туралы” (1997 ж.), “Еңбекті қорғау туралы” (1993 ж.), “Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы” (1997 ж.) заңдары солардың қатарына жатады. Республикамызда

мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және сауықтыру үшін, сондай-ақ мүгедек балаларды оқыту үшін жасауға көңіл бөлінеді.

Сонымен, қатар әрбір азамат өз пікірін білдіруге, ақпарат алу бостандығына деген құқығы басқа құқықтар мен бостандықтарды іске асыру үшін негіз болып табылады. Сөз бостандығы қоғамның демократиялығының белгісі және кепілі. Ал Қазақстан үшін – оның демократия жолымен алға басуының қаншалықты шынайы екендігінің және саяси реформалардың қандай деңгейіне жеткенінің көрсеткіші болып табылады.

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіз мемлекеттің бүтіндігін қорғап, ішкі және сыртқы саясатының да пәрмендігін арттыру үшін, оның мызғымас заңы және заңды қорғайтын әділ сотының болуы басты шарт. Сот әділдігін жүзеге асыру мемлекеттік өкімет билігінің ерекше түрі. Азаматтар құқығы – заңдармен қорғалады, ал заңдар бұзылса әділ сот билігімен қорғалады. Сондықтан сот билігі жүйесіндегі мәселелер терең қамтылып, заңдарымыз уақыт ағымымен сәйкестірілу бағытында. Жоғарыда айтқанымыздай Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында оң қадамдар жасауда. Біздің республикамыз келешекте де адам құқығы жөніндегі айтулы халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және саяси пактілерге қосылуға бет бұрып, үнемі басты назарда ұстауға кепілдік берді.

Кепілдік — қоғамның экономикалық жағдайы, құралдары, әдіс-тәсілдері бірігіп адамдардың бостандықтары мен құқықтарын іске асыруға қолайлы мүмкіншіліктің қалыптасуы. Кепілдіктің қағидалары: гуманизм, әділдік, заңдылық теңдік, демократизм т.б. Кепілдік мазмұны, мақсаты — адамдардың бостандықтары мен құқықтарын іске асыруға қолайлы жағдай жасау. Оның функциясы — осы бағыттағы нормативтік актілерді уақытында, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету. Объектісі — құқықтық қатынастардың жақсы дамуына, аяқталуына мүмкіншілік жасау. Кепілдікті жүйелеудің түрлері толып жатыр.

1) Оның әлеуметтік бағытына қарай үш түрі болады: материалдық, саяси, рухани.

Материалдық кепілдік — экономикалық кеңістік, заттардың орын ауыстыруына, бизнеске, конкуренцияға толық бостандық беру, меншіктің барлық түрін қорғау, адам мен мемлекеттің, жұмысшы мен бизнесменнің, өндіруші мен алушының арасында әлеуметтік теңдікті қалыптастыру.

Саяси кепілдік — қоғамда демократиялық басқару жүйенің қалыптасуы, халықта экономикалық, саяси, әлеуметтік бостандықтың болуы. Ақпараттың жұмысына бақылауды жою. Сын мен сөзге толық бостандық беру.

Рухани кепілдік — мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту, отанды қорғау, қадірлеу, әділеттікті, шындықты, теңдікті, инабаттылықты, адамгершілікті, парасаттылықты жақтау.

2) **Заңды кепілдік** — оның түрлері: конституциялық, жалпы халықтық, жеке адамдардың құқықтарын орындау, қорғау кепілдіктері.

3) **Кепілдіктің кеңістігіне қарай екі түрі болады:** мемлекеттің өз ішіндегі кепілдік және халықаралық құқықтық кепілдік.

Мемлекеттің өз ішіндегі кепілдік — адамдардың бостандықтары мен құқықтары Конституцияда, заңдарда жазылып олардың орындалуын мемлекет толық бақылауға алып, материалдық, әлеуметтік, саяси мүмкіншіліктер жасалады. Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) екінші бөлімінде 10–39 бб. азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын бұлжытпай орындауға, бақылауға мемлекетіміз кепілдік беріп отыр.

Халықаралық құқықтық кепілдік — Біріккен Ұлттар Ұйымының декларациясында, әртүрлі дүниежүзілік ұйымдардың қаулыларында, халықаралық құқықта толып жатқан кепілдіктер бар. Олардың орындалуына толық бақылау орнатылған.

4) **Нормативтік актілердің мазмұнына қарай кепілдіктің үш түрі болады:** қарапайым, күрделі, аралас, жалпылама, арнаулы, жеке адамға кепілдіктер.

Қарапайым кепілдік — адамның бостандығы мен құқықтарының бір саласын қорғайтын нормативтік актілер жиынтығы. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясында адамдарға “сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады” (20–6. 1–т.).

Күрделі кепілдік — қоғамның бір саласындағы адамдардың бостандығы мен құқықтарын және әлеуметтік ұйымдарын қорғайтын нормативтік актілер жиынтығы. ҚР Конституциясында “Неке мен отбасы, ана мен әке және бала — мемлекеттік тұрғыдан танылып, қорғалатын басты қазына” (27–6., 1–т.,).

Аралас кепілдік — адамдардың қоғамдағы барлық бостандығы мен құқықтарын және әлеуметтік ұйымдарын қорғайтын нормативтік актілердің жиынтық кепілдігі. ҚР Конституциясында “Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды” (12–6., 1, 4–т.,).

Жалпылама кепілдік — халықаралық құқықтың және БҰҰ Декларациясының (1948, 1966 жж.) талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында “Адам құқықтары мен бостандықтары — дүниежүзілік қоғамда-

стық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық- құқықтық актілерде бекітілген, әлеуметтік және заңдық жағынан қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқы ретінде мойындалған, ешкім де еркін шектеп немесе тыйым сала алмайды... Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді, әрі қорғайды“(4–б, 1, 3, 4-т; 12–б.).

Арнаулы кепілдік — қоғамда адамдардың мамандықтарына, қызметіне, еліміздің дамуына қосқан еңбегіне қарай жеңілдік-қамқорлықтар болады. Соларды реттеп – басқаратын нормативтік актілердегі кепілдіктер. Мысалы, зейнеткерлерге, көп балалы аналарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, мұғалімдерге, шахтерлерге әскери қызметкерлерге т.б. заңды кепілдіктер бар.

Жеке адамдарға төтенше жағдайдағы кепілдік – мұндай кепілдіктің түрлері толып жатыр: жер сілкінсе, су тасқыны, өрт болса т.б. Кепілдіктің барлық түрін нормативтік актілермен толық қамту мүмкін емес. Біраз нормалар бар және бұл мемлекеттің бақылауындағы мәселе.

5) Ұйымдастыру кепілдіктері – оның үш түрі болады: кепілдіктің тәртібі, техникалық кепілдік, бақылау кепілдігі. Кепілдіктерді дұрыс, уақытында, сапалы іске асыруды мемлекеттік органдар өз бақылауына алып, жоспар жасап, қатаң тәртіппен орындалады. Бұл туралы нормативтік актілер сол тәртіппен іске асуы қажет.

Техникалық кепілдік – кепілдіктердің біразы техникаларды қолданумен іске асады. Сондықтан, мемлекеттік органдар бұл мәселені сапалы жүргізу үшін біраз іс-әрекеттер жасауға міндетті.

Бақылау кепілдігі – кепілдіктің барлық түрлері мемлекеттің бақылауы арқылы сапалы орындалады. Бұл проблема туралы нормативтік актілер қатаң тізімге алынып іске асады.

Өмірде мемлекеттің кейбір аппараты өзінің басқару жұмысын жақсартам деп — шеңберден шығып кетеді, асыра сілтеу басталады. Сондықтан мемлекеттің бақылау жұмысы әрдайым күн тәртібінде болу керек.

Қоғамда әр азаматтың құқығының, бостандығының шеңбері болады. Ол бұл шеңберден асып кетуге, шеңберді бұзуға құқығы жоқ. Себебі: онда мемлекеттің, қоғамның, басқа адамның мүдде-мақсаты бұзылады немесе олардың құқығына нышан келеді. Сондықтан, әр азамат бостандықтың, құқықтың бұл қағидаларын қатаң орындауға тиіс. Ол болмаса қоғамның тәртібі, заңдылығы бұзылады. Бұл объективтік процесс.

Әр заңда, әр нормада қатынастың субъектілерінің құқығының шеңбері көрсетіледі оны орындауға олар міндетті:

1. Құқықтың субъектілеріне ерік беру.
2. Құқықтың субъектілерін міндеттеу.
3. Құқықтың субъектілеріне тыйым салу.

Міне, осы шарттар орындалмаса құқық бұзылған болады, жауапкершілік басталады. Адам құқығы мен бостандығы оның міндетімен байланысады. Жеке тұлға Қазақстан Республикасының алдында жауапты әрі оның Конституциясы мен заңдарын, аумағының біртұтастығын сақтауға, салт-дәстүрге, мемлекеттік тіл мен барлық ұлт өкілдерінің тілдеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының қуатын, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға атсалысуға міндетті.

Сонымен, Қазақстандық конституционализм сипаты оның социалистік жалған конституционализм сүрлеуінен тарихи жүріп өту нәтижесінде қалыптасуы және әлемдік қауымдастықта лайықты өмір сүріп, өркендеу үшін Қазақстанға объективті түрде қажет либералдық-демократиялық құндылықтарды түпкілікті бекіту ерекшеліктеріне байланысты. Бұл ерекшеліктер жаңа тәуелсіз мемлекет бастан кешіп отырған ұзақ өтпелі кезең қиындықтарымен, унитарлы мемлекеттік өкіметінің ұйымдасуымен, мызғымас республикалық басқару нысанынан туындайтын ішкі-сыртқы геосаяси және демографиялық параметрлерімен сабақтас.

БҰҰ 1995–2004 жылдарды Адам құқықтары саласындағы ағарту онжылдығы деп жариялаған болатын. Міне, бұл үлкен бастама. Әр мемлекет, әрбір азамат осынау ізгі бастамаға өз үлесін қосатын болса нұр үстіне нұр. Адам құқықтары туралы білімді өрістету – адам құқықтарының сақталуына кепіл болады. Өз құқықтары мен міндеттерін жете білген адам еш уақытта жаңсақ баспайды.

Жалпы, адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір-сүріп, бай-рақатты тұрмыс кешуіне ахуал қалыптастыру – әлемдік қауымдастыққа көшін ұластырған Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты. Ендеше, әрбір азаматтың экономикалық, мәдени-әлеуметтік және саяси да жеке құқықтарын еркін пайдалана алатындай ахуал қалыптастырып, халықаралық конвенциялар мен пактілерге атқосар, абырой таластырап күн де алыс емес шығар.

26 – тақырып ТАБИҒАТ, ЭКОНОМИКА, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Табиғатты қорғау — адамды қоршаған табиғи ортаның өзіндік жағдайын сақтау немесе бұрынғы сипатын қайтадан қалпына келтіру арқылы табиғи ресурстарды ысырапсыз пайдалану үшін құрылған мемлекеттік жүйедегі қоғамдық шара. Басты міндеті – халық шаруашылығын шикізатпен, энергиямен қамтамасыз ету, еңбекшілердің демалу жағдайларын табиғат заңдарымен ұштастыру. Адамның, қоғамның табиғатпен қатынасы әр қоғамдық формацияда әртүрлі. Өндірістік күштер мен меншіктің барлық түрі бірігіп табиғатпен қорғау жұмысын сапалы жүргізуге міндетті.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының алдында аса күрделі геосаяси, өркениеттік, экономикалық, әлеуметтік, этникалық және мәдени проблемалар тұр. Қазақстанның экологиялық қиын жағдайы, онымен байланысты ұлттық өркендеудің әлеуметтік саяси және мәдени мәселелері жөнінде айтылар сөз көп. Солардың қай-қайсысын болмасын сәтті шешу халықтың экологиялық санасының өсуіне, ұлттық мәдениеттің жоғары деңгейінде болуына тығыз байланысты.

Өткен жылдар Қазақстан тарихы беттерінде, қиыншылығы мен қайшылығы мол өзіндік қол таңбасын қалдырды. 1949–1991 жылдары арасындағы – радиоактивті ластаушылардың негізгі көзі – сынақ үшін жасалынған ядролық жарылыстар. XX ғасырдың ұлы экологиялық апаты болып табылатын – Арал аймағының трагедиясы. Қазақстанның орасан зор кеңістігіндегі тұрақты қоныс тепкен ауыр өнеркәсіптің өндіруші және өндеуші кәсіпорындары, әскери өндіріс кешенінің әлемді тітіреткен аса қуаты да қаһарлы объектілері. Табиғи ортаның биологиялық жағынан азып-тозуы, ол адамзат пен хайуанаттың құрып кету қаупі. Сөйтіп республикамыздың халқына, әсіресе сайын дала мен шөлді аймақты мекендеген ел-жұртына игіліктің орнына ауыр күйзеліс пен қайғы-қасірет әкелді.

Қазақ үшін ата қоныс, туған жерден киелі дүние жоқ. Оны сандаған жылдар қанымен, жанымен қорғап, жер-ана деп атаған. Сандаған ғасырлар бойына қалыптасқан мәдениет халықтың дәстүрлі өмір салты, діні мен діни сенімі айнала табиғатты тану мен аялаудың күллі жүйесін жасаған. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Конституциясында табиғатты қорғау мемлекеттің негізгі міндеті деп жарияланған. (6–6) және 1998 жылы табиғатты қорғау туралы арнаулы заң қабылданды. Онда табиғат

қорғау елімізде нарықты экономиканы қалыптастыру бағдарламасының бір бөлігі деп атап көрсетілген. Бүгінде еліміздің экономикасы жақсы дамып, халықтың тұрмысы жақсарып келеді.

Расын айту керек, дамыған елдердің экономикалық саясатын сынға алушы топтар да бар. Олардың пікірінше, бұл саясат ешқашан қоғамда теңдікті, әділеттікті орната алмайды. Себебі ол саясат біреулерді байытады, (ол азшылық) ал, көпшілікке бұл саясаттан жақсылық шамалы дейді.

Жалпы қорыта айтсақ XIX–XX ғасырдың басындағы капитализм қазір жоқ. Қазіргі капитализм ғылыми–техникалық прогрестің жетістіктерін пайдаланып, қоғамның экономикасын, халықтың әлеуметтік жағдайын едәуір көтеріп отыр. Бұл экономикалық саясатты дамушы елдердің (соның ішінде посткеңестік–тәуелсіздік алған республикаларда бар) көпшілігі пайдаланып, өз экономикасын көтереміз деген сенімде.

Кәсіпкерліктің түсінігі мен мазмұны — жеке және заңды тұлғалардың тұрақты түрде өндірістік және коммерциялық іс-әрекетпен шұғылданды. Бұл кәсіппен олар өздерінің тәуекелі мен жауапкершілігіне сүйене отырып, кіріс алу үшін кәсіпкерлік іске өз еркімен кіріседі. Заң шеңберінде кәсіпкер қандай шаруашылық құрам десе де өз еркі, заңды іс-әрекеттердің қайсысын таңдау өз еркінде. **Бизнес** — кәсіпкерліктің бір түрі.

Әлемдегі барлық мемлекеттер кәсіпкерліктің барлық мәселесін заң арқылы реттеп-бақылап отырады. Нарықтық экономикада кәсіпкерліктің субъектілерінің төрт түрі болды: фирма, банктер, сақтандыру және трасылық (акция, вексель). Компаниялар, инвестициялық құрылымдар. Олар мемлекеттің ішкі және сыртқы рыноктарында да жұмыс жасауға құқылы болды. Кәсіпкерлік шаруашылықтар өзара бірігіп орталық ұйым құрады. Сөйтіп бір-біріне көмек көрсетіп отырады. Кәсіпкерлік шаруашылықтың жұмысына ықпал-әсер ететін факторлар:

- рыноктық қатынастың жағдайы;
- кәсіпкерліктің субъектілердің құқықтық байланысының деңгейі;
- жалпы экономикалық жағдай;
- жалпы саяси жағдайлар-факторлар.

Рынок — сатушы мен алушының арасында экономикалық қатынастар жүйесі, оның негізгі элементтері: сұраныс, ұсыныс және баға. Бұл процесс мемлекеттік реттеуге келмейді. Сондықтан оған нормативтік актілердің байланысы, ықпалы, әсері жоқ. Кәсіпкерлік шаруашылықтың жұмысын мемлекеттік **бақылаудың екі түрі болады**: тікелей бақылау және жанама бақылау. Мемлекеттің тікелей бақылау түрлері:

- қаржылық бақылау;
 - экологиялық бақылау;
 - санитарлық бақылау;
 - өртке сақтықты қадағалау;
 - таразының көрсеткіштерін тексеру.
- Мемлекеттің жанама бақылауының түрлері:
- салық пен жеңілдіктің түрлері;
 - баға саясаты; монополияның үстемдігіне жол бермеу;
 - жұмыссызды азайту саясаты;
 - кәсіпқойлық мамандарды дайындау;
 - инфраструктураны дамытуға ықпал ету;
 - ақпараттық жұмысты жақсарту т.б.

Осы көрсетілген Мемлекеттік бақылаудың түрлері жаңа құқықтық нормаларды қабылдау кезінде де, ол нормаларды іс-жүзіне асыру процесінде де басқарушы органдардың үнемі назарында болады: оның негізгі себептері:

- экологиялық жағдайға нұқсан келтіруге жол бермеу;
- экономикалық қатынастарға зиян келтірмеу;
- экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын анықтау;
- халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, жақсарту.

Нарықтық қатынастарды реттеудің негізгі бағыттары: 1) рыноктың даму бағытын, мүдде-мақсатын белгілеу; заңмен тыйым салынбаған іс-әрекеттерге толық бостандық беру. Тек антигуманистік, табиғатқа ұнамсыз іс-әрекеттерді тыю; 2) заң меншіктің барлық түрлеріне бостандық беріп, оны қорғауға міндетті.

Нарықтық экономиканы, рынокты реттеп-басқарудың әділетті шеңбері мен тәсілі болуы қажет, әкімшілік пен әміршілік әдіске жол берілмеуі керек, оған тосқауыл қою қажет. Міне, осы мәселелер Қазақстан Республикасының “Тұтынушылардың құқығын қорғау” заңында толық қамтылған. Нарықтық экономиканы, қатынастарды реттеу, басқару қоғамның әр саласында әр түрлі болады. Нарықтық экономиканы, қатынасын құқықтық реттеудің түрлері–бағыттары (механизмі):

- жеке және заңды тұлғаларға іс-әрекет жасауға толық бостандық беру. Оның қағидасы – “Заңда тыйым салынбаған істердің бәрі де заңды”, – деп білу;
- меншіктің барлық түріне бостандық беру. Сөйтіп рынокты “темір бұғаудан” босату;

– нарықты қатынастардың субъектілерін заңды түрде анықтау. Мемлекеттік аппаратта қызмет атқаратын адамдарға кәсіпкерлік және коммерциялық жұмыспен айналысуға тыйым салу;

– кәсіпкерлік және коммерциялық шаруашылықтан заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қарсы заңсыз іс-әрекеттерге тыйым салу;

– кәсіпкерлік және коммерциялық шаруашылықтарда келіспеушілік болса, оны мемлекеттік органның қатысуымен реттеп-шешу;

– жауапкершілікті анықтау, әділетті шешім қабылдау, келтірілген зиянның мөлшерін анықтап, төлету.

Міне, осы көрсетілген қағидалар, талаптар нарықтық экономиканың объективтік даму процесінің заңдылықтары деп білу қажет. Оған шектеу қоюға, нұқсан келтіруге болмайды.

Ғылымда мемлекет пен құқықтың ара қатынасы туралы үш түрлі пікір бар. Бірінші – мемлекеттің объективтік даму процесінде, іс-әрекетінің нәтижесінде құқық өмірге келіп, мемлекетпен бірге дамып келеді деп түсіндіреді. Сондықтан, құқық мемлекетке бағынышты болуға тиісті. Бұл пікірді қолдайтын ғалымдардың негізгі қатесі құқықтың мазмұнын толық түсінбеуінде. Олар құқықты тек мемлекеттің қабылдаған нормативтік актілерінің жиынтығы деп түсінуде.

Екінші пікір – мемлекет құқықтың объективтік даму процесінде, оның іс-әрекетінің нәтижесінде өмірге келіп, құқықпен бірге дамып келеді деп түсіндіреді. Сондықтан мемлекет құқыққа бағынышты болуға тиісті. Құқық объективтік тұрғыдан мемлекеттен өмірге бұрын келді. Сондықтан басымдық, артықшылық құқықта болуға тиіс. Бұл пікір бірінші көзқарастан аз да болса шындыққа жақынырақ. Бірақ, бұл да біржақты көзқарас.

Үшінші пікір – мемлекет пен құқық бір-бірінің даму нәтижесінде өмірге келген жоқ. Олар қоғамның объективтік даму заңдылықтарының талаптарына сәйкес өмірге құқық бұрын келіп, мемлекет – кейінірек келіп, екеуі тығыз байланыста дамып келеді деп түсіндіреді. Бұл көзқарас құқық пен мемлекеттің мазмұнын және ара қатынасын тереңірек түсінуге, білуге толық мүмкіншілік береді. Сол арқылы мемлекеттік нигилизмге де, құқықтық нигилизмге де жол берілмей әшкереленеді. Мемлекет пен құқықтың ара қатынасы объективтік тұрғыдан қалыптасып, бір-бірімен тығыз байланыста дамиды, оның дамуына санқырлы ықпал, көмек жасайды.

27 – тақырып. ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Тарихи даму процесінде әлемдегі барлық елдерде әлеуметтік нормалардың бірнеше түрлері қалыптасып, солар арқылы қоғамдағы санқырлы қатынастар реттеліп, шешіліп жатады. Ол әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни, корпоративтік, құқықтық нормалар) қолдануы әр елде әртүрлі. Бір елде әдет-ғұрып, екінші елде – мораль, үшінші елде – құқық басым түрде қолданады. Бұл нормаларды қолдануда айтарлықтай ерекшеліктер бар. Әр ел ол нормаларды өздерінің саяси, ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес қолданады. Сол арқылы әр елде өздерінің ұлттық құқық жүйесі қалыптасады. Сонымен бірге осы ұлттық құқық жүйелердің мазмұны мен нысандарында бір-біріне ұқсастық болады. Сол арқылы ұлттық құқық жүйелерін жіктеп, топтастырып құқықтық жүйеге бөледі, оның негізгі қағидалары мен тәсілдері:

1) Бірнеше елдердің құқық жүйесінің негіздері және мазмұны бір-біріне ұқсас болады. Себебі олар көне заманда бір мемлекеттің әлеуметтік-нормативтік жүйесінен бөлініп шыққан. Сондықтан, бұл құқық жүйелерінің түпкі негіздеріне және мазмұндарына қарай топтастыру.

2) Құқық жүйелерінің нысандарына сәйкес топтастыру. Нормативтік актілердің және әлеуметтік нормалардың қабылдануының, қолдануының ерекшеліктеріне қарай құқықтық жүйеге бөлу (бір елде – құқық, екінші елде – әдет-ғұрып, үшінші елде – сот шешімі басым болады).

3) Әлеуметтік және құқықтық нормалардың құрылымына қарай жүйеге келтіру. Бірнеше елдің нормаларының элементтері (гипотеза, диспозиция, санкция), құқықтың элементтері (норма, институт, бөлім, сала) бір-біріне ұқсас болады. Бұл топтастырудың негізін құрады, тәсіл болады.

4) Әлеуметтік және құқықтық нормалардың құрылу, қабылдау, орындау қағидаларына сәйкес жүйеге келтіру. Бір елде – дін, екінші елде – идеология, үшінші елде – заңдылық басым болады. Осы саясаттар құқықтық жүйенің қағидаларының негізі болады.

Сонымен, қоғамның объективтік даму процесінің мүдде-мақсатына сәйкес саяси, экономикалық, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін әр елде құқық жүйесі қалыптасады, Дүние жүзіндегі мемлекеттердің тарихи, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктеріне қарай құқық жүйелері бір-біріне ұқсамайды. Оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, ұлттық, топтық құқықтық жүйелерге жіктеу жүргізіледі.

Францияның ғалымы Давид Рененің пікірі бойынша құқықтық жүйенің

бірнеше түрі болады: англо-саксондық, романо-германдық социалистік, діни және Қытай, Индия, Жапония т.б. құқықтық жүйелерге бөлінеді.

Англо-саксондық құқық жүйесі. Бұл жүйе феодализм кезінен басталады. Англия өзінің аралдық жағдайын пайдаланып, ерекше әдет-ғұрыптарын сақтауға тырысты. XII ғасырдан бастап қалыптасқан Англияның демократиялық жетістіктері құқық жүйесіне зор ықпалын тигізді. Англия, Рим мемлекетінің провинциясы болса да өзінің ұлттық ерекшеліктерін жоғары ұстай білді. Бұл құқықтық жүйе ежелгі әдет-ғұрыптардан, сот шешімдерінен құралады. Англияның королі Генрих II (1154–1187) бірнеше реформалар жүргізген, солардың арасында ең маңыздысы сот реформасы. Ол көшпелі королдық сотты енгізді. Бұл сот әр жылдың аяғында құқық тәжірибесінен жан-жақты талдап қорытынды жасап, маңызды шешімдерін баспа арқылы жариялап отырды. Соттардың бәріне бұл қорытынды шешім – ережелер негізгі заң болып, оны міндетті түрде қолданатын болды. Сөйтіп жергілікті әдет-ғұрыптар модификациядан өтіп ерекшеліктерін бірте-бірте жоғалтып жаңа англо-саксондық құқық жүйесі қалыптаса бастады.

Бұл жүйенің негізгі мазмұны сот тәжірибесінен қалыптасады, мемлекеттік органның қабылданған нормалары қосымша рөл атқарады. Қазіргі заманда бұл өте күрделі, демократиялық құқықтық жүйе. Оны статус құқығы деп те атайды. Статус – парламент қабылдаған заң. Оның саны 500 жылда 2000-ға жеткен. Англияда азаматтық кодекс жоқ. Сот азаматтық істерді дұрыс шешіп, жаңа норма жариялайды. Бұл нормалар әрбір жеке статусты шешетін норма болып шығарылады. Құқықтық нормаларды кодификациялау және жүйелеуі де өте сирек кездеседі. Англияның құқықтық жүйесі абсолюттік монархия дәуірінде дамып гүлденді. Бұл жүйеде процессуалдық нормалардың маңызы материалдық нормадан жоғары тұрады. Англия өзінің отарлық-тәуелді елдерінің ұлттық құқықтық жүйелеріне нышан келтірмеді. Олар өздерінің ұлттық құқығын сақтап бірте-бірте ағылшын құқығының жақсы, дұрыс нормаларын пайдалана бастады. (Малайзия, Сингапур, Гонконг Бруней, Гана, Кения, Нигерия, Египет т.б.).

АҚШ ағылшын құқығын пайдаланса да, оның құқық жүйесінің көп ерекшеліктері бар. Біріншіден, американың құқығы, федеративтік құқық. Екіншіден, мұнда соттың шешімдерімен қатар құқықтық нормаларды әсіресе Конституциялық маңызын жоғары ұстайды. АҚШ-та құқықтық нормаларды кодификациялау, жүйелеу жұмыстары белсенді жүргізіледі.

Қазіргі кезде англо-саксондық құқық жүйесі бірте-бірте нормативтік актілердің маңызын көтере бастады.

Романо–германдық құқықтық жүйе (континенттік жүйе деп те атайды.) – Еуропа мемлекеттерінің көпшілігінде осы құқық жүйесі дамып келеді. Романдық құқық жүйесі деген сөз Рим құқығының ықпалымен құрылғанын көрсетеді. Феодалдық кезеңде бұл жүйе жақсы дамымады. Буржуазиялық революциялар Рим құқығына өте кең жол ашты. “Жеке меншік құқығы қасиетті оған ешкім қол сұғуға құқығы жоқ” деп бекітті.

Осыдан бастап Рим құқығы белсенді түрде буржуазиялық кодекстеріне кіріп, Германия, Франция, Италия бүкіл дүние жүзіне тарады. Рим құқығын жалғастырған кодекстердің қатарына Наполеон атындағы 1804 жылғы Францияның азаматтық кодексі, 1896 жылғы Германияның азаматтық нормалар жинағы жатады.

Тарихшылардың, заңгерлердің көпшілігі континенталдық құқық жүйесі ХІІІ ғасырда қалыптасты деп санайды. Бес ғасыр бірінші орында Рим құқығының ықпалы басым болды деп түсіндіреді. Сөйтіп көп мемлекеттердің құқық жүйесінің негізін қалады. Кейін континенталдық мемлекеттер өздерінің ұлттық ерекшеліктерін кіргізіп, дамытты. Бұл құқық жүйесінің негізгі мазмұны – нормативтік актілерді бірінші орынға қойды, сот шешімдері қосымша рөл атқарады. Кодификациялау жұмыстары белсенді түрде жүргізілді. Патшалық Россияда да бұл жұмыс қарқынды түрде дамыды, әсіресе Сперанскийдің үкіметті басқару тұсында.

Қорыта айтарымыз, англо-саксондық, романо-германдық құқықтық жүйелер буржуазиялық жүйені қорғап, дамытты. Дүние жүзіндегі елдерге үлгі болды, жақсы маңызды рөл атқарды. Сол арқылы қазіргі замандағы заң ғылымының дамуына зор үлес қосты.

Социалистік құқықтық жүйе – бұл жүйе өзі төрт жүйеге бөлініп келді: советтік құқық жүйесі; еуропалық социалистік мемлекеттер құқықтық жүйесі; азиялық социалистік елдердің құқықтық жүйесі; Куба республикасының құқықтық жүйесі. Бірақ барлығының негізгі қағидалары бірдей болды: қоғамдық меншікті, бір орталықтан жоспарлауды қорғау т.б. Бұл мемлекеттердің құқықтық негізін құрастыратын заң шығаратын органдардың нормативтік актілері. Қазіргі кезеңде бұл жүйе Қытай Халық Республикасында, Кубада, Солтүстік Кореяда сақталып, дамып келеді. Басқа бұрынғы социалистік елдерде бұл жүйе қайта құрылып, айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Романо-германдық құқықтық жүйеге көшуде.

Діни құқықтық жүйе – бұл жүйеге Азияның, Африканың дамушы елдері жатады. Ол елдердің құқықтық саясаты екі түрге бөлінеді: біріншісі – құқықты түсінуде, дамытуда олар дінмен зиялы бағытты біріктіріп отырады. Бұл саясат ислам, индуc және иуда діндеріндегі мемлекеттер, екіншісі – құқық деген заңды ғылыми ұғымға қарсы бағыт. Қоғамды басқаруда әлеуметтік нормаларының басқа түрлерін бірінші қатарға қояды (әдет-ғұрып, мораль, діни, қоғамдық ұйымдардың шешімдерін). Бұл елдердің біразы бірте-бірте романо-германдық құқықтық жүйеге көшу бағытында.

Ислам — діни қағидаларын құқықтың негізі деп санайды. Бұл бағытты жүйені **шариғат** деп атайды. Сонымен қатар адат деп атайтын жүйе бар (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль т.б.) – Бірақ өмірде шариғат басым түрде қолданылады. Исламдық құқықтың төрт түрлі негізі бар:

1) Құран-Алланың Мұхаммед пайғамбарға түсірген киелі, ардақты кітабы.

2) Сүнна-Мұхаммед пайғамбардың хадистері (өсиеттері). Бұл өсиетте Құранның аяттарына түсінік береді.

3) Иджма–ислам ұйымдарының қабылдаған, бекіткен шешімдері, қаулы–жарлықтары.

4) Китас өмірде кездесетін мәселелерді Құранның ұқсас аяттарына сүйене отырып шешу.

Индус – діні қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарудың ең басым, күрделі жүйесі. Сонымен қатар әдет-ғұрып, салт-дәстүрді де пайдаланады. Бұл діни құқық жүйесі адамдарды туысы мен әлеуметтік топқа бөледі. Олардың өздерінің ішіндегі қатынастарды реттеп-басқаратын діни нормалары болады. Бұл әлеуметтік топтардың түрлері: байлар тобы, орта шаруалар тобы, кедей шаруалар тобы, діни қызметкерлердің тобы, ақсүйектер (чиновниктер) тобы. Бұл топтардың аттарынан немесе атауларынан толық түсінуге болады: Бұл әлеуметтік топтардың арасында ешқандай теңдік, әділеттік, бостандық жоқ екені.

Индус құқық жүйесіндегі елдерге (Индия, Пакистан Бирма, Сингапур, Малайзия, Танзания, Уганда, Кения т.б.) діни нормалармен қатар әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль арқылы көп мәселелер реттеп-басқарылады. Индияда 1950–жылы Конституция қабылданып, индустарды әлеуметтік топқа бөлуге тыйым салды, Англияның құқық жүйесінің нормативтік актілерін қолдана бастады. Мұны “англо-индус құқық жүйесі” деп атады.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі жаңадан құрылып,

дамуда. Бұл жүйе негізінен континенталдық Еуропа елдердің бағытында дамуға бет бұрып отыр. Біздің халқымыз өз елінің егемендігіне жетіп мемлекеттің ықтимал зорлық-зомбылығынан жаңа Конституция (1995 ж.) арқылы қорғалған саяси-этникалық адамдар қауымдастығының дәстүрімен, мәдениетімен ұштасқан либерализм қағидаларын негізінде әлеуметтік-бағдарлы нарықтық өзгерістер жолымен дамудың ортақ тағдырына тандау жасап отыр.

Жалпы адамгершілік табиғи-құқық негізінде және халықаралық нормалардың қағидаларына сәйкес қалыптасқан әлемдік-қоғамдық қатынастардың жүйесін – әлемдік құқықтық тәртіп дейді. Әлемдік құқықтық тәртіпті дүние жүзіндегі адамдардың, мемлекеттердің санқырлы қатынастарының топтасып қалыптасқан нақты – шындық түрі деп түсіну керек. Бұл шындық қалыптасудың үш объективтік түрлері бар:

- 1) адам – ел – планета – космос;
- 2) адам – ұжым – қоғам – әлемдік қоғамдастық;
- 3) адам – оның құқықтық статусы – қоғамның құқық жүйесі – халықаралық құқық – әлемдік құқықтық тәртіп.

Әлемдік құқықтық тәртіпті қалыптастырудың негізгі себептері: 1) экологиялық қауіпсіздікті қалыптастыру; 2) адамдардың өмірін қамтамасыз ету; 3) ядролық соғысты болдырмау; 4) әлемдік кеңістіктің барлық саласындағы қатынастарды біріктіріп ғаламдық жүйеге айналдыру.

Қазіргі заманда әлемдік құқықтық тәртіп шындыққа айналып отыр. Барлық мемлекеттердің арасында саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, ғылыми-техникалық қатынастар қалыптасып, дамуда. Осы бағытта халықаралық басқару органдарының құрылуы. Олардың ішіндегі ең негізгісі – Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) – 24.Х.1945 жылы құрылған. Оның 185 мемлекет мүшесі бар (1 қазан 1995 ж.). БҰҰ Уставы бойынша ұйымның негізгі мақсаттары:

- халықаралық қауіпсіздікті, бейбітшілікті қорғау-сақтау;
- халықтардың достығын, бірлігін, бостандығын, теңдігін қорғау;
- мемлекетаралық саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік даму процесін мүмкіншілігінше біріктіру;
- осы мақсаттарды іс жүзіне асырудың ұйымдастырушы, басқарушы заңды орталық органы болу.

Әлемдік құқықтық тәртіпті нығайтуға, сапалы болуына БҰҰ-нан басқа тағы біраз дүниежүзілік ұйымдары маңызды үлес қосуда. Олар: халықаралық еңбек ұйымы, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, дүниежүзілік интеллектік меншіктің ұйымы, халықаралық азаматтық авиа-

ция ұйымы т.б. Халықаралық құқықтық қатынастарды реттеп-басқаруда БҰҰ-ғы халықаралық соттың маңызы өте зор. Әлемдік құқықтық тәртіптің негізгі белгі-нышандары:

1) Әлемдік құқықтық тәртіп (ӘҚТ) – әртүрлі мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, ұлттардың әлеуметтік топтардың арақатынасының күрделі және өсіңкелік жүйесі.

2) ӘҚТ – мемлекеттердің халықтардың өзара бірлігінің, ынтымақтастығының нақты шындық көрінісі. Бұл бірліктің негізгі деректі құжаты — халықаралық шарт. Онда қатынастың субъектілерінің міндеттері мен құқықтары толық көрсетіліп, өздерінің бақылауында болады.

3) ӘТҚ – әр саладағы халықаралық ынтымақтастықтың іс-әрекетінің дұрыс, сапалы орындалуының кепілдігі деуге болады. Оның түрлері:

- қоршаған ортаны, табиғатты қорғау, жақсы дамуына тиісті мүмкіншілік жасау;

- БҰҰ, дүниежүзілік сауда ұйымы, халықаралық даму банкі, халықаралық валютаның фонд арқылы барлық мемлекеттердің өсіңкелік экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

- БҰҰ-ның ЮНЕСКО ұйымы арқылы барлық елдердің мәдениетін, білімін, ғылымын дамытуға сапалы, маңызды үлес қосу;

- әлемдік көлемде қылмыспен күресті сапалы, нәтижелі жолға қою т.б.

Сонымен, халықаралық құқықты дамыту және ғаламдық проблемаларды реттеп шешу екі жақты байланысты процесі, бірінші — әр мемлекеттің ерікті түрде осы бағытта сапалы іс-әрекет жасауы қажет; екінші – халықтардың, мемлекеттердің бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға ерікті түрде бет бұруы қажет. Бұл процесте терең ұлттық, аймақтық, ғаламдық саяси-әлеуметтік бірлік болуы қажет. Осы халықаралық қатынасты тиімді процеске айналдыру әлемдік құқықтық тәртіптің ең шешуші шарты.

Құқық пен мемлекеттің эволюциялық даму процесінің болашағы. Бұл мәселе туралы санқырлы пікірлер бар. Бірақ бәрі бірігіп құқық пен мемлекет үзіліссіз даму процесінде болады деп түсіндіреді. Ал, даму процесі неге апарады, болашақта құқық пен мемлекет қандай өзгеріске ұшырайды? – деген сұрақтарға жауап әртүрлі. Бұл сұрақтарға ғылыми тұрғыдан жауап беру өте қажет. Біріншіден – құқықпен мемлекеттің эволюциялық даму процесін ғылыми зерттеп, олардың болашақта қоғаммен байланысын, ықпалын, әсерін дұрыс, сапалы жолға қою; екінші – мемлекет пен құқықтың болашақта өздерінің эволюциялық даму процесінде кемістіктердің, қолайсыз жағдайға ұшырауын болдырмауын қамтамасыз ету үшін қажет.

Қоғамның әлеуметтік объективтік даму заңдылықтарына және заңды тарихи тәжірибелерге сүйене отырып мемлекет пен құқықтың эволюциялық даму процесінің болашағына болжау жасауға болады. Марксизм болашақта дүние жүзінде коммунизм жеңіске жетсе қоғамның сана-сезімі, мәдениеті дамып, адамдар қоғамды өздері басқаруға көшеді. Мемлекет пен құқықтың билігі, еріксіз адамдарға іс-әрекет жасаттыруы керексіз болады. Сөйтіп болашақта адамгершілік, әділетті, демократиялық қоғам болады деп түсіндіреді. Бірақ социалистік елдердің тәжірибесі бұл пікірді дәлелдей алмады. Керісінше, бұл елдерде көп қолайсыз жағдайлар өріс алды: демократия шектеліп, тоталитарлық басқару жүйесі орнады, субъективизмге жол берілді, ұлттар мәселесі дұрыс шешімін таппады, халықаралық қатынастарға себепсіз шектеулер қойылды т.б. Кемшіліктер орын алды. Бірақ социалистік жүйені толық жамандауға болмайды. Оның айтарлықтай жақсылықтары да болды. Оларды адам қоғамының болашағы міндетті түрде дәлелдейді деп сенуге болады.

Қазіргі кезеңде кейбір ғалымдар қоғамдағы барлық мәселені, барлық қатынасты тек құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқаруға қарсылық білдіруде. Мысалы, бұл жөнінде қарама-қарсы екі пікір бар: ғалымдардың біразы – қоғамды басқаруға мемлекет пен бірге толып жатқан бірлестіктерді, ұйымдарды, ұжымдарды кең түрде қатыстыру қажет. Сол арқылы қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқаруды барлық әлеуметтік нормалардың міндеті – деп түсіндірді. Құқықтың міндеті – тек күрделі мәселелерді шешіп отыру. Ғалымдардың екінші тобы – қоғамдағы барлық қатынастарды, барлық мәселелерді тек құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқаруды ұсынды.

Мемлекет және құқық теориясы бұл мәселені асығыс, субъективтік жолмен шешуге қарсы. Егерде әлемдік тәжірибеге жүгінсек мемлекет пен құқықтың эволюциялық даму процесінің міндеттері мен бағыттарын жан-жақты зерттеп БҰҰ талқылау қажет:

1) Қазіргі заманда бірте-бірте қоғамдық қатынастардың күрделенуі мемлекет пен құқықтың әлі керектігін дәлелдеп отыр.

2) Ғаламдық проблемаларды іс жүзіне асыру мемлекет пен құқықты күшейтуді талап етіп отыр.

3) Қоғамның ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мемлекеттік-құқықтық реттеп-басқаруды талап етуде.

4) Адамдардың бостандығын, құқығын қатаң сақтау үшін мемлекет пен құқық өте қажет.

5) Мемлекет пен құқықтың болашағын барлық елдер бірігіп,

объективтік даму заңдылықтарына сүйене отырып шешуге тиіс. Оған дейін әлі көп жұмыстар атқарылуы қажет. Ең негізгі мәселе – әлем көлемінде барлық елдерде құқықтық мемлекетті қалыптастыру.

Сонымен мемлекет пен құқықтың маңызы, рөлі әзірше күшеймесе, төмендеген жоқ. Әлемдік көлемде де, жеке мемлекеттер шеңберінде де олардың атқаратын қызметтері күрделене түсуде. Дүние жүзінде құқықтық мемлекет қалыптасса мемлекет пен құқық қоғамды басқаруды бірте-бірте бірлестіктерге және әлеуметтік нормаларға беруі мүмкін. Сөйтіп адамдардың өздерінің басқару жүйесінің қалыптасуы объективтік заңға айналуы ғажап емес. Бұл заңды диалектикалық процесс.

Қазіргі заманда халықаралық құқықтың ең негізгі міндеті – адамдардың табиғи құқықтарын, бостандықтарын әлемдік көлемде заңды тұрғыдан қалыптастырып іс-жүзінде әр елдің өмірлік шындығына айналуы қажет. Адамдардың құқығы мен бостандығын үш тұрғыдан түсіну керек: 1) адамның құқығы; 2) азаматтың құқығы; 3) жеке тұлғаның құқығы.

Адамның құқығы – ол адамдардың өмірге келуімен бірге қалыптасқан табиғи құқықтары. Оның ұлттық, мемлекеттік, заңдық шеңбері болуға тиіс емес және табиғи құқықтарға ешкім, ешқандай орган шектеу қоя алмайды. Бұл құқықтар біріккен ұлттар ұйымының бақылауында.

Азаматтың құқығы – адамдардың табиғи бостандықтары мен құқықтарын әр мемлекеттердің заңдары арқылы қабылдауы. Сол мемлекеттің Конституциясы арқылы адамдар – азаматтық құқықтарға ие болады – мемлекеттің азаматы деп саналады.

Жеке тұлға құқығы – адамдардың азаматтығына қарамай нақты жеке тұлғаның құқығы, оның шеңбері сол тұлғаның қабілеті, білімі, рухани сана-сезімі, адамгершілігі және қызметінің өкілетті құзыретіне сәйкес анықталады.

Қоғам және халықаралық өмірде бұл үш ұғымды жеке-жеке қолдануы сирек кездеседі, көбінесе жалпылама түрде қолдана береді. Заң ғылымында құқықпен қатар “бостандық” – деген ұғым бар: ой бостандығы сөз бостандығы, сана бостандығы, дін бостандығы т.б. Адамның және қоғамның өмірінде “Құқық – бостандық” деген ұғымдар бір-бірінің орнына пайдалана береді.

Заңды объективтік міндеттер дегеніміз – адамның табиғи бостандықтарымен қатар қоғамдық тәртіпке өте қажетті іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жиынтығы. Бұл міндеттер қоғамның объективтік процесінде табиғи бостандықтармен тығыз байланыста дамып, ескіріп, жаңарып отырады. Объективтік міндеттер екі топқа бөлінеді: 1) табиғи міндеттер. Мы-

салы, кісі өлтірмеу, ұрлық жасамау, ата-ананы, үлкендерді құрметтеу, сыйлау, жастарға қамқорлық көрсету т.б.; 2) заңды міндеттер – қоғамдық мүдде-мақсатты дұрыс, жақсы орындау үшін мемлекеттік өкілетті органдардың кіргізген міндетті іс-әрекеттер (әрекетсіздік). Мысалы, отанды қорғау, тәртіп сақтау, сайлауға қатысу т.б.

Адамдардың табиғи бостандықтары мен міндеттері халықаралық құқықта да, БҰҰ-ның декларациясында да жан-жақты қамтылып, оларды орындаудың негізгі кепілдіктері көрсетілген, оның түрлері:

- халықаралық құқықтың кепілдігі;
- әлемдік қоғамдық ұйымдардың кепілдігі;
- әр мемлекеттің өз ішіндегі кепілдігі.

Мазмұнына қарай кепілдіктің төрт түрі болады: 1) экономикалық-құқықтық; 2) саяси-құқықтық; 3) әлеуметтік-құқықтық; 4) нормативтік кепіл. Кепілдікті іс жүзіне асырудың бес әдіс-тәсілі болады: материалдық, әділеттік, процессуалдық, техникалық, заңды жауапкершілік.

Ғаламдық проблемалар. XXI ғасырдың басындағы қазіргі заманның ерекшеліктері: бір жағынан әлемде ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды түрде дамып, әлеуметтік табысының, кірісінің жақсаруы, екінші жағынан – әртүрлі саяси-экономикалық деңгейдегі мемлекеттер өзара қайшылықта дамуда. Бұл күрделі әлем адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешіп өздерінің жағдайын тұрақтандыруға талаптануда.

Ғаламдық проблема дегеніміз – дүние жүзіндегі барлық халықтардың мүдде-мақсатын қамтитын мәселелер, оны мемлекеттер жеке-жеке орындауға ешқандай мүмкіншіліктің жоқтығы. Ғаламдық проблемалардың белгі-нышандары:

- Бұл проблемалар жер жүзіндегі барлық халықтың мүддесін қамтиды;
- Бұл бағытта шешілмеген мәселелер барлық адамзатқа қауіп төндіріп, болашаққа кедергі болып отыр;
- Бұл проблемаларды барлық халық, барлық мемлекет бірігіп ғана орындай алады.

Осы көрсетілген проблемалар бір-бірімен тығыз байланыста. Сондықтан оларды жинақтап-топтастырып іске асыруды қажет етеді, оның негізгі бағыттары:

- 1) Әлемдік ядролық апатты болдырмау, қару-жаракты жаппай шығаруды, ядролық қаруға сынақ жүргізуді тоқтату;
- 2) Саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, экологиялық т.б. салаларда халықаралық ынтымақтастықты және серіктестікті қалыптастыру;

3) Дамыған және дамушы елдердің арасындағы экономикалық алшақтықты жою;

4) Энерго-шикізаттықты, азық-түлік, демографиялық дағдарысты жою немесе бәсеңдету, экологияның талаптарын іске асыру, космос кеңістігінде бірігіп ғылыми зерттеулер жүргізу;

5) Ғылыми–техникалық прогрестің жетістіктерін адамдардың денсаулық, әлеуметтік, білім, мәдени, рухани жүйелеріндегі жұмысты жетілдіруге пайдалану;

6) Терроризмге, наркобизнеске қарсы күресте халықаралық көлемде, әлемдік кеңістікте жүргізу.

Жер планетасында өмір жасауды сақтау үшін, әлем кеңістігінде адамзаттың мүдде-мақсатын іс-жүзіне асыру үшін ғалымдардың, мемлекеттік және саяси қайраткерлерінің жаңаша ойлау қабілеттігін халықтардың арасындағы қайшылықты, сенбеушілікті жоюға пайдалану қажет.

Ядролық күресте, келіспеушілікте екі қарама-қарсы топтың бірі де жеңіске жетуі мүмкін емес, бұл күрес әлемдегі адамзатты, барлық тіршілікті жоюмен аяқталады. Сондықтан, барлық мемлекеттер дүние кеңістігінде адам қоғамының барлық саласында адамгершілікті, әділетті, теңдікті, бостандықты қамтамасыз ету үшін, халықаралық қарым-қатынасты орнатуы қажет. Бұл кезек күттірмейтін ғаламдық міндет. Осы проблеманы іс-жүзіне асыру әлемдік екі өзекті мүдде-мақсатты орындауға мүмкіншілік береді. Бірінші – әлемде тұрақты, құқықтық мемлекет орнауға тиіс; екінші – адамдардың, қоғамның, мемлекеттердің демократиялық бағытта дамуына толық мүмкіншілік қалыптасуы тиіс. Осы бағытта аз да болса тұрақты, сапалы істер атқарылуда: қарама-қарсы екі саясат жүргізу тоқтатылды, әскери блоктар жойылуда, ядролық қаруға сынақ жүргізу тоқтатылды. Бұлардың орнына жалпы халықтық мақсат қойылып мемлекетаралық демократиялық қатынастар орнауда. Қазіргі дәуірде әлем әскери егестен экономикалық бәсекелестікке ойыса бастады. Бұл үрдістің бел алатынына, бейбітшілік орнап, тату көршіліктің қалыптасуына халық мол сенім артуда. Әр мемлекеттің заңдары, нормативтік актілері осы ғаламдық проблеманы іс-жүзіне асыру бағытына көшірілуде. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясында глобалдық проблемалар кең орын алып, оларды орындау бағыттары көрсетілген.

“Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саяса-

тын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады” – деп көрсетілген Қазақстан Конституциясында (8–6.). “Мемлекет адамның өмір сүруімен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды”, (31–6., 1–т.). Экологияны қорғау бағыттары: атмосфераны, суды, жерді, топырақты ластау, жануарларды және өсімдіктерді қорғау. Осы мәселелер бойынша құқықтық нормалардың сапасын жақсартып, олардың орындалуын қамтамасыз ету. Осы мәселелерді көршілес мемлекеттермен бірлесіп іс-әрекеттер жасау көрсетілген. Егерде әлемдегі барлық мемлекеттер осы көлемде іс атқарса, жер планетасының экологиясы ластанбай, табиғи мөлшерде болар еді.

Біздің дәуірімізде, әлемнің әскери егестен алыстауына орай бәсекелестік әскери саладан саяси және экономикалық салаға ойыса бастады. Бұл үрдістің бел алатынына халық сенім артып, бейбітшілік орнап, тату көршіліктің қалыптасуына үміт артуда. Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында. Бостандық пен тәуелсіздікті орнату жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет.

Біздің мақсатымыз қоғам дамуының әртүрлі моделдерінің бір-бірімен түйісіп, бірігіп әлемдік мәселе болуға тиіс. Қазақстан мемлекетінің негізгі мақсаты осы.

ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДІ НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕТІН ҮЛГІЛЕР

1-үлгі

Мемлекет және құқық теориясы



¹Бұл үлгілерді Хропанюк В.Н. «Теория государства и права», М., 1993, оқулығынан алдық.


Мемлекеттің өзіне тән сипаттары



Мемлекеттің қалыптасуы




Мемлекеттің функциялары



Мемлекеттің нысаны



Мемлекеттің басқару нысаны




Мемлекеттің құрылымдық нысаны

УНИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ		КОНФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ
Бір парламент, бір үкімет, бір мемлекеттік бюджет, бір мемлекеттік салық, бір қорғаныс, бір азаматтылық. Бір жергілікті басқару аппараты		Уақытша бірігу, кейін таратуға тиіс, немесе федерациялық мемлекет құруы да мүмкін
	ФЕДЕРАТИВТІК МЕМЛЕКЕТ	
	Неше автономия болса, сонша Конституция. Әр автономияның парламенті, үкіметі, жоғарғы соты бар. Автономиялар бірігіп одақтық мемлекет құрады. Әр автономияның азаматы одақтың да азаматы болып есептеледі. Бір қарулы күштер, бір бюджет, бір мемлекеттік салық жүйесі	


Мемлекетті саяси басқаруының нысаны




Мемлекеттің аппараты



Қоғамның саяси құрылысы



Құқықтық мемлекет



Құқықтың мазмұны мен белгілері




Әлеуметтік нормалар



Құқықтың қағидалары мен функциялары

Құқықтың принциптері: қоғамдық өмірдің объективтік даму заңдылықтарын жан-жақты анықтап, негізгі бағыттарын құқықтық норма арқылы бекіту



Құқықтың функциясы – оның қоғамдағы қарым-қатынасқа тигізетін әсері, ықпалы. Құқықтың функциясы мемлекеттің функциясына сәйкес. Бұған қоса құқықтың өзіне тән екі функциясы бар.



Құқықты салаға бөлудің негізі мен критерийі




Құқықтың салалары




Құқықтың жүйесі, оның құрылыс элементтері

Құқықтың жүйесі – оның ішкі құрылысы, қоғамдағы барлық нормативтік актілер бір принциппен бір жинаққа бірігіп, сонымен қатар мазмұны тұрғысынан жүйе-жүйеге, элементтерге, тарауға бөлінуі


Құқықтың құрылыс элементтері



Құқықтық норма, оның белгілері



Құқықтық норманың түрлері



Құқықтық нормаларды іске асыру нысаны



Құқықтық норманың құрылысы



Құқықтық нормаға түсінік беру


Нормаға түсінік беру – қоғамдағы барлық бірлестіктерге, одақтарға, ұжымдарға, жеке адамдарға нормативтік акті туралы түсінік беріп, құқықтық нормалардың мазмұнын қағидаларын толық білуін қамтамасыз ету



Құқықтық нормаға қорытынды түсініктердің түрлері



Нормативтік-құқықтық актілер, оларды жүйеге келтіру



Нормативтік актінің түрлері

Заңдылық күшіне қарай нормативтік
актілер екіге бөлінеді



Құқықтық норманы қолдану

Норманы қолдану – мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардың актілері, орындалуын басқару жеке құқықта көрсетілген қарым-қатынастың дұрыс жүргізілуін бақылау

Құқықтық норманың қолданылу кезеңдері



Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу




Құқықтық норманы қолдану актісі


Қолдану актісінің түсінігі	Белгілі бір заңды қалай шешу туралы оның субъектілеріне мемлекеттік органның ресми түсінігі, нұсқауы
-----------------------------------	--

Құқық қолдану актілердің түрлері	
Парламенттің актілері	
Мемлекет басшысының актісі	
Атқарушы органдардың актісі	
Соттың шешімдері	
Прокурордың бақылау актілері	
Жергілікті басқару органдарының актілері	
Өндіріс, ұжым, шаруашылық басшылардың актілері	


Құқықтық норманың заңды күшінің уақыты




Құқықтық норманың заңды күшінің кеңістігі және азаматтарды қамтуы




Құқықтық қатынас



Құқықтық қатынастың құрылымы



Құқықтық қатынастың субъектілерінің құқығы мен міндеттері



Құқықтық қатынастың субъектілері өздерінің құқығын және міндеттерін орындау барысында басқа азаматтардың құқығымен бостандығына нышан-зиян келтірмеуге міндетті


Құқықтық қатынастың объектілері



Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеудің механизмі



Құқықтық сана-сезім




Заң жүйесі түсінігі, оның құрылысының элементтері




Құқықты бұзу, оның түрлері


Түсінігі	Қоғамға және жеке адамға зиян келтіретін құқықтық нормаға қарсы кінәлі іс-әрекет
----------	--



Занды жауапкершілік



Занды бұзу мен занды жауапкершіліктің бір-бірімен сәйкестігі



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Монографиялық еңбектер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі.
3. Алексеев С.С. Теория права. М.: БЕК, 1993.
4. Венгеров А.Б. Теория государства и права. М., 1994.
5. Лившиц Р.З. Теория права. М.: БЕК, 1994.
6. Общая теория права и государство / под ред. Лазарева В.В. / М., 1994.
7. Общая теория права. Курс лекций / под ред. Бабаева В.К./ Нижний Новгород, 1994.
8. Хропанюк В.Н. Теория государства и права М., 1995, 1996.
9. Хутыз М.Х., Сергейко П.Н. Энциклопедия права М., 1995.
10. Общая теория права. Под ред. Пиголкина А.С. М., 1993.
11. Бабаев В.К. Теория современного советского права. Фрагменты лекций и схемы. Н. Новгород, 1991.
12. Иванов Ю.В. Теория государства и права. Определения и схемы. Красноярск, 1989.
13. Права человека Сборник международных документов М., 1991.
14. Бейсенова А., Біржанова К. Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық негіздерін оқып үйренушілерге көмек. Алматы: “Жеті жарғы” 1997.
15. Сапарғалиев Г. С. Основы государства и права Казахстана. Алматы, 1994.
16. Сапарғалиев Г.С. Заң терминдерінің сөздігі. Алматы: “Жеті жарғы”, 1996 ж.
17. Ибраева А.С. Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: “Жеті жарғы” 1996.
18. Теория государства и права. Под ред. профессора М.Н. Марченко. МГУ, 1996.
19. Сапарғалиев Г.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы: “Жеті жарғы”, 1997.
20. Сапарғалиев Г.С. Основы государства и права. Учебное пособие. Алматы, “Жеті жарғы”, 1997.
21. Спиридонов Л.И. Теория государства и права. М., 1995.
22. Общая теория и права. Под ред. А.С. Пиголкина М., 1996.

23. Теория государства и права. Под ред. М.Н. Марченко М., 1998.
24. Теория государства и права. М., 1998.
25. Теория государства и права в схемах и определениях. В.К. Бабаев, В.М. Баранов, В.А. Толстик М., 1998.
26. Сапарғалиев Г.С., Ибраева А.С. Мемлекет пен құқық теориясы. А., «Жеті жарғы», 1998.
27. Жоламанов Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. А., 1998, 1999 (на казахском языке).
28. Жоламан К.Д. Теория государства и права (учебник) на казахском языке. 2003.

2. Нормативтік-құқықтық актілер

1. ҚР. Конституциясы 30 тамыз 1995 ж., Алматы «Жеті жарғы» баспасы, 1995 ж.
2. Н.А. Назарбаев. «Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» послание Президента страны народу Казахстана. Казахстанская правда, 11 октября 1997г.
3. Указ Президента РК. имеющий силу конституционного закона «О Президенте РК.» от 26 декабря 1995 г., N 2733, Вести Казахстана, 4 января 1996 г.
4. Указ Президента РК. имеющий силу конституционного закона «О Правительстве РК.» от 18 декабря 1995г., Казахстанская правда, 21 декабря 1995г.
5. Указ Президента имеющий силу конституционного закона «О судах и статусе судей в РК.» от 20 декабря 1995 г., Сборник указов Президента РК., имеющих силу закона, Алматы, «Жеті жарғы», 1996, с 5.
6. Указ Президента РК. имеющий силу Закона «О государственной службе» от 26 декабря 1995г., N2730, Алматы, Центр правовой информации, 1995 с 2–25.
7. Указ Президента РК. имеющий силу Закона «Об органах национальной безопасности РК.» от 21 декабря 1995 г., Сборник указов Президента РК. имеющих силу закона, Алматы, «Жеті жарғы», 1996, с 61.
8. Указ Президента РК. имеющий силу Закона «Об органах внутренних дел РК.» от 21 декабря 1995 г., Сборник указов Президента РК. имеющих силу закона, Алматы, «Жеті жарғы», 1996 с.95.
9. Указ Президента РК. «Об утверждении Положения формирования и организации работ с кадровым резервом государственной службы» Сборник актов Президента и Правительства, Алматы, 1996, N 31.

10. Указ Президента РК. “О мерах по укреплению национальной безопасности, дальнейшему усилению борьбы с организованной преступностью и коррупцией” от 5 ноября 1997г., N 3731.

11. Закон “О совершенствовании Структуры Государственной власти Казахской ССР” от 20 ноября 1990г. вед., 1990N47. ст 431.

12. Закон “О государственной независимости Республики Казахстан” Вед., 1991 N 51, ст 622.

13. Закон “О местных представительных и исполнительных органов” от 10.12.1993г. Вед., 1993 N 23–24, ст 516.

14. Закон “О свободе хозяйственной деятельности и развитии предпринимательства в Казахстане” от 11.12.1990г. Вед., 1990 N51, ст. 483.

15. Закон “О защите прав потребителей” от 05.06.1991г. Вед., 1991 N23 ст.267.

16. Закон “О членстве Республики Казахстан в Международном валютном фонде; Международном банке реконструкции и развития; Международной финансовой корпорации; Международной ассоциации развития; Многостороннем агентстве Гарантии инвестиции и Международном центре по регулированию инвестиционных споров” От 26.06.1992г. Вед., 1992 N 13–14, ст 331.

17. Кодекс РК “Об административных правонарушениях” от 30.01.2001г. Казахстанская правда 15.02.2001г.

18. Положение “Об Ассамблее Народов Казахстана” Утверждено Правительством РК от 29.04.2002г. N 856.

19. Положение “О национальном Совете РК”. Утверждено постановлением Правительства РК от 29.04.2002г. N 857.

20. Постановление Правительства РК “О мерах по дальнейшему совершенствованию систем государственного управления” от 29.09.2004г. Казахстанская правда 30.02.2004.

21. Закон “О браке и семье” от 17.12.1998г. Вед., 1998, N 23, ст 430.

22. Закон РК “О Гражданском кодексе” (особенная часть) от 01.07.1999г. N 409, Вед., 1999, N 16–17, ст 642.

23. Закон “Об охране труда” от 22.01.1993г.; Закон “О труде в РК” от 10.12.1999г. Вед., 1999, N 24, ст 1068.

24. Концепция социальной защиты населения. Одобрена Постановлением Правительства РК от 27.06.2001г. Казправда 21.08.2001г.

25. Трудовой кодекс РК от 12.02.2005г.

26. Налоговый кодекс РК от 12.06.2001г. ВП, РК 2001.

27. Таможенный кодекс РК от 05.04.2003г. Казправда 11.04.2004г.

28. Закон от 19.06.1997г. “О государственной поддержке малого предпринимательства“ Вед., 1997N12, ст 182.

29. Указ Президента РК от 27.04.1998г. “О защите прав граждан и юридических лиц на свободу предпринимательской деятельности“ Казправда 28.04.1998г.

30. Указ Президента РК от 11.06.2004г. “О государственной программе развития жилищного строительства в РК на 2005–2007 годы“ Казправда (комментарий) 02.07.2004г.

31. Указ Президента РК от 10.07г, N 1149 “ О государственной программе развития сельских территорий РК на 2004–2010 годы“ (Комментарий) Казправда 19.07.2003г.

32. Закон от 21.09.1994 “О транспорте в РК“ Вед 1994 N15 ст 201.

33. Закон РК от 19.01.2001г “ О конкуренции и ограничении монополистской деятельности“ Казправда 25.01.2001; ВП РК 2001N2, ст 13.

34. Закон РК от 09.07.2004г. “Об электроэнергетике“ Казправда 17.07.2004г. ВП РК 2004г N 17 ст 102.

35. Закон РК от 24.12 1996г. “О культуре“ Вед., 1996 N 22 от 406.

36. Закон РК от 19.05. 1997 “ Об охране здоровья граждан в РК“ Вед., 1997N 10, ст 109.

37. Закон РК от 09.07.2001г. “О науке“ Казправда 19.07.2001г. Вед., П РК 2001 N 15–16, ст 226.

38. УП РК от 16.10.2004г “ Гос. Программа развития образования в РК на 2005–2010 гг“ Казправда 16.10.2004г.

39. УП РК от 13.09.2004г “ О государственной программе деформирования и развития здравоохранения РК на 2005–2010 годы“ Казправда 09.04.2004.

40. Закон РК от 20.06.2003 г. “Земельный кодекс РК“ Казправда 28.06.2003г Вед П.РК 2003г, N 13, ст 99.

41. Закон от 8.07.2003г “Лесной кодекс РК“ Казправда 12.07.2003 ВП РК 2003 N –16 ст 140.

42. Закон РК от 09.07.2003г. “Водный КазСКС РК“ Казправда 17.07.2003 ВП РК 2003 N 17, ст 141.

43. Закон РК от 28.12.2004г. “О коммерческом арбитраже“ Казправда 7.01.2005г.

3. Ақпараттық баспалардағы еңбектер

1. Назарбаев Н.А. Стратегия Становления и развития Казахстана как суверенного государства Казправда 16.05.1992 г.

2. Назарбаев Н.А. О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики. Послание Президента РК Народу Казахстана, Казправда 08.10.1996 г.

3. Назарбаев Н.А. Историческая память, национальное согласие и демократические реформы – гражданский выбор народа Казахстана. Доклад на IV сессии Ассамблеи Народов Казахстана. Казправда 06.06.1997г.

4. Назарбаев Н.А. Халықтан жасыратын ештеңе жоқ. Егемен Қазақстан 05.07.1997 ж.

5. Назарбаев Н.А. Хранить память, крепит согласие. Казправда 16.01.1998 г.

6. Назарбаев Н.А. Қазақстан: Жаңару стратегиясы. ҚР-ның 12–жылдық мерекесінде сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан 14.12.2003 ж.

7. Назарбаев Н.А. Мемлекеттік қызмет және мемлекет мүддесі. Егемен Қазақстан 13.04.2004 ж.

8. Назарбаев Н.А. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруде тың іс-шаралар қажет. Егемен Қаз-н 13.09.2004 ж.

9. Назарбаев Н.А. ҚР-ның денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Егемен Қазақстан 22.09.2004 ж

10. ҚР Президенті Назарбаевтің Жарлығымен бекітілген “ҚР-да білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Егемен Қаз-н 16.10.2004 ж.

11. ҚР Президенті Қаз-ның Жарлығымен бекітілген “ҚР-да электрондық үкімет қалыптастырудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Егемен Қаз-н 19.11.2004 ж.

12. Нұрлыбай К.Н. Ішкі Орданы басқаруды қайта құру комиссиясының қызметі. Журнал право и государство 2003 N2 стр. 10.

13. Баймаханов М.Т. Халықаралық және Ұлттық құқық практикасының конституциялық мәселелері. Ж. Право и гос-во 2003 N1 стр. 3.

14. Жиренчин К.А. Внедрение кредитной технологии в учебный процесс. Ж. Право и гос-во 2004 N2/1 стр. 3.

15. Жоламан К.Д. Құқықтық мемлекет, оның түсінігі мен мазмұны. Ж. Құқық және мемлекет РК, 2000, N2, стр.18.

16. Жоламан К.Д. Азаматтық қоғам және мемлекет Ж. Құқық және мемлекет, 1999 ж, N3 стр. 24.

17. Жоламан К.Д. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесіндегі саяси-құқықтық эволюция және өкімет биліктерін бөлісу. Ж. Құқық және мемлекет, 2001, N3 стр. 2.

18. Баймаханов М.Т. Ағымдағы Заңдардың дамуына және жұмыс істеуіне Конституцияның ықпал етуінің кейбір формалары. Ж. Құқық және мемлекет, 2001, N1, стр. 15.

19. Жоламанов Б.А. Последствия и уроки партийно-командного руководства (На материалах Казахстана). Ж. Құқық және мемлекет 2004, N1/2, стр. 10.

20. Жоламан Н.Б. Авторитарно-тоталитарный режим в условиях кризиса социализма (1954–1985гг) Вестник КазНУ им. Әл-Фараби, серия историческая. 2004, N 1(32), стр. 64.

21. Жоламан Н.Б. Развитие культуры Казахстана (1945–1960). Материалы международной научно-практической конференции, посвященный 100-летию Ф.А. Жеребятьева (часть 2) Алматы, 2004, стр. 54.

22. Жоламан Н.Б. Восстановление и развитие экономики Казахстана в послевоенные годы. Вестник Алматинского университета им. Абая. Серия юриспруденция 2003, 3, 83 печ.л.

23. Жоламан Н.Б. Восстановление и развитие экономики Казахстана в послевоенные годы. Вестник Алматинского университета им. Абая Серия юриспруденция 2003, N 1, стр. 74.

24. Жоламан Н.Б. Становление и укрепление советской административно-командной системы управления: история и уроки (на материалах Казахстана). Алматы, 2003, 3, 83 печ.л.

25. Жоламанов Б.А. Государственно-правовые регулирования экономики и культуры Казахстана (1945–1959гг) Алматы, 2002, 2, 83 печ.л.

26. Жоламанов Б.А. Организационные укрепления Советов Казахстана (1946–1960гг). Вестник Алматинского университета им. Абая, Серия Социологические и политические науки. 2003, N 1, стр.89.

27. Газета “PANORAMA”, “В текущем году реформированию будет подвергнута работа Правительства и система государственной службы”, N2, 16 января 1998г.

28. Казахстанская правда, “Телега Сената проехала по законопроектам”, N95, 16 мая 1998г.

29. Казахстанская правда, “Реформы в органах власти: поиск оптимальной модели“ Махин В., N103, 28 мая 1998г.

30. Казахстанская правда, “Большой день Парламента“, N 108, 4 июня 1998г.

31. Юридическая газета, “Преступность отступит перед волей и профессионализмом“, Бондарцова Л., N18, 6 мая 1998г.

32. Юридическая газета “Профессиональное государство: дух и буква закона”, N20 от 20 мая 1998г., N21 от 27 мая 1998г.

33. Информационный бюллетень “Государственная служба”, N1, N2, Национальная Высшая Школа Государственного Управления при Президенте РК“, Алматы, 1997г.

34. Журнал “Саясат“, “О концепции реформирования государственной службы в РК“, N7, 1996г.

35. Журнал “Саясат“ Вступление на международной конференции. “Эволюция государственности Казахстана“ Шайкенов Н.А., Алматы N10, 1996г.

36. Журнал “Саясат“, “Работу с кадрами на уровень новых требований“, с.23, Е.Е. Ердикалыков, “Государственная служба на пороге реформ“ К.И. Искалиев, с.15–17, N4, 1997г.

37. Журнал “Саясат“, Экономико-политическая ситуация в РК за март 1997г. N4, 1997г. с.5

38. Журнал “Саясат“, “Чиновничество в постсоциалистическом обществе: опыт предварительного анализа“ Хайруллаева М., Тулегулов А., N6, 1997, с.49–51.

39. Государственная служба и гражданское общество: Правовые проблемы взаимодействия. Власов А.А. Жур. Гос-во и право Российской Федерации, 2004г., N 1.

40. Проблемы эффективности и доступности правосудия в России. Ж/2004 N 2 стр.13.

41. Ашмирин Е.М. Финансовая деятельность современного государства ж/2004 N 3 стр.85.

42. Брызгалов М.М. О некоторых теоретико-методологических проблемах юридической науки и современном этапе. Ж/N4 стр.17

43. Бранчук М.М. Теоретические основы экологических прав человека (N5 стр.5)

44. Егоров А.В. Правовая интеграция и ее содержание (N6 стр 74)

45. Соколов Н.Я. Юридическая профессия: Сущность и содержание Ж/N9 стр. 22)

46. Мартынин О.В. Общетеоретические юридические науки и их соотношение. N7 стр 5).

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 Бөлім: Мемлекет және құқық теориясы.....	4
1 тақырып. Мемлекет және құқық теориясының пәні мен әдісі.....	4
1. Жалпы теорияның пәні, оның мазмұны.....	4
2. Жалпы теорияның әдісі, оның мазмұны.....	6
3. Қоғамдық және заң ғылымдары жүйесіндегі жалпы теорияның алатын орны.....	9
2 Бөлім: Мемлекет теориясы.....	14
2 –тақырып. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы.....	14
1. Алғашқы қауымдық қоғам, оның дамуы және ыдырауы.....	14
2. Мемлекет және құқықтың пайда болуы, оның объективтік заңдары.....	15
3. Мемлекеттің өмірге келуі туралы теориялар.....	19
4. Қазақстан мемлекетінің дамуы.....	21
3–тақырып. Мемлекеттің типологиясы.....	31
1. Мемлекет типологиясының түсінігі.....	31
2. Мемлекеттің теориялық құрылымы.....	33
4–тақырып.Мемлекет нысаны.....	39
1. Мемлекет нысанының түсінігі, мазмұны және мемлекетті басқару нысаны.....	39
2. Мемлекет әкімшілік-құрылымы.....	46
5– тақырып. Мемлекеттік аппарат.....	50
1. Мемлекеттік аппараттың түсінігі мен мазмұны.....	50
2. Мемлекеттік органдардың түрлері және қызметі.....	53
6–тақырып. Мемлекет функциясы.....	60
1. Мемлекет функциясының түсінігі, оның белгілері.....	60
2. Мемлекеттің функциялары.....	63
7 – тақырып. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.....	68
1. Адам қоғамы оның мазмұны.....	68
2. Қоғамның саяси жүйесі, оның мазмұны.....	70
3. Саяси жүйедегі мемлекеттің алатын орны.....	73
8 – тақырып. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.....	76
1. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы теориялар.....	76
2. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен мазмұны.....	80
3 Бөлім: Құқық теориясы.....	86
9 – тақырып. Құқықтың түсінігі және мазмұны.....	86
1. Құқық туралы негізгі теориялар.....	86
2. Құқықтың түсінігі мен мазмұны.....	88
10–тақырып. Құқық типологиясы.....	91
11 – тақырып. Қоғамның әлеуметтік нормалары.....	102

12 – тақырып. Құқық нысаны.....	112
13 – тақырып. Құқықтық нормалар.....	117
1. Құқықтық норманың түсінігі мен құрылысы.....	117
2. Қазақстан Республикасының құқықтық нормалары.....	122
14 – тақырып. Құқық шығармашылығы.....	126
1. Құқық шығармашылығының түсінігі мен мазмұны.....	126
2. Нормативтік актілердің заңды күшінің уақыты, кеңістігі және адамдарды қамтуы.....	129
3. Қазақстан Республикасының құқықтық шығармашылық қызметі.....	131
15 – тақырып. Нормативтік – құқықтық актілерді жүйелеу.....	134
16 – тақырып. Құқық және заң жүйелері.....	141
17 – тақырып. Құқықтық сана.....	149
1. Қоғамдық және құқықтық сананың түсінігі мен мазмұны.....	149
2. Қазақстанда құқықтық сананы жақсарту бағыттары.....	155
18 – тақырып. Құқықтық мәдениет.....	160
1. Жалпы мәдениеттің түсінігі және түрлері.....	160
2. Құқықтық нигилизм, оның мазмұны.....	164
3. Қазақстан Республикасының мәдениеті, оны құқықтық реттеу.....	167
19 – тақырып. Құқықтық қатынастар.....	168
20 – тақырып. Құқықтық нормаларды іске асыру.....	174
21 – тақырып. Нормативтік актілерді талқылау.....	180
22 – тақырып. Құқықты реттеу механизмі.....	184
23 – тақырып. Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.....	190
1. Құқық бұзушылықтың себептері, түрлері.....	190
2. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, оның түрлері.....	199
24 – тақырып. Заңдылық, құқықтық тәртіп және тәжірибе.....	207
25 – тақырып. Құқық және жеке тұлға.....	219
1. Жеке тұлғаның құқықтық статусы: түсінігі, құрылымы, түрлері.....	219
2. Адам құқығы – азаматтың басты игілігі.....	223
26 – тақырып. Табиғат, экономика, мемлекет және құқық.....	230
27 – тақырып. Ғаламдық проблемаларды құқықтық реттеу.....	234
Теориялық білімді нығайтуға ықпалын тигізетін үлгілер.....	245
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	284

Жоламан Қабидолла Досмұхамедұлы

*тарих ғылымдарының докторы,
Заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
әлеуметтік ғылымдарының академигі*

1926 жылы 10 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген. 1950 ж. Алматы заң институтын бітірген соң, 1950–1953 жылдары Мәскеу заң институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертацияны қорғады.

1953 жылдан дәріс беретін жұмыста, 1953–1968 жж. Алматы, Семей, Павлодар институттарында мұғалім, қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі болды. 1962–1963 жж. Павлодар индустриялық институтының оқу жөніндегі проректоры болды.

Қ. Д. Жоламан республиканың жоғары мектебінің ұйымдастырушыларының бірі. Ұзақ мерзім бойы 1968–1978 жылдары Қазақ ССР-ның Жоғары білім Министрлігінде бөлім бастығы болып қызмет атқарды. Қазіргі кезде Алматы Заң академиясының профессоры.

Заң және тарих мамандығынан 150 баспа бет ғылыми еңбектері бар, 7 кітабі шықты. Мамандар дайындау және тәрбие жұмысына қосқан үлесі үшін Қ. Д. Жоламан «Халықтар достығы» орденімен, «КСРО жоғары мектебінің озаты» деген медальмен марапатталды.

Академик Қ. Д. Жоламан бүгінде 80-ге таяған, немере сүйіп отырған ақсақал қария. Республикамыздың Жоғары мектебінің ұлағатты ұстазы, терең ой мен ақылдың иесі, қоғамымызға кеңінен танымал жан.



На книжном рынке Казахстана 7 лет!

Издательско-торговая компания “Юридическая литература” специализируется на издании учебников, учебных пособий, нормативно-правовых актов, предназначенных для студентов, преподавателей ВУЗов и колледжей, а также оптовой и розничной торговле литературы ведущих казахстанских и российских издательств. Мы предлагаем Вам неограниченный ассортимент книжной продукции по юриспруденции, экономике, аудиту, налогообложению, бухгалтерскому учету гуманитарным наукам (истории, философии, психологии, социологии, культурологии, логике) и др. Наши авторы видные ученые-юристы нашей страны.

Издательско-торговая компания “Юридическая литература” оказывает услуги по комплектованию фондов библиотек и предоставляет полный комплекс услуг для оптовых покупателей:

- Гибкая система скидок, специальные скидки на книги компании “Юридическая литература”;
- Удобные виды доставки книг в любую точку Казахстана.

Став нашим клиентом, Вы всегда будете иметь информацию о новинках на книжном рынке.

Как сделать заказ:

- Получите прайс-лист по адресу указанному ниже.
- Отправьте Ваш заказ по факсу, почте или e-mail.
- В Ваш адрес будет направлен счет по факсу или e-mail. В течение срока действия счета гарантируется наличие книг и неизменность цены.

· После оплаты счета Ваш заказ, а также оригинал счета, расходная и налоговая накладные будут высланы Вам посылкой.

Как выполняются заказы:

- Срок выполнения заказа до 7 дней;
- Продажа производится по ценам, действующим на дату поступления заказа;
- Ваш заказ будет принят к исполнению со дня поступления оплаты на счет ТОО “Юридическая литература”;
- С каждым выполненным заказом Вы получите новый прайс-лист.

Мы рады сотрудничеству с Вами!

Наш адрес:

050057, г. Алматы,
ул. М. Озтюрка, д. 12.
ТОО “Юридическая литература”
Тел./факс: 8(3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law_literature@nursat.kz

Банковские реквизиты:

РНН 600400107961
ИИК 60467198 Кбе 17
БИК 190501724
АФ АО Казкоммерцбанк

Жоламан Қабидолла Досмұхамедұлы

Мемлекет және құқық теориясы

Оқулық

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансейитов Н. Н.*

*Басылымға жауапты қызметкерлер: Омарқожаева Г.К., Төребаева Г.А.
Сарапшысы: Оспанова Д. Н.
Беттеуші: Төребаева Г.А.
Дизайн: Савельев А.О.*

Басуға 14.03.2005 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60х90^{1/16}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 18,5.
Таралымы 1000. Тапсырыс № 1003.

«Нұр-пресс» баспасы
050057 Алматы қ.,
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.
E-mail: law_literature@nursat.kz

ЖШС РПБК «Дәуір» баспаханасында басылған.
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.